ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қайнар Университеті
Заң факультетІ
Қылмыстық құқық пәндері кафедрасы

Нурмашев Үсен Өтеғалі ұлы

Электронды өқу қуралы

«Кеден ісин ұйымдастыру негіздері»

(құқықтану» мамандығы бойынша курстық кейч)

Алматы 2009 ж

Нұрмашев Үсен Өтеуғалиұлы - заң ғылымдарының кандидаты, профессор.

1955 ж. Чарджоу өзен техникумын ТССР (гидротехник мамандығы)
1955 - 1961 ж. ҚҚАКСР-ның су шаруашылығы жүйесінде инженер гидротехник болып қызмет етті.
1961-1966ж. С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің заң факультетінде оқыған.
1966 - 1967 ж. Қазақ ССР-і ғылым академиясының философия және құқық институтында кіші ғылыми қызметкер болып еңбе етті.
1967 ж. . Қазақ ССР-і ғылым академиясының философия және құқық институты директоры болып қызмет атқарды. Академик С.Зиманов Мәскеу қаласындағы Мемлекет және құқық институтына аспирантураға жіберді.
1967 - 1970 ж.ж. КСРО ғылым академисының Мемлекет және құқық институтының аспирантурасында КСРО ғылым академисының корреспондент-мүшесі, қылмыстық құқық саласындағы белгілі ғалым П.С.Ромашкиннің ғылыми жетекшілігік етуімен оқыды. «Алаяқтық жолмен мемлекеттік және қоғамдық мүлікті талан-таражға салғаны үшін жауапкершілік» атты тақыпыта кандидаттық диссертация қорғады.
1970 - 1988 ж.ж. Өзбек ССР, ККАССР-де Ішкі істер министрлігінде жұмыс атқарды, БХСС қызметінде басқармалық қызметте істеді, аудандық халық соты төрағасы, ККАССР Жоғарғы соты мүшесі болған..
1988 - 1989 ж.. заң кеңесінің меңгерушісі, 1989 жҚазақстан Республикасы білім Министрлігінің заң бөлімінің бастығын.
1996 - 1999 ж.ж. Қазақстан Республикасы өкіметінің жанындағы мемлекеттік қызметтердің білімін көтеру Институтында «Әкімшілік құқық және басқару психологиясы» кафедрасының меңгерішісі қызметін қоса атқарды.
1996 ж - 2000 ж доцент, 2001 ж. - 2006 ж. «Қайнар» Университетінің профессоры, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі.
2008 ж. «Қайнар» Университетінің профессоры
40 астам ғылыми еңбектердің (оқу құралдарының, әдістемелік материалдардың және мақалалардың) авторы, соны ішінде:.
1) Основы теории доказательств в уголовном праве, 2006. 130 стр.
2) Қылмыстық процестегі дәлелдеу теориясы. 2006 .130 бет .
3) Кеден ісін ұыймдастыру негіздері 2006. 147 бет.
4) Қылмыстық қуқық. Ерекше бөлім. 2007.-367 бет.
5) Уголовно -процессуальное право Республики Казахстан. 2008. 423 стр.
6) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу қықығы. Алматы 2008.-368 бет.

Пәннің мақсаты

Аталған пәнін оқып-үйрену арқылы келесі мақсаттар шешіледі: «Кеден ісін үйымдастыру» саласында құқықтық құбылыстар туралы негізгі түсініктерін қалыптастыру; пайда болу, даму және әрекет ету заңдылықтарын түсіну; негізгі заң түсініктерінің мәнін және мазмұнын ұғыну; арнаулы заң терминологиясын үйрену; конституциялық, азаматтық, қылмыстық және кеден құқығы сияқты қазақстандық құқықтың негізгі салалардың негіздерін оқып білу.

Пререквизиттер: Құқық және мемлекет теориясы, Конституциялык қуқық, әкімшілік қуқық, кеден қуқығы.
Постреквизттер;Қылмыстық құқық, азаматтық құқық, кеден ісін үйымдастыру, кедендік бақылау, экспертология№

Глоссарий

1. Кеден органдарының ортақ жүйесі ұғымы - кеден ісін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың негізіне кендендік және экономикалық саясаттың, кендендік аймақтың, кендендік заңдардың және тарифтік реттеудің тұтастығы жатады.

2.Кендендік органдардың ортақ жүйесі дегеніміз – бұл негізі мынадай жалпы жүйелік қағидаттарды: біртұтастық, құрылым, сатылық, қоршаған қоғам ортамен өзара тәуелділікті құрайтын кеден органдарының кендендік істі жүзеге асыру барысындағы олардың өзара байланысы мен әрекет ету жиынтығы.

2.Жүйенің біртұтастығын - кендендік органдардың өзара әрекет етуінің ортақ мақсаттарына (нәтижелеріне) қол жеткізу, өз қызметтерін жүзеге асыру барысындағы өзара байланысы мен тәуелділігі құрайды.

3.Жүйенің құрылымдығы - кендендік істі жүзеге асырудың ортақ технологиялық процесі шеңберіндегі кендендік органдардың ұйым құрылымдарын, олардың байланыстары мен қатынастарын құру түрлерінің ерекшеліктерімен қалыптасады.

4. Жүйенің сатылығы - кендендік істі жүзеге асыру барысындағы кеден органдарының өкілеттіктері мен қызметтерін үйлестіруге негізделген дәреже бойынша қатынасты тігінен және әрекеттерді үйлестіру қатынастарын көлденеңінен сипаттайды.

5.Кеден ісін жалпы басқаруды - Қазақстан Республикасының Үкіметі мен кендендік іс мәселелері жөніндегі өкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады. Қазақстан Республикасында кеден ісін тікелей басқаруды орталық кендендік орган – ҚР Қаржы министрлігінің жанындағы Кендендік Комитет жүзеге асырады. Кендендік органдар ортақ жүйені құрайды

6.Қазақстан Республикасының Кендендік комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін, Қазақстан Республикасының атқарушы органы болып табылады, ол Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кендендік іс саласындағы тікелей басқаруды, сала аралық үйлестіру мен өзге де арнайы атқару, шешуші қызметтерді жүзеге асырады. Комитет құқық қорғау органы болып табылады.

7.Кендендік инфрақұрылым -кендендердің қызмет етуін қамтамасыз ететін жаңа кеден объектілері, және кендендік қызмет орындары, өткізу орындарын құру және жарақтандыру шекарада кендендік инфрақұрылымды құру дегенді білдіреді.

8. ЕуроАзиялық Экономикалық Ынтымақтастық - (ЕАЭЫ) шеңберіндегі кендендік іс саласындағы халықаралық құқықтық ынтымақтастық

9. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының

10. (СЭҚ ТТ) -халықаралық негізін құрайтын құқықтық құжаттар

11.ЭКК СС ОТН);- Экономикалық Өзара көмек көрсету Кеңесіне мүше елдердің сыртқы саудасының Ортақ тауарлық номенклатурасы

12. СХСЖ. - БҰҰның Стандарттық халықаралық саудалық жіктелуі

13.Кеден органдарындағы басқару — бұл ішкі және сытрқы жағдайлардың өзгеру барысында олардың мақсатқа бағытталған тәртібін қамтамасыз ететін кеден органдарының қызметкерлеріне басқару шешімдерін іске асыруды қабылдау жолымен әсер етудің үздіксіз ақпараттық процесі.

. 14.Жүйелілік — басқарудың жатекші қағидаты. Кеден органдарын басқарудағы жүйелілік жүйенің құрылым және қызметтік ортақтығын жетілдіреді.

15.Жеке басқару қағидаттарына - заңдылық; саналы орталықтандырумен үйлескен орталықтандыру; үздіксіздік; жеделдік; икемділік; жауапкершілік; сабақтастық; соңғы нәтижеге бағытталу және т.б. қағидаттар жатады.

16.Кеден жүйесіндегі басқару қағидаттары - мемлекеттік қызметтің іс-әрекетін ұйымдастыру қағидаттары; мамандарды іріктеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу

қағидаттары; жедел-іздестіру іс-әрекетін жүзеге асыру қағидаттары және т.б. тәрізді жеке қағидаттардың топтарына да сүйенеді.

17.Басқарудың нақтылық қағидаты- жағдайды нақты талдаудан өткізуді қажет етеді, ол үшін басқару жүйесі туралы толық ғылыми ақпарат пен сыртқы орта туралы ережелер қажет.

18.Еңбек бөлінісі қағидаты - мынаны ескереді: басқару жүйесінің нақты буындарына тапсырылатын орындауды қарапайым операцияларға бөлетін басқаруды ұйымдастырудың барлық қызметін қарастырады.

19.Скалярлық қағидат - әрбір ұйым (соның ішінде кедендік орган) нақты белгіленген, дәрежелі сатылық құрылымға ие болуы тиіс екендігін белгілейді.

20.Билеу мен бір бастықтың біртұтас қағидаты - әрбір қызметкер тек бір басшының ғана бұйрықтары мен өкімдерін алады, себебі бұл - әрекеттердің біртұтастығының қажетті шарты, және бірде-бір қызметкер өзінен жоғары тұрған саны біреуден артық басшыға баяндама жасамауы тиіс екенін анықтайды.

21.Өкілеттіктерді беру қағидаты мынаны білдіреді - міндет басшының іс-әрекеті саласынан оған бағынышты қызметкерге тапсырылған кезде соңғысына сонымен қатар соны шешуге арнап құқытар да тапсыруы тиіс, ал бағынышты қызметкер солар үшін жауапкершілікті өзіне қабылдап алуы тиіс.

22.Басқарудың қызметі дегеніміз — бұл өзін жүзеге асыру үшін белгілі түрдегі басқармалық жұмыстарды (әрекеттерді) жүргізу қажет болатын басқарушылық әрекеттің нақты түрі.

23.Реттеу ұйымдастырушылық - әсер етудің қатаң түрі болып табылады. Реттеу кеден органдарында жүйенің құрылуы мен соларда орын алып жатқан процестердің негізін орнатады.

24. Регламенттеу ұйымдастыру әсерінің қатаң түріннен тұрады. Регламенттеу кеден органларында оларда өтіп жатқан жүйлер мен процестерді ұйымдастыру негізін бекітеді.

25.Қалыптандыру дегеніміз — бұл ұйымдастыру әсерінің алдыңғысына қарағанда қатаңдығы төмен болып келетін түрі, ол іс-әрекеттегі бағдар болып табылатын, оның жоғарғы және төменгі шектері бойынша шекараларын белгілейтін нормалар мен нормативтерді бекітуге негізделген, ұйымдастырушылық нормалау кеден жүйесіндегі қызметтер мен міндеттерді орындаудың жолдары мен тәртібін, қажетті нормаларды, әрекеттер мен өзара әрекет етулердің ережелерін белгілейді.

26.Нұсқау беру — әрдайым жұмысты табысты орындауға арналған әдістемелік және ақпараттық көмек түріне ие болады.

27.Кедендік органдардың біртұтас жүйесіндегі басқару құрылымы - төрт деңгейден құралады: Қазақстанның КК, облыстық кедендік басқармалар, кедендер, кедендік қызмет орындары.

28.Кеден органдары жүйесіндегі басқару процесін ұйымдастыру дегеніміз – бұл жүзеге асырудың нақтылығын, жүйелігі мен шекті шекараларын белгілейтіндей етіп, оны жан-жақты ретке келтіру.

29. Басқару процесі дегеніміз — бұл жүйеге біріктірілген басқару субъектілерінің (желілік және фунционал басшыладың, сондай-ақ өзге түрдегі басқару қызметкерлерінің) басқарудың тиісті әдістері мен қағидаттарын қолданумен белгілі түрдегі қызметтерді жүзеге асыру жолымен басқарылатын объектінің сапалық күйлерін алмастыруға, ұжымның мақсаттарына қол жеткізуге арналған іс-әрекеті.

30.Мәселе дегеніміз — бұл жағдай мен мақсаттың арасындағы негізгі қарама-қайшылық. Негізгі қарама-қайшылықты шешу автоматты түрде барлық қалған қарама-қайшылықтардың шешілуіне негіз болады. Мәселеге қатысты берілген түсіндірме шешімнің әзірленуін белгілейді.

31.Басқармалық шешімді әзірлеу дегеніміз — бұл мәселені шешудің жолдарын іздестіру, сондай-ақ табылған жолды іс-жүзінде жүзеге асырумен байланысты болып келетін ұйымдастыру жұмысы.

32.Функционал аспект дегеніміз — бұл басқарудың жалпы қызметтерін белгілі бір жүйелілікпен жүзеге асыру.

33.Басқармалық шешім дегеніміз — бұл ең алдымен басқару субъектісінің басқару жүйесі әрекетінің сол не өзге түрдегі нұсқасын таңдап алуының ойлау-ниеттік актісі.

34.Стандарттық шешімдер деп- шешімнің өзінің құрылымы мен оны қабылдау рәсімі солардан ауытқулармен әзірленген шешімдер аталады.

35.Стандарттық емес шешімдер - олар, әдетте, шығармашылық болып табылады.

36.Шешім дегеніміз — бұл алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қызметкерлердің бірлескен түрдегі әрекеттерін ұйымдастырушы, бағыттаушы және ынталандырушы өкімдік акт.

37.Кедендік іс-әрекеттегі шешімдер - дер кезділігі оның қызметкерлерінің моральдік-психологиялық қасиеттеріне байланысты болады. Уақыттың тапшылығы жағдайларындағы сасқалақтау, жағдайға баға берудегі шешімсіздік баяулыққа, мәселенің шешілуін кейінге қалдыруға әкеп соқтырады

38.Нақтылық дегеніміз — бұл шешім мазмұнының анық түрде белгіленуі. Орындаушылардың алдына қойылатын міндеттерді белгілеуде нақтылық қажет..

39.Кедендік тариф дегеніміз – бұл сауда саясаты мен ішкі тауар нарығын оның әлемдік нарықпен өзара әрекет ету кезіндегі мемлекеттік реттеу құралы, сондай-ақ тауарларға оларды мемлекеттің кедендік шекарасы арқылы тасымалдау кезінде баж салу ережелері.

40.Кедендік баж дегеніміз – бұл кедендік органдар тауарды ҚР кедендік аймағына әкелген немесе оның осы аймақтан әкету кезінде алынатын және оны енгізу мен әкетудің ажырамайтын бөлігі болып табылатын міндетті түрдегі жарна (төлем).

41.Тауардың кедендік құны – заңға сәйкес белігеленетін тауардың бағасы және ол мынадай мақсаттарда қолданылады: тауарға баж салық салуға; сыртқы экономикалық және кедендік статистикаға; ҚР заң актілеріне сәйкес сыртқы саудалық келісімдер мен банктердің сол бойынша есеп айырысуларын жүзеге асыруын қоса алғанда, тауарлардың бағасымен қатысты сауда-экономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеудің өзге шараларын қолдануға.

42.Кедендік құнды декларант - ҚР кеден органына тауарды ҚР кедендік шекарасы арқылы өткізген кезде көрсетеді.

43.Кедендік рәсімдеу – тауарлар мен көлік құралдарын белгілі бір кедендік режимге енгізу әрекеті және осы режим әрекетінің аяқталуы.

44.Кедендік бақылау обектіле - Қазақстанның кедендік шекарасынан өтетін тауарлар мен көлік құралдары жатады; олар туралы құжаттар мен мәліметтер; осы тауарларға қатысты заңды және жеке тұлғалар, олардың тапсырмалары бойынша әрекет ететін тұлғалар – кеден брокерлері, декларанттар, кедендік тасымалдаушылар және т.б.

45.Кедендік бақылау субъектіле - *е* Қазақстанның кеден органдар жүйесі, кеден шекарасы арқылы тауарлар мен қызметтерді өткізумен бьайланысты СЭҚ қатысушыларымен өзара байланыста өкімет өкілдерінің қызметін атқаратын олардың лауазымды тұлғалары жатады

46. Декларациялау кеден органына ауызша, электронды немесе жазбаша бекітілген түрде (декларация) өтініш, кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылауға қажетті өзге де құжаттар мен мәліметтерді ұсынуда көрінеді.

47.Кедендік тксеріп қарау – бұл шекара арқылы заңды түрде өткізілуін қадағалау, кедендік жүк декларациясындағы көрсетілген деректерге тексерілетін тауарлардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың рұхсат берген құжаттарындағы көрсетлген деректердің

сәйкес келуі, тиым салынған тауарларды әкеліу мен әкетуді болдырмау, тауарларды жасырын өткізуді табу, құжаттарсыз өткізілетін тауарларды анықтау, тексеріп қараудың өзге де мақсаттарына байланысты тауарлардың сипаттарын анықтау мақсатындағы тауарлар мен көлік құралдарын нақтылы тексеруден тұратын әкімшілік іс-әрекет.

48.Кеден режимдер - Тауарлар мен көлік құралдары кеден шекарасынан олардың кедендік режимдеріне сәйкес өткізіледі. Бұрын айтып кеткендей, кедендік режим – бұл кедендік мақсатттағы Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдарының мәртебесін анықтайтын тәртіптердің жиынтығы

49. Декларациялау - тауарларды таңдалған кедендік режимге орналастыруға ұажетті мәліметтерді бекітілген нысанда кеден органына мәлімдеуден тұрады.

50.Құқық номаларын орындау — бұл өзіне жүктелген міндеттерді орындаудағы жеке, лауазымды және заңды тұлғалардың іс-әрекеті.

51.Құқық номаларын қолдану— мемлекеттік органдардың істі шешу және акт түрінде бұйрықтар шығару бойынша лауазымды тұлғаның билік ету әрекеті.

Кіріспе

Кеден ісінің пайда болуы мен дамуы әрбір мемлекеттің ұлттық, сондай-ақ экономикалық мүдделерді қамтамасыз етудегі ішкі қажеттіліктерінен туындады.

Кеден саясаты қолданылатын шаралар мен сыртқы экономикалық қызмет (СЭҚ) ережелерін бейімдеуге қажетті кедендік қатынастардың құралы ретінде үнемі өзгеріп отыратын күрделі жағдайларды жылдам бағдарлау дайындығына бағытталған жалпы қағидаттарға негізделеді.

Мемлекеттің кедендік және сыртқы сауда саясатының біртұтастық мәні сыртқы саудада сақтану шараларын құруда, кеденді -тарифтік заңдылықтарды шығару және халықаралық сауда мен экономикалық ұйымдардың бірлескен жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуде, ғылыми-практикалық конференцияны өткізуде, жарялауға дайындықта ж.т.б. көрінеді

Кедендік қатынастар халықаралық экономикалық қатынастар сипатына елеулі әсер етеді, ал кеден саясаты сыртқы экономикалық қызметті реттеу мен әлемдік қоғамдастық елдері мүдделерінің тепе-теңдігін сақтаудың күшті қаруы болып табылады.

Шекаралардың сыртқы және ішкі аумағы түріндегі мемлекеттің кедендік кеңістігінің біртұтастығы мемлекеттің кеден саясатының негізгі қағидатттарының бірі болып табылады. Кеден шекарасын (сыртқы және ішкі) ортақ кеден заңдылығы жүретін және сыртқы сауданың біртұтас статистикалық есепке алуын жүргізетін шекара аумағы ретінде қарауға болады.

Кеден ісін ұйымдастыру кедендік кеңістікті және бәрінен де бұрын кедендік шекараны жайластыруды, басқару және басқарылатын органдарды құру, олардың іс-әрекеттерін үйлестіру, СЭҚ-ті реттеу механизімінің ұйымдастыру-технологиялық тиімді қызмет етуімен қамтамасыз етуді білдіреді. Кеден органдарындағы басқаруды ұйымдастыруды жетілдіру келешекте «жанасусыз» кеденге, ақпараттарды электронды түрде өңдеу жүйесіне өтуге, қазіргі заман талабына сай жаңа ақпараттық технологияларды қолдануға, бақылау мен кедендік заңдылықтарды бақылаудың техникалық құралдарын жақсартуға, кедендік бақылау объектілері санының сапалы түрде өсуіне бағытталған.

Кеден органдарына мемлекеттік механизмнің бір бөлігі ретінде сыртқы сауданы мамандандырылған тиісті ұйымдастырушылық-құқықты нысан мен қызметте реттеуді жүзеге асыру үшін өкімді өкілеттіктер мен құзырлықтар берілген. Кеден байланыстың компьютерлік және спутниктік құрылғыларын қолданатын ақпаратты-электрондық жанасусыз күшті органға айналады.

Мемлекет дамуының қазіргі кезеңінде кеден органдары мемлекеттің кедендік кеңістігінің кез-келген нүктесіндеггі кеден ісі мәселелерін сағат сайын шешіп отырудың тиімділігі мен жеткілікті жинақтылығына негізделген технологияларға ие болуы керек.

Кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарымен байланысты негізгі ережелердің барлығы ұлттық заңдылықтапр мен халыққаралық келісім шарттарға негізделеді. Бұл тауарларларға, қызметтерге және интелектуальды меншіктерге, сонымен бірге жеке тұлғаларға да қатысты..

Кеден ісін ұйымдастыру міндетіне кедендік іс-әрекеттердің, көп дәрежеде кеден ісінің халықаралық-құқықтық негізіне сүйенетін заңдар мен заң актілерін шығарудың, Еууропалық Одақтың біртұтас заң кеңістігінің нормаларының үйлесімділігін кедендік формальдылықты барынша жеңілдете отырып, және мұнымен тек кедендік-делдал іс-әрекеттерін жеңілдетіп қана қоймай, кедендік шешімдерді қабылдауды да жеңілдете отырып, қамтамасыз ету кіреді. Сондықтан да қазіргі кезде мемлекет пен СЭҚ ққатысушыларының экономикалық мүдделерін қорғаудың артықшылығы маңызды болып табылады. Кедендік қызметтің көп жылдық тәжірибесі бүгінгі күні кеден ісін тиімді ұйымдастыру нәтижесінде қандай экономикалық шешімдерді, қандай экономикалық нәтижелерді алуға болатындығын көрсетіп отыр:

- біріншіден, бұл кеден органдарындағы басқару жүйесінің бірлігінде, содан соң мағыналы саяси еріктік пен кеден ісінің мәселері бойынша шешімдер қабылдаудың бірлігінде;
- екіншіден, экономикалық мүдделерді қорғау бойынша аумақтың-экономикалық әдіс-амалын қалыптастыруда көрінеді.

Бүгінгі күн тәртібінде аймақтық аспект экономикасының нақты секторына көмек көрсету үшін кедендік алымдарды қолдану әдісінің барынша қатал бағытының қажеттігі мен орындылығы туралы мәселе тұр.

Кедендік жүйені экономикалық басқаруда «үкімет үшін кеден» жүйесінен қазіргі заманғы «СЭҚ қатысушыларына арналған кеденге» өту аса маңызды болып табылады. СЭҚ қатысушылары мүдделерін қорғауға бағытталған кеден саясатын бағдарлау, тауар айналымын жеделтету үшін экономикалық жағдайларды құру ж.т.б. қалай өтетіндігіне кедендік төлемдердің экономикалық нәтижелерінен гөрі өндірістің нақты секторына қатысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың экономикалық өсуі байланысты.

Жариялылықты, жалпыға бірдейлікті кеңейту және қоғамдық пікірді есепке алу – бұл кеден ісін ұйымдастырудағы кеден саясатының ақпаратты-құқықтық сипатының жаңа тәсілі мен қазіргі жағдайының көрсеткішьері.

XXI ғасырда әлемдік қоғамдастықта қауіпсіздік мәселесі, соның ішінде кеден ісіндегі қауіпсіздік бірінші кезекте тұратындықтан, кеден органдарының құқық қорғау қызметтерінің ролі мен маңыздылығы өсіп келеді.

Жұмыстың осы бағытындағы маңызды факторға өзін-өзі қаржылық қамтамасыздық негізінде кедендік инфрақұрылымның дамуы жатады. Кедендік интермодельді логистикасы саласында қызмет көрсету, кеден айналасы саласының дамуы, кедендік аудит пен кедендік қаржылы-банктік қызмет институтын, ақпаратты-виртуальды қызметтерді құру кеден ісін ұйымдастырудың барынша келешекті ОТН-ы болып табылады.

Сондықтан да кеден ісін ұйымдастыру көбінесе оны жүргізу тиімділігіне байланысты болатын кеден саясатының бір бөлігі, мемлекеттік мақсаттарға жету құралы болып табылады.

Лекциялар

1-ші тарау. Кеден органдарындағы ұйымдастыру мен басқару

1. Кеден органдарының ортақ жүйесі ұғымы
2. Кеден органдарының міндеттері мен қызметтері
3. Кендендік инфрақұрылымды ұйымдастыру мен дамыту
4. ЕуроАзиялық Экономикалық Ынтымақтастық (ЕАЭЫ) шеңберіндегі кендендік іс саласындағы халықаралық құқықтық ынтымақтастық
5. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының (СЭҚ ТТ) халықаралық негізін құрайтын құқықтық құжаттар. Кендендік іс саласындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастық
6. СЭҚ ТН-нің халықаралық негізін құрайтын құқықтық құжаттар.

1. Кеден органдарының ортақ жүйесі ұғымы

Кеден ісін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың негізіне кендендік және экономикалық саясаттың, кендендік аймақтың, кендендік заңдардың және тарифтік реттеудің тұтастығы жатады.

Кендендік органдардың ортақ жүйесі дегеніміз – бұл негізі мынадай жалпы жүйелік қағидаттарды: біртұтастық, құрылым, сатылық, қоршаған қоғам ортамен өзара тәуелділікті құрайтын кеден органдарының кендендік істі жүзеге асыру барысындағы олардың өзара байланысы мен әрекет ету жиынтығы.

Жүйенің *біртұтастығын* кендендік органдардың өзара әрекет етуінің ортақ мақсаттарына (нәтижелеріне) қол жеткізу, өз қызметтерін жүзеге асыру барысындағы өзара байланысы мен тәуелділігі құрайды.

Жүйенің *құрылымдығы* кендендік істі жүзеге асырудың ортақ технологиялық процесі шеңберіндегі кендендік органдардың ұйым құрылымдарын, олардың байланыстары мен қатынастарын құру түрлерінің ерекшеліктерімен қалыптасады.

Жүйенің *сатылығы* кендендік істі жүзеге асыру барысындағы кеден органдарының өкілеттіктері мен қызметтерін үйлестіруге негізделген дәреже бойынша қатынасты тігінен және әрекеттерді үйлестіру қатынастарын көлденеңінен сипаттайды.

Жүйенің қоршаған әлеуметтік ортамен өзара байланысы кеден органдардың мемлекеттік билік органдарымен, түрлі бірлестіктермен және сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылардың құрылымдарымен үнемі өзара әрекет етуіне негізделген.

Кез келген жүйенің өзіне тән белгілеріне - оның *дербестігін* құрайтын мақсатқа бағытталуы мен мақсатқа лайықтылығы жатады .

Кендендік органдардың мемлекеттік билік жүйесіндегі дербестігі кендендік заңдармен белгіленеді.

Кеден қызметінің басқаларымен салыстырғандағы ерекшелігі мемлекет деңгейінде бекітілетін айрықша белгілер мен символдарға негізделген, олар: елтаңба, ту, ант, киім түрі, арнайы атақтар, кәсіби мейрам. Кендендік орган қызметкерлерінің қызметін өтеу тәртібі, құқықтары мен міндеттері 2003 жылдың 1 мамырынан бастап қолданысқа енгізілген ҚР Кендендік кодексімен белгіленген.

Кеден ісін ұйымдастырудың маңызды элементтеріне кендендік органдар құрылымының оңтайлы таңдалуы және оның мемлекет аймақтарында дұрыс орналасуы жатады.

Мемлекет егемендігіне ие болған сәттен бері кендендік органдар жүйесі бірқатар өзгерістерге ұшыраған болатын: орталық кеден органының құқықтық мәртебесінің өзгеруі; кендендік басқармалардың, кендендер мен кендендік қызмет орны санының көбеюі; қызметкерлер санының көбеюі.

Кеден ісін жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі мен кендендік іс мәселелері жөніндегі өкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады. Қазақстан Республикасында кеден ісін тікелей басқаруды орталық кендендік орган – ҚР Қаржы министрлігінің жанындағы Кендендік Комитет жүзеге асырады. Кендендік органдар ортақ жүйені құрайды, оған мыналар кіреді:

- ҚР орталық кендендік органы;
- кендендік басқармалар;
- кендендер;
- кендендік қызмет орындары;
- кендендік-өткізу орындары;
- ҚР Қаржы министрлігі Кендендік комитетінің Бас кендендік басқармаларының, кендендік басқармалары мен кендендердің кендендік сараптамалар мен зерттеу бөлімдері (қызметтері).

Кендендік органдар атқару билігінің бір тармағы ретінде мемлекет органдарының жүйесіне енгізілген. Қазақстанның кендендік мекемелерінің іс-әрекетінің тарихын оның ҚР тәуелсіздігі жарияланған сәттен бергі құрылу кезеңдері бойынша қарап шығуға болады. Елдің экономикалық жағдайына қарай олар атқару билігінің дербес органдары болатын немесе басқа орталық органдардың (2004 жылдың қараша айынан бастап Кендендік бақылау агенттігі орталық орган ретінде ҚР Қаржы министрлігінің жанындағы Кендендік комитет деп қайта аталды) құрамында болатын.

2. Кендендік комитеттің міндеттері мен қызметтері

Қазақстан Республикасының Кендендік комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін, Қазақстан Республикасының атқарушы органы болып табылады, ол Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кендендік іс саласындағы тікелей басқаруды, сала аралық үйлестіру мен өзге де арнайы атқару, шешуші қызметтерді жүзеге асырады. Комитет құқық қорғау органы болып табылады, ол өзінің іс-әрекетін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, ҚР Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, соның ішінде ҚР халықаралық келісім шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

Комитет мемлекеттік мекеменің ұйым-құқықтық түріндегі заңды тұлғасы болып табылады, оның мемлекеттік тілдегі өз атауы бар мөрлері мен мөр қалыптары, белгіленген үлгідегі бланктері, сондай-ақ заңға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазыналық органдары мен банктерінде есеп шоттары бар.

Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі және төмендегі әрекеттерді орындауға құқылы:

- егер оның заңға сәйкес осыған өкілеттігі болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға;
- Комитет шығындарын республикалық бюджетте әр жылға сай қарастырылған қаражат есебінен және қаражат шегінде қаржыландыруға;
- кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің қызметтері болып табылатын міндеттерді орындауға қатысты келісімшарттық қатынастар жасауға тыйым салуға.

Кендендік комитеттің негізгі міндеттеріне төмендегілері жатады:

1) өз құзырлығы шеңберінде Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігі мен экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының кендендік саясатын әзірлеу мен жүргізуге қатысу;

3) Қазақстан Республикасының кендендік және өзге түрдегі заңдарының орындалуын қамтамасыз ету, оның орындалуына қатысты бақылауды Қазақстан Республикасының кендендік органдары жүзеге асыруға міндетті, кеден ісін жүзеге асыру кезінде азаматтар мен ұйымдардың заңды құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету;

4) сауда-экономикалық қатынастардың кедендік реттеу құралдарын қолдану;
5) кедендік төлемдер мен салықтарды жинау;
6) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты тарифтік емес реттеу шараларын әзірлеуге, соның ішінде лицензиялауға қатысу;
7) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарды өткізу кезінде рұхсат ету тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету;
8) ҚР заңдарына сәйкес кедендік іс саласындағы заң бұзушылықтармен күрес жүргізу;
9) кедендік бақылауды және кедендік рәсімдеуді жүргізу және жетілдіру, ҚР кедендік шекарасы арқылы өтетін тауар айналымын жылдамдатуға ықпалын тигізетін жағдайлар жасау;
10) ҚР сыртқы сауда статистикасы мен арнайы кедендік статистикасын жүргізу;
11) сыртқы экономикалық іс-әрекеттің тауарлық ісін жүргізу;
12) ҚР сыртқы экономикалық байланыстарына, сондай-ақ ұйымдар мен азаматтардың сондай байланыстар шеңберіндегі іс-әрекетіне ықпал ету;
13) мемлекеттік қауіпсіздікті қорғау, тұрғындардың әдептілігі, адамның өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау, сырттан әкелінетін тауарларға республикалық тұтынушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға ықпал ету;
14) стратегиялық және ҚР мүддесі үшін өмірлік маңызы бар материалдардың сыртқа шығарылуына қатысты бақылау жүргізу;
15) өз құзырлығы шеңберінде валюталық бақылау жүргізу;
16) ҚР-ның кедендік іске қатысты халықаралық міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету; ҚР-ның кедендік іспен байланысты халықаралық келісім шарттарын әзірлеуге қатысу; шетелдік мемлекеттердің кедендік және өзге де құзырлы органдарымен, кедендік іс мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдармен ынтымақтасу;
17) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және құзырлығы шеңберінде кедендік іс саласы бойынша кеңес беру; мемлекеттік органдар мен ұйымдарға арнап осы саладағы қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру;
18) заңмен белгіленген тәртіппен мемлекеттік билік органдарына, ұйымдар мен азаматтарға кедендік мәселелер бойынша ақпаратты ұсыну;
19) ортақ қаржылық-шаруашылық саясатты жүзеге асыруға, кедендік органдардың материал-техникалық және әлеуметтік базасын дамытуға қатысу.

Комитет өз құзырлығы шеңберінде және заңмен белгіленген тәртіппен өзінің келесі қызметтерін атқарады:
1) ҚР кедендік саясатын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысу;
2) кедендік іс мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;
3) жинау - кеден органдарына жүктелген баждар мен салықтардың, оларды қолдану механизмі туралы ұсыныстарды енгізу;
4) ҚР-ның кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты экономикалық саясатты әзірлеуге, соның ішінде лицензиялауға қатысу;
5) тауарлардың кедендік құнының дұрыс белгіленуіне қатысты бақылау жүйесін ұйымдастыру;
6) ҚР кеден органдарына жүктелген баждар мен салықтардың республикалық бюджетке дер кезінде және толықтай енгізілуін қамтамасыз ету;
7) ҚР кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу кезінде кедендік режимдердің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
8) тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен рәсімдеу ісінің жүзеге асырылуын ұйымдастыру, оларды жетілдіруге арналған шараларды қабылдау;
9) дербес түрде және өзге құқық қорғау органдарымен өзара әрекет ету арқылы кедендік бақылау аймағы режимінің сақталуына қатысты бақылауды қамтамасыз ету, кедендік инфрақұрылым объектілерін қорғау жүйесін ұйымдастыру, ҚР кедендік шекарасын қорғау жөніндегі өзге шараларды жүзеге асыру;

10) тауарлар мен көліктік құралдарды ҚР кедендік шекарасы арқылы өткізудің рұқсаттық тәртібін әзірлеу мен орындауға қатысу;
11) стратегиялық және ҚР үшін өмірлік маңызы бар өзге де материалдардың, сондай-ақ мәдени құндылықтардың әкетілуіне қатысты бақылауды жүзеге асыру;
12) валюталық бақылауды жүзеге асыру;
13) кедендік органдардың мемлекеттік қауіпсіздікті, табиғи ортаны, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау, республикаға сырттан әкелінетін тауарлардың тұтынушылар мүдделерін қорғауға қатысуын қамтамасыз ету;
14) контрабанда және өзге қылмыстармен, кедендік іс саласындағы заң бұзушылықтармен күрес жүргізуді ұйымдастыру;
15) кедендік ережелердің бұзылуымен қатысты жұмысты жүргізу;
16) халықаралық ланкестікпен жүргізілетін күреске ықпал ету және халықаралық азаматтық авиацияның іс-әрекетіндегі ҚР әуежайларындағы заңсыз қол сұғушылыққа жол бермеу;
17) ҚР кедендік органдары лауазымды тұлғаларының контрабанда, кедендік іс саласындағы өзге қылмыстар туралы істерді жүргізу кезінде заңды бұзбауын бақылау;
18) сыртқы экономикалық іс-әрекеттің Тауарлық ін енгізу;
19) ҚР кеден органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, заңсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігіне қатысты шағымданулардың дер кезінде және объективті түрде қарастырылуын қамтамасыз ету;
20) кеден ісінің жағдайы мен оны дамыту жөніндегі ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу;
21) ҚР кеден ісі мәселелері жөніндегі халықаралық келісім шарттардың жобаларын әзірлеуге қатысу, келіссөздерді жүргізу және ҚР-ның халықаралық келісім шарттарын жасау;
22) кедендік іс мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдардың іс-әрекетіне қатысу;
23) ҚР-ның кедендік іске қатысты халықарылық міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету;
24) ҚР мен шетел мемлекеттеріндегі кедендік іс туралы заңдардың қолданылу тәжірибесін қорыту және оны талдаудан өткізу, соның ішінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
25) кедендік іс жөніндегі мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру ісін қамтамасыз ету, кедендік зертханаларда, өзге ішкі ведомстволық ұйымдарда жұмыс істейтін мамандарды даярлау;
26) өз жүйесіндегі ғылыми-зерттеу ұйымдарының, оқу мекемелерінің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ету;
27) ҚР кедендік органдар жүйесінің мүлігін басқару ісін жүзеге асыру;
28) кедендік органдар жүйесінің лауазымды тұлғаларын құқықтық және әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыруға ықпал ету;
29) алдын-алу жұмыстарын жүргізу және кедендік іс саласындағы заң бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын-алу жөніндегі түсіндіру жұмысын жүргізу құқығы;
30) шетелдік мемлекеттердің құзырлы органдарымен кедендік іс мәселелері бойынша өзара әрекет ету;
31) республикадағы кедендік істің жағдайы мен оны нығайту мен дамыту жөніндегі кедендік органдардың қабылдаған шаралары туралы ҚР Үкіметі мен мүдделі мемлекеттік органдарды хабардар етіп отыру;
32) оған заң жүзінде жүктелген өзге де қызметтерді жүзеге асыру.

Комитет төмендегі құқықтарға ие болады:
1) ҚР бүкіл аумағында міндетті түрде орындалатын кедендік іс мәселелері жөніндегі құқықтық актілерді шығаруға;
2) мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдардан, лауазымды тұлғалар мен азаматтардан Комитетке жүктелген қызметтерді жүзеге асыруға қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

3) өз құзырлығы шеңберінде меншік түріне байланыссыз ұйымдардың басшылары мен өзге де лауазымды тұлғалардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан кедендік заң бұзушылықтарды жоюды талап етуге және оның орындалуын бақылап отыруға;
4) өзге құқық қорғау органдарымен бірлескен түрдегі ҚР-дағы қылмыспен күрес жүргізу бағдарламаларын әзірлеу мен оларды жүзеге асыру ісіне қатысуға;
5) кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жөніндегі істер бойынша анықтау мен іс жүргізуді жүзеге асыру;
6) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларды құрастыру, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы қарастырылған заңдылықтармен өзге шараларды қолдану;
7) ҚР Үкіметіне кеден органдарының мәселелерін шешуге ықпалын тигізетін кедендік басқармаларды, кедендерді, кедендік зертханалар мен өзге ұйымдарды құру, қайта құру және жою туралы ұсыныстар енгізу;
8) ҚР Үкіметіне кеден ісі, кеден органдары ұйым-штаттық, мамандармен және материал-техникалық тұрғыдан нығайту мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;
9) кедендік іс саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын-алу, олардың жолын кесу мәселелері жөніндегі халықаралық қатынастарда ҚР-ның өкілі ретінде шығу;
10) өз құзырлығы шеңберінде және өзінің қызмет етуіне арнап бөлінген қаржылық құралдарға негізделе отырып, кеден органы қызметкерлерінің материал қамтылуы мен әлеуметтік қорғалуын жақсартуға арналған шараларды қабылдау.

3. Кедендік инфрақұрылымның ұйымдастырылуы мен дамуы

Кедендердің қызмет етуін қамтамасыз ететін жаңа кеден объектілері, және кедендік қызмет орындары, өткізу орындарын құру және жарақтандыру шекарада кедендік инфрақұрылымды құру дегенді білдіреді. Оны ұйымдастыруға мыналар жатады: өз қызметтерін орындау үшін толық құнды жағдайларды тудыру, кеден қызметкерлерінің тіршілік әрекетін қамтамасыз етуге; қызметтік-өндірістік бағыттағы үй-жайлардың құрылысы; қолда бар ғимараттар мен үй-жайларды қайта құру, олардың құрал-жабтары мен техникалық жабталуын жетілдіру.

Қазіргі кезде кедендер мен кедендік орындарды қазіргі заман технологияларына сай жарақтандыру мен жабтауды қажет ететін объектілердегі жұмыс табысты түрде жүргізілуде, олар кедендік бақылаудың қазіргі заманғы техникалық құралдарымен, байланыс және ақпаратты өңдеуді автоматтандыру құралдарымен жарақтандырылады. Мұндай жұмыс жекелеген кедендік орындар мен өткізу орындарында жүргізіледі.

Сонымен қатар, ҚР-дағы кеден ісінің ұйымдастырылуы мен кедендік инфрақұрылымның жағдайы әлі де кедендік қызметтің еуропалық деңгейіне сәйкес келмейтіндігін көрсететін проблемалар әлі де бар. Оның ұйымдастырылуы әзірше кеден ісін тиімді жүргізудің қажеттіліктерінен артта қалуда.

Мұндай артта қалуды жеңіп шығудың, кедендік инфрақұрылымның жаңа сапасын қамтамасыз етудің жолдары мен құралдары Үкіметтің кедендік қызметті дамыту мақсатындағы бағдарламасында белгіленген. Онда мемлекеттік шекарадағы түрлі мақсаттағы өткізу орындарын, ел ішіндегі қызметтік-өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды салу, қайта салу, жабтау мен техникалық жарақтандыру жөніндегі жұмыстардың үлкен көлемі белгіленген. Қазіргі кезде Қорғас, Жібек жолы, Қордай және т.б. қазіргі заманғы кедендер салынды.

Экспорттық және импорттық тауарларды қоймада сақтау, сақтау мен бақылаудың әлемдік деңгейіне жауап беретін қазіргі заманғы қоймалық терминалдар

Кедендік инфрақұрылымның құрылуына елдің кеден қызметінің басым міндеттерінің бірі ретінде сыртқы экономикалық байланыстардың қатысушыларына арнап қызмет көрсету саласын дамыту мәселесі енгізілген. Көзделіп отырған шаралар аса маңызды әлеуметтік-экономикалық мәнге ие. Олар барлық деңгейдегі кеден

органдарының іскер топтармен, қоғам бірлестіктермен, сыртқы экономикалық іс-әрекеттің қатысушыларымен ынтымақтастығы мен серіктестігін, олардың тауарлар қозғалысын жылдамдатуға қатысты ортақ мүдделерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге арналған. Ол шаралардың арасында:

- коммерциялық негізде қызмет ететін инфрақұрылым объектілерін (кедендік жүктерге арналған қоймаларды, бажсыз сауда дүкендерін, автокөлікке арналған тұрақтарды және т.б.) дамыту;
- ақпараттық-кеңес беру қызметі жүйесін құру;
- сыртқы сауда жүктерін декларациялау бойынша қызмет көрсету;
- кедендік ережелер туралы ақпараттарға барынша қол жеткізуді қамтамасыз ету;
- экспорттаушы мен импорттаушылардың құқықтарын қорғау;
- кедендік органдар мен т.б. әрекеттеріне шағымдану рәсімін жеңілдету.

Осылайша, мемлекет пен сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылардың стратегиялық мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды оңтайлы үйлестірудің күрделі міндеті шешіледі. Бұл әлемдік кеден саясатын дамытудың негізгі бағыты, ол кедендік қызметтерді сыртқы экономикалық іс-әрекеттің "адами бейнесін" сезінуге бағыттайды.

Бағдарламада сонымен қатар кедендік инфрақұрылымды құрудағы халықаралық және ведомствоаралық ынтымақтастықты дамыту мен тереңдету ісі көзделген.

Көп жағдайда, мыналар қарастырылған:

- тармақталған және тез әрекеттенетін телекоммуникациялар жүйесін құру;
- қазақстан кедендік органдардың іргелес мемлекеттердің кеден қызметтері мен құрылымдарымен кооперациялануы;
- мемлекеттік қызмет орындарымен өзара әрекет ету, автоматтандыру мәселелері бойынша кедендік құжаттардың қозғалысын бақылау, контрабандистер мен кедендік ережелерді бұзушылар туралы мәліметтер қорын құру;
- кедендік рәсімдерді жеңілдету.

Бағдарламаның әр бағытының жүзеге асырылуы көлік құралдарын қоса алғанда кеден органдарының материал-техникалық базасын құрумен және дамытумен тікелей байланысты болып келеді.

4. ЕуроАзиялық Экономикалық Ынтымақтастық (ЕАЭЫ) шеңберіндегі кедендік іс саласындағы халықаралық құқықтық ынтымақтастық

Экономиканың тұрақты дамуы, еркін түрдегі тауар айналымы және адал бәсекелестік қатысушы-елдердің экономикалық саясатын үйлестіруді нығайтуға және ұлттық халық шаруашылығын жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді.

Ортақ экономикалық кеңістікті қалыптастыру мен Кедендік одаққа мүше-мемлекеттердің әлемдік нарыққа белсенді шығуына арналған жағдайларды қалыптастыру көзделуде.

Келісуші тараптар Кедендік одақты Кедендік одаққа қатысушы-мемлекеттердің ортақ кедендік аумағының болуына негізделген мемлекеттердің экономикалық бірлестігі, шаруашылықты жүргізудің нарықтық қағидаттары мен бір іздендірілген заңдарына негізделген экономиканы реттеудің бір типтік механизмі ретінде қарайды.

Ортақ кедендік аумақты қалыптастыру ісін мынадай жолдармен жүзеге асыру көзделіп отыр:

– келісуші тараптар мемлекеттерінің арасындағы саудада солардың аймағында шығарылған тауарларды сатудың, эквиваленттік әсері бар кедендік баждардың, салықтар мен алымдардың, сондай-ақ сан шектеулердің күшін жою арқылы;

– үшінші елдермен қатынастарында бірдей сауда режимін, ортақ кедендік тарифтарды және сыртқы сауданы тарифтік емес реттеу шараларын орнату мен қолдану арқылы;

– ЕурАзЭЫ-ның үшінші мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен Ресей мен Белоруссияның, Қазақстан мен Украинаның сыртқы экономикалық қызметтерді реттеудің ортақ тәртібі мен еркін экономикалық кеңістікті құру туралы келісімі ережелерінің негізінде өзара қарым-қатынас механизмін қалыптастыру арқылы.

ЕАЭЫ-ты құру туралы келісімде сыртқы экономикалық, кедендік, валюталық-қаржылық, салықтық және өзге де заңдылыққтарды біріздендіру көзделуде. Құжатта былай деп айтылған: сонымен қатар тараптар Кедендік одақтың үшінші елдермен және халықаралық ұйымдармен өзара әрекет ету механизмін тараптардың бірінің тиісті өкілеттіктерін беру негізінде қалыптастыруы тиіс.

Кедендік одаққа мүше мемлекеттер қолдануға құқылы тәжірибе мен әдістердің біртектілігін қамтамасыз етуді бақылауды ұйымдастырады:

– тауарлардың үшінші елдерге рұқсат етілмеген түрде қайта экспортталуына жол бермеуге қатысты сенімді бақылауды орнату;
– екітараптық және көптараптық негізде саудалық және саудалық емес әрекеттер бойынша төлемдік-есептік қатынастарды жүзеге асыру;
– үшінші елдермен сыртқы экономикалық байланыстарды ортақ түрде реттеу әдісін қолдану;
– шаруашылықты жүргізудің экономикалық жағдайларын жақындастыру;
– сыртқы сауданың кедендік статистикасын жүргізу;
– келісуші тараптар мемлекеттерінің сыртқы кедендік шекараларында сенімді кедендік бақылауды жүзеге асыру.

5. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының (СЭҚ ТТ) халықаралық негізін құрайтын құқықтық құжаттар

1913 жылдың 31 желтоқсанында 29 ел Брюссельде негізгі ережелері өздерінде жариялау үшін тауарлардың ұлттық жіктемелері мен тауарлық ін сақтай отырып, сәйкес келген конвенцияға қолдарын қойды, олар арнайы құрылған ішкі сауда статистикасы Халықаралық бюросына тауарлардың ортақ жіктемесі мен тауарлық іс бойынша деректерді құрып, хабарлап отыратын болады.

Осылайша, алғашқы ***Брюссельдік тауарлық номенклатура*** пайда болды. Ол 186 базистік тауар атауларынан тұратын бес бөлімнен құралады:

I. Тірі жануарлар — 7 тауардың алатын орны (1—7).
II. Азық-түлік тауарлары мен сусындар — 42 тауардың алатын орны (8-49).
III. Шикізат және жартылай фабрикаттар — 49 тауардың алатын орны (50-98).
IV. Дайын өнімдер — 84 тауардың алатын орны (99-182).
V. Алтын және күміс, өңдеуден өткізілмеген алтын және күміс тиындар — тауардың алатын орны (183-186)[1].

1913 ж. Брюссельдік тауарлық шыққан біраз уақыттан кейін әзірленген тауарларды жіктеу жүйесінің кемшіліктері анықталды. Тауарлар номенклатурасының жеткіліксіз мөлшерде нақтыланғаны және соның салдарынан оны әлемдік стандарт ретінде пайдаланудың ыңғайсыздығы аталған болатын. Сол себептен екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жаңа тауарлық – Халықаралық сауданың статистикасына арналған тауарлардың ең аз тізімі әзірленіп шығарылған болатын.

Әзірленген номенклатура идеологиясы тауарлардың жіктелгенінен, яғни өздері жасалған материалдың түріне қарай ішкі топтарға бөлінгенінен тұрды. Тауарларды оларды пайдалану қағидаты бойынша жіктеу әдісі айрықша жағдайларда ескерілетін.

Жаңа номенклатура ақырғы нұсқасында 1938 жылы жарияланды. Ол тауарлардың тігінен берілген жіктемесі болды. Барлық тауарлар 17 бөлімге бөлінген. Бөлімдер өз кезегінде 50 топ пен 456 базистік тауардың алатын орнына бөлінетін:

Кедендік ынтымақтастық кеңесінің номенклатурасы (КЫКТ) немесе Брюссельдік кедендік номенклатура (БКТ);
- Экономикалық Өзара көмек көрсету Кеңесіне мүше елдердің сыртқы саудасының Ортақ тауарлық номенклатурасы (бұдан әрі – ЭКК СС ОТН);
- БҰҰның Стандарттық халықаралық саудалық жіктелуі (СХСЖ).

Барлық осы халықаралық номенклатуралар әр түрлі жіктемелік қағидатттар негізінде құрылып, тауар айналымын нақтылаудың түрлі дәрежесіне ие болатын.

Тәжірибеде бұл түрлі тауарлық номенклатураларды қолданатын елдердің экспорты мен импортының тауарлық құрылымы туралы мәліметтерін салыстыруды өте қиындататын. Көбінесе тіпті тауарлық топтардың немесе бөлімдерінің атаулары мәтін түрінде сәйкес келгеннің өзінде олардың мазмұны әртүрлі болып шығуы мүмкін болатын

Аталған негізгі халықаралық тауарлық жіктеулерді құрастыру мен пайдаланудың ерекшеліктерін қарастырып кетейік.

Сыртқы сауданың Ортақ тауарлық номенклатурасы (ЭКК СС ОТН). ЭКК СС ОТН 1962 мен 1991жж. аралығында Кеңес Одағының сыртқы экономикалық сауда қызметінің негізгі жіктегіші ретінде қолданылып келді. ЭӨКЕ мүше елдерінің ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, тізілімді әзірлеу мен басып шығару ісі Кеңес Хатшылығының Статистика бөліміне тапсырылған болатын.

Тауарлық тізілімнің қосымша өңдеуден өткізілген нұсқасы ЭӨКЕ-ге мүше елдерінің сыртқы саудалық номенклатурасы деген атаумен Кеңес Хатшылығымен 1962 жылы қабылданып, шығарылған болатын. ЭКК СС ОТН тауарларды халық шаруашылығындағы оның бағыты, шыққан тегі мен өңдеуден өткізілу дәрежесі бойынша біріктірді. Сонымен қатар, тізілімнің жіктеу жүйесі тауарларды өндіріс құралдары мен тұтыну заттарына, негізгі және айналым құралдарға, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық бұйымдарына бөлуге мүмкіндік берді. Жіктеме түрлі экономикалық белгілеріне қарай тауарлардың экспорты мен импортын қосымша топтастыруға мүмкіндік берді.

Тауарлардың түрі, сорты мен таңбалары. Есепке алуды мұндай нақтылау сыртқы сауданың тауарлық құрылымын, оның географиялық бағытталуы мен баға қозғалысын терең зерттеуге мүмкіндік берді.

ЭКК СС ОТН-ны пайдалану кезінде бұл төрт рет басылып шықты. Сонымен қатар, жыл сайын тізілімге толықтырулар мен өзгертулер енгізіліп отырды. Олар негізінен өндірісте тауарлардың жаңа түрлерінің пайда болуымен, ЭӨКЕ-ге мүше елдердің сыртқы сауда айналымының тауарлық құрылымындағы өзгерістермен, сауда көлемі қозалысымен пайда болған болатын. Жалпы алғанда, тізілімнің жіктеу жүйесі сыртқы сауданың тауарлық құрылымын көрсететін, алайда ЭКК СС ОТН-ға енгізілген тауарлардың тізімі Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлескен жүйесін құрайтын тауарлардың тізіміне қарағанда қысқа болатын.

ЭКК СС ОТН бастапқыда статистикалық тауар номенклатурасы ретінде әзірленгеніне қарамастан ол сонымен қатар КСРО-ның кеденді тарифының негізі болып табылатын. Сонымен қатар ондағы тауарларды жіктеу жүйесі қорғау-қолдау қызметтерін орындауға жеткілікті мөлшерде бейімделмеген болатын. Бұл кедендік тариф тиімді саудалық-саяси құралға айналып, сыртқы сауданы экономикалық реттеу қызметін орындауға мүмкіндік бермейтін.

БҰҰ Стандарттық халықыралық сауда жіктемесі **(СХСЖ).**

СХСЖ-сін БҰҰ Статистикалық комиссиясы ұсынған болатын. Ұсынылған нұсқа бойынша 1950 жылдың 12 шілдесінде БҰҰ Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестерінің сессиясы келесі ұсыныстарды қабылдады:

"...Үкіметтер мен арнайы мекемелерден СХСЖ - ға қатысты алған пікірлерді ескерумен және ұсынылып отырған жіктеме халықыралық сауданы талдаудың негізі болып..., халықаралық ұйымдарға сауда статистикасы бойынша мәліметтер берудің негізі болып қызмет етуі мүмкін екендігін назарға ала отырып, БҰҰ үкіметтен осы Стандарттық

халықаралық сауда жіктемесін төмендегідей жолдармен қолдануды табанды түрде өтінеді:
1) осы жіктеу жүйесін жіктеменің сұлбасын бұзбай, ұлттық қажеттіліктерді қанағатандыруға қажет болуы мүмкін өзгерістермен қабылдау арқылы немесе
2) халықаралық сауда мәліметтерінің салыстырмалылығына қол жеткізу мақсатында өз статистикалық мәліметтерін осы сұлбаға сәйкес қайта топтастыру жолымен".

СХСЖ-да тауарларды жіктеу бірнеше белгілер бойынша жүргізілді. Олардың ішіндегі негізгісі өнімдерді өңдеу жүйелілігінің белгісі болатын.

СХСЖ-да тауарлардың барлығы негізгі үш топқа бөлінетін: шикізат, жартылай фабрикаттар, дайын өнімдер. Мұндай топтастыру тауарлар бағытының белгісі бойынша топтастырумен құрамаластырылған болатын, алайда айта кететін нәрсе, бұл белгі бойынша тек нөлдік және бірінші бөлімдердің орындары ғана біріктірілген болатын.

СХСЖ-ның бір кемшілігі бөлімдер мен тауарлық топтардың нақтылануы біршама шарттылыққа ие болатын. Мысалы, "Машиналар, құрал-жабдық мен көлік құралдары" атты 7-бөлім үш топтан тұрды. Ең маңызды бөлімдерінің бірін осындай нақтылау уақыт талаптарына сай келмейтін.

СХСЖ-ның тағы бір кемшілігі – онда халық шаруашылығының салалары бойынша топтар көрсетілмеген.

Соған қарамастан, СХСЖ статистикалық көрсеткіштердің белгілі дәрежедегі салыстырмалылығына қол жеткізіп, әлемдік сауданың жағдайына экономикалық шолу жасауға мүмкіндік берді.

6. СЭҚ ТН-нің халықаралық негізін құрайтын құқықтық құжаттар.

Кедендік ынтымақтастық кеңесінің номенклатурасы (КЫКТ).

Тауарларды жіктеудің кең қолданылатын жүйесі Кедендік ынтымақтастық кеңесінің номенклатурасы (КЫКТ) болып табылады. Тауарлардың бұл номенклатурасы 1951 жылдан бері Батыс Еуропа елдерінің сыртқы саудасында қолданылып келе жатқан Броюссельдік кедендік номенклатурасы (БКТ) негізінде әзірленген болатын.

КТ кедендік-тарифтік болып табылды, яғни ол кедендік тарифтерге арналған жіктеу сұлбасы болатын және сонымен бірге халықыралық сауда жіктемесі болып табылатын. БКТ-нің бастапқы нұсқасында басты топтастыру белгісі болып өздерінен тауарлар жасалатын материалдар болатын. Сондықтан, БКТ-нің бастапқы нұсқасына негізделген мәліметтерді экономикалық статистиканың өлшемдеріне сәйкес қайта топтастыру қажет болатын. Осы өлшемдер бойынша шикізат тауарлары, машиналар мен **құрал-жабдық және** т.б. тәрізді категориялар бойынша, сондай-ақ өздерінің өңделу дәрежесі мен салалық шыққан тегіне қарай топтастырылған тауарлар бойынша жалпылама көрсеткіштер қажет болатын.

Басты халықаралық жіктемелерді (СХСЖ мен БКТ) жақындастыруға арналған жұмыстар Брюссельдік жіктеменің жаңа жобасының құрылуына әкелді. Бұл жоба «Кедендік ынтымақтастық Кеңес номенклатурасы» (КЫКТ) деген атауға ие болды. БКТ-нің бастапқы нұсқасына қарағанда жаңа тізілімнің жіктемелік сұлбасының негізіне тауарларды өңдеу дәрежесі мен шығу тегінің қағидаттары қойылған болатын. КЫКТ-нің маңызды ерекшелігі сол, ондағы тауарлық кодтарда (шифрлерде) бөлімдердің нөмірлері берілмеген.
КЫКТ-нің соңғы редакциялауында 21 бөлім, тауарлардың 99 тобы, 1011 тауарлық ішкі топтар берілген.

Тізілім тауарлардың төрт санаттық белгілеуіне негізделген. Былайша айтқанда, тізілімдегі барлық тауарлар 99 топқа бөлінген және олар өздерінің сол не өзге бөлімге жату-жатпауына байланыссыз 01-ден 99 дейін өсу тәртібімен нөмірленген. Топтың ішінде де тауарлар өсу тәртібімен екі белгімен 01-ден 99 дейін нөмірленген.

КЫКТ-ге негізінде Еуропалық экономикалық қауымдастықтың Құрама номенклатурасы құрылды (1988 жылдың 1 қаңтарынан бастап тәжірибеге енгізілді).

Кейінірек КЫКТ-нің негізін құрайтын тауарларды жіктеу қағидаттары Тауарларды сипаттау мен кодтаудың Үйлескен жүйесін (ҮЖ) құру кезінде қолданылған болатын.

КЫКТ-ді бұрында көптеген әлем елдері (көбінесе Батыс Еуропа елдері) статистикалық мақсатпен, сондай-ақ ұлттық кедендік тарифдарды қалыптастырудың тауартану саласы негізі ретінде қолданған және осы кезге дейін де қолданып келеді.

Қазақстанның Ресей Федерациясымен және ТМД елдерімен ынтымақтастығы мен бірлесе әрекет етуінің маңызды кезеңі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) сыртқы сауда қызметінің Ортақ сауда номенклатурасы туралы Келісіміне қол қоюы болды.

1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап ТМД СЭҚ ТН-ның 2-ші басылымы күшіне енді. Бұл басылымды Келісімнің 2-бабын орындау мақсатымен Ресейдің Мемлекеттік Кеден Комитеті (МКК) әзірлеген болатын. ТМД СЭҚ ТН-ның 2-ші басылымы ҚР МКК-нің ресми құжаты болып табылады. Ол Дүниежүзілік кедендік ұйымның (бұрынғы Кедендік ынтымақтастық кеңесі) тауарларды сипаттау мен кодтаудың Үйлескен жүйесіне негізделген және оны ТМД қатысушы-елдері қолданады.

ТМД СЭҚ ТН-ның жаңа редакциясының қабылдануы кедендік құжаттардың нысандарын одан әрі біріздендіру мен кедендік рәсімдерді жеңілдету процесін көрсетеді. ҮЖ-де орын алған өзгерістер ТМД СЭҚ ТН-да көрінген болатын. Негізінен өзгерістер шамамен алғанда тауарлардың барлық топтарында қосалқы орындар деңгейінде орын алды. Бірқатар тауарлар бойынша сауда айналымы көлемдерінің төмендеуіне байланысты кейбір қосалқы орындар тізілімненнен алынып тасталған болатын. Кейбір жағдайларда тауарлардың кодтық белгілері ішінара өзгерді. Ішінара түсініктемелер толықтырылып, нақтыланған болатын. Өзгерістерге ҮЖ, сондай-ақ ЕЖ ТТ да ұшырады.

ТМД СЭҚ ТН-ның жаңа редакциясы Достастық шеңберінде ықпалдасу процестерінің одан әрі дамуына, ҚР-ның әлемдік саудаға одан да белсенді қатысуына ықпалын тигізуге арналған.

ТМД СЭҚ ТН-ның құрылымы, оның құрамдас бөліктері, қосымша басылымдары тауарларды сипаттау мен кодтаудың Үйлескен жүйесіне қатысты ұқсас мәселелерге сәйкес келеді.

Тауардың кодын дәл анықтау үшін ТМД СЭҚ ТН-ның үш құрамдас бөлігін (өзіндік бөлігін, Бөлімдер мен топтарға арналған ескертулерді, ТМД СЭҚ ТН-сын түсіндірмелеудің негізгі ережелерін) пайдаланған қажет. Сонымен қатар, тауардың кодын анықтау кезінде қосымша басылымдарды (Түсіндірулерді, Алфавиттік нұсқағышты, Жіктеу шешімдерінің жинағын) қолданған аса пайдалы. Кодты анықтаудың кешенді басшылық құралы «Интерпретацияның негізгі ережелері» болып табылады.

2- ші тарау. Кеден органдарындағы басқару ұғымы

1. Басқару ұғымы.
2. Басқару заңдары.
3. Басқарудың қағидаттары (принциптері).
4. Басқару қызметтері.
5. Басқарудың ерекше (нақты) қызметтері.
6. Басқару әдістері.

1. Басқару ұғымы

Жекелеген орындаушылар немесе адамдардың тобы түріндегі адами фактордан құралатын кез келген жүйенің тиімді түрде әрекет етуі жүйенің осы компонентінің белсенділігін бағыттап, реттейтін, оны басқаратын белгілі түрдегі ұйымдастырушы негіз болған жағдайда ғана мүмкін болады. "Жекелеген скрипкашы, — деп жазады К. Маркс, — өз-өзін басқарады, оркестр дирижерді қажет етеді ".

Кеден органдарындағы басқару жүйелерінің басты мақсаты - кеден органдарының барлық қызметкерлерінің бірдей әрекет етуіне қол жеткізу. Жүйе бір бағытта қызмет етуді және оның алдына қойылған міндеттердің шешілуін қамтамасыз етуі тиіс. Ол үшін оның ішінде нақты басқару жұмысын жүргізу қажет.

Арнайы басқару білімінсіз басқару кедендік органдарда жедел-қызметтік іс-әрекетіндегі елеулі қателіктерге әкеп соқтыратынын, ҚР экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісі мен оның экономикалық мүдделерін қорғауда белгілі түрде зиянын тигізетінін тәжірибе көрсетіп отыр.

ҚР кедендік органдарына жүктелген міндеттер мен қызметтердің орындалуын оңтайлы түрде ұйымдастыру үшін басқарудың мәні мен мазмұнын ашатын негізгі теориялық ережелерді білу қажет.

Кедендік органдардағы басқару ісіне тән белгілерді ескерумен бірге, басқарудың түрліше қалыптасуын қорыта отырып, оған мынадай анықтама беруге болады.

Кеден органдарындағы басқару — бұл ішкі және сытрқы жағдайлардың өзгеру барысында олардың мақсатқа бағытталған тәртібін қамтамасыз ететін кеден органдарының қызметкерлеріне басқару шешімдерін іске асыруды қабылдау жолымен әсер етудің үздіксіз ақпараттық процесі.

Басқарудың әсер етуін қалыптастыру мен жүзеге асыру үшін басқару субъектісі (басқарушы жүйенің, ішкі жүйенің), басқару объектісі (басқарылатын жүйенің, ішкі жүйенің) және олардың арасындағы белгілі түрде ұйымдасқан тікелей және кері байланыстардың болуы қажет.

Жиынтығында басқару субъектісі мен басқару объектісі өзара бір - бірімен байланысқан болып келеді, және тұтастай алғанда кедендік органдардағы басқару жүйесін құрайды.

Кеден органдарындағы басқару субъектілеріне басқарушылық шешімдерді қабылдауға, қол астындағы қызметкерлер мен ұжымдарға тапсырма беруге және олардың орындалуын талап ету өкілеттіктеріне ие болатын барлық басшылар, яғни мақсатқа лайықты әсер етуді жүзеге асыратын кедендік қызмет орнының, кеденнің, аймақтық кедендік басқарманың және Қазақстанның КК-нің барлық элементтері мен ішкі жүйелері жатады.

Кеден органдарындағы басқару объектілеріне басқарушы ішкі жүйенің шешімдерін, бұйрықтарын, тапсырмаларын орындаушылар, кеден ісінің мамандары, кедендік ұжымдар, ұйымдастырылған құрылымдар, технологиялық кедендік рәсімдер, кеден органдарына жүктелген қызметтерді орындау жөніндегі барлық түрдегі іс-әрекеттер, кедендік іс-әрекеттің ресурстары және т.б. жатады.

Басқарудың субъектісі мен объектісі туралы мәселені анықтау үшін мынаны түсінген маңызды: кеден органдарындағы басқару құрылым ретінде сатылы, дәрежелік саты сипатына ие болады және кедендік жүйеде басқарудың түрлі деңгейлері бір мезгілде басқарудың субъектілері, сондай-ақ объектілері ретінде де әрекет ете береді. Басқарудың әрбір сатысына немесе деңгейіне өзіндік басқару субъектісі мен объектісі сәйкес келеді. Сол себептен кеден органдарының ортақ жүйесінде басқару объектісін кейінгі басқармалық және атқару әрекеттерінің субъектісі ретінде қарастырған жөн. Соған сәйкес, басқару да осындай құрылымдағы іс-әрекеттің бір түрі ретінде билеуші, сондай-ақ атқарушы тарапқа ие болады.

Басқару жүйесінде басқарудың ұйым құрылымына, өзге факторларға байланысты басқарудың субъектісі мен объектісі арасындағы өзара байланыстар мен өзара әрекет ету елеулі роль атқарады.

Басқару субъектісі басқару объектісінің және оны қоршаған ортаның нақты жағдайы туралы ақпарат алады. Бұл ақпаратты басқару субъектісі өңдеуден өткізеді, соның нәтижесінде шешім қабылданады, ол оның мазмұнын тікелей байланыс арқылы басқару объектісіне беру үшін басқармалық шешім түріне (бұйрық, нұсқау, қарар және т.б.) келтіріледі. Осы шешімнің орындалғаны туралы ақпарат және басқару объектісінің (басқарылатын жүйенің) жаңа жағдайы туралы ақпарат кері байланыс арнасы арқылы қайтадан басқару субъектісіне келіп түседі. Осылайша, басқару салыстырмалы түрде үздіксіз процесс болып келеді. Кеден органдарын басқарудың үздіксіз сипаты соларда орын алып жататын ақпараттық процестердің тұрақтылығымен және үздіксіздігіне негізделеді, оны сұлбадағы бағыттар түрінде келтіруге болады.

Басқару процесінің үздіксіздігі оның циклдігі туралы, яғни басқару жұмысының бір түрін орындайдың белгілі бір жүйелілігі мен қайталануы немесе басқарудың түрлі буындарымен және түрлі нысандарда орындалатын басқарудың сатылары мен кезеңдері айтуға мүмкіндік береді. Мысалы, басқару мақсаттарын белгілеу ісі кеден органдары жүйесінің негізгі даму бағыттарын жоспарлау, әзірлеу түрінде орындалуы мүмкін.

Кеден органдарындағы басқару жүйесі келесі компоненттерден құралған: басқару механизмі, басқару құрылымы, басқару процесі және басқару жүйесін жетілдіру механизмі.

Басқару механизмін мыналар құрайды: заңдар, мақсат қағидаттары, басқарудың әдістері мен қызметтері.

Басқару құрылымына мыналар жатады: басқару органдары, басқару мамандары және техникалық басқару құралдары.

Басқару процесі — бұл барлық басқару буындарының басқару мақсатына қол жеткізудегі іс-әрекеті.

Басқару жүйесін жетілдіру механизміне басқару объектісінің дамуы нәтижесіндегі ондағы өзгерістерді ұйымдастыру жатады. Кеден органдарындағы басқарудың мәнін одан да терең түсіну үшін осы басқаруға тән болып келетін ерекшеліктерді білу қажет.

Оларға төмендегілерді жатқызуға болады:

- қызмет әрекетінің соңғы нәтижесінде басқарудың айқын түрдегі дұрыс жолы; басқару қызметінің СЭҚ-тың қатысушыларымен жүргізілетін жұмыспен жүйе ішінде үйлесуі;
- мемлекеттік басқару органының өкілеттіктерін жүзеге асыру;
- басқару барысында дұрыс тәуекелге жол беру.

Кеден органдарындағы басқару олардың негізінде қоғам, ұйым және жедел-қызмет әрекетінің барлық қатысушыларының желе мүдделерінің ортақ жүйесіне қалыптасқан басқарудың объективті экономикалық заңдарына сүйенеді. Басқарудың маңызды ерекшелігі оның кеден қызметінің тиімділігін арттырумен құрушы роль атқаратындығында.

2. Басқару заңдары

Басқару заңдары басқару жүйесінің элементтері мен ішкі жүйелерінің арасындағы, онда орын алып жататын процестер мен сыртқы ортаның жалпы, елеулі және қажетті байланыстарын көрсетеді. Олар объективті болып табылады және адамдардың санасы мен еркіне байланысты болмайды. Басқару заңдарын білу басқару жүйелерін құру мен олардың қызметін ұйымдастыру кезіндегі солардың талаптарын ескеруге мүмкіндік береді.

Оларға мыналар жатады: басқару жүйесінің тұтастық заңы, пропорционал заңы, басқару қызметтерін орталықтандыруды тиімді ара қатынас заңы, басқарушы және басқарылатын жүйелердің қатынастық заңы және т.б.

Басқару жүйесінің тұтастық заңының әсері :

- мемлекеттік басқару жүйесінің жоғарғы органдарынан оның төменгі буындарына дейінгі басқару қатынастарының үздіксіз тізбегінен;

- басқару процесінің барлық сатыларының, операциялары мен кезеңдерінің үздіксіздігінен, ырғақтығынан, келісімдерінен;
- адамдардың зор мақсаттары мен мүдделерінің барлық құрамдас бөліктерін басқарудың біртұтастығынан;
- басқарудың қызметтері мен әдістерінің біртұтасттығынан;
- басқару аппаратының қызметкерлеріне қатысты талаптардың біртұтастығынан байқалады.

Кәсіби қызмет пен басқарудың пропорционал заңы басқарудың аса маңызды міндетін басқарушы және басқарылатын жүйелердің пропорционалды, тиімді қызметін қамтамасыз ету, жүйенің құрамдас бөліктерінің үздіксіз түйісуін ұйымдастыру деп анықтайды.

Пропорционалдық жүйенің негізгі қызметін басқару қаншалықты толық және нақты қамтамасыз етілсе – кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау, өзге де қызметтерді жүзеге асыру мүмкіндігінше аз шығындармен қажетті тиімділікті бере алатынымен өлшенеді.

Орталықтандырудың тиімді ара қатынас заңы кеден органдары жүйесінің әрбір төменгі буындарының орталық басқару органдарына үздіксіз және жеткілікті түрде тұрақты бағынышты қызметін осылай ұйымдастыру мен басқару жүйесінің осындай құрылымын ұсынады.

Орталықтандырылған басқару дегеніміз жүйенің барлық буындарының қызметін қатаң түрде реттеу деген сөз емес. Жүйенің әрбір даму кезеңі үшін басқаруды орталықтандыру түрлерінің жүйенің даму деңгейін көрсететін оның нақты қажеттіліктеріне барынша сәйкес келетін орталықтандырудың өзіндік тиімді деңгейі болады.

Басқарушы және басқарылатын жүйелердің өзара қатынастық заңының мәні басқарушы жүйенің басқарылатын жүйеге сәйкес болуын қамтамасыз ету талабынан тұрады.

Осы өзара қатынастың өзгеруі түрлі факторлардың, көбінесе ұйымдастыру және экономикалық факторлардың әсер етуімен орын алады. Ең алдымен, басқарушы жүйенің дамуы мен әрекет етуінің деңгейі басқарылатын жүйенің жедел-қызметтік іс-әрекетінің деңгейіне сәйкес келуі тиіс.

Заңдар арқылы басқару теориясының мазмұны, басқару процесінің негізгі қызметтері, әдістері мен құрылымдары, сондай-ақ ерекшеліктері ашылады. Сол себептен басқару заңдарын қолданудағы басты нәрсе оларға жүйелік тұрғыдан қарау. Ол олардың талаптарын жүйелі түрде көрсетіп, бүкіл жүйенің қызмет етуі мен дамуының тиімді нұсқасын белгілеуге мүмкіндік береді.

Кеден органдарындағы басқару басқарудың объективті заңдарына, сондай-ақ солардың негізінде қалыптасатын қағидаттардың ортақ жүйесіне негізделеді.

3. Басқару қағидаттары (принциптері)

Басқарудың қағидаттары өздерін басқарушы жүйе басшылық ретінде қолданатын басқарушы идеялар, ережелер, негізгі қағидалар мен өзін-өзі ұстау нормаларымен түсіндіріледі. Басқару тәжірибесінде кеден органдары жалпы, жеке және ұйымдастыру-технологиялық қағидаттарын қолданады. Басқарудың жалпы қағыдаттары дегеніміз — бұл басқарудың стратегиялық нормалары және олар кеден органдарының барлық салалары мен ішкі жүйелерінде күшін сақтайды. Алайда олар әрбір басқару жүйесінде өзінше әрекет етеді. Тіпті басқарудың негізгі жалпы қағидаттарын (жүйелілік, кері байланыс, ақпараттық жеткіліктілік, тиімділік, өзара бағыныштылық қағидаттарын) атап өткен, сондай-ақ олардың кеден органдарындағы басқару жүйесіне диалектикалық әсер етуі осыны растап отыр.

Жүйелілік — басқарудың жатекші қағидаты. Кеден органдарын басқарудағы жүйелілік жүйенің құрылым және қызметтік ортақтығын жетілдіреді.

Кеден органдарының алдында тұрған міндеттер неғұрлым ауыр болған сайын, жүйенің кері байланысы қағидаты соғұрлым үлкен мәнге ие бола бастайды. Ақпарат жүйесіне әсер етіп және басқармалық шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету үшін басқару субъектісіне уақыттың әрбір сәтіндегі жүйенің жағдайы, қойылған мақсатқа қол жеткізгені туралы көзқарасқа ие болуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық жеткіліктілік қағидаты мынаны білдіреді: кедендік жүйедегі, соның ішінде басқармалық жүйедегі ақпарат көлемдерінің орасан зор мөлшерде өсу жағдайларында ақпараттық процестерді қарқындату үлкен мәнге ие бола бастауда.

Кеден органдарында алға қойылған мақсатқа материал, қаржылық және еңбек шығындарын барынша аз мөлшерде жұмсаумен бұрынғысынан да қысқа мерзімдерде қол жеткізу басқарудың тиімділік қағидатының мәні болып табылады.

Кеден жүйесіндегі басқарудың тиімділігіне түрлі әдістер мен құралдармен қол жеткізіледі.

Кеден жүйесінде басқарудың өзге де қағидаттары үлкен мәнге ие болып, жүзеге асырылудың түрлі дәрежелерінде болады. Кеден органдарындағы басқарудың жеке қағидаттары үлкен екі топқа бөлінеді: кедендік іс-әрекеттің экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани салаларында қолданылатын қағидаттар, және өзінің құзырлығы шеңберінде ҚР-ның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік құқық қорғау ұйымы ретінде кеден органдарының жүйесінде орын алатын қағидаттар.

Жеке басқару қағидаттарына; заңдылық; саналы орталықтандырумен үйлескен орталықтандыру; үздіксіздік; жеделдік; икемділік; жауапкершілік; сабақтастық; соңғы нәтижеге бағытталу және т.б. қағидаттар жатады.

Кеден жүйесіндегі басқару қағидаттары мемлекеттік қызметтің іс-әрекетін ұйымдастыру қағидаттары; мамандарды іріктеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қағидаттары; жедел-іздестіру іс-әрекетін жүзеге асыру қағидаттары және т.б. тәрізді жеке қағидаттардың топтарына да сүйенеді.

Басқарудың ұйымдастыру-технологиялық ққағидаттары кеден органдары басшыларының ұйым-билеуші және әкімшілік-атқару іс-әрекетінің негізінде жатыр.

Оларға мыналарды жатқызуға болады: басқару қағидаттары; дара басшылық; нақтылық; еңбек бөлінісі; дәреже сатысы; басқарушылық пен бір басшының ортақтығы; өкілеттіктер беру; басқару диапазоны және т.б.

Дара басшылық қағидатының мәнін ерекше атап кеткен қажет. Ол бір жағынан басқарудың алқалығын, ал екінші жағынан – атқару қызметтері үшін қатаң жауапкершіліктің орнатылуын ескереді. Алқалық әрбір қызметкердің соған тапсырылған іс үшін жеке жауапкершілігін жоққа шығармай, ескереді.

Кеден органдарында басқарудың барлық деңгейлерінде дара басшылық қағидаты үнемі түрде әрекет етеді, себебі кеден органдарының басшыларына ортақ басшының құқықтары мен қызметтері тапсырылады.

Бұл осы құрылымның алдына қойылған міндеттерді шешуге арнап ұсынылатын биліктік өкілеттіктердің толықтығы мен көлемінен көрінеді;

- осы қызметті жүзеге асыруды заңды қамтудың толықтығы болған жағдайда мемлекет алдында өзіне ұсынылған құқықтарды пайдаланғаны үшін жауапкершіліктен;
- ортақ басшылардың-басқарушылардың құқықтарын жүзеге асыруды маман және құрылым тұрғыдан қамтудан;
- мемлекет тарапынан құқық қорғау әрекетінің материал және қаржылық тұрғыдан қамтылуынан;
- әскери және құқық қорғау құрылымы қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуына қатысты мемлекеттік кепілдіктердің болуынан.

Дара басшылық қағидаттарына негізделумен кеден органдарының жүйесін ҚР КК Төрағасы басқарады. Кеден ісін басқарудың аса маңызды мәселелері ҚР КК алқасының

отырыстарында қарастырылады. ҚР КК Төрағасының бұйрығымен ресімделген алқа отырыстарында қабылданатын шешімдер барлық кеден органдары мен қызметкерлерінің орындауы үшін міндеті болып табылады.

Дара басшылық қағидаттарына негізделумен өзінің қызметінде басқармалардың алқаларына негізделетін аймақтық кедендік басқармалардың басшылары әрекет етеді, сондай-ақ кеден академиясының, ақпараттық-есептеу орталығының, кеден зертханасының және ҚР КК-на бағынатын өзге ұйымдардың басшылары әрекет етеді.

Дара басшылық қағидаттарын өзінің басқару әрекетінде кедендер мен кедендік қызмет орындарының бастықтары жүзеге асырады.

Кеден органдарын басқару ісінің табысты болуы кеден жүйесінің басқаруға қатысатын барлық лауазымды тұлғаларының, органдары мен ұйымдарының іс-әрекетінің біртұтастығымен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте әрқайсысының орны мен ролінің ерекшелігін анық белгілеу, олардың бірлескен жұмыстағы құзырлықтарын, қызметтері мен құқықтарын анық түрде үлестіру аса үлкен мәнге ие болады. Ол үшін ҚР КК шығаратын нормативтік құжаттары, ҚР кеден органдары мен олардың бөлімшелері туралы ережелер үлкен мәнге ие болады.

Басқарудың *нақтылық қағидаты* жағдайды нақты талдаудан өткізуді қажет етеді, ол үшін басқару жүйесі туралы толық ғылыми ақпарат пен сыртқы орта туралы ережелер қажет.

Еңбек бөлінісі қағидаты мынаны ескереді: басқару жүйесінің нақты буындарына тапсырылатын орындауды қарапайым операцияларға бөлетін басқаруды ұйымдастырудың барлық қызметін қарастырады.

Скалярлық қағидат әрбір ұйым (соның ішінде кедендік орган) нақты белгіленген, дәрежелі сатылық құрылымға ие болуы тиіс екендігін белгілейді.

Дәреже сатысы қағидаты бойынша төмен тұрған қызметкер немесе бөлімше өзінен жоғары тұрған басшыға бағынады. Әкімшілік дәреже сатысының әрбір қызметкері өзінен жоғары тұрған қызметкердің алдында тек өзінің ғана емес, сонымен қатар өзіне бағынатын барлық қызметкерлердің шешімдері мен әрекеттері үшін жауап береді.

Билеу мен бір бастықтың біртұтас қағидаты: әрбір қызметкер тек бір басшының ғана бұйрықтары мен өкімдерін алады, себебі бұл - әрекеттердің біртұтастығының қажетті шарты, және бірде-бір қызметкер өзінен жоғары тұрған саны біреуден артық басшыға баяндама жасамауы тиіс екенін анықтайды.

Өкілеттіктерді беру қағидаты мынаны білдіреді: міндет басшының іс-әрекеті саласынан оған бағынышты қызметкерге тапсырылған кезде соңғысына сонымен қатар соны шешуге арнап құқытар да тапсыруы тиіс, ал бағынышты қызметкер солар үшін жауапкершілікті өзіне қабылдап алуы тиіс.

Басқару диапазоны қағидаты жоғары тұрған лауазымды тұлға бағыныштылардың қатаң түрде белгіленген, тиімді саны үшін жауапкершілікте болуы тиіс екендігін ескереді.

4. Басқарудың қызметтері

Басқарудың қызметі дегеніміз — бұл өзін жүзеге асыру үшін белгілі түрдегі басқармалық жұмыстарды (әрекеттерді) жүргізу қажет болатын басқарушылық әрекеттің нақты түрі.

Кеден органдарын басқаруда басқару қызметтері ең маңызды орынға ие болады, себебі олар барлық деңгейдегі басқарушылық іс-әрекетінің мәні мен мазмұнын ашады және басқару саласындағы міндеттердің үлестірілуінің көрінісі болып табылады, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу үшін соларды жүзеге асыру кезіндегі әрекеттердің белгілі түрдегі кезектілігін және тұтастығын қажет етеді.

Кеден органдарындағы басқару қызметтерін жіктей отырып, оларды басқару процесінің сатыларын көрсететін басқарудың жалпы қызметтеріне және кеден органдарының жедел-қызметтік іс-әрекетінің нақты түрлерін басқарудың арнайы (нақты) қызметтеріне бөлуге болады.

Басқарудың жалпы қызметтері басқарудың мәнін ашады, олар әмбебап болып келеді, себебі кез келген объектіні басқару процесін сипаттайды.
Басқарудың жалпы қызметтерінің құрамын белгілеу кезінде олардың диалектикалық біртұтастығын, сондай-ақ басқарушы және басқарылатын жүйенің біртұтастығын ескерген қажет. Басқару қызметтерінің құрамы басқарушы жүйенің басқарылатын жүйенің жағдайындағы кез келген өзгерістерге әрекет етуінің тиімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқарудың жалпы қызметтеріне мыналар жатады: жедел-қызметтік жағдайды талдау және болжамдау, жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, есепке алу және бақылау.
Сол не өзге түрдегі басқару қызметін жүзеге асыру үшін бірқатар басқармалық жұмыстарды (операцияларды) орындау қажет. Бұл ретте басқармалық жұмыс (операция) ретінде басқару қызметін жүзеге асыру үшін қажет болатын, алайда басқару объектісінің басқарылуын қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз болатын тұрақты түрде қайталанып отыратын әрекеттердің жиынтығымен түсіндіріледі.

Егер де басқарудың негізгі қызметінің толығымен жүзеге асырылуы жедел-қызметтік іс-әрекеттің жаңа сапаға өтуіне себепкер болатын болса, онда жекелеген басқару жұмысын орындау бұл іс-әрекеттің жаңа сапалық жағдайға ие болуы үшін жеткіліксіз болады.

Басқарудың нақты алынған жалпы қызметінің жүзеге асырылуы тек осы қызметке тән болып келетін басқармалық қызметтердің белгілі санын орындау арқылы орындалады.

Кеден органдарының объективті мүмкіндіктері басқарудың аса маңызды қызметтерінің бірі ретіндегі жедел-қызметтік жағдайды талдау мен болжамдаудың негізінде анықталуы мүмкін. Жүйені бөліктерге бөлумен, оның құрылымын анықтаумен, талдау жүйе компоненттерінің жағдайын тіркеуге ғана емес, сондай-ақ олардың өзара қарым-қатынастары мен өзара тәуелділігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ретте басқару жүйесіндегі талдау тек тұтастай оған ғана емес, сондай-ақ басқару циклының әрбір компонентіне де тарайды.

Кедендік жедел-қызметтік жағдайды талдау мен болжамдау кедендік іс-әрекеттің сол не өзге бөлігіндегі жағдайлар жиынтығының дамуын тану мен болжамдаумен және олардың кеден ісінің нәтижелеріне тигізетін әсерін анықтаумен тығыз байланысты болып келеді.

Кедендік жедел-қызметтік жағдай ретінде кедендік іс-әрекетке елеулі түрдегі әсерін тигізетін диалектикалық дамудағы экономикалық, саяси, әлеуметтік, құқықтық, аймақтық және өзге жағдайлармен (факторлармен) өзара байланысқан элементтердің жиынтығы түсініледі.

Кедендік жедел-қызметтік жағдайдың негізгі элементтеріне төмендегілер жатады:
- сыртқы экономикалық қызметтің (СЭҚ) өздеріне қызмет көрсетілетін қатысушылары;
- қазақстан және шетелдік жеке және заңды тұлғалар, кеден органының іс-әрекеті өңіріндегі тауар ағымдарының түрлері, көлемдері мен бағыттары, уақыты, орны, көлік түрлері бойынша үлестірілуі;
— кедендік заңдарды бұзатын, кеден органдарына жағымсыз әсерін тигізуге тырысатын СЭҚ қатысушыларының және олардың дем берушілерін; контрабандистер мен солардың дем берушілерін; кеден маңындағы қылмыстық құрылымдар мен олардың дем берушілерінің болуы; олардың мақсаттары, жоспарлары, ойлары, қылмыс жасау мен кедендік ережелерді бұзу уақыты, орны, стратегиясы мен тактикасы туралы мәліметтер;
- кеден органдарының күштері мен құралдары және олардың өздеріне жүктелген қызметтер мен міндеттерді орындау жөніндегі мүмкіндіктері;
- ҚР экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен экономикалық мүдделерін қорғаудың жалпы мемлекеттік шаралары;
- кеден органдары әрекет ететін өңірлерде контрабанда мен кедендік құқық бұзушылықтармен күрес жүргізу жөніндегі өзге құқық қорғау органдарының,

ведомстволар мен ұйымдардың, оларды кеден органдарының міндеттерін шешуге арнап пайдалану мүмкіндігінің болуы;
- кедендік іс-әрекет жүзеге асырылатын орта.

Жоспарлау дегеніміз — бұл өзі арқылы кедендік органдарда алдағы уақыттағы іс-әрекетті ұйымдастыру негіздері әзірленетін басқарудың негізгі қызметі. Жоспарлаудың көмегімен жүйе қозғалысының мақсаттары мен бағыттары белгіленіп, өздерінің көмегімен орын алып жатқан проблемалар шешілетін әдістер әзірленіп, жүйенің даму қарқыны белгіленеді. Басқару субъектісі атқарушылардың келешектегі іс-әрекеттерінің жоспарын белгілейді, жоспарда қойылған міндеттерге қол жеткізудің жолдарын, әдістерін, құралдары мен мерзімдерін белгілейді.

Келешектегі іс-әрекетті үлгілеу мәселелері төмендегі басқармалық жұмыстарды орындау арқылы жүзеге асырылады:
- басқару мақсатын белгілеу;
- мақсатқа қол жеткізуге кедергі болатын проблеманы анықтау;
- қойылған мақсатқа қол жеткізуге арналған басқармалық шешімдерді әзірлеу мен қабылдау;
- қабылданған шешімді жүзеге асырудың ұйымдастыру жоспарын әзірлеу;
- әзірленген жоспарға келісу.

Ұйымдастырушылық жоспарлау басқарудың барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады: стратегиялық (ҚР КК); жедел (КБ); тактикалық (кедендер, кедендік қызмет орындары).

Сонымен қатар, ол кедендік жүйенің қызмет етуінің орнап қалған календарлық циклдеріне сәйкес келеді — мерзімнен бұрын (5 және одан артық), ортамерзімді (1 жылдан 5 жылға дейін) және ағымдағы (бір жылға дейін). Осылайша, басқарудың осы қызметін жүзеге асыру жөнінідегі басқармалық қызмет кедендік жедел-қызметтік жағдайды терең білуді, оған тура баға беруді, тәжірибені, дағдылар мен іске деген шығармашылық қозқарасты қажет етеді. Сапа, шешімдер мен жоспарлардың негізделуі едәуір дәрежеде басқарудың соңғы нәтижелерін белгілейді.

Дайын және бекітілген жоспар өз-өзінен оның орындалатынына кепілдік бермейді. Ол үшін тиісті жағдайлар қажет – оларды басқарудың басқа қызметі – ұйымдастыру тудырады.

Ұйымдастыру өзін жүзеге асыру арқылы жоспарлау барысында әзірленген жоспарларды орындауға арналған жағдайларды қалыптастыратын басқарудың негізгі қызметімен түсіндіріледі.

Аталмыш қызметтің мәні күштер мен құралдар жүйесін құруға, атқарушылардың арасында қажетті байланыстар мен қатынастарды орнатуға, олардың іс-әрекетінің тиімді түрлері мен әдістерін белгілеуге негізделген.
Аталмыш қызметті жүзеге асыру барысында басқару субъектісі қабылдаған шешімдерді, соның ішінде бекітілген жоспарларды табысты түрде жүзеге асыруға бағытталған жағдайлар туындайды.

Кеден органдарындағы басқарудың «ұйымдастыру» қызметі шешімдер мен әзірленген жоспарларды орындау бойынша міндеттерді қою; өзара әрекет етуді ұйымдастыру; орындаушыларды дайындау, оқытуды қоса; сондай-ақ жоспарлардың жан-жақты орындалуын қамтамасыз етуде өзге де шараларды өткізу сияқты басқарушылық жұмыстарды (операциядарды) орындау арқылы жүзеге асырады.

Реттеуді өзі арқылы қол астындағылардың қызметтерінің тиімділігін арттыратын немесе жоспарлаубарысында берілген шамалардан ауытқуларды жою арқылы басқарудың негізгі қызметі деп түсінген дұрыс. Реттеу кері байланыс нәтижелеріне негізделумен жүзеге асырылады. Ол өзара әрекет етуді қолдау, күш-жігерлерін үйлестіру, қайта үлестіру, сондай-ақ жекелеген қызметкерлер мен ұжымдарды мотивациялау мен ынталандыру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Басқарудың «реттеу» қызметін жүзеге асыру ісіне бақылау нәтижелерін талдау; реттеуге қатысты шешімдерді қабылдау; шешімдерді міндеттер түрінде атқарушыларға жеткізу; реттеуді ұйымдастыру; реттеуді жүргізу; реттеудің тиімділігін тексеру сияқты басқармалық жұмыстарды (әрекеттерді) орындау жатады.

Есепке алу қызметінің мәні басқарылатын жүйенің ағымдағы жағдайы, оның қозғалысының бағыттары мен қарқыны, қол жеткізген нәтижелер мен ауыспалы проблемалар туралы ақпаратты жинақтауға, жүйеге келтіруге және бастапқы өңдеуден өткізуге негізделген.

Жоспарлардың дұрыс орындалуын, олардың орындалу жағдайлары мен нәтижелерінің қандай екендігін анықтау үшін бақылау бар.

Бақылау дегеніміз - бұл өзі арқылы кеден органдары ортақ жүйесінің әрекет ету процесіне қатысты бақылау жүргізілетін, қол астындағылардың қызмет барысы, жағдайлары, жай-күйі мен нәтижелері туралы деректерді жинақтау жүзеге асырылатын басқарудың негізгі қызметі.

Қабылданған шешімдердің жүзеге асырылуын бақылау ісі кедендік іс-әрекеттің алға қойылған міндеттерге сәйкес келуін анықтауға, жағдайдың өзгеруіне қарай бұрын қабылданған шешімдер мен бекітілген жоспарларға дер кезінде қажетті түзетпелер енгізуге бағытталған.

Бақылаудың басты міндеті жоспарлау кезінде берілген шамалардан ауытқу жағдайларын, соларды тудыратын себептерді анықтау, сондай-ақ өздерінің одан арғы уақыттағы дамуы кеден органының бүкіл іс-әрекетінің тиімділігінің елеулі түрде артуына әкелуі мүмкін болатын жағымды сәттерді анықтау болып табылады.

Бақылаудың нақты міндеттері мен әдістері жедел-қызметтік жағдайға байланысты болады.

Бақылау екі бағытта жүргізіледі: бір жағынан, кеден органының басшысы өз орынбасарлары мен өзіне тікелей бағынатын бөлім, кедендік қызмет орны мен өзге құрылым бөлімше басшыларының жұмысын бақылайды, ал екінші жағынан — солармен бірлескен түрде ортақ жоспар бойынша құрылым бөлімшелердің іс-әрекетін тексереді.

«Бақылау» қызметін жүзеге асыру үшін бақылау объектілерін, мерзімдерін, әдістерін белгілеу; бақылауды орындаушыларды белгілеу және оларды даярлау; бақылау объектісін даярлау; бақылауды жүргізу; бақылау деректерін өңдеуден өткізу және оларды жүзеге асыру деген тәрізді басқармалық жұмыстарды орындау қажет етіледі.

Бақылау басқармалық шешімдердің нәтижелерін қарастыру кезінде ғана емес, сондай-ақ тұтастай басқаруды талдаудан өткізу мен оған беру үшін қажет.

Басқарудың барлық осы қызметтері өзара тығыз байланыста болады және біртұтас жүйе болып табылады.

Осылайша, кеден органдарындағы басқару дегеніміз - бұл бүкіл жедел-қызметтік іс-әрекетің кеңістік пен уақытта оның барлық кезеңдері мен сатыларында саналы түрде ұйымдастыру жөніндегі кешенді, нақты, тәжірибелік іс-әрекет.

5. Басқарудың ерекше (нақты) қызметтері.

Кеден органдарында басқарудың ерекше қызметтеріне төмендегі қызметтер жатады:

- кедендік іс-әрекетті басқару қызметі (кедендік ресімдеуді және кедендік бақылауды, құқық қорғау әрекетін, экономикалық әрекетті, құқықтық реттеу мен ғылыми-техникалық даму жөніндегі әрекетті басқару);
- қаржылық - экономикалық іс-әрекетті басқару қызметі (қаржылық әрекетті басқару және бухгалтерлік іс-әрекетті басқару);
- әлеуметтік іс-әрекетті басқару қызметі (маман, еңбектік және психологиялық-педагогикалық іс-әрекетті, сондай-ақ әлеуметтік қамтуды басқару);
- әкімшілік-шаруашылық іс-әрекетті басқару қызметі (әкімшілік іс-әрекетті басқару;
- кедендік инфрақұрылымның дамуы мен күрделі құрылысты басқару;

- жан-жақты материал-техникалық қамтуды басқару).

Осылайша, кеден органдарындағы басқарудың ерекше қызметтері жедел-қызметтік іс-әрекеттің мәнімен және оның көп тараптылығына негізделген.

6. Басқару әдістері.

Басқару әдісі деп қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін басқару объектісіне әсер ету жолдарының, тәсілдері мен түрлерінің жиынтығы айтады.

Басқару әдістерін зерттеу кезінде ерекше ескере кететін жағдай: олардың әсер етуінің бағытталуы әлеуметтік-экономикалық қызметтің, соның ішінде кедендік қызметтің алдына қойылған нақты мақсатымен белгіленеді.

Мұндай мақсаттар нақты ұйымдастыру, экономикалық, әлеуметтік және шығармашылық міндеттерді шешуді қажет етеді, бұл өз кезегінде басқарудың тиісті әдістерін қолдануды қажет етеді.

Басқару әдістері басқармалық іс-әрекеттің ауқымы мен әсер етудің түрі бойынша жіктелінеді.

Кеден органдарында басқармалық қызметтің ауқымына қарай жалпы және жеке әдістері болады.

Басқарудың жалпы әдістері аса маңызды проблемаларды, кеден ісінің стратегиялық мәселелерін шешуге арналған, бүкіл кеден жүйесінің қызмет етуінің басты мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізудің әдістерін белгілейді.

Басқарудың жеке әдістері көбінесе жедел және ағымдағы басқару жүйелерінде (аймақтық кеден басқармаларында, кедендерде, кеден қызмет орындарында) қолданылады.

Әсер етудің түрлеріне байланысты кеден жүйесінде тікелей және жанама түрде әсер ету әдістері қолданылады.

Тікелей әсер ету әдістері мемлекеттің еркі мен беделіне негізделеді. Оларға ұйымдастыру-өкімдік және құқықтық әдістер жатады.

Жанама әсер ету әдістеріне әлеуметтік, психологиялық, экономикалық және экономикалық-математикалық әдістер жатады.

Кеден органдарында басқарудың ұйымдастыру мен реттеу сияқты қызметтерін жүзеге асыру барысында ұйымдастыру-өкімдік (әкімшіліктік) әдістердің көмегімен өздеріне қызметкерлер мен ұжымдар қызметінің парыз, өкілеттіктер, жауапкершілік, тәртіп талаптары және т.б. сияқты аспектілеріне жататын қарым-қатынастары қалыптасады.

Әскери және құқық қорғау органдары ретінде кеден органдарындағы ұйымдастыру-өкімдік әдістердің ерекшеліктері мыналардан құралады: олар тұтастай жүйеге немесе оның элементтеріне жекелеген түрде тікелей директивтік әсерін көрсетеді; кеден органының басшысына біржақты шешім қабылдауға мүмкіндік береді; нормативтік-құқықтық және директивтік құжаттарды орындау міндеттілігіне негізделген.

Кеден органдарында ұйымдастыру-өкімдік әдістерінің үш тобы қолданылады: ұйымдастыру, өкімдік және тәртіптік. Жетекші орынға алғашқы топты құрайтын ұйымдастырушылық әсер ету әдістері ие болады. Олар жүйедегі оны басқарудың негізі болып табылатын ұйымдастырушылық байланыстарының ұзақ уақыттық бекітілуі болып табылады, және оларға реттеу, нормалау және нұсқауламалау жатады.

Реттеу ұйымдастырушылық әсер етудің қатаң түрі болып табылады. Реттеу кеден органдарында жүйенің құрылуы мен соларда орын алып жатқан процестердің негізін орнатады. Ол ұйымдастыру ережелерін әзірлеу мен олардың қолданысқа енгізілуіне негізделген, оларға мыналдар жатады:

- жалпы ұйымдастыру сипатындағы ережелер, олар тұтастай кедендік жүйенің ұйымдастырушылық жекешелігі мен әрекет ету тәртібін белгілейді;
- жұмыстың ішкі тәртібін, түрлі бөлімшелердің ұйым мәртебесін, олардың міндеттерін, өкілеттіктерін белгілеп, бекітетін ережелер;
- бөлімщелердің типтік ережелері;

- штаттық кестелер мен лауазым нұсқаунамалармен орындалатын лауазым реттеу.

Регламенттеу ұйымдастыру әсерінің қатаң түріннен тұрады. Регламенттеу кеден органларында оларда өтіп жатқан жүйлер мен процестерді ұйымдастыру негізін бекітеді. Ол ұйымдастыру жағдайлары іс-әрекетін дайындау мен енгізуден тұрады, оларға мыналар жатады:

- кеден жүйесінің тұтастай ұйымдасқан оқшаулығын және қызмет тәртібін орнататын жалпы ұйымдастырушылық сипаттағы жағдай;
- жұмыстың ішкі тәртібін анықтайтын және орнататын жағдай;
- әр түрлі бөлімшелердің ұйымдастырушылық мәртебесі, олардың мәндеттері, қызметтері мен өкілеттіліктері;
- бөлімшелердің типтік құралымдары;
- штаттық кестемен және лауазымды нұсқаунамамен жүзеге асатын қызметтік регламенттеу;

Қалыптандыру дегеніміз — бұл ұйымдастыру әсерінің алдыңғысына қарағанда қатаңдығы төмен болып келетін түрі, ол іс-әрекеттегі бағдар болып табылатын, оның жоғарғы және төменгі шектері бойынша шекараларын белгілейтін нормалар мен нормативтерді бекітуге негізделген, ұйымдастырушылық нормалау кеден жүйесіндегі қызметтер мен міндеттерді орындаудың жолдары мен тәртібін, қажетті нормаларды, әрекеттер мен өзара әрекет етулердің ережелерін белгілейді. Кеден органдарын басқару тәжірибесінде уақыттың кейбір нормалары мен өзге түрдегі нормативтері қолданылады және оларды жетілдірудің тұрақты процесі жүрып отырады.

Нұсқау беру — әрдайым жұмысты табысты орындауға арналған әдістемелік және ақпараттық көмек түріне ие болады.

Басқарудың ұйымдастыру-өкімдік әдістерінің екінші түріне өкімдік әсер ету әдістері жатады, олар басқару органдарының тиімді жұмысын күнделікті жедел қамтамасыз ету түрінде байқалады. Бұл ұйымдастырушылық әсер ету жолымен қалыптасқан ұйым құрылымға негізделген ағымдағы ұйымдастыру жұмысының әдістері. Кеден жүйесінде өкімдік әсер ету әдістерінің негізін өкілеттіктер мен міндеттер құрайды. Аталмыш әдістер ҚР алқасы мен КК-ның шешімдерді қабылдауы арқылы, құжат түрінде бұйрықтарды, нұсқауларды, өкімдерді, ережелерді, қарарларды шығару арқылы, сондай-ақ ауызша түрде басқармалық шешімдерді қабылдау мен жеткізу арқылы жүзеге асырылады.

Кеден жүйесінде бұйырықтарды тек желілік басшылар, өкімдерді – өздеріне берілген құқықтар мен өкілеттіктердің шеңберінде олардың орынбасарлары мен функционал қызмет орындарының басшылары шығарады.

ҚР КК-да бұйрықтарға қол қою құқығын өздеріне ҚР КК төрағасы ұсынған өкілеттіктер шеңберінде Комитет төрағасының орынбасарлары да пайдаланады.

Басқарудың ұйымдастыру-өкімдік әдістерінің үшінші тобы болып тәртіптік әсер ету әдістері табылады.

Кеден органдарындағы осы әдістердің мәні жауапкершілікті белгілеуден тұрады. Олар басқару жүйесінде тәртіптік талаптар мен жауапкершілік жүйесі арқылы ұйымдастыру байланыстарын сақтауға арналған. Жеке, ұжым, материал, моральдік және қызметтік жауапкершілікті бөледі.

Ұйымдастырушылық-өкімдік әдістердің аталған үш түрінің барлығы кеден жүйесінде жеке түрде, сондай-ақ бір-бірін толықтырумен, байытумен бірлескен түрде қолданылады.

Құқықтық әдістер әлеуметтік-экономикалық жүйенің элементтеріне және басқару барысындағы олардың өзара қатынастарына әсер етудің заңды құралдары мен әдістерінің жиынтығы болып табылады.

Құқықтық әдістерге мыналар жатады: құқықтық нормаларды әзірлеу, қолдану және пайдалану, құқықтық қатынастарды қалыптастыру, құқықтық актілердің талаптарын орындау.

Құқықтық нормалар барлық кеден органдарының кедендік жүйедегі алатын орнын және оларды басқару әдістерін, олардың басқа ұйымдармен жасайтын қарым-қатынастарының сипаты мен мазмұнын белгілейді.

Мұндай негізгі құқықтық нормаларғы мына құжаттар жатады: ҚР Кедендік кодексі, ҚР Кедендік кодексі туралы ереже, ҚР-ның өзге кедендік органдары туралы ережелер және өзге де бірқатар ережелер.

Кеден органдарының басқармалық аппаратының іс-әрекетін еңбек, азаматтық, шаруашылық және кейбір өзге түрдегі заңдардың құқықтық актілерімен реттеледі.

Басқарудың әлеуметтік және психологиялық әдістері кедендік жүйедегі басқару әдістерінің арасында маңызды орынға ие болады, сол себептен ұжымның әлеуметтік сипаттамаларының, оның іс-әрекетінің экономикалық және ұйымдастырушылық көрсеткіштерінің арасында тығыз байланыс болады. Мысалы, кедендік органдардың қызметтік іс-әрекетінің тиімділігі көбінесе кедендегі әлеуметтік және психологиялық еңбек жағдайларымен туындалатын мамандардың жылыстауына, сондай-ақ қызметкерлердің тәртіпшілдігі, адал еңбек етуі, ұжымдағы психологиялық ахуал және т.б. сол тәрізді факторларға байланысты болып табылады,

Басқарудың әлеуметтік және психологиялық әдістері ұжымның құрылуы мен дамуына, соның ішінде орын алып жататын әлеуметтік процестерге әсер етудің нақты тәсілдері мен әдістері болып табылады.

Әлеуметтік және психологиялық әдістердің мақсаты қызметкерлердің артып келе жатқан қажеттіліктерін, олардың жан-жақты үйлесімді дамуын қамту және соның негізінде жеке тұлғаның қызметтік белсенділігі мен ұжымдардың тиімді әрекетін арттыру ісі болып табылады. Басқарудың бұл әдістері ұжымда әрекет ететін, құрамына бейресми топтар, тұлғаның ролі мен мәртебесі, ұжымдағы өзара қарым-қатынастар жүйесі, әлеуметтік қажеттідіктер мен басқа да әлеуметтік аспектілер кіретін әлеуметтік механизмін пайдалануға негізделген.

Басқарудың әлеуметтік әдістеріне әлеуметтік нормалау, әлеуметтік реттеу, әлеуметтік сабақтастық, әлеуметтік жаңашыл пен моральдік ынталандыру әдістері жатады.

Әлеуметтік әсер ету әдістері қызметкерлердің мәдени-тәрбиелік және біліктілік деңгейін арттыру, мамандардың жылыстауымен күрес жүргізу, еңбек ету мен тұрмыс жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар кіретін кеден органдары ұжымдарының даму жоспарларын көрсетеді.

Басқарудың психологиялық әдістері кеден органдары қызметкерлерінің арасындағы қарым-қатынастарды ұжымдарда қолайлы психологиялық ахуалды орнату жолымен реттеуге арналған.

Оларға келесі әдістер жатады: шағын топтар мен ұжымдарды толықтыру; еңбекті жеңілдету; психологиялық ізденулер (мотивациялар), кәсіби іріктеу мен оқыту әдістері.

Басқарудың психологиялық әдістерін қолдану ісі әлеуметтік, ұйымдастырушылық әдістермен және экономика әдістерімен бірлескен түрде жүргізілуі тиіс, себебі тек осындай өзара әрекет етуде ғана ұжымның әлеуметтік дамуының күрделі мәселелерін оңтайлы шешуге қол жеткізуге болады.

Экономикалық тұрғыдан басқаруға жататын әдістер дегеніміз — бұл экономикалық мүдделерді пайдалануға негізделген басқару объектісіне мақсатқа лайықты түрде әсер ету әдістерінің жүйесі.

Кеден органдарында экономикалық басқару әдістеріне келесілер жатады: орталықтандырылған жоспарлық және экономикалық ынталандыру әдісі.

Экономикалық басқару әдістерінің маңызды ерекшелігіне олардың, жүйелік мемлекеттік, ұжым және жеке мүдделердің біртұтастығын қамтамасыз етуге бағытталғаны жатады. Кеден органдарында олар екі аспекті арқылы жүзеге асырылады: алғашқысы — ҚР бюджетінің табыстық бөлігін қалыптастыру жөніндегі директивтік жоспарлық

тапсырмаларды белгілеу, ал екіншісі — кеден жүйесінің дамыту қорын құру мен пайдалану негізінде басқару.

Экономикалық ынталандыру әдісі екінші аспектіге негізделген және оған материал ынталандыру, ұжым материал қызығушылық және экономикалық жауапкершілік жатады.

Шешіліп жатқан басқару мәселелерінің ерекшеліктеріне қарай кеден органдарында сол не өзге түрдегі экономикалық-математикалық әдістер қолданылуы мүмкін, олар тұжырымдалмаған, шамалы тұжырымдалған және тұжырымдалған болып бөлінеді.

Мысалы, 2005-2008жж. және 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған ҚР кедендік қызметін Дүниежүзілік кедендік ұйым әдістемесі бойынша дамытудың мақсаттық бағдарламасына сәйкес жүргізіліп жатқан кедендік қызметті жаңғырту барысында барлық кеден органдарын диагностикалау ісін жүргізу жоспарланып отыр. Жаңғыртудың бұл кезеңі басқарудың тұжырымдалмаған әдістеріне жататын идеяларды ұжым генерирлеу әдісін қолданумен жүргізілетін болады.

Қорытындылай келе айта кететін нәрсе, кеден органдарын басқарудағы басқару әдістерін қолдану әдістемесін жетілдіру ісі кедендік іс-әрекетті басқару жүйесінің тиімділігін арттырудың бүкіл проблемасының органикалық және басым бөлігін құрайды. Басқару әдістерінің барлығын зерттеп, жетілдіріп және диалектикалық тұтастықта қолданған дұрыс.

Осылайша, бұл тарауда басқару теориясының негізгі категорияларының кеден қызметіне қатысты түсініктері қарастырылған.

Жоғарыда қарастырылған категорияларды білудің үлкен мәні зор: біріншіден, олар басқару механизмінің мәні мен механизмін түсінуге мүмкіндік береді; екіншіден, олар кеден органдары басшыларының өздеріне бағынышты ұжымдардың жедел-қызметтік іс-әрекетін басқару жөніндегі жұмысын саналы түрде ұйымдастыруға ықпалын тигізеді; үшіншіден, қарастырылған категорияларын білу басқару заңдары мен қағидаттарын танып-білуге және тиімді пайдалануға негіз болады; төртіншіден, негізгі категориялардың мағыналарын ғылыми тұрғыдан дұрыс түсінген кедендік іс-әрекетті басқарудың әрекеттегі құрылымдарын жетілдіруге және олардың сапалық тұрғыдан жаңа түрлерін құруға ықпал ететін болады, соңғысы кеден қызметін жаңғырту кезеңінде айрықша маңызды болып табылады.

3- ші тарау. Кеден органдары жүйесіндегі басқарудың құрылымы

1. Басқарудың буындары, басқаруды деңгейлері және қарым-қатынастар.

2. Басқару құрылымдарына қатысты талаптар.

1. Басқарудың буындары, басқарудың деңгейлері және қарым-қатынастар.

ҚР кеден органдарының дамуы басқармалық проблемалардың шешілуімен тығыз байланысты болып келеді, себебі басқару әрдайым сол не өзге ұйымның жекелеген буындарының арасындағы нақты өзара байланыстарын орнатудан, олардың арасында құқықтары мен жауапкершілігін бөлуден басталады. Осы мәселелердің ұйым рәсімдеу кеден органдарын басқарудың оңтайлы құрылымының әзірленуін қажет етеді.

Басқарудың ұйым құрылымы деп көбінесе басқарудың сатылық жүйесінің элементтері мен сол элементтердің біртұтас нәрсе ретінде дамуын қамтамасыз ететін солардың өзара әрекет етулерінің ретке келтірілген жиынтығымен түсіндіріледі.

Басқарудың ұйым құрылымдарына талдау жүргізген кезде оларда, әдетте, мына элементтер бөлінеді: басқару буындары, басқару мен өзара әрекет ету деңгейлері.

Кеден органдары жүйесінде басқару буындарына мыналар жатады: Қазақстанның МКК, ҚР КК-ның басқармалары мен дербес бөлімшелері, КБ, кендендер, кеден бөлімдері, кедендік қызмет орындары мен тиісті кәсіби немесе басқармалық

қызметтерді орындайтын жекелеген мамандар. Басқарудың бұл буындары басқару сатысының тиісті деңгейлерінде орналасады.

Басқарудың деңгейі ретінде ұйымды басқару жүйесінде белгілі сатыны алып отырған басқару буындарының жиынтығымен түсіндіріледі.

Кедендік органдардың біртұтас жүйесіндегі басқару құрылымы төрт деңгейден құралады: Қазақстанның КК, облыстық кедендік басқармалар, кедендер, кедендік қызмет орындары.

Бұл ретте басқармалық өзара қарым-қатынастардың келесі арналары қарастырылуы мүмкін: ҚР КК – облыстық кедендік басқармалар — кеден; кеден бастығы — кеденнің бөлімдері; кеден бөлімі — кеден бөлімі; кеден — кедендік қызмет орны; кедендік қызмет орны — кедендік қызмет орны; кеден — кеден; ҚР КК — кеден.

Мұндай өзара қатынастардың ортасында - өзінің бастықтарымен, бөлімдерімен және кедендік қызмет орындарымен кеден тұрады. Бұл кездейсоқ жағдай емес себебі мұнда кедендік іс-әрекеттің негізгі мәселелері шешіледі.

Басқару құрылымының шеңберінде басқару процесі жүреді, оның қатысушыларының арасында басқарудың міндеттері мен қызметтері, соған сәйкес солардың орындауға қатысты құқықтары мен жауапкершіліктері бөлінген. Осы тұрғыдан алғанда басқарудың ұйым құрылымын алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге арналған басқару процесі орын алатын басқарушы іс-әрекеттің бөлу мен кооперациялау түрі ретінде қарастыруға болады.

Кеден органдарында басқарудың буындары мен деңгейлерінің арасында келесі түрдегі өзара қарым-қатынастар қалыптасады:

— тік басқармалық қатынастар: КК — облыстық кедендік басқармалар; облыстық кедендік басқармалар — кеден; бастық — кеден бөлімшелері; кеден — кедендің қызмет орны; КК — кеден.

Көлденең басқармалық қатынастар:

— облыстық кедендік басқармалар - облыстық кедендік басқармалар; кеден бөлімшесі — кеден бөлімшесі; кедендік қызмет орны– кедендік қызмет орны; кеден — кеден.

— қиғаш басқармалық қатынастар (қызмет орны - жөнелтудің немесе тағайындаудың өзара әрекеттесетін кедені; кеден - өзге аймақтың өзара әрекеттесуші облыстық кедендік басқармалары; КК бөлімі – ҚР КК өзара әрекеттесуші басқармасы).

Бұл өзара қатынастарды толығырақ қарастырып кетейік.

Тік қатынастар ең алдымен басшы мен оның қол астындағылардың бір-бірімен өзара әрекет етуін қажет етеді, бұл жағдайда көбінесе желілік дәреже сатысы айқындала бастайды: басқару деңгейі бойынша төмен тұрған буындардың барлығы оған қарағанда басқарудың жоғары деңгейінде тұрған басшыға бағынады. Бұл былайша айтқанда желілік қатынастар.

Кеден органдары жүйесінде тік қатынастар ұйым құрылымның желілік буындарының арасында ғана емес, сондай-ақ желілік дәреже қатынастары арқылы байланысқан функционал буындардың арасында да болады.

Мұндай өзара қарым-қатынастар мысалы, белгілі түрдегі басқару қызметін орындау өздерінің кәсіби әрекеті (қаржылық, құқық қорғау, маман және т.б.) болып табылатын соны орындауға арналған басқармалық буындар өзінен жоғары тұрған басқармалық буынға функционал тұрғыдан (кәсіби қызмет түрі бойынша) бағыну жағдайында болған кезде айқындалады.

Мысалы, кеденнің мамандар бөлімінің бастығы кеден бастығының жеке құрамымен жұмыс жүргізу жөніндегі орынбасарына, кеден бастығына және өзге де жоғары тұрған желілік басшыларға желілік бағынуда болады (тік желілік қарым-қатынастар).

Аталмыш желілік басшылардың кеденнің мамандар бөлімінің бастығына тигізетін басқарушылық әсері желілік дәреже сатысының белгісі болып табылады, олардың шешімдері ол үшін міндетті сипатқа ие болады.

Қызметтік бағынуда (қызметтік тік қатынастар) кеденнің мамандар бөлімінің бастығы облыстық кеден басқармасының бастығында, сондай-ақ ҚР КК Мамандар мен оқу мекемелерінің басқармасы бастығында болады. Бұл жерде басқарушылық әсер ету көбінесе ұсыныстық сипатқа ие болады. Сонымен бірге кеденнің мамандар бөлімінің сол бастығы өз бөліміндегі қызметкерлерге қатысты желілік басшы болып табылады.
Осылайша, жоғарыда келтірілген мысал тік қарым-қатынастардың сатылығының күрделілігін көрсетеді. Сонымен қатар оларға желілік немесе қызметтік басшының басшылық етуімен кеңесшілер мен көмекшілер институты түрінде жұмыс істейтін басқару аппаратының қарым-қатынастары кіреді. Кеңесшілердің (көмекшілердің) лауазым міндеттері бұл жағдайда ұсыныстар мен кеңестерді әзірлеуден тұрады.

Алайда сонымен қатар оларға белгілі түрдегі құқықтар мен өкілеттіктер беріледі. Мысалы, желілік басшының кеңесшісіне желілік басшының ниеті мен тілектерін білдірумен соның атынан және соның тапсыруы бойынша сол бөлімшедегі бөлім басшыларымен қатынас жасауға рұқсат етілуі мүмкін. Бұл жағдайда көмекші желілік басшы ие болатын өкілеттіктерді жүзеге асырады. Сол өкілеттіктерге жеке тұрғыдан ие болмағантан көмекші шешімдер қабылдамайды, алайда оның міндеті өзінің тікелей басшысына сол не өзге түрдегі жедел-қызметтік мәселелер бойынша ұсыныстарды беруден құралады. Сол себептен оның пікіріне бөлім басшылары басқару бөлімі басшысының мүмкін болар пікірі ретінде қарауы мүмкін.

Бұл көмекшілерді үйрету мен олардан келешек басшыларды даярлаудың жақсы әдісі, жоғары буындағы басшылардың жұмыс уақытын үнемдеудің әдісі, кертартпалық, таза әкімшіліктік жұмыстан босату.

Көлденең қатынастар екі категориялы болуы мүмкін. Біріншіден, қызметкерлік — бір бастыққа бағынатын бір бөлім қызметкерлерінің арасындағы қатынастар.

Екіншіден, қатар қатынастар — бұл өздерінде ақпаратпен, идеялармен және ой-пікірмен алмасу қажеттілігі туындап жататын, ұйымда бірдей жағдайға ие болып отырған кеден органдарының түрлі бөлім қызметкерлерінің арасындағы қатынастар (мысалы, кеден бөлімі – кеден бөлімі, кеден орны – кеден орны, кеден – кеден деген тәрізді көлденең қатар өзара қарым-қатынастардың арналары).
Қиғаш қатынастар дегеніміз — бұл басқару жүйесінің түрлі деңгейлерінде орналасқан, жоғары тұрған деңгейлердің шешімдерін орындау үшін бір-бірімен әрекеттеспейтін басқару буындарының арасында туындайтын қатынастар. Мұндай қатынастардың мысалы болып тауарларды жеткізу кезіндегі өзара ақпаратпен алмасу, құқық қорғау қызметтерін жүзеге асыру мәселелері жөніндегі өздерінің орындалуы міндетті болатын өтінімдерді және т.б. табылады.

Егер ұйымда (қызметте, органдар жүйесінде және т.б.) тек желілік өзара қарым-қатынастар ғана байқалатын болса, онда басқарудың ұйым құрылымы желілік деп аталады. Егер желілік өзара қарым-қатынастарға қызметтік қарым-қатынастар қосылса, онда мұндай ұйымда басқарудың ұйым құрылымы желілік-қызметтік немесе жай ғана қызметтік деп аталады. Соңғы жағдайда желілік қарым-қатынастар мен басқарудың желілік құрылымдары бұл ретте әрдайым табиғи түрде орын алады деп меңзеледі.

Соған ұқсас түрде басқарудың желілік құрылымының шеңберінде басшыға арнап тиісті ұсыныстарды әзірлейтін көмекшілер мен кеңесшілер институтын құрған кезде басқарудың ұйым құрылымы желілік-штабтық деген атауға ие болады.

Басқарудың желілік және қызметтік ұйым құрылымдары тік басқармалық өзара қарым-қатынастар үшін аса тән болып келеді.

Басқармалық іс-әрекетте көлденең қарым-қатынастарды дамытуға негізделген көбінесе былайша атағанда басқарудың бағдарламалық-мақсаттық (матрицалық) ұйым құрылымдарына әкеп жатады. Аталмыш құрылымдарда берілген соңғы мақсатты жүзеге асыру жөніндегі жұмыстардың бүкіл жиынтығы бағыну тұрғысынан емес, бағдарлама бойынша ескерілген мақсатқа қол жеткізу тұрғысынан қарастырылады.

Стихиялық бағдарламалық-мақсаттық құрылымның мысалы ретінде кеден органында контрабанданы анықтау немесе кедендік шекараның өзге түрдегі бұзушылықтарының алдын алуға арнап құрылатын жедел топты атауға болады.

Басқарудың қарастырылыған құрылымдарының үйлесуі былайша атағанда ҚР кеден органдарының ортақ жүйесіне тән болып келетін басқарудың аралас түрдегі ұйым құрылымын туындатады. Осы құрылымдардың сипаттамаларын біршама толығырақ қарастырып кетейік.

Желілік құру артықшылықтарының арасында көптеген авторлар көбінесе мыналарды атайды: тік байланыстардың айқын көрінетін жүйесін; жауапкершілік, белгіленген міндеттемелер; міндеттер мен өкілеттіктерінің нақты үлестірілуі; шешім қабылдаудың жедел процесі; нұсқауларды түсіну мен пайдаланудың қарапайымдылығы; қажетті тәртіпті ұстап отыру мүмкіндігі. Басқармалық құрылымның бұл түрі тұрақты және мықты ұйымның құрылуына әкеледі.

Басқарудың ұйым құрылымын желілік құрудың кемшіліктеріне мыналар жатады: икемсіздік, қатаң; ұйымның одан әрі өсуіне бейімделмеуі; өздерін шешу ісіне бірнеше бөлімшелер (көлденеңінен) кірісетін мәселелерді қарастыру кезіндегі беталыстық пен сарсаңға салу; жұмыс нәтижелерінің басшының жеке және іскерлік қасиеттеріне байланысты болуы.

Басқарудың желілік-штабтық ұйым құрылымының артықшылықтары мынада: оны қолдану кезінде шешімдер мен жоспарлар бұрынғысынан да терең түрде әзірленеді; желілік бастықтар проблемаларды одан да терең түрде талдаудан босайды; кеңес берушілер мен сарапшыларды қатыстыру мүмкіндігі.

Басқарудың желілік-штабтық құрылымының кемшіліктері: штабтың жеткілікті мөлшерде анық белгіленбеген жауапкершілігі; шектен тыс орталықтандыру беталыстарының байқалуы.

Желілік-штабтық құрылымдарды құру басқарудағы қызметтік мамандануға деген алғашқы қадам болып табылады.

Басқарудың қызметтік ұйым құрылымы басқарудың барлық деңгейлерінде белгілі түрдегі қызметтерді орындауға арнап бөлімшелерді құруды қажет етеді.

Басқару аппаратын қызметтік мамандандыру, кейінгі уақытта кеден органдарында дәл соған көбірек көңіл бөлініп келеді, оның іс-әрекетінің тиімділігін арттырады. Барлық басқару қызметінің ерекшеліктерін түсінуге тиіс болатын әмбебап басшылардың орнына өз саласында жоғары біліктілікке ие болатын және іс-әрекеттің белгілі бір бағытына жауап беретін мамандардың штаты пайда болады.

Осылайша функционал қызметтер пайда болады, оларға кеден органдарында төмендегілерді жатқызуға болады:

- мамандар қызметі (ҚР КК Мамандар мен өзге түрдегі оқу мекемелерінің басқармасы, кеден органдарының мамандар бөлімдері мен мамандарды даярлау бөлімдері);
- қаржылық қызметтер;
- кедендік құқық бұзушылықтармен күрес жүргізу қызметтері;
- материал-техникалық қамту және т.б. қызметтері.

Бұл жағдайларда қызмет басшыларының іс-әрекетін басқару қызметі, яғни басқармалық іс-әрекетті қызмет аралық үйлестіруді ұйымдастыру үлкен мәнге ие бола бастайды.

Басқарудың функционал ұйым құрылымының артықшылықтарына оның желілік басшыларды кейбір арнайы мәселелерді шешуден босататындығын; жұмыста тәжірибелі мамандардың кеңестерін қолданудың негізін қалайтынын; кең ауқымдағы мамандардың қажеттігін азайтатындығын жатқызуға болады.

Мұндай басқару құрылымының жалпы кемшіліктеріне мыналар жатады: өзара байланыстардың күрделіленуі; үйлестірудің нашарлауы; шектен тыс орталықтандыру мен қызметкерлерді қосарланған түрде бағындыруға деген беталыстың байқалуы.

Басқарудың бағдарламалық-мақсаттық ұйым құрылымы алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін жауапты басшыға орындаушылардың негізгі жұмысты қай бөлімшеде орындайтынына байланыссыз олардың барлығын өзіне бағындыруға мүмкіндік береді.

Кеден органдарында бағдарламалық-мақсаттық құрылымды құрған мақсатқа лайықты деп қысқа мерзім ішінде қызметтік іс-әрекеттің жаңа технологияларын құру, сыртқы және ішкі жағдайлардың өзгерістеріне жылдам әрекеттенуді түрлі жетілдіруді енгізу қажет болатын жағдайлар саналады.

Басқарудың бағдарламалық-мақсаттық құрылымының артықшылықтары төмендегілерге негізделеді:

- нақты қызметтік іс-әрекеттің мақсаттарына жақсырақ бағытталу;
- бұрынғысынан да тиімді ағымдағы басқару;
- арнайы білімдері мен жекелеген орындаушылардың біліктілігін одан да икемді түрде қолдану;
- қызметкерлерде басқармалық іс-әрекетте кәсіби шешімдерді қабылдау дағдыларын дамыту (жедел топтардың салыстырмалы түрдегі дербестігінің себептерінен);
- қызметтік іс-әрекеттің жекелеген түрлерінің орындалуына қатысты бақылау міндеттерін жақсарту;
- жоспарлау мен басқарудың тиімді әдістерін қолдану мүмкіндігі.

Басқарудың бағдарламалық-мақсаттық жүйесінің кемшіліктеріне мыналар жатады:

- басқару міндеттерінің арасындағы бөлімшелердің мақсаттары мен қызметтік арналуы бойынша күштердің «қатынасын» үнемі бақылап отырудың қажеттігі;
- бөлімшенің тапсырмасы жөніндегі жұмыс пен мақсаттық міндетті шешу жөніндегі қызметтерді орындау үшін нақты жауапкершілікті белгілеудегі қиынтар (қосарланған түрдегі бағынумен байланысты болып келетін жағымсыз құбылыстардың болуы);
- мақсаттық жұмыстық топтардың жұмысына қатысатын қызметкерлердің солардан ұзақ уақыт бойы оқшаулануының салдарынан желілік және функционал бөлімшелерде қабылданған белгіленген жұмыс ережелерінің мүмкін болар бұзушылықтары;
- қызметкерлердің жаға жағдайларға бейімделуі мен оларды жедел топтардың құрамында тиімді жұмыс істеуіне қажетті дағдыларға үйрету қажеттілігі;
- желілік және функционал бөлімше басшылары мен жедел топтардың басшыларының арасында жанжалдардың туындау мүмкіндігі.

Басқарудың аралас түрдегі ұйым құрылымдарында жоғарыда аталған барлық құрылымдардың жағымды қасиеттері мен кемшіліктері кездесіп жатады.

2. Басқару құрылымдарына қатысты талаптар.

Кеден органдары жүйесінде қалыптасқан басқарудың ұйым құрылымдарына жүргізілген талдау соларға қатысты келесі талаптарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қарапайымдылық пен үнемділік. Әрине, шектен тыс күрделі болып келетін ұйым құрылым басқару органдарының жұмысын ауырлатады, жұмсалатын шығындардың көбеюіне әкеліп соқтырады. Сол себептен кеден органдарындағы жаңа құрылым бөлімшелердің қайсыбір қызметтік әрекетті жүзеге асыруының тиімділігі, сол әрекетті өзге бөлімшелерде жұмыс істейтін қызметкерлердің жүзеге асыруының тиімділігіне қарағанда неғұрлым жоғары болатын жағдайларда құрылады. Мысалы, кедендерде есірткінің контрабандасымен күрес жүргізу жөніндегі бөлімдерін құру аталмыш қызметті түрлі қызметтер мен бөлімшелердің қызметкерлері жүргізген кезеңге қарағанда, кедендердің осы тұрғыдағы іс-әрекетінің тиімділігін арттыруға арналған.

Қызметкерлердің жұмысына қатысты жүргізіліп отырған бақылау мен ынталандыру ісі барынша аз күш-жігер мен экономикалық шығындарды қажет етуі тиіс.

Басқарудың ұйым құрылымы қызметкерлердің өзін-өзі бақылауы мен оларда ішкі мотивацияның болуына ықпал етуі тиіс, яғни қызметкерлердің аздаған саны ғана ұйымдастыру-басқару мәселелеріне уақыт жұмсауы тиіс. Егер де кез келген ұйымда

басқарушылар мен қатардағы қызметкерлердің күш-жігерінің бір бөлігін «ішке қарай» бағыттауға тура келетін болса, онда бұл шығындар барынша аз болуы тиіс. Тек өзіне ғана жұмыс істейтін ұйымның болуы мәңгі қозғалтқыштың болуы мүмкін болмайтын сияқты солайша мүмкін болмайды.

Ұйымның үнемділігінің қалыптасуына не ықпалын тигізеді? Ең алдымен, ұйым құрылым өздігінен емес, іс-әрекеттің дамуы барысында дамып, қалыптасуы қажет. Ұйым құрылымды іс-әрекетті нәтижеге (елестік нәтижеге емес) айналдыратын жетектік белдікке ұқсатуға болады.

Анықтық. Кеден органының әр бөлімшесі, әр қызметкері өзінің қайда екендігін, ақпарат үшін кімге хабарласуы тиіс екендігін, сондай-ақ басқармалық шешімдерді кім қабылдайтынын анық білуі тиіс. Құрылымның анықтығын қарапайымдылықпен шатыстыруға болмайды. Керісінше, күрделі құрылымдар анық болуы мүмкін.
Анықтыққа ие болмайтын құрылым жанжал тудырады, қызметкерлерді уақытты текке шығындауға мәжбүр етіп, оларды ашуландырады, шешімдердің қабылдануын кешіктіреді.

Айқындылық. Ұйым құрылым әрбір қызметкерге өзінің міндетін түсінуге көмектесуі тиіс. Ол үшін ол басқарудың жоғары тұрған деңгейлерінен төмен тұрған деңгейлеріне дейінгі жолдағы ақпараттың барынша аз мөлшерде шығындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

Басқарушылық. Ұйым құрылым шешімнің қабылдану процесін жеңілдетуі тиіс. Ұйым құрылымы нашар болып келетін кеден органында шешімдер «жоғарыдан-төмен қарай», жақсы органда «төменнен-жоғары қарай» қабылданады.

Тұрақтылық. Ұйым құрылым сонымен қатар тұрақты болуы тиіс. Былайша айтқанда, оның жан-жағында қандай дауылдар болсын-болмасын ол «жұмыс істеуі» тиіс. Әрбір қызметкер ол өзінде белгілі бір орынға ие болатын белгілі түрдегі қатынас тобының болуын қажет етеді. Адам өзін вокзалда жүргендей сезінумен жұмыс істей алмайды. Ұйым уақыт бойынша тұрақты болып, өз-өзін жаңарту мен өз-өзін дамыту қабілетіне ие болуы тиіс. Бұған ең алдымен мамандардың, жаңа басшылардың кәсіби және тұлға ретінде дамуының арқасында қол жеткізуге болады.

Икемділік. Икемділік түсінігі тек кейінгі кезде ғана пайда болған және ашық түрдегі әлеуметтік жүйелерге тән болып келеді.
Тіпті ең үлкен және күрделі болып келетін басқарудың ұйым құрылымы «қатып қалған», біржолата белгіленген болып қалмауы тиіс. Құрылымның икемділігі ұйымға (кәсіпорынға) сыртқы жағдайлардың өзгерулеріне жылдам әрекет етіп, соларға бейімделуге мүмкіндік береді. Әрине, бұл кез келген шамалы түрдегі өзгеріс бүкіл құрылымның қайта қаралуына әкеп соқтыруы тиіс дегенді білдірмейді. Мұның мысалы, нан-тоқаш бұйымдарын шығаратын өнеркәсіп фирмасында әрдайым қажеті бола бермейді. Айта кететін нәрсе, бірқатар фирмалар нақты түрде белгіленген өзгеріссіз құрылымға мүлде ие болмауы мүмкін. Мұндай фирмалар УШҰ (уақытша шығармашылық ұжымдар) ұстанымы бойынша жұмыс істейді.

Тұрақтылық пен икемділіктен шыққан қасиет болып басқарудың ұйым құрылымдарының *гомеостатикалығы* деген көрсеткіші табылады, бұл былайша айтқанда, жүйенің ішкі тепе-теңдігін ұстап отыруға арналған автоматты әрекеттерді әзірлеуге деген қабілеті. Құрылымдағы түрлі «бір жолғы» ұйытқулардан неғұрлым аз ауытқулар туындаса, соғұрлым құрылым тұрақты болады. сонымен қатар құрылым өзінің дамуының серпінді жағдайларын ескеріп, «үлкен есеппен» жетілуі тиіс, яғни елеулі, кездейсоқ-емес, үлкен, көп реттік және біртиптік біржолғы ұйытқулар кезінде түрін өзгертіп отыруы тиіс.

Құрылым неғұрлым күрделі, ондағы тармақтар неғұрлым көп болған сайын, басқаруда мына факторлар соғұрлым үлкен рольге ие бола бастайды:
— *өкілеттіктерді беру.* Кеден бастығы, мысалы, бүкіл кеден органының іс-әрекеті үшін жауап береді. Дегенмен де ол қызметінің бір бөлігін кеден бастығының орынбасарларына, кеден бөлімдерінің бастықтары мен кедендік қызмет орны бастықтарына тапсыруға мәжбүр болады, Яғни өз кезегінде жекелеген мәселелерді

шешу ісін қол астындағыларға немесе сол міндеттердің орындалуы үшін жауап беретін кеден ісінің нақты мамандарына қайта тапсырады;
— *үйлестіру*. Алға қойылған міндетті орындауға мамандардың неғұрлым көп саны қатысса, олардың күш-жігері соғұрлым келісілген болуы тиіс. Бұл жерде ақпараттың бір деңгейден екіншісіне тапсырылуы да, көлденеңінен ақпаратпен алмасу да бар;
— *біліктілік.* Кеден органының әрбір қызметкерінің жауапкершілік шеңбері қатаң түрде белгіленген болуы тиіс. Басшының біліктілігі оның өз бөлімшесінің немесе тұтастай кедендік органның жұмысын қалай ұйымдастыра алатындығынан байқалады. Басшы өз қызметкерлерінің біліктілігіне сенімді болуы тиіс;
— *орталықтандыру.* Кеден органы (бөлімше) басшысының қызметтері мен оның «қолында» тікелей бағынатын мамандар неғұрлым көп болған сайын оның басқарушылық іс-әрекетінің орталықтандырылу дәрежесі соғұрлым жоғары болады.

Әрбір басшы өзі үшін басқару құрылымының төмен тұрған буындарымен бірлескен түрде оның атында өкілеттіктердің қандай көлемі қалып, қай көлемі төмен тұрған буындарға тапсырылатындығын белгілеп алуы тиіс.

Бұл ретте айта кететін нәрсе, қарастырылған ресми құрылымдармен қатар бейресми құрылымдар да болады.

Сондықтан кез келген деңгейдегі басшылар өз ұйымының қосарланған құрылымын «құра» білуі тиіс: материал (басқарудың ұйым құрылымдары) және психологиялық (ұйым құрылымның түрлі буындарының ұжымдарға айналуы, қызметкерлердің жоғары мотивациясын қамтамасыз ету, жанжал жағдайлардың алдын-алу және оларды реттеу және т.б.).

Басқаша айтқанда, басшының міндеті қызметкерлер өздерін сол ұжымның мүшесі ретінде сезіне алатындай қажетті жағдайларды жасауға негізделген. Әрине, аталмыш мәселенің шешілуі көбінесе басшының басқару процесіне деген көзқарасына, оның былайша айтқанда басқармалық ойының дамуына, қол астындағылармен қарым-қатынас жасау шеберлігіне, сондай-ақ өзге де бірқатар басқару мәселелерінің шешілуіне байланысты болып табылады.

4- ші тарау. Кеден органдарындағы басқару процесі.

1. **Басқару процесін ұйымдастыру.**
2. **Басқару жүйесінің компоненттері.**
3. **Басқармалық шешімдер.**
4. **Шешудің түрлері.**

1. Басқару процесін ұйымдастыру.

Кеден органдары жүйесіндегі басқару процесін ұйымдастыру дегеніміз – бұл жүзеге асырудың нақтылығын, жүйелігі мен шекті шекараларын белгілейтіндей етіп, оны жан-жақты ретке келтіру.

Басқару процесін ұйымдастыру ісіне төмендегілер жатады:
- оның түрлі циклдерін, кезеңдерін, сатылары мен басқармалық жұмыстарды (әрекеттерді) орындаудың қажетті реттілігін белгілеу;
- белгілі түрдегі басқару жұмыстары (әрекеттері) мен олардың топтарын орындаудың уақыттық шекраларын белгілеу;
- басқару процесінің әрбір кезеңін және оның барлық басқару жұмыстарын қалыпты және дер кезінде жүзеге асыру үшін жеткілікті және қажетті ақпараттың нақты түрде келіп түсуін белгілеу;

- басқару процесінің кезеңдері бойынша басқару жүйесінің түрлі буындарының қатысу тәртібін белгілеу;
- міндетті басқару жұмыстарын басқару рәсімдерін (келісімдеу, талқылау, қол қойдыру, бекіту, хабарлау және т.б.) белгілеу.

Кез келген басқару процесі өзінің мазмұны бойынша циклдерден, кезеңдерден, сатылар мен фазалардан тұрады.

Басқару циклі басқарудың барлық жалпы қызметтерін (талдау мен болжамдау, жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, есепке алу мен бақылау) толықтай жүзеге асыруға қажетті уақыт бөлігімен түсіндіріледі.

Басқару циклдерін жүзеге асыру үшін нормативтік база, жоспарлау жүйесі, есепке алу жүйесі, қызметкерлердің іс-әрекетін бағалау мен ынталандыру жүйесі, ақпаратпен және мамандармен қамтамасыз ету және т.б. болуы тиіс.

Циклге кезеңдер кіреді, кезең өздерінің барысында бірінші жағдайда алдағы іс-әрекеттің жүйесі құрылатын, екіншісінде – оның әрекет ету барысы басқарылатын уақыт аралықтарымен түсіндіріледі.

Әрбір кезең сатылардан тұрады. Сатыны басқарудың қайсыбір жалпы қызметін толығымен жүзеге асыруға қажетті уақытымен түсінген дұрыс. Соған сәйкес, басқару процесінің сатылары талдау мен болжамдау сатысы, жоспарлау сатысы, ұйымдастыру сатысы, реттеу сатысы, есепке алу сатысы мен бақылау сатысы деп аталады.

Әрбір саты бір басқару жұмысын (әрекетін) орындауға қажет болатын уақытты түсінуді қажет ететін саны әртүрлі болып келетін басқару фазаларынан тұрады.

Осылайша, біз басқару процесі өзінің мазмұны бойынша жеткілікті мөлшерде күрделі болып келетіндігін байқаймыз. Ол кез келген түрдегі кедендік органдарды кез келген түрдегі басқару үшін бірдей болып келеді. Сонымен қатар, ол кез келген жағдайларға қатысты да өзгеріссіз күйінде қала береді.

2. Басқару жүйесінің компоненттері.

Басқару жүйесінің маңызды компоненті басқару процесі болып табылады. Басқару процесі дегеніміз — бұл жүйеге біріктірілген басқару субъектілерінің (желілік және фунционал басшыладың, сондай-ақ өзге түрдегі басқару қызметкерлерінің) басқарудың тиісті әдістері мен қағидаттарын қолданумен белгілі түрдегі қызметтерді жүзеге асыру жолымен басқарылатын объектінің сапалық күйлерін алмастыруға, ұжымның мақсаттарына қол жеткізуге арналған іс-әрекеті.

Басқару процесі ерекше мазмұнымен ерекшеленеді, онда келесі аспектілер байқалады: әдістемелік, функционал, экономикалық, ұйым, әлеуметтік және ақпараттық.

Әдістемелік аспект мынаған негізделген, басқару процесі белгілі жүйелілік кезеңдер бойынша жүзеге асырылады: мақсатты болжау, жағдайға баға беру, мәселені анықтау, басқармашылқ шешімді әзірлеп шығару.

Мақсат дегеніміз — бұл кеден органы басқарушысының басқарылатын жүйенің қандай болу керектігі туралы көзқарасы. Басқармалық жағдай дегеніміз – бұл белгілі бір уақытта қалыптасқан және басшының тиісті түрде әрекет етуін қажет ететін нақты басқару саласындағы барлық (ішкі және сыртқы, объективті және субъективтік) жағдайлардың жиынтығы.

Басқармалық жағдайлар қарапайым және күрделі, сондай-ақ жақсы көрінетін және қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді, жаһан, ішінара, кешендік әрекеттерді немесе біржолғы шараларды қажет ететін болады.

Мәселе дегеніміз — бұл жағдай мен мақсаттың арасындағы негізгі қарама-қайшылық. Негізгі қарама-қайшылықты шешу автоматты түрде барлық қалған қарама-қайшылықтардың шешілуіне негіз болады. Мәселеге қатысты берілген түсіндірме шешімнің әзірленуін белгілейді.

Басқармалық шешімді әзірлеу дегеніміз — бұл мәселені шешудің жолдарын іздестіру, сондай-ақ табылған жолды іс-жүзінде жүзеге асырумен байланысты болып келетін ұйымдастыру жұмысы.

Функционал аспект дегеніміз — бұл басқарудың жалпы қызметтерін белгілі бір жүйелілікпен жүзеге асыру.

Экономикалық аспект басқарылатын жүйе ресурстарының қажеттерін анықтау мен олардың қолданылуына баға берумен байланысты болып келетін басқарушы жүйенің іс-әрекетімен белгіленеді.

Ұйымдастыру аспектісі басқарылатын жүйеге әсер етудің ұйымдастыру-өкімдік әдістерін келесі түрдегі реттілікпен қолдануға негізделген: реттеу, нормалау, нұсқаулау және жауапкершілік.

Басқару процесінің әлеуметтік аспектісі басқаруды автоматтандырудың сол не өзге дәрежесіне байланыссыз адамның оның барлық кезеңдеріне қатысуымен белгіленеді.

Ақпараттық аспект басқару барысында ақпаратты түрлендіру жөніндегі әрекеттердің белгілі түрдегі жүйелілігіне (ақпаратты іздестіру, жинақтау, сұрыптау, алғашқы өңдеуден өткізу және беру) негізделген.

Басқару процесіне тән болып келетін әрекеттердің бүкіл көпшілігін келесі түрде топтастыруға болады: мақсатты белгілеу әрекеттері; ақпараттың жұмыс әрекеттері; аналитикалық жұмыс пен шешімдердің нұсқаларын жобалау әрекеттері; әрекеттің нұсқасын таңдап алу әрекеттері, ұйым-тәжірибелік жұмыс әрекеттері.

Кеден органдарын басқарудың жалпы және нақты мақсаттары ҚР Кедендік кодексімен және ҚР Президентінің, ҚР Үкіметі мен ҚР МКК-ның өзге түрдегі заңнамалық және құқықтық нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

Мақсат теориялық тұрғыдан негіздемеленген, белгіленген, мөлшерлік тұрғыдан өлшемді, анық, мәнді және қол жеткілікті болуы тиіс. Белгілі бір жағдайдағы мақсаттың мазмұн негізі болып басқарудың одан да жоғары сатысындағы мақсат, яғни басқарудың одан да биік деңгейіндегі мақсат болуы тиіс.

Кедендік іс-әрекет елдің ішкі және сыртқы саясатының түйісуінде тұр және оның маңызды әлеуметтік-экономикалық және сыртқы экономикалық бағдарламалары мен жоспарларын орындаумен тікелей байланысты болып келеді. Кедендік органдар жүйесінде басқарудың маңызды мақсаты, яғни стратегиялық басқарудың мақсаты ҚР экономикалық саясатының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі кезде бұл кедендік қызметтің мақсатқа лайықты іс-әрекетінің қалаулы нәтижесі, оған өтпелі кезеңде қол жеткізілуі тиіс.

Басқарудың бұл мақсатына мынадай жағдайларда қол жеткізіледі:

- кеден органдарының бюджеттің табысын қалыптастыру жөніндегі қазыналық орган ретінде тапсырмаларды орындауымен байланысты болып келетін тиісті түрдегі міндеттер кешенін шешу арқылы;
- кеден қызметінің құқық қорғау органы ретінде ролін арттырумен;
- ҚР кеден қызметінің өзге мемлекеттердің кеден қызметтерімен ықпалын нығайту жөніндегі жұмыспен;
- кеден қызметі қызметкерлерінің әлеуметтік қажеттерін бұдан арғы уақытта қанағаттандырумен.

Басқару процесінде мақсаттың қандай роль атқаратынына байланысты басқарудың бірнеше түрін бөледі. Кеден органдарында аса жиі түрде «ауытқулар бойынша басқару», «бағдарламалық басқару» және «мақсаттық басқару» қолданылып жатады.

Ауытқулар бойынша басқару кеден органдарын басқару сатылығының барлық деңгейлерінде орын алады, себебі көбінесе қалыптасып жататын жағдайларға байланысты құрылады. Басқарудың бұл типінде мақсатқа үлкен мән берілмейді. Бағдарламалық басқару берілген бағдарламаны оны басқару жүйелерінің деңгейлері бойынша бөлумен және оның орындалу ретін көрсетумен егжей-тегжейлі әзірлеуге

негізделген. Басқарудың бұл типі жоғарыда аталған түрімен қатар кеден органдарының басқармалық іс-әрекетінде жиі қолданылады.

Басқарудың бұл түрі республикалық бюджеттің табыстық бөлігін қалыптастыру жөніндегі қазыналық-бақылау міндеттерін шешу кезінде, аймақтағы кедендік басқармаларды дамыту, кедендік шекара арқылы авто өтпелер желісін құру мен жабтау кезінде аса айқын түрде көрінеді.

Мақсаттық басқаруда мақсат негізін қалаушы рольді атқарады және басқару іс-әрекетінің сипаты мен барысын белгілейді.

Мақсаттық басқарудың мазмұныны мыналар жатады:

- басқару проблемасын белгілеу кезіндегі оның айрықша талдамалығы;
- басқарудың мақсатын шекті түрде қатаң және анық белгілеу;
- басқару проблемасын басқарудың ұйым құрылымымен құрылымдау;
- басқару жүйесінің ұйым құрылымының әрбір буыны одан да жоғары түрдегі өзге буындармен біріктірілуі тиіс.

Мақсаттық басқаруда болжамдау үлкен роль атқарады.

Басқару тәжірибесінде оның түрлері көбінесе үйлескен түрде қолданылады. Үйлесімнің аса тиімді түрі басқарудың бағдарламалық және мақсаттық түрлерінің үйлесімі болып табылады, ол бағдарламалық-мақсаттық деген атауға ие болды. Қазіргі кезде басқарудың бұл түрі кеден органдары үшін айрықша үлкен мәнге ие болуда.

Осылайша, басқару жүйесінің қарастырылып отырған екі компоненті – құрылым мен процестің екеуінің арасынан аса серпінді болып басқару процесі табылады. Сол себептен басқару процесінің дамуы басқару құрылымының дамуын да тудыратын болады. Құрылымдағы өзгерістер құрылым елеулі түрдегі кедергілер тигізе бастаған, басқарудың, сондай-ақ тұтастай басқару жүйесінің дамуын тежеген жағдайда, басқару процесі әрекеттегі құрылымға сәйкес келмейтін жағдайда жүзеге асырылуы тиіс.

Қазіргі кезде кеден жүйесінде басқарудың серпінді сипаттамаларын ең алдымен АБЖ-лар мен басқарудың ақпараттық технологиясын енгізу арқылы жетілдіру әрекеті байқалуда. Қорыта келе айта кететін нәрсе, басқару процесінің сол не өзге түрдегі сипаттамаларын жетілдірумен процесс пен басқару жүйесі құрылымының өзара байланысын үнемі түрде ескеріп, және құрылымды өзгертудің сәттерін тауып отыру қажет. Сол себептен қазіргі кезде кеден органдарын жетілдіру барысында басқару процесі жетілдіруге елеулі мән берілуде.

3. Басқармалық шешімдер.

Кеден органдарының жұмысының нәтижелілігі көбінесе басқарудың барлық деңгейлерінде қабылданатын шешімдердің сапасына байланысты болып келеді.

Басқармалық шешім дегеніміз — бұл ең алдымен басқару субъектісінің басқару жүйесі әрекетінің сол не өзге түрдегі нұсқасын таңдап алуының ойлау-ниеттік актісі.

Шешімде басқару объектілерінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттер көрсетіледі, олардың рұқсат етілген әрекеттерінің шарасы ескеріледі, мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін қандай ресурстардың қажет екендігі қарастырылады.

Осылайша, басқармалық шешім басқарудың басқарылатын жүйесінің іс-әрекетінің мақсаты мен бағдарламасынан құралады. Мінеки сондықтан да кеден органдарындағы басқармалық шешімдерді уақытында қабылдау мен сапасына оларды басқарудың табысы немесе табыссыздығы байланысты болады.

Басқармалық шешімді түрлі белгілері бойынша жіктеу қабылданған. Алайда белгілуші сәт болып шешім қабылданатын жағдайлар табылады. Әдетте шешімдер айқын немесе айқынсыз (қауіп-қатер) жағдайларында қабылданады.

Айқын жағдайлары, әдетте, былайша атағанда, стандарттық шешімдердің, ал айқынсыз жағдайлары – стандарттық емес шешімдердің қабылдануына негіз болады.

Стандарттық шешімдер деп шешімнің өзінің құрылымы мен оны қабылдау рәсімі солардан ауытқулармен әзірленген шешімдер аталады. Әдетте олар қалыптасқан жағдайдың жекелеген сан шамаларының өзгеруіне, орындалу мерзімі мен орындаушыларды белгілеуге бағытталған, ал оның жалпы құрылымы бұрынғы қалпында қалады. Мұндай шешімдер жеткілікті мөлшерде жылдам, арнайы дайынсыз қабылдануы мүмкін (мысалы, мамандарды қабылдау мен жұмыстан босату туралы бұйрықтар).

Стандарттық емес шешімдерге келетін болсақ, олар, әдетте, шығармашылық болып табылады. Әрине, айқын емес, қауіп-қатер жағдайларында мұндай шешімдердің қажеттігі арта бастайды. Бұл өзгеріп тұратын кедендік жағдайға және ішкі, сондай-ақ бақыланбайтын сыртқы факторлардың әсеріндегі тез өзгергіш ресурстармен үнемі дағдылану қажеттігімен ұштасқан.

Басқармалық шешімдерді жіктеудің өзге де өлшемдері бар:

— шешімдер өздерінің маңыздылығы мен күшін сақтаудың ұзақтығына қарай стратегиялық, жедел және тактикалық деп бөлінеді;

— дайын түрі бойынша — бір тұлғалық, топтық және ұжым шешімдерге;

— мазмұны бойынша — әкімшілік, экономикалық және моральдік сипаттағы шешімдерге;

— жүзеге асырылу сипаты бойынша — өкімдік және ұсыныстық сипаттағы шешімдерге;

— басқармалық шешімді тіркеу әдісі бойынша — жазбаша және ауызша түрдегі шешімдерге (өкімдерге).

Басқармалық шешімдерді жіктеудің өзге де негіздемелері болуы мүмкін.

Шешім дегеніміз — бұл алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қызметкерлердің бірлескен түрдегі әрекеттерін ұйымдастырушы, бағыттаушы және ынталандырушы өкімдік акт. Осыдан барып олардың негізделуі, үйлескендігі мен әрекет етуіне қойылатын талаптар үнемі өсіп отырады.

Мұндай талаптарғы мыналар жатады:

1. *Шешімнің* мемлекеттің саяси және әлеуметтік-экономикалық мақсаттарына сәйкес болуы.

Бұл талап мынаған негізделген: кеден қызметінің стратегиялық және тактикалық міндеттері заңдар мен үкімет белгілейтін мақсаттар мен міндеттерден туындайды. Сондықтан кеден органдарының кез келген әрекеттері әрдайым саяси және әлеуметтік-экономикалық сипатқа ие, және оларды жүзеге асыру туралы шешімдерді саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайды және солардың зардаптарын ескере отырып қана қабылдауға болады.

Келешек әрекеттерді дайындау мен олардың саяси талдауына қатысты саяси және әлеуметтік-экономикалық көзқарасқа ешқандай себептер мен мотивтер әсерін тигізбеуі тиіс.

Аталмыш талапты орындаудың міндетті шарты — қызметкерлердің кедендік саясаттың проблемаларын терең түсіне білуі.

2. *Шешімнің турашылдығы* онда қарсыластың заңға қарсы әрекеттерімен күрес жүргізудегі сол сәтте орын алып отырған барлық байланыстар мен қарым-қатынастардың, сондай-ақ сол күрестің заңдылықтарының ескерілгенін білдіреді.

3. *Шешімнің тиімділігі* оның тұтастай алғанда сол нақты жағдайға сәйкес келуге тиіс екендігін білдіреді.

Кез келген шешім ол тек дер кезінде қабылданған жағдайда ғана бағалы болып табылады. Бұл талап шешімді қабылдаудағы жеделдікті білдіреді және бақылаудағы тұлғаларға жылдам қызмет көрсетудің қажеттілігімен, кедендік ережелердің бұзылуын табу немесе оларға ескерту жасау.

Шешімдерді қабылдаудың жылдамдығы ақпараттың дер кезінде келіп түсуіне байланысты болып табылады.

Кедендік іс-әрекеттегі шешімдердің дер кезділігі оның қызметкерлерінің моральдік-психологиялық қасиеттеріне байланысты болады. Уақыттың тапшылығы жағдайларындағы сасқалақтау, жағдайға баға берудегі шешімсіздік баяулыққа, мәселенің шешілуін кейінге қалдыруға әкеп соқтырады

Сонымен қатар шешімдерді қабылдауда асығыстық жасаудың да қажеті жоқ. Бұл заңдардың бұзылуына, өзге жағымсыз зардаптарға әкеп соқтыруы мүмкін.

Шешімдер нақты және икемді болуы тиіс.

Нақтылық дегеніміз — бұл шешім мазмұнының анық түрде белгіленуі. Орындаушылардың алдына қойылатын міндеттерді белгілеуде нақтылық қажет.
Шешімнің нақтылығы оны жоққа шығармайды, қабылданатын желіні шығару жолымен алдын-ала білу мүмкін емес жағдайлар мен кез-келген күтпеген сәттерді өз бетінше қабылдауы үшін, оларға белгілі бір кеңшілік беруді қамтамасыз ете отырып, лауазымды адамдардың икемді болуын ұсынады.

Шешімдерді дайындау, қабылдау мен жүзеге асыру.
Шешімнің қандай түрі қажет болмасын, оны дайындау, қабылдау мен жүзеге асыру жөніндегі бүкіл жұмысты белгілі бір жүйелілікпен, басқарудың теориясы мен тәжірибесінен шыққан қағидатты мақсатқа лайықты жүргізу қажет. Осы жүйелілік келесі сұлба түрінде көрсетілуі мүмкін.

Әрине, кеден органын басқаратын басқарушының шешімді дайындау, қабылдау және жүзеге асыру жөніндегі нақты жұмысының қисыны шешімнің ерекшелігіне, басқарудың деңгейіне, міндеттер мен сол кедендік орган жұмыс істейтін жағдайларға байланысты ерекшеленуі мүмкін. Дегенмен де жалпылама түрде бұл сұлба әрекеттік болып табылады, сондықтан оның жекелеген бөліктерін аса толық түрде қарастырып кеткен дұрыс.

Шешімді дайындау кезінде ең алдымен қиын келтіретін мәселені анықтап, талдаудан өткізіп шығу керек. Мәселені дер кезінде анықтау деген сөз – бұл бастапқы сатыда-ақ кеден органының іс-әрекетінің нақты мақсаты мен оны жүзеге асырудың қалыптасқан жағдайларының арасындағы негізгі қарама-қайшылықты түсіну. Талдау материалдары туындаған қарама-қайшылықтың мәнділігін таразылап, оның себептерін анықтауға және, ең бастысы оның ықтимал соңғы нәтижелерін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, өздерін шешуге алғашқы кезекте кірісу керек болатын базалық мәселелер белгіленеді: олар сатыларға бөлініп, оларды шешудің стратегиялық бағыты таңдалып алынады, артынша мақсаттар қалыптасады.

Базалық мәселелерді кеден органының басшысы өзі жұмыс істейтін түрлі ақпаратты талдаудан өткізуге негізделумен өз бетінше анықтауы мүмкін, немесе олар төмендегілердің нәтижесінде сырттан берілуі мүмкін:
— өз деңгейінде жеке, барынша нақты шешімдерді қабылдау қажеттіліктерін орындау үшін жоғары тұрған органның шешімін (бұйрық, нұсқау, өкім, жұмыс жоспары және т.б.) алу;
— қызметкерлерден (бөлімшелерден), сондай-ақ түрлі ведомстволардан, мекемелер мен ұйымдардан, СЭҚ қатысушылары мен өзге де жеке тұлғалардан кеден ісіне қатысты түрлі сауалдардың (өтінімдердің) келіп түсуі;
— төмен тұрған деңгейлерге нақты тәжірибелік сауалдар мен проблемаларды қою.
Осының артынан берілген шектеулерді қиын келтіретін жағдайды шешудің мерзімдері бойынша, кедендік қызмет көрсетудің түрлері бойынша, материал ресурстар, мамандар және т.б. бойынша қанағаттандыратын шешім нұсқалары әзірленеді.

Қиын келтіретін жағдайларды шешу барысында бір уақытта бір-бірін алмастыратын бірнеше нұсқаларды (баламаларды) дайындайдың қажеттігі кеден органдарының іс-әрекетінде аса қолайлы жолдарды табуға мүмкіндік береді.

Кедендік тәжірибеде ең дұрыс әрекеттерді анықтауда эвристикалық тәсілдер кеңінен қолданылады: мәселенің композициясыздануы, қатар міндеттерді алға тарту, негізгі ішкі міндеттерді белгілеу, ұсынылған міндеттерді (ішкі міндеттерді) күштер мен

қаражаттармен салыстыру, жағдайдың дамуы жөніндегі болжамды қолдану, көзделіп отырған әрекеттердің орын алуы мүмкін зардаптар туралы гипотезаларды анықтау мен есепке алу.

4. Шешімнің түрлері

Мұндай таңдау өзара байланысқан өлшемдердің тобы бойынша бағалаудың негізінде жүргізіледі, осы өлшемдердің саны мен мазмұны әрдайым нақты қыин келтіретін жағдайлармен беріледі.

Аса ықтимал өлшшемдердің қатарына мыналара жатады: қажетті күштер мен құралдардың саны, олардың сол әрекеттерге әзірлік деңгейі, материал шығындардың дәрежесі, мәселені шешудің шектелген мерзімі.

Артықшылығы бар әрекеттерді таңдап алу қиынырақ, бұл жағдайда қауіп-қатердің дәрежесін назарға алу, яғни болжамдалып отырған жағымсыз зардаптардың күтілетін нәтижемен қатынасын ескеру қажет болады. Тәуекелге баға беру кезінде келесі екі құбылмалы назарға алынуы тиіс: зардаптарының өзінің сипаттамасы және олардың орын алу ықтималдығы.

Бір нұсқаға біржолата тоқталу үшін шешімді құрастыру процесін ынталандыратын және ұйымдастыратын және оның соңғы сатысында ерекше мағынаға ие болатын ерікті әрекеттер қажет.

Субъектінің еркі шешім жобаларының бірін таңдап алу мен оны қабылдау ісін жүзеге асырудағы толқымалылық пен батылсызы жеңіп шығуға көмектеседі

Шешім қабылдау барысында таңдалып алынған жобаның мән-жайы нақтыланып, шешімдердің шекаралары, оның икемділігінің қаланған деңгейі белгіленеді, нысаны нақтыланады, содан кейін ол тіркеуге алынып, орындауға жататын басқармалық шешім күшіне ие болады.

Шешімнің нысаны оның мазмұнына сәйкес келуі тиіс.

Басқармалық шешімдер жазбаша немесе ауызша түрде беріледі. Жазбаша түрі шешімдердің одан да жақсы сабақтастығын қамтамасыз етеді, орындаушыларды бақылауға алу, істерді талдаудан өткізу ісін жеңілдетеді.

Кеден органдарында қызметкерлердің түрлі әрекеттеріне жазбаша рұқсат беру, әзірленген немесе нысанға келтірілген және еркін түрде құрастырылған құжаттарды бекіту мен оларға қол қою, түрлі материалдарға қарарлар қою, сондай-ақ нұсқауларды, өкімдерді, тапсырмаларды және т.б. ауызша түрде жеткізу ісі тарауға ие болған.

Осылайша, басқармалық шешімдерді қабылдау процесі дегеніміз — бұл басқарудың барлық деңгейлерінің басқару мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі іс-әрекеті. Басқару жүйесінің ең маңызды компоненті бола тұра, басқармалық шешімдерді қабылдау процесі цикл және қайталанғыш болып келеді.

Ұйымдастырудың өзге де кез-келген түрі тәрізді басқару процесін ұйымдастыру ісі әрекеттерді кеңістік пен уақыт бойынша үлестірілуін қажет етеді. Қазіргі кезеңде басқаруды ұйымдастыру ісін жетілдірудің ролі өлшемсіз түрде артып келеді.

5- ші тарау. Кедендік-тарифтік реттеу және кедендік төлемдерді жинау

1. Кедендік-тарифтік реттеудің құқықтық негіздері, кедендік-тарифтік реттеу ұғымы және оның мақсаттары.

2. **Кедендік төлемдерді жинаудың құқықтық негіздері.**
3. **Кедендік баждардың ставкалары және оларды жинау тәртібі.**
4. **ҚР аймағына әкелінетін тауарлардың кедендік бағасын белгілеу.**

1. Кедендік-тарифтік реттеудің құқықтық негіздері, кедендік-тарифтік реттеу ұғымы және оның мақсаттары.

Кедендік тариф дегеніміз – бұл сауда саясаты мен ішкі тауар нарығын оның әлемдік нарықпен өзара әрекет ету кезіндегі мемлекеттік реттеу құралы, сондай-ақ тауарларға оларды мемлекеттің кедендік шекарасы арқылы тасымалдау кезінде баж салу ережелері.

ҚР кедендік тарифы – бұл сонымен қатар ҚР кедендік аймағына енгізілетін және осы аймақтан әкетілетін тауарларға қатысты қолданылатын кедендік баждар тарифпенінің жинағы, олар ҚР-ның сыртқы экономикалық іс-әрекетінің тауарлық номенклатурасыне сәйкес жүйеге келтіріліп, топтастырылған.

ҚР сыртқы экономикалық іс-әрекетінің тауарлық номенклатурасы халықаралық ұйымға мүше-елдердің пайдалануына арнап, Дүниежүзілік Кеден Ұйымы жүргізетін тауарларды кодтау мен сипаттаудың Үйлескен жүйесіне негізделеді.

Кедендік-тарифтік механизмін ККД-ның жұмысында қолдану барысында мынадай негізгі міндеттер шешіледі: реттеу, саудалық-саяси, қазыналық. Сыртқы экономикалық іс-әрекетті кедендік-тарифтік реттеудің заң негізіне ең алдымен ҚР КК нормалары мен ҚР Үкіметінің (Министрлер кабинетінің) Үкімдері жатады. Мысал ретінде кейбір актілерді атап кетуге болады:

- ҚР-да шығарылған өнімдердің жеткізілімдерін квоталау мен лицензиялаудың тәртібі туралы (1991 жылдың 27 қаңтарындағы № 804);
- тауарлардың кедендік бағасын белгілеудің резервтік әдісін қолдану кезінде қолданылатын ақпараттық анықтамалық туралы (2003 жылдың 8 тамызындағы №794);
- Тауарлар мен көлік құралдарын ҚР-ға енгізуге және ҚР-дан шығаруға қатысты тыйым салуларды, өздерін кейбір кедендік режимдерге орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізімін, сондай-ақ жекелеген кедендік режимдерге қойылатын тауарлармен әрекеттер жасауға қатысты тыйым салулар мен шектеулерді бекіту туралы (2003 жылдың 10 шілдесіндегі № 681);
- кедендік баждар мен салықтарды төлеуден толық босатылып, уақытша әкелінетін және кедендік баждарды төлеуден толық босатылып, уақытша әкетілетін тауарлардың тізімі (2003 жылдың 8 шілдесіндегі № 668);
- Тауарларды ҚР кедендік шекарасы арқылы тасымалдауды жариялау мен тәртібі туралы (1993 жылдың 19 ақпанындағы № 129);
- Енгізілетін тауарларға қатысты кедендік баждардың ставкалары туралы (2001 жылдың 5 қаңтарындағы № 136 – 11);
- Кедендік алымдардың, кедендік органдар жинайтын алымдар мен төлемнің сттавкаларын бекіту туралы (2003 жылдың 8 шілдесіндегі № 669);
- ҚР аймағына енгізіліп жатқан тауарларды шығарған елді анықтау туралы (1995 жылдың 10 мамырындағы № 640).
- Жеке тұлғалардың ҚР кедендік шекарасы арқылы акциздер салуға жатпайтын акциздік тауарларды алып жүруінің нормалары туралы (1995 жылдың 8 шілдесіндегі № 798).
- Жеке тұлғалардың ҚР кедендік шекарасы арқылы тауарларды, сонымен қатар көлік құралдарын алып жүрудің тәртібі туралы (1996 жылдың 31 желтоқсанындағы № 1712). Жеке тұлғалардың тауарларды ҚР кедендік шекарасы арқылы қарапайым, жеңілдетілген тәртіппен алып жүру ережелері (2001 жылдың 31 мамырындағы № 741);
- ҚР-да шығарылатын акциздік тауарларға және ойын бизнесіне қатысты акциздердің ставкалары туралы (1996 жылдың 31 желтоқсанындағы № 1747).

- Акциздік тауарларды жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларымен міндетті түрде таңбалауды енгізу туралы (1996 жылдың 31 желтоқсанындағы № 1749).
- Кедендік органдарды автоматтандыру мен ҚР Мемлекеттік кедендік комитетіне арнап республикалық деректермен алмасу желісін құру туралы (1997 жылдың 4 наурызындағы № 294а).
- преференциялардың жалпы жүйесі шеңберінде кедендік преференцияларды ұсыну кезіндегі дамушы елдердің тауарларының шығу тегін анықтау ережелері туралы келісімді бекіту туралы (1997 жылдың 17 наурызындағы № 333).
- сырттан әкелінетін акциздік тауарларға қатысты акциздердің ставкалары мен жеке тұлғалардың ҚР кедендік шекарасы арқылы акциздермен салымдауға жатпайтын акциздік тауарларды алып жүру нормалары туралы (1997 жылдың 30 мамырындағы № 907).
- ҚР-да шығарылатын және ҚР кедендік аймағына енгізілетін акциздік тауарларға қатысты акциздердің ставкалары туралы (1998 жылдың 26 шілдесіндегі № 608).

Осы заңдарда Қазақстанның сауда-экономикалық қатынастарын тарифтік, сондай-ақ тарифтен тыс реттеудің құқықтық механизмінде қолданылатын негізгі түсініктер белгіленген, кедендік- шараларды қолданудың жалпы қағидаттары мен ережелері бекітілген.

Осы заңдардың нормаларына сәйкес аталмыш шараларды тәжірибеде қолданумен қатысты нақты мәселелерді ретке келтіру ісі Үкіметтің құзырлығына жатады.

Тиісті нормативтік актілерді ведомстволық деңгейде әзірлеу қарастырылып отырған саладағы қатынастарды құқықтық реттеудің қажетті элементі болып табылады. КК-ның нормативтік актілері көбінесе кедендік-тарифтік шаралардың Қазақстанның кеден саясатын жүзеге асырудың бір бағыты ретінде тиімді қолданылуын қамтамасыз етеді, себебі іс-жүзінде дәл осы кеден органдарына осы шараларды орындау міндеті жүктеледі.

Кедендік- тарифтік шараларды қолдану ісі кедендік органдардың тауарларды кедендік ресімдеу кезінде және кеден органдарының соларды Қазақстанның кедендік шекарасы арқылы қозғалуын бақылау барысында жүзеге асырылады. Өзіндегі деректер тауар мен оны тасымалдаудың мақсаты туралы мәліметтердің басты көзі табылатын негізгі құжат болып жүктің кедендік декларация (ЖКД) болып табылады. Тауар мәліметтері негізінде тауарға кедендік тарифпен баждар қолдану қарастырылып, тауарды кедендік шекара арқылы өткізу мәселесі шешіледі.

2. Кедендік төлемдерді жинаудың құқықтық негіздері.

Кедендік төлемдер белгіленген тәртіппен ҚР кеден органдарымен жиналатын кедендік баждар, салықтар, кедендік алымдар, төлемдер мен өзге түрдегі төлемдермен түсіндіріледі.

Кедендік баж дегеніміз – бұл кедендік органдар тауарды ҚР кедендік аймағына әкелген немесе оның осы аймақтан әкету кезінде алынатын және оны енгізу мен әкетудің ажырамайтын бөлігі болып табылатын міндетті түрдегі жарна (төлем).

Кедендік баждар қою шарты кедендік баждар салынатын тауарлардың тізімі берілген Қазақстан Республикасының кедендік тарифіне сәйкес төлеуді бекітетін кедендік режимдерде тауарларды декларациялау кезінде төленеді.

Қазақстан Республикасында кедендік баждардың ставкалары ортақ болып табылады және ҚР кедендік шекарасы арқылы қозғалатын тұлғаларға, ҚР «Кедендік тариф туралы» заңында ескерілген жағдайларды есепке алмағанда келісімдердің түрлеріне байланысты өзгертуге жатпайды.

ҚР Кедендік кодексінде «Кедендік төлемдер мен салықтар» деген сегізінші бөлігінде 68 бап берілген, оларда кедендік төлемдерді есептеу мен төлеудің тәртібі мен негізгі ережелері, тауарлардың шыққан елін анықтау, тарифтік жеңілдіктер мен преференцияларды (артықшылықтарды) реттелген.

Заңдарда кедендік төлемдердің (баждар, алымдар, төлем) келесі түрлері ескерілген:

- кедендік баж, маусым баж, демпингке қарсы баж, өтемақылық баж

КК-ның 290-бабында кедендік төлемдердің төмендегі түрлері ескерілген:кедендік баж;

1) ҚР кеден органдарының лицензияларды бергені үшін алынатын алым;
2) кедендік ресімдеу жөніндегі маманының біліктілік аттестатын бергені үшін алынатын алым;
3) кедендік ресімдеу үшін алынатын кедендік алым;
4) тауарларды сақтағаны үшін алынатын кедендік алым;
5) тауарларға кедендік ілесе жүргені үшін алынатын кедендік алым;
6) ақпарат беру мен кеңес бергені үшін төленетін төлем;
7) алдын-ала шешім қабылдағаны үшін төленетін төлем.

Кеден органдары ҚР заңдарымен белгіленген тәртіп пен шарттарға сәйкес демпингке қарсы, қорғау және өтемақылық баждарды жинайды.

Сырттан әкелінетін тауарларға қатысты қосылған құн салығы мен акциздерді жинау ісі кеден органдары ҚР салықтық заңдарымен ескерілген тәртіп пен шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

Кеден органдары демпингке қарсы, қорғау және өтемақылық баждарды заңдарда ескерілген тәртіп пен шарттарға сәйкес алып отыруға құқылы.

Бұл ретте кедендік баждардың ставкалары келесі түрлерге бөлінеді:

1) адвалорлық (өздеріне қатысты салық салынатын тауарлардың кедендік бағасына қатысты процентпен есептелінетін);
2) ерекше (өздеріне салық салынатын тауарлардың бір бірлігіне белгіленген мөлшерде салынатын);
3) аралас (кедендік салық салудың екі түрін біріктіретін).

Адвалорлық баждар өзіне салық салынатын тауардың бағасының проценті түрінде белгіленеді, бұл Қазақстанға және Кедендік одақ мемлекеттеріне тән болып келеді, алайда бюджетке келіп түсетін түсімдер көптеген факторларға, соның ішінде нарықтың жағдайына байланысты болып келеді.

Ерекше кедендік баждың өлшем бірлігі тікелей тарифен байланысты болып келеді, себебі ол тауардың салмағына, көлемі мен өзге де сипаттамаларына тәуелді болады.

Бағалық емес ерекше өлшем бірліктерін салық салудың бірлігі ретін қолданған импорттық тауарларға қатысты фактуралық бағаларды төмендету арқылы кедендік төлемдерден жалтаруды шектеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда кедендік төлемдердің барлық түрлері қолданылмаған, бұл мемлекеттік әкімшіліктеудің басқармалық мүмкіндіктерін қамтитын заң актілер үшін тән емес болып табылады.

Мысалы, маусым баждарды Үкімет тек бидай дәнін жинап алу уақытына арнап қана белгілейтін. Шетелден жанармайды, солярканы, кейбір кезде мазутты және өзге де жанар-жағармай материалдарын енгізуге тыйым салынатын.

Маусым баждар тауарлардың жекелеген түрлерін шығаруға арнап қолданылуы және төрт айдан аспайтын мерзімге арнап белгіленуі мүмкін, және оларды енгізу кезеңінде кедендік баждардың өзге ставкалары қолданылмайды.

Арнайы баждар сыртқы экономикалық іс-әрекетке қатысушыларға немесе өзге мемлекеттерге қатысты қорғау немесе жауап беру шарасы, ескерту ретінде енгізілуі мүмкін.

Демпингке қарсы баждар тауарларды төмен бағамен енгізу кезінде қолданылады.

Өтемақылық баждар өздерін өндіру кезінде жәрдемақылар, сондай-ақ Қазақстанның экономикалық мүдделерін қорғау шаралары қолданылған тауарлар енгізіліп және шығарылған жағдайда қолданылуы мүмкін.

Кедендік баждардың ставкалары Қазақастан Республикасының 1995 жылдың 7 қарашасындағы №1479 қаулысымен белгіленген, оларға сәйкес кедендік алымдардың бес түрі, өзге түрдегі алымдардың жеті түрі, төлемнің үш түрі ескерілген.

Сырттан әкелінетін және әкетілетін тауарларға қатысты кедендік баждардың ставкаларын Үкімет белгілейді және олар өздері ресми түрде жарияланған күннен бастап отыз күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Кедендік төлемдер мен салықтарды есептеудің негізі тауарлар мен көлік құралдарының ерекше ставкаларымен байланысты болатын кейбір алуларды шегеріп тастағандағы кедендік бағасы болып табылады.

Кедендік кодексте ҚР кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар ҚР Кедендік тарифке сәйкес кедендік баждарды салуға жатқызылады делінген.
Кедендік төлемдердің төлеушісіне тауарды кедендік шекара арқылы тасымалдайтын жеке немесе заңды тұлға жатады.

Кедендік төлемдерді төлеу мерзімдерін өткізіп алғанына байланысты туындаған берешекті кеден органдары төлеушілердің шотынан даусыз тәртіппен ұстап қалады. Кедендік төлемдерді төлеуден бас тартқан жағдайда банктер мен банктік әрекеттердің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар үшін міндетті болып табылатын кеден органы төлеушілердің шотары бойынша нақты төлеу сәтіне дейін шығын әрекеттерді тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Төлеушілердің шотында қаражат болмаған жағдайда кедендік төлемдерге қатысты берешек пен өсім төленуін қамтамасыз ету үшін төлеушінің өз мүлігін иеленуіне шек қою туралы шешім қабылданады.

Кеден органдары сырттан әкелінетін тауарларға қатысты қосылған құн салығы (ҚҚС) мен акциздерді есептеу тәртібін белгілейтін салықтық заңдылықтарда қарастырылған тәртіп пен шарттарға сәйкес жинайды.

Заңды және жеке тұлғалардың олардың фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, тауар белгілерінде Алматы қаласының символдарын пайдаланғаны үшін алымдар тәжірибеден өткізілуде; жеке тұлғалардың қолма-қол шетел ақшасын сатып алғаны үшін алымды жинау ісі тәжірибеге енгізілген.

Осы блоктан салықтардың, алымдар мен міндетті төлемдердің кейбір түрлері Алматы қ. ККД кедендік органдарымен жиналады.

Кедендік тұрғыда ҚҚС мен акциздерді салу объектілеріне соған сәйкес өзіне салық салынатын импорт пен импортталатын акциздік тауарлар жатады. Тауарлардың экспортына нольдік ставка бойынша салық салынады.

Салық салынатын импорттың көлеміне тауарлардың кедендік бағасы, сондай-ақ алымдардың, баждардың, салықтардың сомалары енгізіледі. Импортталатын акциздік тауарлар бойынша салық салудың объектісіне тауардың кедендік бағасы немесе табиғи түріндегі физикалық көлемі жатады .

Кедендік және салықтық заңдар жеке тұлғалардың артынан Үкімет бекіткен нормалар бойынша кедендік төлемдер мен салықтардан босатылуын бекітеді.

Тауарлар мен көлік құралдарының кедендік бағасы тауардың бағасы мен нақты шығындарынан құралады. Нақты шығындарды тауарды әуежайға, т.ж. станциясына немесе тауарды кедендік аймақтан әкетудің өзге орнына дейін жеткізуге жұмсалған шығындар, тасымалдау құны, тауарларды тиеу, түсіру, қайта тиеу және түсіру жөніндегі шығындар, сақтандыру сомасы, комиссиялық және брокерлік сыйақылар, ыдыс пен ораманың бағасы құрайды.

Кедендік баға бекітілген әдістермен белгіленеді: енгізілетін тауарлармен жасаған келісімнің бағасы бойынша (негізгі әдіс); ұқсас тауарлармен жасаған келісімнің бағасы бойынша; бір текті тауарлармен жасаған келісімнің бағасы бойынша; бағасын алып тастау; бағасын қосындылау; резервтік әдіс бойынша.

Кедендік бағаны жариялайтын декларант қажет болған жағдайда сол туралы мәліметтердің күмәнсіздігін дәлелдеп, қосымша ақпаратты ұсынумен байланысты барлық қосымша шығындарды көтеруі тиіс. Кеден органы жарияланған кедендік бағаның дұрыстығы туралы шешім қабылдап, сондай-ақ жоғарыда аталған әдістерді біртіндеп қолданумен сол бағаны өз бетінше анықтауға құқылы болады. Бұл ретте кеден

органдарының кедендік әкімшіліктеуге кіретін рәсімдік әрекеттерінің жеткілікті мөлшердегі «айқындылығы» қамтамасыз етілуі тиіс.

Кедендік төлемдер мен салықтардың сомасы алынып тасталатын кедендік бағаға байланысты болмайды, сол себептен жеке және заңды тұлғалар келіспеу жағдайларында лауазым тұлғалардың іс-әрекетіне шағым берудің ұсынылған құқықтарын пайдалануы тиіс.

Кедендік бағаны есептеу мен оны іс-жүзінде есептеудің әдістемесін таңдау мүмкіншілігі мүдделі декларант-тұлғалар үшін ашық болуы тиіс, бұл кедендік әкімшіліктеу мәселелеріне жатады.

3. Кедендік баждардың ставкалары және оларды алу тәртібі.

Енгізуге қатысты кедендік баждардың заңмен белгенген шектеріндегі ставкалары ҚР Үкіметімен белгіленеді және мерзімді түрде өзгеріп отырады.
Өздерімен саудалық-саяси қатынастарда барынша ықпал ету режимі қолданылатын елдерде шығарылған тауарларға қатысты қолданылатын кедендік енгізу баждарының шекті ставкалары ҚР-мен тағайындалады.

Өздерімен жасалып жүрген саудалық-саяси қатынастар барынша ықпал ету режимін ескермейтін елдерде немесе өндірген елі белгісіз болып табылатын тауарларға қатысты заңның негізінде белгіленген кедендік енгізу баждарының ставкалары ҚР-ның заңның тиісті ережелеріне сәйкес тарифтік жеңілдіктерді ұсыну жағдайларын есепке алмағанда екі есе артады.

Кедендік енгізу баждарының ставкалары мен солар қолданылатын тауарлардың тізімі, сондай-ақ сыртқы экономикалық реттеудің тарифтік емес шаралары ҚР Үкіметімен белгіленеді және ҚР аймағындағы сыртқы экономикалық іс-әрекетті жедел реттеудің айрықша шаралары болып табылады.

Кеден ісінде баждардың төмендегідей түрлері қолданылады:
- *адвалорлық баждар*, олар салық салынатын тауарлардың кедендік бағасына қатысты проценттермен есептелінеді;
- *ерекше баждар*, олар салық салынатын тауарлардың бір бірлігі үшін белгілі мөлшерде есептелінеді;
- *аралас баждар*, олар жоғарыда аталған кедендік салық салудың екі түрін де біріктіреді.

Кедендік баж дегеніміз – жоғарыда айтылып кеткендей, тауарды ҚР кедендік аймағына енгізу немесе тауарды шығарып әкету кезінде ҚР кеден органдары жинап алатын міндетті түрдегі жарна.

Тауардың кедендік құны – заңға сәйкес белігеленетін тауардың бағасы және ол мынадай мақсаттарда қолданылады: тауарға баж салық салуға; сыртқы экономикалық және кедендік статистикаға; ҚР заң актілеріне сәйкес сыртқы саудалық келісімдер мен банктердің сол бойынша есеп айырысуларын жүзеге асыруын қоса алғанда, тауарлардың бағасымен қатысты сауда-экономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеудің өзге шараларын қолдануға.

Заңда сондай-ақ маусымдық және ерекше баждар да қарастырылған.
Тауарлардың енгізілуі мен әкетілуін жедел реттеуге арнап ҚР Үкіметі маусым баждарды белгілеуі мүмкін. Бұл ретте кедендік тарифке ескерілген кедендік баждардың ставкалары қолданылмайды, маусымдық баждардың күшін сақтау мерзімі жылына алты айдан аспауы тиіс.

ҚР экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында енгізілетін тауарларға қатысты уақытша түрде баждардың ерекше түрлері қолданылуы мүмкін: арнайы; демпингке қарсы; өтемақылық. Олардың мәртебесіне қысқаша сипаттама беріп кетейік.

Арнайы баждар егер де тауарлар ҚР-ның кедендік аймағына соған ұқсас тауарларды шығаратын немесе тікелей бәсекеге түсетін отандық өндірушілерге немесе ҚР-ның

мүддесіне нұқсан келтіретін өзге әрекеттердің қаупін тудыратындай мөлшерде және шарттармен енгізілген жағдайда қорғау шарасы ретінде қолданылады.

Демпингке қарсы баждар тауарлар ҚР кедендік аймағына әкелетін еліндегі сол әкелетін сәттегі қалыпты бағадан төмен енгізіліп, осындай енгізу соған ұқсас тауарларды өндіретін отандық өндірушілерге материалдық нұқсан келтірсе немесе сондай қауіп төндірсе немесе ҚР-да соған ұқсас тауарлардың өндірісін ұйымдастыруға немесе кеңейтуге кедергісін тигізетін жағдайларда қолданылады.

Өтемақылық баждар ҚР кедендік аймағына өздерін өндіру немесе енгізу кезінде тікелей немесе жанама түрде жәрдем қаржылар қолданылған тауарлар енгізіліп, және осындай енгізу соған ұқсас тауарларды өндіретін отандық өндірушілерге материалдық нұқсан келтірсе немесе сондай қауіп төндірсе немесе ҚР-да соған ұқсас тауарлардың өндірісін ұйымдастыруға немесе кеңейтуге кедергісін тигізетін жағдайларда қолданылады.

«Кедендік тариф туралы» заңда тауардың кедендік құны сипатталады, тауарлардың кедендік құнын белгілеу жүйесі тағайындалған, ол халықаралық тәжірибеде қабылданған кедендік бағалаудың ортақ қағидаттарына негізделген, ҚР кедендік аймағына енгізілетін тауарларға қатысты қолданылады.

ҚР аймағына енгізілетін тауарларға кедендік баға жүйесін қолданудың тәртібі ҚР Үкіметі «Кедендік тариф туралы» заңының ережесіне сәйкес тағайындалады.

ҚР кедендік аймағынан әкетілетін тауарлардың кедендік құнын белгілеу тәртібін ҚР Үкіметі белгілейді.

Кедендік құнды декларант ҚР кеден органына тауарды ҚР кедендік шекарасы арқылы өткізген кезде көрсетеді.

Декларант ҚР кеден органының тауардың кедендік бағасына қатысты шығарған шешімімен келіспеген жағдайда бұл шешім ҚР КК белгілейтін тәртіппен шағымдануына болады.

Заңда тауарға қатысты бажды есептеу, төлеу және алу ісі ҚР республикалық бюджетіне енгізілетін КК-ға сәйкес оның кедендік бағасына негізделумен бекітілген.

4. ҚР аймағына енгізілетін тауарлардың кедендік бағасын белгілеу.

«Кедендік бергіленген тариф туралы» заңда тауардың кедендік құнын белгілеудің әдістері мен оларды қолдану тәртібі бекітілген.

ҚР-ның кедендік аймағына енгізілетін тауарлардың кедендік құнын белгілеу ісі төменднгі әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі:

- енгізілетін тауарлармен келісім жасасудың бағасы бойынша;
- ұқсас тауарлардың бағасы бойынша;
- бір текті тауарлардың бағасы бойынша;
- құнын алып тастау;
- құнын қосу;
- резервтік әдіс.

Кедендік құнды анықтаудың негізгі әдісіне әкелінетін тауарлар бағасы бойынша әдіс жатады.

Егер де негізгі әдісті қолдану мүмкін болмаса, аталған әдістердің әрқайсысы рет-ретімен қолданылады. Бұл ретте әрбір келесі әдіс кедендік баға алдыңғы әдісті қолдану жолымен белгіленбейтін болған жағдайда қолданылады.

Алу мен қосу әдістері рет-ретімен қолданылуы мүмкін.

Әкелінетін тауарлармен келісім жасау бағасы бойынша әдісі. ҚР кедендік аймағына енгізілетін тауардың кедендік бағасы енгізілген тауар үшін іс-жүзінде төленген немесе тауардың ҚР кедендік шекарасын кесіп өту сәтінде төлеуге жататын келісімнің бағасы болып табылады. Кедендік бағаны анықтау кезінде келісімнің бағасына егер олар одан бұрын оған енгізілмеген болса, төмендегі компоненттер енгізіледі:

- тауарды әуежайға, су аймағына немесе тауар ҚР кедендік аймағына сол арқылы енгізілетін өзге орынға жеткізуге жұмсалған шығындар:
- тасымалдаудың құны;
- тиеу, түсіру, қайта тиеу және қайта түсіруге жұмсалған шығындар;
- сақтандыру сомасы;
- сатып алушы жұмсаған шығындар;
- тауарды сатып алу кезінде төленетін комиссиялық сыйақыларды есепке алмағанда, комиссиялық және брокерлік сыйақылар;
- егер Тауарлық тізілімге сәйкес олар орап-қаптау материалдары мен орап-қаптау жұмыстарының бағасын қоса алғанда орап-қаптаудың бағасы да қарастырылса, контейнерлердің және (немесе) өзге де көп айналым ыдыстың бағасы;
- бағаланған тауарларды әкелу өндірісімен немесе сатумен байланысты пайдалануға сатып алушының тегін немесе арзан бағаға тікелей немесе жанама ұсынған мынадай тауарлар мен қызметтер бағасының сәйкес бөлігі:
- шикізаттың, материалдардың, бөлшектердің, жартылай фабрикаттар мен бағаланатын тауарлардың құрамдас бөлігі болып табылатын өзге де қосалқы бұйымдардың;
- құрал-саймандардың, мөртабандардың, нысандар мен бағаланатын тауарларды өндіру кезінде қолданылған өзге де соған ұқсас заттардың;
- бағаланатын тауарларды шығару кезінде жұмсалған материалдардың (майлық материалдардың, отынның және т.б.);
- ҚР аймағынан тыс жерде орындалған және бағаланатын тауарларды өндіру үшін тікелей қажетті болып табылатын инженерлік жұмыстың, тәжірибелік құрастыру жұмысының, дизайн, көркем безендірудің, эскиздер мен сызбалардың;
- өздерін сатып алушы бағаланатын тауарларды сатудың шарты ретінде тікелей немесе жанама түрде жүзеге асыруы тиіс болатын зерделік меншік объектілерін пайдаланғаны үшін лицензиялық және өзге түрдегі төлемдер;
- сатушының бағаланатын тауарларды ҚР аймағында бұдан арғы уақытта кез-келген түрдегі қайта сатулардан, беру немесе пайдаланудан түскен тікелей немесе жанама табысы бөлігінің шамасы.

Ұқсас тауарлармен келісім жасау бағасы бойынша әдісі. Бұл әдісті «Кедендік тариф туралы» заңында көрсетілген шарттарды орындаумен кедендік құнды анықтаудың негізі ретінде қолдану кезінде. Ұқсас тауарлар деп бағаланатын тауарлармен барлық тұрғыдан алып қарағанда бірдей болып келетін тауарларды айтады. Ұқсастығы төмендегілерді көрсетуі тиіс:
- физикалық сипаттамалары;
- сапасы және нарықтағы беделі;
- шығарған ел;
- өндіруші.

Тауарлардың сыртқы пішініндегі аздаған айырмашылықтар, егер мұндай тауарлар жоғарыда аталған белгілерге сәйкес келсе, оларды ұқсас тауарлар ретінде қарастырудан бас тартуға негіз бола алмайды.

Бір текті тауарлармен келісім жасасудың бағасы бойынша әдісі. Осы әдісті сырттан енгізілетін бір текті тауарлар ретінде пайдаланған кезде, ол заңда қарастырылған белгілерге сәйкес болу шарттарын орындаумен анықталады. Бұл ретте бір текті тауарлар деп барлық тұрғыдан алып қарағанда ұқсас болмаса да, ұқсас сипаттамаларға ие болатын және ұқсас компоненттерден құралатын тауарларды айттады, бұл оларға бағаланатын тауарлар орындайтын қызметтерді орындап, және коммерциялық тұрғыдан бірдей бағаға ие болуға мүмкіндік береді. Тауарлардың біртектілігін анықтау кезінде келесі белгілер ескеріледі:
- сапасы, тауар белгісінің болуы және нарықтағы беделі;
- шығарған ел
- өндіруші.

Құнды азайту негізіндегі әдіс. Егер де бағаланатын, ұқсас, бірдей тауарлар өзінің бастапқы жағдайын өзгертпей ҚР аймағында сатылатын болған жағдайда ғана кеден құны азайту негізіндегі бағалау әдісімен анықталады.

Құнды азайту әдісін қолдануда кеден құнын анықтаудың негізіне тауарды келісім қатысушысы әкелген күннен бастап 90 күннен кешіктірмей ҚР аймағында бағаланған, ұқсас, бірдей тауарлардың көп партиямен сатылататындағы тауар бірлігінің құны қолданылады. Тауар бірлігі бағасынан келесі компонеттер алынып тасталынады:

а) комиссиялық сыйақыға төленетін шығындар, пайдаға қосылатын қарапайым үстемелер және әкелінген тауарлардың сол түрін ҚР-да сатуға кететін шығындар;

б) әкелінетін кеден баждарының, салықтардың, салымдар мен тауарларды әкелу немесе сатуға байланысты ҚР-на төлеуге тиісті өзге де төлемдердің сомасы жалпы;

в) тасымалдауға, сақтандыруға, тиеу, түсіру жұмыстарына кететін ҚР-на келтірілетін қарапайым шығындар.

Құнды қосу негізіндегі әдіс. Құнды қосу негізінде бағалау әдісін пайдаланғанда тауардың кендендік құнын анықтау негізіне қосу жолымен есептелінген тауар бағасы алынады:

а) бағаланған тауар өндірісіне байланысты өндірушінің келтірген материалдар мен шығындар құны;

б) тауардың сол түрі әкелінетін елден ҚР-да сатуға тән жалпы шығындар, соның қатарында тасымалдауға, тиеу, түсіру жұмыстарына, ҚР кендендік шекарасын кесіп өтетін жерге дейінгі сақтандыруға кететін және өзге де шығындар;

в) осындай тауарларды ҚР жеткізу нәтижесінде экспорттаушыдан түсетін пайда;

Резервтік әдіс. Тауардың кендендік құнын декларант жоғарыда көрсетілген әдістерді кендендік құнды анықтауға жүйелі қолдану нәтижесінде анықтай алмаған жағдайда не болмаса кендендік орган кендендік құнды анықтауға бұл әдістерді қолдануға болмайды деп санаса бағаланатын тауарлардың кендендік құны әлемдік тәжірибені есепке алумен анықталады. Қорда тұрған әдісті қолдануда ҚР кеден органы декларантқа оның жарлығындағы баға ақпаратын ұсынады.

6- ші тарау. Кеден бақылауын ұйымдастыру және тауарлар мен ҚР шекарасы арқылы өтетін көлік құралдарын кендендік рәсімдеу қағидаттары

1. **Кеден бақылау және тауарлар мен көлік құралдарын кендендік рәсімдеу ұғымдары.**
2. **Кендендік бақылау мен кендендік рәсімдеуді ұйымдастыру**
3. **Кеден шекарасын кесіп өту орны мен уақыты**.
4. **Тауарлар мен көлік құралдарын кендендік бақылауды ұйымдастырудың типтік сұлбасы.**
5. **Алдын-ала шешім.**
6. **Кендендік рәсімдеуді ұйымдастыру.**
7. **Тауарларды әкелу мен әкетуді шектеу, тиым салу.**
8. **ЕАЭЫ қатысушылары-мемлекеттері мен Кендендік Кеңес тауарларын бақылауды ұйымдастыру.**

1. Кеден бақылау және тауарлар мен көлік құралдарын кендендік рәсімдеу ұғымдары.

Сыртқы экономикалық қызмет және бәрінен де бұрын сыртқы сауда заңды және жеке тұлғалардың тауарлары мен көлік құралдарын елдің кендендік шекарасы арқылы

өткізумен байланысты. Бұл жерде тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылау мен кедендік рәсімделуі тиіс.

Кедендік заңдылыққа сәйкес кедендік бақылау – халықаралық келісім щарттардың кедендік және өзге де заңдылықтарын сақтау, ҚР кедендік органдарына тапсырылғандарды орындауларын қадағалауды қамтамасыз ету мақсатында ҚР кеден органдарының жүзеге асыратын шараларының жиынтығы

Кедендік рәсімдеу – тауарлар мен көлік құралдарын белгілі бір кедендік режимге енгізу әрекеті және осы режим әрекетінің аяқталуы.

Кеден органдарына жүктелген қызметтер жиынтығын игеру үшін ең алдымен кеден шекарасы арқылы СЭҚ қатысушылары тұлғаларының тауарлары мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеу қажет.

Кеден органдары бір жерде, бір органда негізді шешім қабылдау үшін барлық қажетті өткізілетін тауарлар туралы ақпараттарды жинауды жүзеге асыру барысында осы тауарлардың саны мен атауларын құжаттардағы мәліметтермен салыстыру керек, тауарлар туралы мәліметтерді кездейсоқ немесе әдейі өзгертулерді табу, оларды жазып, қателерін түзету және мемлекетке келетін шығынды болдырмаудың алдын алу, кедендік ережелердің тәртібін бұзудың себебін анықтау және жою, оған қатысты тұлғаларға шара қолдану, осы тәртіп бұзушылыққа заңды дәреже беру қажет.

***Кедендік бақылау обектілеріне**:* Қазақстанның кедендік шекарасынан өтетін тауарлар мен көлік құралдары жатады; олар туралы құжаттар мен мәліметтер; осы тауарларға қатысты заңды және жеке тұлғалар, олардың тапсырмалары бойынша әрекет ететін тұлғалар – кеден брокерлері, декларанттар, кедендік тасымалдаушылар және т.б.

Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау ҚР бүкіл кедендік шекарасында, ең алдымен кедендік бақылау аумағында және еркін қоймаларда ұйымдастырылып, жүзеге асырылады.

Кедендік бақылау оның өнімі, сақталуы, сатып алу, сату, тиеу, түсіру, тасымалдау, сақтандыру, пайдалану және т.б. тауар қозғалысының осындай кезеңдеріне қатысты. Бұл тауар шыққан ел туралы мәліметтерді, тауардың кедендік құнын, оның сапасын, ТН СЭҚ-ке сәйкес дұрыс жіктелуін тексеруде жүргізіледі. Көрсетілген мәліметтерді білу мен тексеру Қазақстан заңдылықтары мен халықаралық шарттарды, бекітілген кедендік режимдерді сақтау немесе оларды тауарлар иелерінің немесе өзге біреулердің тауарларды өндіру мен оларды кеден шекарасы арқылы өткізуде не болмаса оларды шығарғанннан кейін пайдалануда тәртіп бұзу мәселелерін шешу үшін қажет

Кедендік бақылау субъектілеріне Қазақстанның кеден органдар жүйесі, кеден шекарасы арқылы тауарлар мен қызметтерді өткізумен бьайланысты СЭҚ қатысушыларымен өзара байланыста өкімет өкілдерінің қызметін атқаратын олардың лауазымды тұлғалары жатады

Кедендік бақылау субъектілерінің СЭҚ қатыушыларының және өзге де тұлғалардың кедендік заңдылықтар талаптарын орындауларын тексеру, осындай тексеру барысында бекітілген деректер бойынша шешімдерді қабылдау мен игеру, дайын үшін ақпараттарты дайындаумен байланысты нақты әрекеттерді жүзеге асыруға белгілі бір құзыреттері (құқықтар жиынтығы, міндеттер мен жүргізу тақырыптары) бар.

Кедендік бақылау субъектілерінің қызметіне, яғни кедендік бақылауға бақылау объектілерін қадағалау шараларының жиынтығы, кеден нормалары мен ережелерін нақты сақтау және бекітілген құқықтық және құқықтық емес әрекеттерін, кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысы бар бақыланатын адамдардың әрекетсіздіктерін реттеу жатады. Осы шаралар жиынтығы нақты жағдайларға байланысты, бірақ жалпы алғанда белгілі бір объектілерге кедендік бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру туралы заңдар мен өзге де нормативті актілерді қолданумен байланысты ұйымдастырушылық-басқару шаралары кіреді.

Кеден органдарының ***ұйымдастырушылық - басқару*** шараларына мыналар жатады:

- кедендік бақылаудың орны мен уақытын анықтау және тауарлар мен көлік құралдарын рәсімдеу;
- тауарларды жеткізу ОТНтары мен мерзімдерін бекіту;
- кедендік бақылаумен жеткізілетін тауарларға теңестіру құралдарын қою;
- кедендік бақылау мен рәсімдеудің технологиялық сұлбаларын дайындау;
- тауарларды өткізуге дауындауда, оларды кеден органдарына ұсынуда, сол немесе өзге кедендік режимге сақтауға қою және т.б. әрекеттерінде туындаған әр түрлі мәселелерді шешім қабылдау;
- осы шешімдерді іске асыру;
- кедендік бақылау, тауарларды өткізуде олардың бекіткен тәртіптерінің сақталуларын тексеруге қатысты тексеру шараларын жүзеге асыру мақсатында кеден органдары қызметкерлерінің СЭҚ қатысушыларымен бірлесе әрекет етулерін ұйымдастыру;
- өткізілетін тауарлар, оларға қатысты адамдар туралы мәліметтер бар құжаттарды тексеру шаралары;
-әр түрлі дәрежедегі өткізілетін тауарлардың, көлік құралдарының өзін нақты қарау, тексеріп қарау сондай-ақ киімінде немесе денесінде контрабанданың қандай да бір заттарын тығып алғаны туралы күдік келтірген адамдарды жеке тексеріп қарау;
- алынған нәтижелер туралы валюталық бақылау субъектілеріне мәлімдеу;
- кедендік рәсімдеу және т.б. кезінде өткізілетін тауарлардың әсер етуімен кедендік режимдердің сақталуын қадағалау.

Ұйымдастырушылық-басқару шараларын жүзеге асыру құқық бұзушылықтарды табу, ескерту, әшкерелеу және жол бермеуді, сондай-ақ кедендік төлемдерді есептеу мен жинау, оларды бюджетке аударудан тұратын фискальды шараларды қамтамасыз ететін құқық қорғау шараларын (әкімшілік-құқықты, әкімшілік- іс жүргізу, қылмысты іс жүргізу, қылмысты-құқықтық, жедел-іздестіру ж.т.б.) жүзеге асыруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Кедендік бақылауды өткізуде мыналарды қамтамасыз ету қажет:

1) сыртқы экономикалық айналымды жеделдетуге септігін тигізетін жағдайларды құру;
2) тауарлар мен көлік құралдарының кеден шекарасы арқылы өткізілу тәртібі;
3) контрабандамен, кедендік ережелер мен салық заңдылықтарын бұзумен күрес жүргізу, сондай-ақ кеден шекарасы арқылы есірткі құралдарын, қару-жарақтарды, жарылғыш заттарды, халықтың көркемсурет туындыларын, тарихи және археологиялық мұраларын заңсыз өткізуді тоқтату;
4) кеден баждарын, салықтарын және өзге де кеден төлемдерін уақытында және толық төлеу;
5) сыртқы сауданың кедендік статистикасы мен Қазақстанның арнайы кедендік статистикасын жүргізу;
6) кеден органдары құзыретерінің шегінде валюталық бақылауды жүзеге асыру;
7) сыртқы экономикалық қызметтердің тауар номенклатурасын жүргізу және т.б.

Тиімді кедендік бақылау мүмкіндігі кеден органдары қызметкерлерінің тауарлар мен көлік құралдарын рәсімдеудегі өз міндеттерін дұрыс орындауының арқасында жүзесе асады.

Осы қызметтің бағытына тиімді құжаттық және нақты кедендік бақылау, сондай-ақ экспорттық, ветеринарлық, экологиялық және өзге де бақылаулар үшін тиісті жағдайлармен қамтамасыз ету; сыртқы сауданың кедендік статистикасын және арнайы кедендік статистиканы жүргізу; тауарлар мен көлік құралдарын өткізуде сәйкес кедендік режимді дұрыс таңдау мен осы режимді сақтау және оны аяқтауда. СЭҚ қатысушыларына көмек көрсету мақсатында мәліметтерді есепке алу мен тіркеу, өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы толық, нақты құжаттық мәлімделінген негізді құру жатады.

2. Кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеуді ұйымдастыру

Кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеуді ұйымдастыру – бұл кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуге байланысты кеден органдарының өткізетін шаралар жиынтығы. Бұл жиынтыққа белгіленген жерлер мен кедендік бақылауға жататын тауарлар мен көлік құралдары болуы мүмкін жерлерде де қамтамасыз етуге кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеуді мүмкіндік беретін кедендік және кеден маңы инфрақұрылымын құрудан тұрады.

Бұдан басқа, кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеуді ұйымдастыруға мынадай мәселерді шешу жатады:

- кеден шекарасын кесіп өтудің нақты жерлері мен уақыты туралы;
- кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеу орны мен уақыты туралы;
- СЭҚ қатысушыларын көздеген экспорттық немесе импорттық операцияларды жүзеге асырулары туралы ескерту тәртібі туралы;
- уақыты, орны, тауарлар мен көлік құралдарын жеткізу, ұсыну және көрсету тәсілдері туралы және кеден орггандарына олардың құжаттарын беру;
- тауарлар мен көлік құралдарын кеден бақылауына алу тәртібі, оларды УСҚ-ға орналастыру туралы ж.т.б.

Кеден органының орналастыру орындарында тауар ағымдарының қарқындылығы мен сипатын, СЭҚ қатысушыларының пайдаланатын түрлері мен санын, сондай-ақ кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеудегі кеден органының бар мүмкіндіктерін (маман, техникалық және өзге де) талдауда: оларды өндірудің технологиялық сұлбалары жасалынады; жұмыс орындарына кеден органдары қызметкерлері қойылады; оларға кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеуді жүзеге асыру бойынша нақты қызметтер мен жұмыс операциялары бөлініп беріледі; олардың арасында өзара іс-әрекеттер ұйымдастырылады; жұмыстың үйлестірілуі мен кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеуді жүзеге асыру барысын бақылау мәселелері шешіледі; осы процеске қатысушыларды ынталандыру.

Сондықтан да кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеуді ұйымдастыру барыншша күрделі, жан-жақты процесс болып табылады. Бұл процестің ерекшелігі төменде сөз етілетін көптеген факторларға байланысты

Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеуді ұйымдастырудың кейбір мәселелерін толығырақ қарастырамыз.

3. Кеден шекарасын кесіп өту орны мен уақыты.

Кедендік заңдылықтар мен ведомствалық нормативті актілермен тауарлар мен көлік құралдарының кеден шекарасын кесіп өту уақыты мен орны, кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеуді жүзеге асыру, сондай-ақ тауарлардың кедендік бақылауда болу уақыты анықталған.

Тауарлар мен көлік құралдары ҚР шекарасын кеден органдарының белгілеген жерлерінен және олардың жұмыс уақытында кесіп өтуге етіледі. Сондай-ақ тауарлар мен көлік құралдары кеден шекарасын өзге жерлермен және жұмыс уақытынан тыс тек олардың келісімімен ғана кесіп өтеді.

Кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеу орындары.

Кеден шекарасын кесіп өтетін жерлерден (өткізу орындарында) кіргізілетін тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылауға қабылданады, ал олар кеден аймағынан тыс жерге әкетілетін кезде кеден шекарасын жеке кесіп өту бақыланады. Кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу декларанттардың таңдау мен қолдану құқығымен кеден режиміне сәйкес өткізіледі. Кеден органына ұсынылған тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау процедурасы кедендік рәсімдеудің негізгі бөліп табылады.

Кедендік рәсімдеу осы үшін белгіленген жерлерде, тауарларды жіберуші немесе алушысы бар кеден органы қызметінің аймағында не болмаса олардың құрылым бөлімшелерінде, кеден органының жұмыс уақытында жүргізіледі. Сонымен бірге кеден

органының келісімімен өтініш бойынша және мүдделі адамның есебінен осы адам бар қызмет аймағында да кедендік рәсімдеу өзге жерлерде, осыған келісім берген кеден органының жұмыс уақытынан тыс та жүргізіле береді.

Тауарлар мен көлік құралдарын жеткізу мен ұсыну орындары.

Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау мен шығарғанға дейін сақтау не болмаса таңдап алынған кеден режиміне сәйкес тұлғаның билік етуіне ұсыну мақсатындағы кеден органына ұсыну орны кеден органдарының немесе заңды тұлғалардың құрған уақытша сақтау қоймалары болып табылады. Қазақстанның Кеден Комитетіне тауарлардың жеке категорияларын кендендік рәсімдеуді тек белгілі бір кеден органдарының орындау тәртібін бекіту құқығы берілген. Мысалы, мынадай тәртіп еркін айналым үшін әкелу режиміне қойылған ішімдікті сусындарға (кодтар ТТ СЭҚ 2203-2208) және темекі өнімдеріне (код ТТ СЭҚ 2402) бекітілген. Бұл жерде ішімдікті сусындар мен темекі өнімдері оларға сәйкес акцизді маркалары болғанда ғана және шекараның Мемлекеттік кеден комитеті белгілеген өткізу орындары арқылы ғана әкелінеді, ал кендендік рәсімдеуге ҚР КК белгілеген сәйкес УСҚ –ға (кендендік терминал) жеткізіледі.Тауарлар мен көлік құралдарының кеден аумағына келу мен жеткізілу орны кеден заңдылықтарына сәйкес тек уақытша сақтау қоймасы болып табылады. Бұл талап өткізу орындарындағы кендендік рәсімдеу жағдайларына қойылады. Сондықтан да кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды қабылдау, тиеу, түсіру және беруді жүзеге асыратын халықаралық қатынастарға арналған әуе жайлар мен порттарда, жүк аулаларында, қоймаларда, темір жол бекеттері алаңдарында, мемлекеттік немесе кеден шекарасы арқылы халықаралық автомобиль қатынастары өтетін өткізу орындарында міндетті түрде уақытша сақтау қоймалары болуы керек.

Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау қоймаларындағы үй-жайлар өткен негізгі кендендік рәсімдеуге жататын алдын-ала операцияға, яғни олардың декларациялануына және оларға белгілі бір кеден режимін қолдануға жатады. Алдын ала операциялар осы әрекеттерді жеңілдетіп, жылдамдатуға ыңғайластырылған және тиым салынған тауарлар мен көлік құралдарын әкелу мен әкетуді, сондай-ақ кендендік мақсаттарға оларды теңестіруді болдырмауға ОТНталған

Тауарлар мен көлік құралдары оларды кеден органдарына ұсынған кезден бастап автоматы түрде уақытша сақтауда тұру мәртебесіне ие болады. Әкелу кезіндегі ұсынуға тасымалдаушының немесе олардың өкілетті тұлғасының шекаралық кеден органына тауарлар мен көлік құралдарының кеден аумағына не болмаса жеткізілу орнына (кендендік бағыттағы) келгені туралы хабардар ету жатады. Тауарлар мен көлік құралдарын әкетудегі ұсынуға кеден органының кендендік декларацияны жөнелтуді қабылдауы не болмаса кеден органының хабардар етуіне олардың жеткізілу орнына келгендігі туралы белгілеуі жатады.

Көлік құралдары олармен бірге тасымалданған тауарлар құрамында декларацияланатын болғандықтан, олардың кендендік рәсімделуі тааварларды кендендік рәсімдеу орындарында жүргізіледі. Кендендік шекарада тікелей кендендік рәсімдеуге жолаушыларды тасымалдап келе жатқан өзен, теңіз және әуе кемелері жатады. Оларды декларациялау кеден органына осы көліктің мемлекеттік тіркеуден өткенін және оны жүргізу құқығын растайтын көлік құжаттарын көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Кеден заңдылықтарына сәйкес кеден шекарасын кесіп өту орны мен тауарлар мен көлік құралдарын кендендік рәсімдеуді жүзеге асыру орны көлік құралдары мен тұлғаларды, оған қоса өзге мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларын кендендік бақылау аймағы болып табылады, осындай аймақтар шекарасы арқылы және олардың шегінде кеден органының рұхсаты мен олардың бақылауында ғана рұхсат етіледі.

4. Тауарлар мен көлік құралдарын кендендік бақылауды ұйымдастырудың типтік сұлбасы.

Кедендік бақылау барысындағы кеден органдарының жүзеге асыратын шаралары барынша тиімді нәтижелерге жету мақсатындағы бақылаудың бүкіл қатысушылары арасында өзара әрекет етуді жетілдіруге бағытталған процестер мен әрекеттердің жиынтығы арқылы іске асады. Бұған тек осындай бақылауды дұрыс ұйымдастыру арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Кедендік бақылауды ұйымдастырудың ең бірінші міндеті кеден шекарасы арқылы тауарлар мен жеке тұлғаларды өткізуге уақытты қысқарту мақсатында кеден жүйелері мен ішкі экономикалық байланыстар қатысушыларына, барынша қарқынды ішкі экономикалық қызмет орындарына жақын олардың құрылым бөлімшелерін ұйымдастыру болып табылады. Кеден мен кедендік қызмет орындарында кедендік бақылау мен рәсімдеуді жүзеге асыруға тура келеді. Сондықтан да мақсатты, қағидаттарды, негізгі бағыттарды көрсететін кеденнің (кедендік қызмет орнының) тиімді құрылымын анықтаумен байланысты кеден органдары арасындағы мәселелерді шешу – бұл кедендік бақылауды ұйымдастырудың екінші бір маңызды міндеті.

Кедендік бақылауды ұйымдастырудың тағы бір бағытына осы процеске ішкі экономикалық қызметтің, көлік пен байланыс кәсіпорнының, басқа да құқық қорғау органдарының, Қазақстан Республикасы субъектілерінің атқарушы органдары қатысушыларын қосу жатады. Бұл жерде кеден брокерлері, кеден тасымалдаушылары, уақытша сақтау қоймалары мен кеден қоймаларының иелерінінің қайсының тікелей қатысы кеден операцияларын жүзеге асыруда кедендік бақылауды барынша жеңілдетіп және жылдамдатаса, сондай-ақ уақытты, күш пен керек-жарақты үнемдей алса, сол айрықша роль атқарады.

Сондықтан да тауарларларды, көлік құралдарын және жеке тұлғаларды кеден шекарасы арқылы өткізуде барлық қарастырған және өзге де ұйымдастыру мен практикалық шаралардың келісімдеріне қол жеткізу жолымен тиімді кедендік бақылауды ұйымдастыру үшін жағдайлар туады.

Аймақтағы кедендік бақылауды ұйымдастыру:

1) кеден органының тиісті жұмыс көлемін (кеден органы аймағындағы кедендік бақылауға жататын тауарлардың, көлік құралдары мен тұлғалардың, сыртқы экономикалық қызметтің нақты қатысушыларының саны) анықтаудан;
2) кедендік бақылау мен рәсімдеудің орнын бекітуден, олардың арасында КБ (кедендік бақылау) мен КР (кедендік рәсімдеу) жұмыс көлемдерін бөлуден, осы әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды туғызудан;
3) кеден органының сан құрамы мен тиімді құрылымын жасаудан;
4) мамандарды таңдау мен оқытудан;
5) материальды-техникалық негіз құрудан;
6) кеден органының ішңнде де, кеден аралық және кеден маңындағы салаларда да байланыс пен өзара әрекет етуді жасаудан;
7) кедендік бақылауды жүзеге асыратын және осы процеске қолдау көрсететін кеден органының барлық қызметтерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуден тұрады.

Кедендік бақылауды ұйымдастырудың типтік сұлбасы кеден органдары қызметтерінің, кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуге қатысы бар өзге де кәсіпорындар мен ұйымдардың өзара әрекет ету жүйесін бейнелейді. Тауарларды әкелу мен адамдардың келуі мынадай шаралардан тұрады:

1) тауармен және көлік құралдарымен кеден шекарасынан өту туралы кеден органының хабардар етуі, ал сәйкес жағдайда – кеден шекарасынан өтетін адамдардар туралы кеден органының хабарламасын қабылдауы;
2) кеден органына таарларды, көлік құралдарын, олардың құжаттарын, сәйкес жағдайларда адамдардың да құжаттарын көрсету;
3) кедендік бақылауға тауарларды, көлік құралдарын және олардың құжаттарын рәсімдеуге қабылдау, кедендік ережелермен анықталған жағдайларда –

тауарларды, көлік құралдарын теңестіре таңдай отырып немесе толықтай тексеріп қарау, сондай-ақ қайта тексеріп қарау;

4) ережелермен шартталған жағдайларда тауарларды, көлік құралдарын және олардың құжаттарын кеден бағытына жеткізуді рәсімдеу жағдайында;

5) кеден бағытында тауарларды, көлік құралдарын және олардың құжаттарын жеткізуді бақылау;

6) жеткізілген тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылауда кеден бағытына қабылдау;

7) тауарларды, көлік құралдарын, олардың құжаттарын жеткізу (жеткізбеу) туралы кедендік жөнелтудің хабарламасы;

8) Уақытша сақтаудағы (кеден қоймасындағы) тауарларды қоймаға орналастыру;

9) Кеден органының кеден декларациясын қабылдауы;

Кеден органының кеден декларациясын қабылдағаннан кейінгі тауарды кедендік бақылау мен рәсімдеуі;

10) Кедендік рәсімдеуді және оның нәтижелеріне сәйкес шешімдерді қабылдауды аяқтау;

Келтірілген сұлбаны кедендік бақылауды ұйымдастыру бағытының кілті ретінде қарастырған жөн. Өз кезегінде әрбір бағыт нормативтік құжаттарға сәйкес жеткілікті түрде көптеген операцияларды қарастырады. Тауарларды, көлік құралдарын әкету мен адамдардың кетуінде кедендік бақылау операцияларының жүйелі реті өзгереді, дегенмен де бұл кедендік бақылауды ұйымдастырудың қағидатты сұлбасына аса әсер ете қоймайды.

Кедендік бақылауды ұйымдастырудың типті, қағидатты сұлбасын жетілдірудің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

1) тауарлар мен көлік құралдарын тексеріп қарау мерзімін қысқартып, тексеріп қарау сапасын көтеру;
2) кедендік төлемдерді төлеу мерзімдерін қысқарту;
3) кеден әрекеттеріндегі құжаттық рәсімдеуді жетілдіру;
4) елдің экономикасы мен жалпы қауіпсіздігіне шығын келтіруге ескерту жасау;
5) өткізілетін тауарлар мен адамдардың категорияларына қарай тиімді технологияларды жасау арқылы бақылауды жүзеге асыруға кететін шығындарды азайту;
6) тауарларды толық көлемде кедендік рәсімдеу орнына жеткізуді қамтамасыз ету;
7) тасымалдау процесінің үздіксіздігі мен көлік ккұралдарының тұрып қалуын қысқартуды қамтамасыз етуді есепке ала отырып, тиімді кедендік бақылау мен тауарларды рәсімдеуді қамтамасыз ететін бірлескен технологияларды жасау арқылы көлік мекемелерімен бірге әрекет етуді жақсарту;
8) кеден қызметінің өзге құқық қорғау органдарымен бірлесе әрекет етудегі негізгі ОТНтарын жетілдіру бойынша шараларды дайындау мен енгізу;
9) тауарлар мен көлік құралдарын заңсыз өткізуге бағытталған бақылауды жетілдіру.

Жоғарыда айтылғандардан кедендік бақылаудың ұйымдастырушылық құрылымын жетілдіргенде ғана осы процесті жүзеге асыратын әрбір телімде тұтастай кеден жүйесі қызметінің жоғарғы нәтижесін қамтамасыз етуге болады.

5. Алдын-ала шешімдер

Бекітілген тәртіпке сәйкес және тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасынан өткізу жағдайларына байланысты кедендік рәсімдеу процесінің екі кезеңі бар.

Кедендік бақылауды жүзеге асыру процесіндегі алдын-ала қолданылатын операциялардың бағытын, мазмұны мен тәртібін қарастырамыз.

Кеден органдарының атқаратын ең маңызды қызметтерінің бірі ҚР кеден шекарасы арқылы тауар айналымын жылдамдатуға септігін тигізетін жағдайларды құру болып табылады.

Бұл үшін осы әрекеттерді өткізуге уақыт нормативтері белгіленген. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеу кеден органының лауазымды тұлғасы осы әрекетті жүзеге асыруға өзінің дайын екендігін мәлімдегеннен бастап 30 минөттен кешіктірілмеуі керек. Сонымен қатар кедендер мен кедендік қызмет орындарына кедендік рәсімдеуді келесі күннің аяғына дейін аяқтаулары тиіс.

Осы мақсаттарда кеден органына тауарлар мен көлік құралдарын ұсыну мерзімінің шектері бекітілген.

Мысалы, декларацияны тапсыру мерзімі кеден органынан тауарлар мен көлік құралдарын ұсынған сәттен бастап 15 күннен асып кетпеуі керек. Бос көлік құралдары мен жолаушылар тасымалдайтын көліктер кірерде де, шығарда да кеден шекарасынан өткеннен кейін үш сағаттан кешіктірмей декларациялануы тиіс. Жеткізу орындарында тауарлар мен көлік құралдарын ұсыну уақыты бекітілген. Ол кеден органының ххабарламасында тасымалдау уақытының уақыты 30 минөттен кешіктірілмеу керек делінген.

Кеден ісіне қатысты негізгі кедендік рәсімдеуден, кедендік заңдылықтардан өткен барлық іс-әрекеттер алдын-ала жүргізілетін операцияларға жатады.

Негізгі рәсімдеуден өткен алдын-ала операциялар негізгі кедендік рәсімдеу мақсаттары үшін алуан түрлі, маңызды және қажетті.

Олардың ішінде барынша типтілері мыналар:

- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруда қожалық етуші субъект ретінде және кеден органдарына тиісті құжаттарды ұсынуды алу үшін тұлғаның тіркелуі;
- СЭҚ қатысушыларының лицензия мен мемлекеттік органдарға сәйкес өзге де рұхсат етілетін құжаттарды алуы: келісім шарттың төл құжаттары; кеден төлемдерінің төленгендігін растайтын немесе оған кепілдік беретін құжаттар; көлік құралдарының (контейнерлердің) тауарлы кедендік бақылаудан өткізуге жарамдылығы туралы куәлік; тауарлы көліктік және тауар жолдамалы құжаттар;кеден органдарының жіктеулік шешімдері; тауарлардың шыққан жерлерінің сертификаттары; кедендік мақсаттарға қажетті өзге де құжаттар.
- кедендік шекарадан өту туралы немесе тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасынан тыс жерге алып шығу туралы хабарлама;
- кеден органынан қажет жағдайда кеден төлемдерін төлегендігі немесе қажетті соманың кеден органын депозитіне аударылғандығы туралы үшінші бір адамның кепілдігін көрсету;
- жеткізу, тасымалдау, декларациялау және көлік экспедициясы шарттарына отыру;
- теңестіру мақсатында тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу;
- кеден органдарына уақытша және қысқаша декларацияларды ұсыну;
- тауарларды уақытша сақтау қоймаларына орналастыру;
- кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуді көздеген барлық өзге де іс-әрекеттер.

Айтып кеткендей, алдын-ала кедендік рәсімдеу кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын ді жылдамдатуға, тиым салынған тауарларды әкелу мен әкетуді болдырмауға, сондай-ақ оларды кедендік мақсаттарда теңестіруге бағытталған.

Кедендік бақылауға қол жеткізу мақсатындағы өз құзыреттері аясында тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы өткізуге қатысы бар барлық күштердің бірігуі – негізгі кедендік рәсімдеуден өткен алдын-ала жүргізілетін операциялардың негізгі міндеті.

Бұл процесте кеден органдары шешуші міндетті атқарады. Бұған кеден органдары СЭҚ қатысушыларына ақпараттар беру мен кеңес беруге құқылы, оның қатарында кеден ісі бойынша өз күшіндегі нормативті актілер де бар. Өз кезегінде мүдделі адамдар да кеден органдарынан тиісті ақпараттар мен кеңесті алуға құқылы. Тиісті кеден органымен алдын-ала және негізгі кедендік рәсімдеудің орны, уақыты мен тәртібі және алдын-ала рәсімдеу кезеңінде туындаған өзге де мәселелер туралы келісу декларанттың не кеден брокерінің,

тасымалдаушының (көліктік-экспедиция ұйымының) және тікелей кеден органының құзыретіне жатады. Алдын-ала жүргізілетін операцияға қатысушы барлық адамдардың бірлескен әрекетінде тиімділікке қол жеткізуге болады.

Алдын-ала операциялардың алдын-ала рәсімделуге қатысы бар және кендендік бақылауда тұрғандарды жеткізуді жүзеге асыратын көлік және экспедиторлық ұйымдармен байланысты бір бөлігі декларант немесе кеден брокері арқылы іске асады. Бұл қатысу олармен отырған тиісті шарттарда (тасымалдау, көлік экспедициясы) алдын-ала операцияларды жүзеге асыруда оларды не арқылы тартуға болатындығы көрсетіледі.

Міне осы мән-жайлардан кеден органдарының кеден органына тиісті кендендік бақылауды жүзеге асыратын аймақта декларанттармен (кеден органдарымен) тығыз бірлесе әрекет етудің қажет екендігі көрінеді.

Алдын-ала операциялар қатарына нақты мән-жайларда туындайтын, оларды қолдануға байланысты алға қойылған айрықша тапсырманы іске асыру реті жатады.

Ең алдымен, бұл мән-жайлар кендендік бақылауға алатын кеден жөнелтуі оларды жеткізу туралы шешім қабылдаған кезде тауарлар мен көлік құралдарын әкелуде пайда болады.

Мұндай жағдайларда кеден органында тасымалдаушы не оның көлік құралы жеткізу процесінде тауарлар мен олардың ққұжаттарының сақталуына кепілдік Бере алмайтын жөнелтуге негіз бар кезде, кеден органы осындай кепілдіктермен қамтамасыз етуге және тасымалдаушыдан оны орындауға талап етуге тиісті шешімдер қабылдауға құқылы:

- ондағы тауарларға тиісу мүмкіндігінен басқа көлік құралынына тиісті жабдықтар бойынша;
- кеден органдары лауазымды тұлғаларының көлік құралдарын, тауарлар мен олардың құжаттарын бірге алып жүруі туралы;
- кеден тасымалдаушысының не жауапкершілік шартына отыру немесе кеден органы депозитіне тиісті төлемдерді аудару арқылы банк кепілдіктерімен кендендік төлемдердің төленуін қамтасыз ету шартымен тауарлар мен олардың құжаттарын тасымалдау туралы.

Тауарларды кендендік бақылауда жөнелтілетін кеден органынан белгіленген кеден органына дейін жеткізу мақсатында бекітілген кендендік заңдылықтардың талаптары міндетті болып табылады. Тауарларды әкелу мен әкетуде оларды қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер ең алдымен аумаққа әкелінетін тауарларға қатысты.

ҚР аумағына әкелінетін және кендендік бақылауға кабылданған тауарлар кеден шекарасынан өткеннен сәттен бастап, кендендік бақылауда болады және негізгі кендендік рәсімдеуден өтетін уақытша сақтау қоймасына (УСҚ) жеткізілуі тиіс. Шекаралық кеден органының негізгі кендендік рәсімделуіне жататын тауарлар, яғни еркін айналым үшін шығарылымның кендендік режиміне сәйкес ішкі нарықта өткізілетін тауарлар немесе алушылары шекаралық кеден органы аймағындағы тауарлар шекаралық УСҚ-ға жеткізілуі тиіс.

Әкелінетін тауарлар шекарада негізгі кендендік рәсімдеуге жатпайтын немесе қандай да бір себептермен УСҚ бар шекаралық кеден органында рәсімделмеген жағдайларда олар осындай тауарларды алушылардың орны бойынша УСҚ-ға жеткізіледі.

Кендендік бақылауда жеткізу әрекетінің мәні тауарларды, көлік құралдарын және олардың құжаттарын тиісті кендендік жолдау құжаттарын рәсімдеуді қолдана отырып, жеткізуді бақылау құжаты (ЖБҚ) деп аталатын осы құжатпен бірге жеткізуді жүзеге асырудан тұрады.

Әкелінетін тауарларды жеткізу әрекеті кендендік бақылаудан шығатын міндеттердің жиынтығын іске асыруды қамтамысыз етуден тұрады. Оның қатарында негізгі кендендік рәсімдеу кезінде тауарларға салынатын салықтарға жататын барлық бекітілген төлемдерді төлеу де бар.

Кендендік төлемдердің құрылымы кеден органына тек негізгі кендендік рәсімдеу кезеңінде декларациялау арқылы тауар қойылатын кендендік режимге байланысты. Тауарлы көліктік және тауарлы жолдамалық құжаттардағы тауардың құндылық сипаттарын кеден

органдары тауарларды кедендік шекарадан өткізумен байланысты кеден органдарына төлеуге тиісті кедендік төлемдердің барлық түрлерін есептеудің негізі болып табылатын кедендік құнды анықтау үшін ресми деректер ретінде қарастырмайды.

Кедендік бақылаумен жеткізуге негізгі кедендік рәсімдеу аяқталғаннан кейінгі тауарлар мен көлік құралдары да жатады. Дегенмен де бұл жағдайда негізгі кедендік рәсімдеудің аяқталғанына қатысты тауарлар жеткізілетіндіктен, кедендік бақылаумен жеткізу әрекеті алдын-ала жүргізілетін операцияға жатпайды. Сондай-ақ ҚР кедендік аумағынан тыс жерге әкетуге бағытталған тауарларды УСҚ-на жеткізу алдын-ала жүргізілетін операцияға жатпайды және ол кеден органдарының қатысуынсыз, яғни кедендік бақылаусыз жүзеге асырылады.

Экспорт кезіндегі алдын-ала жүргізілетін операциялардың түрлері мен мазмұны бұл туралы кеден органының хабарламасында көрсетілген тауарлар мен көлік құралдарын әкелуді жүзеге асыру қажеттілігінен шығатынын еске саламыз.

Әкелінетін тауарларға қатысты ЖБҚ-ны пайдаланудың ерекшелігі барлық қажетті ақпараттың жүктің кедендік декларациясында (ЖКД) екендігінде. Бұл жерде экспорт режиміндегі тауарларға қатысты ЖБҚ қолданылмайды.

Кедендік бақылаумен жеткізуге мыналардың жататынын айта кеткен жөн:

а) егер де әкелінетін тауарлар мен көлік құралдарын кеден органында, оларды ҚР кеден аумағына әкелу орны немесе еркін кеден аумағынан әкелу орны және еркін қоймалардан ҚР негізгі кеден аумағына әкелу орны бар қызмет аймағында белгілі бір кедендік режимге қоюға мүмкін болмаса;

б) кедендік баждар мен / немесе тиісті салықтарға жататын шетелден әкелінетін тауарлар мен көлік құралдарын еркін айналым үшін және оларды еркін айналымға шығару кезінде кедендік органдардың кедендік төлемдерді өтемеулеріне қатысты шығарылымның кедендік режиміне қою барысында;

в) ҚР аумағынан әкетілетін шетелдік тауарларды қайта өңдеу өнімдері;

г) қоймалар арасында орналастырылған тауарлар мен көлік құралдары;

Кедендік органдар арасында орналастырылғанды жеткізу үшін тауарларды жөнелту мен белгілеу олардың арасында осы үшін қарастырылған құжаттарды айырбастау арқылы ЖБҚ, жеткізуді растайтын куәлік, немесе ЖКД кітапшаларынан алынатын парақтар қандай болуы керекті бақылаумен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар алдын-ала жүргізілетін операциялармен бірге негізгі кедендік рәсімдеуден өткендерден кеден органдары қызметтерінің алдын-ала шешім қабылдауы сияқты бағыты көрінеді. Алдын-ала жүргізілетін операциялар сияқты осындай шешімдерді қабылдау кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты тиісті заң актілерін қолдану мен орындауды қамтамасыз етуге бағытталған. Алдын-ала шешімдерді алдын-ала жүргізілетін операцияларды жүзеге асырумен бірге қабылдаудың тікелей байланысы кеден органының тиісті шешімді қабылдауы мен оны тиісті құжаттық рәсімдеу қажеттілігінен тұрады.

Алдын-ала шешімдер ең алдымен ҚР экономикалық мүдделерін қорғауға бағытталған, сондай-ақ фискальды қызметтерді атқарып, тауарлардың қай елден шыққанын анықтаудан тұрады.

Осы салада заңсыз әрекеттерді болдырмау мен анықтау мақсатында кеден органдарының СЭҚ ТН-на қатысты тауарларды жіктеу, оларды шығарған елдер, кеден құны, кедендік төлемдердің туралы және нақты бір тауарға немесе нақыт бір шараушылық операциясына қатысты кеден ісі бойынша актілерді қолдану жөніндегі өзге де мәселелер бойынша алдын-ала шешім қабылдаулары кедендік заңдылықтармен қарастырылған.

Тауарларды жіктеуге, оларды шығарған елдерге, кеден төлемдерінің жіктемесіне қатысты алдын-ала шешімдерді қабылдау Мемлекеттік кеден комитетінің, аймақтық кеден басқармасының, сондай-ақ Мемлекеттік кеден комитеті белгілеген жеке кедендердің құзыреттеріне жатады.

Сондықтан да алдын-ала операциялар сияқты алдын-ала шешімдер де негізгі кедендік рәсімдеуге дейін жүзеге асырылады және дайын болып табылады, бірақ ең бастысы оны өткізу.

6. Кедендік рәсімдеуді ұйымдастыру

Кедендік рәсімдеу СЭҚ қатысушыларының міндетті түрде декларациялау туралы (декларанттаң кеден шекарасы арқылы өткізілетін таарлар мен көлік құралдары туралы кеден органына өтініші) заңдылықтар талаптарын орындауға негізделеді.

Декларациялау кеден органына ауызша, электронды немесе жазбаша бекітілген түрде (декларация) өтініш, кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылауға қажетті өзге де құжаттар мен мәліметтерді ұсынуда көрінеді.

Тауарлар мен көлік құралдарын әкелу, әкету және транзит барысында декларанттар тап болатын әр түрлі жағдайларға байланысты декларациялау процесі мазмұнына, уақыт аралықтарына ж.т.б. қарай, және декларанттың таңдаған кедендік режиміне байланысты нысаны бойынша ерекшеленуі мүмкін. Осыған сәйкес кедендік рәсімдеу процесі де әрбір нақты жағдайда ерекше болады, дегенмен де жалпы жағдайда - тауарлар туралы мәліметтерді құжатқа жазуда, кеден шекарасы арқылы өткізу туралы қабылдаған шешімдерде, одан әрі қарай оларды бақылау немесе еркін айналымға шығаруда оның мәні өзгермейді.

Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеу келесі әрекеттерден тұрады:

- декларанттан құжаттарды тіркеу мен есепке алуға жататын ауызша өтініш алу немесе кедендік мақсаттар үшін қажетті барлық мәліметтер тауарлар мен көлік құралдарының өлшемдері бар олардың электронды көшірмелерін алу және оларды), декларанттың көрсеткен кедендік режимін қолдана отырып өткізу (көліктік, тауар жолдамалы, өзге де коммерциялық құжаттар, кедендік жүк декларациясы немесе қысқаша декларация)
- кедендік декларацияға және өзге де құжаттарға әрбір кедендік режим үшін бекітілген тәртіпке сай анықталған мәліметтерді, кеден органы лауазымды тұлғасының қолы мен оның жеке нөмірлі мөрімен осы мәліметтерді куәландыруды енгізу;
- әр түрлі құжаттарды толтыру (жеткізуді бақылау құжаты ж.т.б.);
- қабылдауды, УСҚ –ға келгенді есепке алу және тауарларды беру;
- құжаттарда тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеудің аяқталуын растау.

Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеу екі түрлі қызметті атқарады, және сонымен бірге олар өзара тығыз байланысты, олар бірге қатар жүреді, көбінесе бір уақытта өтеді. Бұл процестер осы бөлімнің келесі тақырыптарында барынша нақтырақ қарастырылатын болады. Мұндай нақтылықты тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеуді ұйымдастырудан бастаймыз.

7. Тауарлар мен көлік құралдарын әкелу мен әкетуге тиым салу мен шектеу

Халықаралық және қазақстандық тәжірибеде заңды және жеке тұлғалар тауарлар мен көлік құралдарын әкелу мен әкету құқығынан айрылуы немесе заңда бекітілгеннен басқа жаңдайларда шектелуі мүмкін емес.

Кеденнен тауарлар мен көлік құралдарын өткізетін барлық адамдар үшін тауарлар мен көлік құралдарын әкелу мен әкетуге тиым салу мен шектеуді енгізу, сондай-ақ белгілі бір адамдар үшін тауарлар мен көлік құралдарын әкелу мен әкетуге тиым салу мен шектеу жалпы мемлекеттік шараларға жатады. Тиым салу мен шектеу жеке елдерге қатысты да енгізілуі мүмкін.

Қазақстанның ұлттық мүдделерін, сондай-ақ халықаралық шарттар негізінде мемлекеттік заңдылықтармен тауарлар мен көлік құралдарын, интелектуалдық іс-әрекеттің

нәтижелерін әкелу мен әкетуге тиым салынуы мүмкін, оның қатарында оларға деген ерекше құқықтар да бар.

Қазақстандық заңдылықтарға сәйкес мүндай ұлттық мүдделерге мыналар жатады:

1) мемлекеттік қауіпсіздікті қорғау;
2) қоғамдық тәртіпті, тұрғындырдың адамгершіліктерін, адамдардың өмірі мен денсаулықтарын қорғау;
3) жануарлар мен өсімдіктерді қорғау;
4) табиғатты қоршаған ортаны қорғау;
5) Қазақстан мен шет елдердің көркем және археологиялық халықтық мұраларын қорғау;
6) меншік құқықтарын, соның ішінде интелектуальды меншіктерді қорғау;
7) тауарларды әкелетін қазақстандық тұтынушылардың мүдделерін қорғау;
8) қазақстандық құқық нормалары мен халықаралық шарттарды қорғайтын елдің өзге де мүдделері.

Оған мысал ҚР-ның 1993ж 21маусымындағы № 5485-1 «Мемлекеттік құпия туралы» заңына сәйкес 1995 ж 30 қарашада ҚР Президенті қол қойған «Мемлекеттік құпияға жататын мәліметтер тізімін бекіту туралы» № 1203 Бұйрығына сілтеме жасауға болады.

Әкелуге тиым салынатын тауарларға мыналар жатады:

1) түрлі әскери үлгідегі қарулар және оның оқ-дәрілері;
2) есірткі және психотропты заттар, сондай-ақ опия мен гашишті шегуге арналған құрал-жабдықтар;
3) мемлекеттік құрылысты, аумақтық тұтастықты, мемлекеттік тәуелсіздікті бұзуға, жауыздықты насихаттауға, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық және діни қақтығыстарды қоздыруға бағытталған, сондай-ақ порнографиялық және тұрпайы-эротикалық мазмұндағы материалдар;
4) көму, жою мақсатында ҚР аумағына әкелінген тауарлар, қауіпті радиоактивті немесе химиялық қалдықтар;
5) көгалды құртатын заттар мен оларды құрайтын өнімдер.

Қазақстан Республикасынан әкетуге тиым салынатын тауарлар:

1)) түрлі әскери үлгідегі қарулар және оның оқ-дәрілері мен әскери қару-жарақтар;
2) есірткі және психотропты заттар;
3) жойылған құнды қағаздар;
4) өнер шығармалары мен көне бұйымдар, маңызды көркем, тарихи, ғылыми және өзге де мәдени құндылығы бар интелектуальды іс-әрекеттің нәтижелері;
5) Қазақстанның мүддесіне, сондай-ақ азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін мәліметтері бар материалдар;
6) киіктің, маралдың, ала бұғылардың, ірі бұғылардың мүйіздері, сондай-ақ ала бұғылардың терілері.

Дегенмен де 1 және 2 тармақтардағы тауарларды әкелу, сондай-ақ 1,2,4 және 6 тармақтарда көрсетілген тауарларды әкету ҚР заңдылықтарында бекітілген тәртіппен рқхсат етілуі мүмкін.

Көркем, тарихи, ғылыми және өзге де мәдени құндылығы бар заттарды әкету «Мәдени құндылықтарды әкелу мен әкету туралы» 1993ж 15 сәуірде шыққан ҚР заңына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл заттар шет елге оларды кеден шекарасы арқылы өткізу үшін тиісті органдардың берген куәліктерімен әкетілуі мүмкін. Халықаралық міндеттемелермен шартталған жағдайларда Қазақстан нақты бір елмен немесе елдер тобымен СЭҚ-ті жүзеге асыруға жалпы тиым салуға құқылы, нәтижесінде Қазақстанға және осы елдерге (елге) және кері бағытта да тауарлар мен көлік құралдары өткізілмейді. Мұндай жағдай мысалы, БҰҰ Қауіпсіздігі Комитеті қарарына сәйкес бұрынғы Югославия аумағында құрылған мемлекеттерге қатысты эмбарго енгізілген кезде болды.

Тауарлар мен көлік құралдарын әкелу мен әкетуді шектеуге келетін болсақ, онда олар мемлекеттің жүргізетін экономикалық саясатында тікелей еқоініс табады және оның мақсаттары мынадай:

1) ҚР халықаралық міндеттемелерді орындауы;
2) Қазақстан тәуелсіздігінің экономикалық негізін қорғау;
3) Ішкі тұтынушылық нарықты қорғау;
4) Кемсіту немесе өзге де отандық мүдделерге, шет мемлекеттердің акциялары мен олардың одақтарына қайтарлыған жауап ретінде қарама-қарсы әрекет;
5) СЭҚ масштабтарын қысқарту;
6) өзге де жеткілікті негіздерде таурлар мен көлік құралдарын әкелу мен әкетудә шектеу.

Мүндай шектеулерге әлемдік тәжірибеде кеңінен тараған өнімді сертификаттау жүйесі мысал бола алады. Олар мынадай міндеттерге қол жеткізуге бағытталған:

1) Қазақстанның бүртұтас тауар нарығында, сондай-ақ халықаралық экономикалық, ғылыми-техникалық ынтымақтастықта және әлемдік саудада кәсіпорынның қызметі үшін жағдайлар тудыру;
2) өнімді құзырлы таңдауда тұтынушыларға қолдау көрсету;
3) тұтынушыны адал емес өндірушіден, сатушыдан, орындаушыдан қорғау;
4) өнімнің қоршаған орта мен азаматтардың өміріне, денсаулықтары мен мүліктеріне қауіпсіз болуын қадағалау;
5) өндірушінің берген өнім сапасы көрсеткіштерін растау;

Мысалы, міндетті түрде сертификатталуы тиіс тауарлар тізімі Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелінген кезде Қазақстанның КБ(кедендік бақылау) келісімі бойынша Мемлекеттік стандарт органдары мен КК сертификатымен бекітіледі. Мұндай тізімдегі тауарларды Қазақстан Республикасының кеден органдары кеден аумағына әкелген кезде сертификация жүйесінің ережелері бойынша берілген сәйкестік сертификациясын көрсетуі тиіс. Сәйкес тауарларды әкелу мен әкету мүмкіндіктері туралы жағдайларды меңгеру мен шешім қабылдаудан және рұхсат етілетін құжаттарды беруден тұратын бақылаудың мұндай түріне көптеген мемлекеттік органдар қатысады.

Олардың қатарында, жоғарыда атап кеткен –ҚР өнеркасіп мен сауда Министірлігі, ҚР валюталық және экспорттық бақылау Департаменті, ҚР атом энергиясы Министірлігі, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы үкімет байланыстары мен ақпарат Департаменті және басқалары.

Кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші адамның негізгі міндеті кеден органдарына уақытында тиісті түрде рәсімделген құжаттарды алу мен көрсету.

8. ЕАЭЫ қатысушылары-мемлекеттері мен Кедендік Кеңес тауарларын бақылауды ұйымдастыру.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылғаннан кейін ҚР мен ТМД-нің (қазіргі уақытта ЕАЭЫ) қатысушы-мемлекеттері арасында осы мемлекеттердің кеден қызметтері арасында ынтымақтастықты кеңейту мен тереңдетуге бағытталған келісім жасалынды.

Еркін айналым үшін (темір жол көліктерімен әкелінетіндерді, сондай-ақ арнай акцизді таңбамен таңбалануға жататын тауарларды қоспағанда) шығарылымның кеден режиміне сәйкес әкелінетін ТМД мен Кеден одағына қатысушы-мемлекеттер тауарларына қатысты кедендік бақылау мен рәсімдеуді әдетте тауарларды ҚР кеден аумағына әкелу орындарында (өткізу орындарында) кеден органдары жүргізеді. Кеден режимі мен тасымалдау тәсіліне қарамастан бұл жерлерде егер де тауарларды өткізетін адам кеденннің өткізу орны қызметі аймағында болса, онда тауарлар кедендік бақылау мен рәсімдеуге жатады.

Өткізу орындарында тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен рәсімдеу олар келгеннен және кеден органына көрсеткеннен кейін көп кешіктірмей ең қысқа уақыт

ішінде жүргізіледі. Кедендік бақылау екі кезеңде жүргізіледі: құжатты бақылау, қарау және тауарлар мен көлік құралдарын жекелеп қарау

Егер де қандай да бір себеппен өткізу орнында тауарларды тікелей кедендік рәсімдеуді жүзеге асыру мүмкін болмаған жаңдайда, мұндай тауарлар кедендік бақылауда шекара маңындағы уақытша сақтау қоймаларына, не болмаса тауарларды кедендік бақылауда жеткізу ережелеріне сәйкес кеден органдарына тасымалданады. Және мұнда өзге мемлекеттер органдарының бақылауына жататын тауарлар бағыттың кеден органына кедендік тасымалдаушы немесе мемлекеттік темір жол арқылы жеткізіледі.

Достастықтың қатысушы-елдері осы елдердің ішкі кеден шекараларында олардың аумақтарымен транзит арқылы өтетін үшінші бір мемлекеттің тауарларына қатысты кедендік әрекеттерді жеңілдетуге бағытталған келісімдерге қол жеткізген. Тауарлар үшінші бір елден Достастықтың өзге мемлекеті аумағы арқылы транзитпен ТМД-на қатысушы елдердің біріне, сондай-ақ үшінші бір мемлекетке осыған ұқсас жағдайларда әкетілетін жағдайларда оларды кедендік рәсімдеу бағытталатын немесе жөнелтетін елдің кеден органындарында сәйкес жүргізіледі

Достастық мемлекеттерінің кеден органдары арасында транзитпен тасымалданатын тауарлар кедендік қарау, кедендік рәсімдеуге арналған кедендік баждардан, салықтардан және алымдардан босатылады. Сондай-ақ транзитке рұхсат алудың қажеттілігі де жоқ.

Осындай тауарларды осы мемлекеттердің ішкі кеден шекаралары арқылы кедергісіз өткізу негізі алғашқы рәсімдеу өткен елдің кеден органының тауарлы көлік құжаттарына қойылған рұхсат етілген мөрі болып табылады. Үшінші бір елге әкетілетін және жөнелтетін елдің кеден органында рәсімделмеген тауарлар Достастық елдері аумағы арқылы транзитке рұхсат етілмейді және осы деректі анықтаған кеден оны кідіртеді.

Кеден органдарының халықаралық ынтымақтастығының барынша жетілдірілген түрлерін Кеден одағы қарастырады. Оның мақсаты әлемдік интеграциялық процестерге осындай одаққа өатысушы-елдердің арасында сауданы кедендік-тарифтік және тарифсіз реттеуді қолданбай-ақ біртұтас кеден аумағын құру арқылы қатысу. Және бұл жерде тек үшінші бір елден әкелінетін немесе Кедендік одақ аумағынан әкетілетін тауарлар ғана кедендік рәсімдеуден өтеді, сондай-ақ осы елдердің транзиттік жүктеріне бақылау жүргізіледі

Кедендік одақ аясында тауарларды кедендік бақылау мен рәсімдеудің ерекшелігін 1995ж 6-қаңтарындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Кедендік одақ туралы Келісімнен (жаңа кедендік одақ 2006ж жасалды.) байқауға болады. Кедендік одақтан тыс жерлерге әкетілетін тауарлар жөнелтушінің тұрғылықты жерінен кеден органы өткізетін кедендік заңдылықтарға, кедендік режиміне сәйкес кедендік бақылау мен рәсімдеуге жатады.

Кеден одағы аумағына әкелінетін тауарларда кедендік бақылау мен рәсімдеуден осы тәртіппен жүргізіледі. Осындай кедендік рәсімделуге тиісті және кедендік рәсімдеуден өтіп, жеткізілетін тауарлар жөнелтетін елдің кеден органынан баратын елдің кеден органына дейін кедендік бақылаудан өтеді.

Кеден одағы аумағындағы кедендік бақылау мен рәсімдеуге осы аумақта еркін айналым үшін өндірілген немесе шығарылған тауарлар жатпайды. Өз кезегінде мұндай тауарға қатысты кедендік төлемдер төленіп, Кеден органына кіретін мемлекеттің кеден заңдылықтарымен бекітілген өзге де талаптар орындалмаған жағдайда, ол тауарлар еркін айналым үшін шығарылған деп қарастырылмайды.

Сондықтан да Қазақстан Республикасы аумағына әкелінген және еркін айналым үшін режимге ұсынылмаған тауарлар қайта рәсімделуі тиіс және Қазақстан аумағына келесі әкелінетін жағдайларда да.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясынан үшінші елдің аумағынан транзит арқылы өткізілетін тауарларды кедендік рәсімдеу тауарларды кедендік бақылаумен жеткізілу тәртібімен жүргізіледі.

Ресей Федерациясына тауарларды жіберу кезінде кеден бағыты ретінде оныңң шекаралық кедені, ал тауарларды Қазақстан Республикасынан бағыттауда – Қазақстанның шекаралық кеден көрсетіледі.

Бағыт кеденіне дейін тауардың жеткізілуін растайтын құжат ретінде тиісті кеден органының белгісі бар транзитті құжаттар қолданылады.

Сондықтан да Кеден одағының кендендік аумағындағы қолданылатын кендендік бақылау мен рәсімдеу тәртібі шекарада да, оның ішінде де кендендік бақылауды алып тастап қана қоймайды, қайта Кендендік одақды құрайтын мемлекеттердің кеден органдарын жетілдіру мен өзара әрекет ету мақсатын көздейді

7- ші тарау. Кендендік бақылаудың қағидаттары мен нысандары.

1. Кендендік бақылау нысандары
2. Кендендік бақылаудың іріктеп жүргізу
3. Кендендік бақылаудың белгілі бір нысандарынан босату.

1. Кендендік бақылау нысандары

Кендендік заң кендендік бақылауды мынадай негізгі нысандарда өткізуді қарастырады: кендендік мақсаттар үшін құжаттар мен мәліметтерді тексеру; кендендік тексеріп қарау (тауарлар мен көлік құралдарын қарау, жеке тексеріп қарау); тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу; жеке және лауазымды адамдарды ауызша сұрау; есепке алу мен есеп беруді тексеру; уақытша сақтау қоймаларын, кеден қоймаларын, еркін қоймаларды, бажсыз сауда дүкендерін, бос аймақтарды, кендендік бақылауға жататын не бақылау Қазақстан Республикасы кеден аймағына жүктелген қызмет жүзеге асырылатын тауарлар мен көлік құралдары бар өзге де орындарды тексеріп қарау

Кендендік бақылаудың кейбір нысандарын қарастырып көрелік.

Кендендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді тексеру құжаттарды игеруден, олардың сәйкес рәсімделуін және бекітілген тәртіппен толтырылуын орындау. Кеден бақылауының бұл нысаны кендендік бақылаудың өзге түрлерінен: қарау, тексеріп қарау, есепке алудан ж.т.б бұрын өтуі мүмкін. Дегенмен де кей жағдайларда кендендік бақылау тек құжаттарды тексерумен ғана шектелуі мүмкін.

Кеден мақсаттары үшін қажетті құжаттар өзінің бағытына қарай мынадай топтарға бөлінеді: көліктік, сауда, кендендік және басқалар.

Көлік құжаттарына: тіркеме қағаздар, коносаменттер, манифестер, жол тізімдемесі (ведомость), жүк түбіртектері (квитанция) және басқалары жатады. Сауда құжаттарына: келісімшарттар, шарттар, есепшоттар, фактуралар, маманданымдар, инвойстар, орама қағаздар және басқалары жатады

Кендендік құжаттарға кеден органдарының берген немесе олардың қатысуымен рәсімделген, мысалы: кеден қоймасын, уақытша сақтау қоймасын (УСҚ), бажсыз сауда дүкенін ашуға лицензиялар; кендендік рәсімдеу бойынша маманның біліктілік аттестаты; жеткізуді бақылау құжаты (ЖБҚ); құнның кендендік декларациясы (ҚКД); жүктің кендендік декларациясы (ЖКД), кендендік бақылаумен тасымалдауға арналған көлік құралдары (контейнерлер) ж.т.б. жатады.

Өзге де құжаттарға сыртқы тұлғалардың сауда қызметімен айналысу құқықтарын растайтын құрылтайшылық құжаттары, әр түрлі мемлекеттік органдардың рұхсаты, мысалы: мал дәрігерлік және фитосанитарлы баұылауды жүзеге асыратын органдардың рұхсаты; мәдениет Министірлігінің рұхсаты ж.т.б. жатады.

Кендендік бақылаудың қарастырылатын нысанына кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізетін тұлғалардың, кеден брокерлерінің не кеден органдары

бақылайтын, құжаттарында көрсетілген қызметтерді жүзеге асыратын өзге де тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметтерін тексеру мысал бола алады. Кеден органдарының лауазымды тұлғалары сыртқы сауда және кеден ісіне қатысты өзге де шаруашылық қызметті жүзеге асыруға қатысты кез-келген құжаттарды (банктік құжаттарды қосқанда) қайтарылмайтындай талап етуге құқылы.

Кедендік тексеріп қарау (тауарлар мен көлік құралдарын қарау, жеке тексеріп қарау) нақтылы бақылаудан тұрады.

Кедендік тесеріп қарау – бұл шекара арқылы заңды түрде өткізілуін қадағалау, кедендік жүк декларациясындағы көрсетілген деректерге тексерілетін тауарлардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың рұхсат берген құжаттарындағы көрсетлген деректердің сәйкес келуі, тиым салынған тауарларды әкеліу мен әкетуді болдырмау, тауарларды жасырын өткізуді табу, құжаттарсыз өткізілетін тауарларды анықтау, тексеріп қараудың өзге де мақсаттарына байланысты тауарлардың сипаттарын анықтау мақсатындағы тауарлар мен көлік құралдарын нақтылы тексеруден тұратын әкімшілік іс-әрекет.

Тексеріп қарау мынадай жолдармен жүргізіледі: қораптар мен тауар орамдарын ашу, олардың атауларын анықтау, тауар сандарын санау, қажет болған жаңдайда – тауар сапасының бағасын, тауарлар жасырылуы мүмкін құпия жерлерді тауып алу мақсатында барлық орындарды, қуыстарды, көлік құралдарының ерекше құрылымдық жерлерін және тауарларды тексеру.

Жоғарыда аталған мақсаттарды орындау үшін кедендік бақылаудың техникалық құралдары (КБТҚ), сондай-ақ ұстап көру, сұғып көру, құрастырылған бөлшектерді, түйіндер мен агретаттарды шешіп, ағытып көру, затты тұтастай не бір бөлігін бұзу ж.т.б. тәсілдер қолданылады.

Кедендік тексеріп қарау мынадай нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- теңестіре тексеріп қарау - тауардың сипаты мен санын декларанттың ұсынғанына нақты сәйкес келуін анықтау мақсатында жеңіл түрде өткізілетін тексеріп қарау, тауарларды шығарған елді анықтау, яғни сөз тауардың сыртқы теңестіруі туралы айтылып отыр;
- жүк орындарының санын оларды ашпай-ақ, таңдап ашу, барлық жүк орындарын ашу арқылы қайта санаумен тексеріп қарау;
- жүк орындарындағы заттар санын (таңдап не барлығын) санап, тексеру;
- тауарлардың сипатын сынамалар мен үлгілерді алу арқылы немесе онсыз өлшеп анықтаумен тексеріп қарау;
- құпия жерлерді, жасырғанды, контрабанданы табуға бағытталған тексеріп қарау.

Кеден заңдылығымен міндетті түрде кедендік тексеріп қарауға жататын тауарлар тізімі бекітілген. Оған мынадай тауарлар жатады:

а) акцизді салықтарды салуға жататын немесе құжаттардың сипаттама бөлігіндегі атаулар бойынша акцизделген тауарларға жақын келетіндер;
б) кедендік бажды салуға жататындар;
в) тарифсіз реттеу шараларына енгендер;
г) күмән келтіретіндер және нақты тексеруге жататындар;
д) жедел дайындалып жатқан тауарларға қатысты .

Тексеріп қарау тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен рәсімдеудің жеке сатысы болып табылады. Бақылау нәтижелері бойынша кендендік тексеріп қараудың актісі толтырылады. Кедендік бақылаудың тексеріп қарау сияқты осындай нысанын қарастыра отырып, жеке тұлғаларға қолданылатын жеке тексеріп қарауды жеке алып қарау керек. Жеке тексеріп қарау кеден органы бастығының не оның орнын басатын адамның шешімі бойынша ерекше жағдайларда, шекара арқылы өтетін не болмаса кеденді бақылау аймағындағы немесе халықаралық қатынастарға ашық әуежайдың транзиттік аймағындағы жеке тұлғаның бірдемені жасырып, кеден органының лауазымды адамының талабы бойынша кеден органдары бақылайтын қазақстандық заңдылықтарды бұзу объектілері болып табылатын тауарларды бермеуіне жеткілікті түрде негіз болғанда ғана жүргізіледі.

Тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу. Кедендік бақылаудың бұл түрі кеден органына кеден шекарасы арқылы өткізілетін, кеден қоймаларына, уақытша сақтау қоймаларына қойылған, кеден тасымалдаушыларымен тасымалданатын ж.т.б.тауарлар мен көлік құралдарын статистикалық есепке алу міндеті жүктелгенімен байланысты қолданылады. Есепке алу көп жағдайда тауарлар мен көлік құралдары туралы ақпараттар енгізілетін әр түрлі тіркеу кітаптарын арнау жолымен жүзеге асырылады. Бұл ҚР кеден шшекарасы арқылы өткізілетін көлік құралдарын ЖКД тіркеу журналы ж.б болуы мүмкін.

Жеке және лауазымды тұлғаларды ауызша сұрау. Кедендік бақылаудың бұл түрі мысалы, кеден шекарасы өтетін азаматтардың заттарын бақылауға тән, кеден органының қызметкері тиым салынған тауарларды әкелу мен әкетуге, валютаға ж.т.б. қатысты заттарды анықтау үшін сұрау жүргізеді.

Есепке алу мен есеп беру жұмысын тексеру. Бақылаудың бұл түріне кеден органдарының уақытша сақтау қоймаларындағы тауарларды есепке алуы мысал болады.

Кеден органының өкілетті лауазымды тұлғасының жазбаша талабына қойма иесі қоймадағы тұрған не сақталынып түрған тауарлар мен көлік құралдары туралы кеден органының белгілеген уақыты аралығында есеп беруге міндетті. Есеп беру бекітілген түрде жасалады және талап етілгген күннен бастап, белгіленген мерзім ішінде көрсетілуі тиіс.

Кеден органы қоймада сақтаулы тауарлар мен көлік құралдарын түгендеуге құқылы. Аумақты, УСҚ үй-жайларын, бажсыз сауда дүкендерін, еркін кеден аймақтарын, кедендік бақылауға жататын не кедендік бақылауды қажет ететін қызмет жүзеге асырылатын тауарлар мен көлік құралдары бар өзге де жерлерді тексеру. Қарауға тиісті аты аталған объектілер кедендік бақылау аймақтары болып табылады.

Оларға қойылатын негізгі талаптар таңдап алынған кеден режимімен кедендік бақылаусыз кеткен тауарларды алып қоюдың кез-келген мүмкіндігінен тұрады.

Кедендік бақылау аймағына жататын үй-жайлар құрылысы мен орналасуы, аумақты жайластыру тауарлардың сақталуын және оған бөтендердің қол сұқпауын қамтамасыз ету керек. Кеден органының талабы бойынша үй-жай қосарланып, жабылатын құрылғымен жабыдықталуы тиіс, оның бірін кеден органы жүргізіп отыруы қажет.

Кеден заңдылықтарына сәйкес кедендік бақылаудың өзге де, мысалы бақылау, зерттеу, талдау ж.т.б. түрлерімен жүзеге асырылуы мүмкін. Кедендік бақылаудың негізгі түрлеріне: тауарлар мен көлік құралдарының құжаттарын тексеру, тауарлар мен көлік құралдарын кедендік қарау, тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тексеріп қарау жатады.

2. Кедендік бақылауды іріктеп жүргізу

Кедендік бақылауды жүргізу барысында кеден органы әдетте оның заңылықтарды сақтауды қамтамасыз ету үшін жеткілікті түрлерін қолданады. Кедендік бақылау түрлерін іріктеп алу мен жеткіліктілігі оны ұйымдастыру қағидаттары болып табылады.

Мысалы, ҚР-ғы шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері басшыларының дипломатиялық артықщылықтары туралы Вена конвенциясына сәйкес, сондай-ақ оларға тең адамдар, егер де олар шекарадан қызмет бабымен өтетін болса, кедендік тексеріп қараудың барлық түрінен, жеке тексеріп қараудан да босатылады. Мұндай жағдайларда бақылау тек құжаттарды тексеру түрінде ғана өтеді.

Кедендік бақылау түрлерін таңдау кеден аумағына әкелінетін тауарлардың сипаты мен құнына, оларды өткізетін кеден режиміне байланысты.

Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін, еркін айналым үшін шығарылым режиміне, кері импортқа және кеден қоймасына қойылатын тауарлар осындай тауарларды кедендік рәсімдеуді жүргізетін кеден органына ұсынылуы қажет. Және мұндай жағдайда теңестіре тексеріп қараудың орнына барлық ұсынылған тауарлар санының әр атауынан тауарлардың 50% мынадай жағдайларда тексеріп қаралады:

- тауардың сипаты немесе коды, сондай-ақ шығарған елі әр түрлі тауар жолдамалық және кедендік құжаттарда бір-бірінен ерекшеленеді;
- бір партия құрамында кеден салығының жоғарғы деңгейімен (егер де төлеуге тиісті кедендік баждар, салықтар сомасы НДС-ті қоспағанда тауарға қатысты оның кедендік құнынан 15 % асып кететін) және кедендік салықтың төмен деңгейімен (егер де кедендік баждар, салықтар сомасы НДС-ті қоспағанда тауарға қатысты кедендік құннан 15 % асып кететін) тауарлар әкелінеді. Осы уақытта егер де әкелінетін тауарларға кедендік баждар, салықтар салынбаса, онда мүндай тауарларды тек теңестіре тексеріліп қаралады. Егер де кедендік бақылаудың қандайда бір түрінің жеткіліктілік қағидаты нормативті құжаттарда берілген нақты жағдай бойынша анықталмаған болса, кедендік бақылау түрлерінің жеткіліктілігі туралы мәселені кеден органының лауазымды тұлғалары өз ұйғарымдарымен шешеді.

Кеден органдары елге қару, оқ-дәрілер, есірткі және психотропты заттарды, баспа материалдарын, жауыздықты үгіттеуге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық және діни қақтығыстарды тудыруға бағытталған кино-, сурет-, үн таспа-, бейнематериалдарды әкелуді бақылауға аса маңызды көңіл бөледі. Осы міндетті шешу үшін кеден органдары үнемі әуе кемелерін және онымен келген жолаушыларды, қол жүгі мен жүкті 100% тексеріп қарауды ұйымдастырады.

Әуе кемелерін және жолаушыларды 100% тексеріп қарауға үлгеру мүмкін емес. Сондықтан да мұндай тексерулер осындай тауарларды әкелуі мүмкін рейстерді таңдап алып қараумен жүргізіледі.

Кедендік бақылаудың іріктелуі мен жеткіліктілі қағидаттарын сақтау азаматтардың негізгі құқықтары мен еріктеріне нұқсан келтірмеу керек. Сондықтан да жеке тексеріп қарау кедендік бақылау түрінің ерекше түрі ретінде қолданылады.

3. Кедендік бақылаудың белгілі бір нысандарынан босату

Кеден заңдылықтарында кедендік бақылаудың кедендік тексеріп қарау түрінен босату қарастырылған. Және кедендік бақылаудан босатылатын тұлғалардың, тауарлар мен көлік құралдарының тізімі де болады

Кедендік тексеріп қарауға жатпайтындар:
- ҚР Президентінің және онымен бірге келе жатқан отбасы мүшелерінің жеке жүгі;
- ҚР депутаттары мен ҚР Үкімет мүшелері өздерінің депутаттық немесе қызметкерлік міндеттерін өтеуге байланысты шекарадан өту кезінде олардың жеке жүктері;
- шетелдік әскери кемелер, жауынгерлік және әскери әуе көлік кемелері, өздері келе жатқан әскери.

Бұдан басқа кедендік бақылаудан ҚР Кеден комитеті төрағасы немесе Қазақстан Республикасы мүдделеріне қор маңызы бар жағдайларда оның орнын басатын тұлға босатылады.

Кедендік бақылаудың белгілі бір түрлерінен халықаралық шарттарға сәйкес босату осы шарттар бекітілгеннен кейін жүзеге асады.

Оған мысал, дипломатиялық поштаны рәсімдеу. Кедендік бақылау кезінде кеден органының лауазымды тұлғалары дипломатиялық поштаны тек сыртынан тексеріп қарайды және курьерлік қағазда таңбалау мен пошта сипаты туралы талаптардың сақталуын тексереді, өйткені бұл талаптар халықаралық келісімдердің жанына бекітілген.

.

8- ші тарау. Кеден режимі ұғымы, түрлері және маңызы.

1. **Кеден режимдері ұғымы, түрлері мен маңызы**
2. **Кеден режимдерінің түрлері мен олардың сипаты.**

1. Кеден режимдері ұғымы, түрлері мен маңызы

Тауарлар мен көлік құралдары кеден шекарасынан олардың кедендік режимдеріне сәйкес өткізіледі. Бұрын айтып кеткендей, кедендік режим – бұл кедендік мақсатттағы Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдарының мәртебесін анықтайтын тәртіптердің жиынтығы
ҚР кеден кодексінде тауарлар мен көлік құралдарының кедендік режимдер түрлерінің жалпы тізімі бар (КК 116 – 253 баптар):

1. Тауарларды еркін айналым үшін шығару;
2. Тауарлардың кері импорты;
3. Кеден қоймасы;
4. Бажсыз сауда дүкені;
5. Тауарларды кедендік аумақта қайта өңдеу;
6. Тауарларды еркін айналым үшін қайта өңдеу;
7. Тауарларды кедендік аумақтан тыс жерлерде қайта өңдеу;
8. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу;
9. Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету;
10. Тауарлар экспорты;
11. Тауарлардың кері экспорты;
12. Транзит
13. Тауарларды жою;
14. Мемлекет пайдасынан тауардан бас тарту;
15. Еркін кеден аймағы;
16. Еркін қойма;
17. Арнайы кедендік режим.

Кедендік режимді екі негізгі топқа бөлуге болады.
Бірінші топқа өткізу кезінде тауарлардың оларды өткізіп отырған тұлғаның иелігіне толық өту режимі жатады, яғни бұл топтың режимі аяқталған сипатқа ие. Бұл- еркін айналым үшін шығару, экспорт, кері импорт, кері экспорт.

Екінші топқа жататын кедендік режимдер тауарларды қатаң түрде белгілі бір мақсаттарға және кеден органдарының бекіткен шарттарын сақтау арқылы пайдалануға рұхсат береді. Бұл топқа: кеден қоймасы, бажсыз сауіда дүкені, транзит, уақытшша әкелу (әкету), еркін кеден аймағы, еркін қойма, қайта өңдеулер, мемелкет пайдасына бас тарту, тауарларды жою режимдері жатады.

Екінші топтағы аты аталған режимдердің көпшілігінің әр түрлі экономикалық міндеттерді шешуде өз мақсаттары бар:
- тауарларды қоймаға қою – «кеден қоймасы» режимінің мақсаты;
- тауарларды қайта өңдеу – қайта өңдеудің барлық үш режимінің мақсаты;
- белгілі бір шарттарды орындауда тауарларды пайдалану – «уақытша әкелу (әкету)», « еркін кедендік аймақ» режимдерінің мақсаты ;
- тауарларды тасымалдау – «транзит» режимінің мақсаты.

Демек қолданыстағы кедендік режимдер сауданың, өнеркәсіптің және халықаралық тасымалдаудың дамуына бағытталған. Кеден режимдерінің ролі мен маңызы өте зор.

Кеден режимі тауарардың бағытына, оның кеден аумағында/ кеден аумағынан тыс болу жағдайларына байланысты кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізу тәртібін, тауар пайдалануы мүмкін саланы, тауарларды өткізетін тұлғаның құқығы мен міндетін, берілген нақты кедендік режимдегі тауарға қойылатын талапты бекітеді.

2. Кеден режимдерінің түрлері мен олардың сипаты.

Еркін айналым үшін тауарды шығару режимі – Қазақстан аумағына әкелінетін тауарлар оларды осы аумақтан әкету туралы міндеттемесіз осы аумақта үнемі қалатын кедендік режим.

Бұл режим кедендік баждарды, салықтар мен алымдарды төлеу және экономикалық саясат шараларын сақтауды қарастырады.

Еркін айналымға шығарылған тауарлар оларға мүліктік және мүліктік емес құқықтары бар кез-келген тұлғаның иелігіне түседі, кедендік бақылаудан алынып тасталынады және егер де ол заңдылықта қарастырылған болса, басқа режимге қойылады.

«Тауарларды еркін айналым үшін шығару» кедендік режимі негізінен келісімшарттар бойынша шетелден Қазақстанға тауарлардың келуіне сәйкес келеді.

Осы кедендік режимді қолданудың бірқатар ерекшеліктері бар.

Қазақстандық тұлғаларға тауарларды өтеусіз беру – қайырымдылық пен техникалық көмек сияқты кейбір сыртқы экономикалық сұлбаларда – белгілі бір төлем түрлерінен босатумен еркін айналым үшін шығару режимі орын алады. Қазақстандық тұлғаға тауарларды сыйға берген жағдайларда кедендік төлемдерден босату жүргізілмейді.

Сондай-ақ осы режимнің тағы да бір ерекшелігін айта кеткен жөн. Қазақстан аумағында еркін айналымға шығарылған тауарлар кеден заңдылықтарына сай қазақстан тауарлары деген мәртебе алады. Сондықтан да осындай тауарларды басқа кедендік режимге қоятын кезде оларға экономиклық саясат шаралары және осы кедендік режимге сәйкес кедендік төлемдер қолданылады. Егер де «еркін айналымға шығару» режиміне бұрын ҚР аумағынан экспорт режимімен әкетілген қазақстандық тауарлар қойылатын болса, оларға мемлекеттерде өтетін тауарлар бойынша Қазақстанның ұсынатын саудадағы біршама жайлы режимі сияқты импорт тарифінің базалық ставкасы бойынша әкелінетін кедендік баж салынады.

Тауарлардың кері импорты – ҚР кеден аумағынан экспорт режимімен бұрын әкетілген қазақстандық тауарлар бекітілген мерзімде кейін қарай кедендік баждар мен салықтарды төлемей және экономикалық саясат шараларын қолданбай әкелінетін кедендік режим.

Тауарларды кері импорттың кедендік режиміне оны кімнің әкеткеніне қарамастан кез-келген тұлға қоя алады.

Тауарларды кері импорттың кедендік режиміне қою үшін олар бір мезгілде бірқатар шарттарды орындау керек:

- экспорттың кедендік режиміне сәйкес Қазақстан Республикасы аумағынан әкетілген болу;
- әкеткен сәтке дейін қазақстандық тауар болу;
- әкелген сәттен бастап 10 жыл ішінде ҚР кеден аумағына әкелінген болу;
- табиғи ескіру немесе дұрыс тасымалданған және сақталған жағдайды қоспағанда, әкеткен сәттегі жағдайда болу.

Тауарларды елден тыс жерлерде өнеркәсіптік немесе коммерциялық мақсаттарда пайдалану оларды жоғарыда айтылған шарттарды орындаған жағдайда кері импорттың кедендік режиміне қоюға кедергі болмайды.

Аты аталған тауарлар сондай-ақ олардың сақталуын қамтамасыз ету, жеңіл жөндеу операцияларынан өтеді, осындай операциялардың салдарынан әкетілген кезінде анықталған құны өсіп кетпейтін жағдаймен тәртіпке келтіріледі.

Тауарларды кері импорттау кезінде әкелінген сәттен бастап үш жыл ішінде кеден органы әкетілген кедендік баждар мен салықтардың экспортқа төленген сомасын мынадай жағдайларда қайтарады:

- тауарларды экспортқа әкетілетін кедендік бажды немесе салықты төлеген адам әкетіп, әкелсе;
- кедендік рәсімдеуді жүргізген кеден органына кедендік баждар есептелініп, төленген және олардың төлеген төлемдерінің кеден есепшотына түскендігі туралы кеден органының жазбаша түрде растауының негізінде ЖКД ұсынылғанда.

ҚР аумағынан 1992 ж 1- қаңтарынан кейін экспортталған тауарлардың кері импорты кезінде., декларант кеден органына экспортқа байланысты, сондай-ақ тауарларды әкеткен сәттегі ставка бойынша акциздерге қайтарылған НДС сомасын төлейді.

Тауарларды қарастырылып отырған режимге қою шетелде сақтаулы тұрған тауарларды кері әкелу кезінде тәжірибеден өткізілуде.

Тауарлар транзиті – тауарлар кедендік бақылауға Қазақстан Республикасының екі кедендік органы арасында өткізілетін кедендік режим, оның қатарында кедендік баждарды, салықтарды төлемей, сондай-ақ тауарларға экономикалық саясат шараларын қолданбай шет мемлекеттің аумағы арқылы өткізу де бар. Бұл режим елдің көлік жолын жұмыспен, тауарларды тасымалдау есебінен ішкі үстеме құнды қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Ал тұлғаларды кедендік баждар мен салықтарды төлеуден босатуды жүзеге асыру көліктің және оның инфрақұрылымының дамуына ықпал етеді. Елдегі жүктердің есебін алу мақсатында өтініш беріледі және тауарлар транзитіне кеден органынан рұхсат алынады.

Транзитке рұхсатты тауарларды жөнелтетін кеден органы береді. Жекеленген жағдайларда мысалы, автокөлікпен тасымалданатын акцизделген тауарлар транзитіне тек кеден органының депозитіне тиісті ақша қаражаты аударылғаннан кейін немесе банк кепілдігін ұсынғаннан кейін рұхсат етіледі.

Тауарларды транзиттің кедендік режимімен өткізу шартында –табиғи ескіру не тасымалдау мен сақтаудың дұрыс жағдайларында азаю салдарынан өзгеруден басқа және транзиттен басқа қандай да бір мақсаттарға пайдаланбайтын, ҚР аумағы арқылы өткізуге тиым салынған тауар болмаудан басқа жағдайларда тауар өзгермеген қалыпта қалу керек.

Тауарлардың Қазақстан аумағында болу мерзіміне шектер қойылады: көлік құралдарының мүмкіншіліктері нәтижесінде, белгіленген бағытта, өзге де жағдайларда, бұл уақыт әрбір 2000 километрге 1 айдан көп емес уақыт есебімен анықталуы керек,

Егер де кеден органының тасымалдаушының немесе көлік құралдарының тауарларды дұрыс жеткізуіне кепіл бере алмайтындай күмәні болса, кеден органы тауарларды транзиттің кедендік режимі бойынша тек көлік құралы тиісті түрде жабдықталған жағдайда, кедендік алып жүруді қолдану немесе тауарларды кедендік тасымалдаушының тасымалдауы, кедендік баждар мен салықтарды төлеуде тиісті соманың жөнелту кеден органының депозитіне аударылуын қамтамасыз етілген жағдайда ғана өткізуге құқылы.

Кедендік ережелердің сақталуына, барлық туындаған шығындарға жауапкершілік тауарларды тасымаладушыға жүктеледі.

Кеден қоймасы – ережелердің кедендік режимі, барлық әкелінген тауарлар кедендік баждар мен салықтарды төлеусіз, сақталу кезінде тауарларға экономикалық саясат шараларын қолданусыз кедендік бақылана отырып, сақталынады, ал экспорттың кедендік режиміне сәйкес әкетілуге арналған тауарлар қолданыстағы кедендік заңдылықтарда қарастырылған жеңілдіктермен кедендік бақылауда сақталынады.

Кеден қоймасының режиміне ҚР кеден аумағына әкелінуге тиым салынған, сондай-ақ сәйкес нормативті актілерде қарастырылған өзге де жағдайлардағы тауарлардан басқа кез-келген тауарлар қойылады.

Тауарларды сақтауды қамтамасыз ету арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайды - кедендік қойманы пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

Кеден қоймалары ашылу мен жабылудың ашық деңгейі бойынша түрлерге бөлінеді. Ашықтарын кез-келген тұлғалар пайдалана алады, жабықтары – тек белгілі бір адамдарға ғана арналған. Құрылтайшылардың ұрамы бойынша кеден қоймалары кеден органдарының құрылтайшылық ететін қоймаларына және қазақстаннның тұлғалардың құрылтайшылық ететін қоймаларына бөлінеді. Кеден органдары құрылтайшылық ететін қоймалар барлық жағдайлар да ашық болады. Кеден қоймаларына қазақстандық тұлғалар құрылтайшылық ететін жағдайларда кеден қоймасы ашық та, жабық та түрде болуы мүмкін, оны ашу үшін иесі кеденде кеден қоймасын ашшуға лицензия алуы тиіс. Ол тек

қойманы, алаңды жабдықтауға, алымдарды төлеуге қойылатын бірқатар талаптарды орындаған жағдайда ғана беріледі.

Тауарлар кеден қоймасы режимінде үш жыл бойы бола алады. Тауарлардың жеке категориялары үшін кеден қоймасы режимінде болу мерзімі 1 жылға дейін қысқартылуы мүмкін. Тауарлардың кеден қоймасында болудың ең төменгі мерзімі анықталмаған.

Кеден қоймасы кеден қоймасы режиміне орналастырылған тауарлардың бәрін сақтауға пайдаланылады. Бұл ретте кеден органының рұхсатымен бұл тауарлар бірқатар операциялардан өтуі мүмкін: партияларға ұсақтау, жөнелтулерді қалыптастыру, сорттау, орамдау, қайта орамдау, таңбалау, тиеуу, түсіру ж.т.б.

Бажсыз сауда дүкені – тауарлардың кедендік бақылауда ҚР кеден аумағында кедендік баждарды, салықтарды төлемей және тауарларға экономикалық шараларды қолданбай өткізілетін кедендік режим. Бажсыз сауда дүкені кедендік режиміне орналастырылған тауарлар арнайы дүкендерде тікелей сатылады. Бажсыз сауда дүкендерін халықаралық жолаушылар қатынасына арналған әуе жайларда, жеке тұлғалардың шекараны кесіп өтуге арналған ҚР шекарасы арқылы өткізу орындарында ашуға болады.

Бажсыз сауда дүкендерін осындай дүкенді ашуға ҚР МКБ алған қазақстандық тұлғалар аша алады. Лизенцияның қызмет ету мерзімі 3 жыл. Бажсыз сауда дүкені орналасқан жерге, оның жайластырылуына қатаң талаптар қойылады.

ҚР Мемлекеттік кеден комиттеті бажсыз сауда дүкені режиміне орналастыруға болмайтын тауарлар тізімін бекітеді. Бұған мынадай тауарлар жатады: ҚР аумағына әкеліп, өткізуге болмайтын тауарлар; олардың рұхсаты болмаған жағдайда мемлекеттік өзге органдардың бақылауына жататын тауарлар; ауыр салмақты (20 кг-нан артық) тауарлар және аса үлкен (ұзындығы, ені, биіктігін қосқанда 200 см-ден асатын) тауарлар ж.т.б.

Мұндай дүкендерде тауарларды тек бөлшектеп сатуға ғана рұхсат етіледі. Қолма-қол ақшаға немесе шетелге кететін жеке тұлғалардың несие карточкалары бойынша сатылады.

Осы кедендік режимді қолданудың негізгі экономикалық орындылығы импорттық тауар мен сыртқы тұтынушы есебінен шын мәнісінде пайда түсіру болып табылады.

Кедендік шығындардың шын мәнісінде болмауынан тауардың өзіндік құнының елеулі төмендеуі дүкеннің тауар айналымын ұлғайтады, әуе жайлар мен порттардың инфрақұлымының дамуына жайлы жағдайлар туғызады ж.т.б. Осы режимді қолдануды шектеу халықаралық жолаушылар қатынасының дамуымен байланысты.

Тауарларды қайта өңдеу режимі Қазақстандық кеден заңдылықтармен тауарларды қайта өңдеудің үш режимі қарастырылған:

- кеден аумағында;
- кедендік бақылауда;
- кеден аумағынан тыс.

Кеден аумағында тауарларды қайта өңдеу –ҚР кеден аумағында қайта өңдеу үшін экономсикалық шараларды қолданбай және әкелінетін кедендік баждар, салықтар сомасын ҚР кеден аумағынан тыс әкетудің қайта өңдеу өнімдері экспортының кедендік режиміне сай келу шартымен қайтара отырып, шетелдік тауарларды бекітілген тәртіппен пайдаланатын кедендік режим.

Кедендік бақылауда тауарларды қайта өңдеу - артынан еркін айналымға шығару немесе қайта өңделген өнімдерді басқа кедендік режимге орналастырумен кедендік бақылауда қайта өңдеу үшін ҚР аумағында кедендік баждар мен салықтарды төлемей, сондай-ақ оларға экономикалық саясат шараларын қолданбай шетелдік тауарларды бекітілген тәртіппен пайдаланатын кедендік режим.

Тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеу – кедендік баждар мен салықтардан толықтай немесе жартылай босатумен, сондай-ақ тауарларға экономикалық саясат шараларын қолданбай Қазақстан Республикасы аумағында қайта өңдеу мен қайта өңделген өнімдерді еркін айналымға шығару мақсатында қазақстандық тауарлардың экономикалық саясат шараларын қолданбай әкетілетін және ҚР кеден аумағынан тыс пайдаланатын кедендік режим.

Тауарларды қайта өңдеу операциялары:
- тауарларды жасау, оның ішінде монтаж, жинақтау және өзге тауарларға ұқсастырып жасау;
- тауарларды жөндеу, оларды қайта қалпына келтіру мен ретке келтіруді қоса;
- өнімдерді қайта өңдеуге әсері бар немесе тіпті бұл тауарлар қайта өңдеу процесінде толықтай немесе жартылай пайдаланылса да кейбір тауарларды пайдалану;

Қайта өңдеуде кейбір операцияларды шектеуді ҚР МКБ Қазақстан Республикасы экономика Министірлігінің келісімімен бекітеді.

Кеден органдары кеден органдарының міндетті рұхсатын бекіте алады. Бұл рұхсат бірқатар шарттарды орындаумен тек қазақстандық заңды тұлғаларға ғана беріледі. Көп жағдайларда қайта өңделген өнімдерде әкелінетін, әкетілетін тауарлардың дәл теңестіру мүмкіндігі болу керек.

Әр түрлі режимдерді қолданудың бірқатар ерекшеліктері бар.

Тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеуге әкетуге бірқатар шектеулер қойылады – кеден аумағынан тыс қайта өңдеуге рұхсат тек қайта өңделген тауарлардың әкетілген тауарларды қайта өңдеу нәтижесінде пайда болғанын анықтау мүмкіндігі болғанда ғана беріледі. Егер де қайта өңделген тауарларға: жиһаз; кесілген материалдар; сүректен жонылған плиталар және сүрекке ұқсас плиталар; этил спирті; ішімдік өнімдері; темекі өнімдері; сыра; тағам өнімдері; аң терілері; табиғи және жасанды тері бұйымдары; аяқ киімді қоса; қайта өңделген өнімдерде бастапқы тауарды теңестіру мүмкіндігінің жоқтығына байланысты зергер бұйымдары жататын болса, онда кеден аумағынан тыс қайтта өңдеуге лицензия берілмейді.

Тауарларды кедендік бақылауда қайта өңдеу режиміне орналастыру барысында осы режиммен кеден депозитіне төлем бірқатар шарттарды орындағанда беріледі:
- қайта өңдеуді тауарларды қайта өңдеуге әкелетін кәсіпорын жүзесе асырады;
- бұл кәсіпорын заңды тұлға болуы керек;
- қайта өңдеу операциясы кәсіпорынның кәдімгі технологиялық процесіне сәйкес жүргізіледі;
- әкелінген тауарлар акцизделінбейді;
- қайта өңдеу мерзімі жырты жылдан асып кетпеуі тиіс ж.т.б.

Шарттар тізімі 11 тармақтан тұрады. Бұл режим мысалы, егер де кәсіпорын бұрын шетелден әкелінген техникаға жөндеу жүргізген жағдайда қолданылады, оны кәсіпорын шетелдік жинақтардан ҚР аумағында жиналған экспортталған тауарларға қолдануы мүмкін.

Кей жағдайларда тауарларды кедендік бақылауда қайта өңдеу режиміне орналастыруға тиісті органдардың лицензиясы қажет. Бұл уранды және торийлі кендер мен қоспаларға, қымбат металлдар изотоптары, екі бағытты тауарларға қатысты.

Қымбат металлдар, қымбат тастар мен янтарь бар тауарларды қайта өңдеудің ерекше тәртібі бар.

Тауарларды қайта өңдеуге кеден аумағына әкелу барысында кедендік төлемдерді тиісті ақша қаражаттарын кеден органы депозитіне аудару арқылы төлеуді қамтамасыз ету талап етіледі. Рәсім біткен соң және қайта өңделген тауарлар қайтарылғаннан кейін ақша сомасы қайтарылып беріледі. Баждар үш жыл көлемі ішінде қайтарылып беріледі. Бұл мерзім өтіп кеткеннен кейін ол республиқалық бюджетке аударылады.

Тауарларды кеден аумағында және кедендік бақылауда қайта өңдеу режиміне орналастыру кезінде үстеме құн экспорттың бәсекеге қабілетті мүмкіндігі қолда бар болғандықтан, қайта өңдеудің келешегі бар технологиясын енгізумен құрылады. Қайта өңдейтін кешендерді құру қайта өңдеуші-елде – Қазақстан Республикасында өндірістің сапасы мен деңгейін арттырады.

Кедендік бақылауда қайта өңдеу кедендік режимі отандық өндірістің бәсекеге қабілеттігін арттырады және баждар мен салықтарды төлеудің міндетті шартының

жоқтығынан режимді ұсынушы-кәсіпорынның айналым қаражаттарының қажетті санын елеулі түрде қысқартады.

Қайта өңдеу бойынша операциялар кешені өндірістік кооперациядан және қайта өңделген тауарлар ішкі нарыққа түскен кезде тауар сапасы деңгейін елеулі түрде көтеруден тұрады. Кеден аумағында кедендік бақылаудағы қайта өңдеудің кедендік режимдерінде үстеме құн ҚР аумағында болады, оған ұлттық компоненттерді және өз технологияларымызды енгізу халықаралық өндірістік байланыстарға тереңірек бойлауымызға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жөндеу сияқты операциялар жөнделгген өнімнің нарыққа енуін, оның қолданыстағы өміршеңдігін барынша ұлғайтады. Бұл қарастырылып отырған тауарлардың сату көлемін өсіруі мүмкін. ТМД аясында, кәсіпорындар арасындағы бұзылған байланыстар мен белгілі бір өндірісті-технологиялық операциялардың шын мәнісіндегі монополизациясында кедендік шығындарды азайту және жөндеу мен мәшине жасау өндірісі мен ауыр техниканың кең аясын жасау кезіндегі кедендік кедергілерді қысқарту мүмкіндіктерін береді.

Кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік режимін қолданудың экономикалық негізі елдің ішінде тиімді жүргізуге мүмкіндік жоқ тауарларды қайта өңдеуде осындай операцияларды шетелде жүргізудің орындылығын көрсетеді. Отандық шикізат салаларын қайта өңделген өнімдерді үйлестіре қолданумен Қазақстанның тауар нарығында кедендік шығындарды азайту жағдайымен пайдалану тауарларды бәсекеге барынша қабілетті етеді, ал оларды өндіруге кететін шығындарды құрайтын отандық құрылымдарды пайдалану барынша тиімді.

Тауарларды уақытша әкелу/әкету – тауарларды ҚР кеден аумағында немесе одан тыс жерлерде кедендік баждардардан, салықтардан толықтай не жартылай босатумен және экономикалық саясат шараларын қолданбай пайдалану рұхсат етілетін кедендік режим.

Уақытша әкелінетін (әкетілетін) тауарлар табиғи ескіру не дұрыс тасымалданып, дұрыс сақталған жағдайларда кішірею салдарынан болған өзгерістерден басқа өзгермеген қалпында қайтарылуға тиіс.

Тауарларды уақытша әкелу (әкету) мерзімі екі жылдан асып кетпеу керек, бірақ та ҚР КБ тауарлардың жеке категорияларына әкелу (әкетудің) барынша қысқа немесе керісінше барынша ұзақ мерзімін бекітуге құқылы.

Қарастырылып отырған кедендік режим көп жағдайларда көрмеге қойылатын жәдігерлерді, жарнама материалдарын, көп айналмалы ыдыстарды, халықаралық тасымалдарды жасайтын көліктерді, егер де оларды бір рет қана пайдаланатын болса және оларды еркін айналымға шығару үшін режимге орналастырудың қажеті шамалы болса ғылыми-зерттеу немесе оқыту мақсаттарына пайдаланатын жабдықтарды әкелу/ әкетуде ұсынылады.

ҚР МКБ уақытша әкелу/әкелу кедендік режиміне орналастыруға рұхсат етілмейтін тауарлар тізімін бекітеді. Оларға мынадай тауарлар жатады:

- жұмсалатын материалдар мен үлгілер;
- тағамдық өнімдер, сусындар, ішімдіктерді қоса, жарнамалық немесе көрсету мақсаттарында бір данадан уақытша әкелініп/әкетілетін жағдайларды қоспағанда темекі өнімдері;
-әкетілуге арналған квоталанған тауарлар;
- өндіріс қалдықтары.

Сондай-ақ кедендік баждардан, үстеме құн мен акциздерге салынатын салықтардан толық босата отырып, уақытша әкелу(әкету) режиміне орналастырылатын тауарлар тізімі бекітіледі. Кедендік баждар мен салықтардан толық босату 1 жылдан көп мерзімге берілуі мүмкін.

Әрбір толық және толық емес календарлық айға жартылай босату кезінде егер де тауарлар еркін айналымға шығарылған болса, төленуге тиісті кедендік баждар мен салықтардың үш пайызы төленеді.

Бекітілген мерзімдердің біткен күні қайтарылмаған уақытша әкелінген (әкетілген) тауарлар өзге кедендік режимге не кеден органдарының уақытша сақтау қоймаларына орналастырылуы тиіс.

Еркін кеден аймағы және еркін қойма - шетелдік тауарларды сәйкес аумақтық шекараларда немесе үй-жайларда (орындарда) кедендік баждар мен салықтарды төлемей, сондай-ақ тауарларға экономикалық саясат шараларын қолданбай орналастыру мен пайдаланудағы, ал қазақстандық тауарларды кеден заңдарында бекітілген тәртіппен экспорт режиміне сәйкес әкетуде қолданылатын жағдайларда орналастыру мен пайдаланатын кедендік режим.

БҰҰ құжаттарында еркін аймақтардың (портты-франко порттарындағы еркін кеден аймақтары, еркін транзиттік аумақтар) 30-дан аса атаулары есепке алынған. Халықаралық-құқықтық тәжірибеде 1973 жылғы (Киото) кедендік рәсімдерді үйлестіру мен жеңілдету туралы Келісімнің 8 қосымшасындағы анықтама кеңінен қолданылады. «Еркін аймақты әдетте тауарларды кеден аумағынан тыс жердегі импорт құқығы мен тиісті салықтарға қатысты және қарапайым кедендік бақыланбайтын тауарлар ретінде қарастыратын бір мемлекеттің бір бөлігі деп түсіну керек».

9- ші тарау. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеу

1. **Кедендік рәсімдеудің негізгі кезеңдері**
2. **Алдын-ала кедендік рәсімдеу**
3. **Негізгі кедендік рәсімдеу**
4. **Декларациялау нысаны**
5. **Тауарларды кедендік жүк декларациясын қолдана отырып кедендік рәсімдеу мен бақылау тәртібі**

1. Кедендік рәсімдеудің негізгі кезеңдері

Кедендік рәсімдеу ҚР кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізумен байланысты адамдар мен ҚР кеден органдарының арасындағы іс-әрекеттер мен рәсімдер жиынтығынан тұрады.

Бұған қоса кедендік рәсімдеудің міндетті түрде декларанттың кедендік режимді таңдауы мен тауарлар мен көлік құралдарын таңдаған кедендік режимге қоюды болжайтынын айтуға болады.

ҚР Кедендік Кодексінің 360- бабына сәйкес кедендік рәсімдеу ҚР Кедендік кодексінде және ҚР заң актілерімен белгіленген тәртіпте жүргізіледі, сондай-ақ кедендік рәсімдеуді жылдамдату мен жеңілдету мақсатындағы халықаралық шарттарға сәйкес басқа мемлекеттердің кедендік рәсімдеуге пайдаланған кедендік құжаттары қолдануы мүмкін.

Кедендік рәсімдеудің бекітілген тәртібін реттейтін негізгі қайнар көз ретінде ҚР Кеден Кодексінің 9-бөлімін айтуға болады.

ҚР Кеден Комитеті (бұрынғы Кедендік Бақылау Агенттігі) тауарлардың жеке категорияларын – қымбат бағалы тастарды, металлдар, шетел валютасы, электр энергиясын және өзге де, не көліктің белгілі бір түрлерімен - әуе, құбыр, теңіз арқылы өткізілетін тауарларды кедендік рәсімдеудің ерекшеліктерін бекітетін бірқатар бұйрықтар, өкімдер және нұсқаулар шығарды.

Кедендік рәсімдеу бірнеше кезеңге бөлінеді.

Алдын-ала кедендік рәсімдеу кезеңіне алдын-ала операциялар өндірісі, яғни негізгі кедендік рәсімдеудің алдында өтетін іс-әрекеттер (ҚР Кеден Кодексінің 5-бөлімі) жатады. Алдын-

ала операциялардың негізгі бағыты негізгі кедендік рәсімдеу өндірісіне ықпал ету болып табылады.

Негізгі кедендік рәсімдеудің алдында өтетін операциядан тұратын бірнеше алдын-ала іс-әрекеттер бар. Бұл уақытша сақтау мен тауарларды кедендік бақылауда жеткізу.

Уақытша сақтау мен тауарларды кедендік бақылауда жеткізудің дәл осы әрекеті *алдын-ала кедендік рәсімдеу* кезеңінің негізгі мазмұнын құрайды.

Кедендік рәсімдеудің екінші кезеңі - *негізгі кедендік рәсімдеу.* Бұл кезеңнің мазмұнына кедендік декларацияны беру мен тексеру әрекеті, яғни кедендік декларациялау жатады. Тауарды өткізетін адам өткізудің нақты кедендік режимін тек кедендік декларацияда ғана көрсететіндіктен, кедендік декларациялау бұл өткізудің таңдап алынған кедендік режиміне тауарларды орналастыруға тікелей бағытталған іс-әрекет.

Кедендік рәсімдеуге қатысты жалпы ережелерді бекітілген тәртіп ретінде тұтастай қарастырамыз.

Кедендік рәсімдеудің басы. ҚР Кеден Кодексінің 362- бабында, кедендік рәсімдеудің кеден органына ҚР кеден шекарасынан өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты құжаттарды берген сәттен басталатыны көрсетілген. Сондай-ақ кедендік рәсімдеу кеден органдары қызметкерлерінің құжаттарды тексеру мен заңды мағынасы бар деректерді тіркеу әрекеттерімен ғана шектелмейді. Бұл ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеуді жылдамдатуға ықпалын тигізетін алуан түрлі өзара шартталған шаралардың тұтас кешені. Сондықтан да кедендік рәсімдеуді ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы өкілетті адамдардың хабар беруінен басталады деп айтуға болады. Және де мұндай хабарлау нысаны тауарлар мен көлік құралдарын өткізудің ерекшеліктеріне қарай әр түрлі болуы мүмкін – ауызша хабарлаудан кедендік декларацияға дейін.

Кедендік рәсімдеу өндірісінің басталуымен оны өткізу орны тікелей байланысты. ҚР Кеден Кодексі соңғыны есепке алмай кедендік рәсімдеу өндірісінің орнын белгілейді.

Сонымен ҚР Кеден Кодексінің 2- бөлімінің 363- бабына сәйкес кедендік рәсімдеу ҚР кеден органдары орналасқан жерлерінде өтеді. Сонымен бірге мұндай пайымдау кедендік рәсімдеу орнын емес, кедендік декларациялау орнын бекітеді. Сондықтан да кедендік рәсімдеу өндірісінің орнын анықтау барысында алдын-ала кедендік рәсімдеу орын да, негізгі кедендік рәсімдеу- кедендік декларациялау орнын да есепке алу қажет.

Тауарларды ҚР кедендік шекара аумағынан тыс әкетуде, «тауарлар экспортында» кедендік рәсімдеу тауар жөнелтушісі бар ҚР кеден органы қызметі аймағында басталып, ҚР кеден аумағынан тыс тауарды әкету орнындағы ҚР кеден органы қызметі аймағында аяқталады.

Егер де тауарды өткізетін адам (тауарды жөнелтуші немесе алушы) ҚР шекаралық кедендік орган қызметі аймағында болған жағдайда, онда тауарларды әкелу мен декларациялау орны, не болмаса керісінше декларациялау орны мен тауарларды әкелу орны сәйкес келеді.

Осы кеден органының қызмет аймағындағы тауарларды рәсімдеу барысында, бірақ соңғы анықталған орында емес кеден органына өтінген адамның аумағында тікелей кедендік рәсімдеу болуы мүмкін. Мысалы, тауар темір жол көлігі арқылы өткізілетін кезде қыстақ қоймалары мен темір жол алаңдарында вагондардың тұрып қалуына төленетін шығындарды азайту мақсатында, егер де кірме жолдар бар болғанда. Мұндай жағдайларда кедендік рәсімдеудың ҚР кеден органдары бар орындарда емес, тікелей өз аумақттарында немесе өзге де үй-жайларда жүргізілгенін қалайтын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен азаматтар осы органдарға қажетті қызметті және тұрмыстық үй-жайлары мен жабдықтарды, байланыс құралдарын қайтармай пайдалануға береді. Сондай-ақ тауарлар мен көлік құралдарын белгіленген орыннан тыс және ҚР кеден органының жұмыс уақытынан тыс кедендік рәсімдеуде кедендік рәсімдеу үшін алым екі еселеніп төленеді.

Кедендік рәсімдеу өндірісінің уақыты. Кедендік рәсімдеу ҚР кеден органының жұмыс уақытында жүргізіледі. Кеден органының жұмыс уақыты әдеттегідей сағат 9-дан 18-

ге дейін, яғни күнделікті сегіз сағаттық жұмыс күні. Бұл ретте жүк- жолаушылар аса көп болған жағдайда кедендік рәсімдеу кеден органының ауысым кезекшілігін енгізумен тәулік бойы жүргізілетінін ескере кету керек.

Кедендік рәсімдеу кезеңі – бұл таңдалған кедендік режимде тауарлар мен көлік құралдарын өткізуге байланысты барлық қажетті іс-әрекеттерді атқаруға тиісті уақыт аралығы. ҚР Кеден Кодексінде кедендік рәсімдеу кезеңі нақты көрсетілмеген.

Сондай-ақ тауарлар мен көлік құралдарын жеткізу орнынан ұсыну, жеткізу мерзімі, кедендік декдарацияны беру мерзімі, кедендік декларацияны тексеру мерзімі сияқты кедендік рәсімдеудің бекітілген тәртібін ккрайтын жеке іс-әрекеттерді орындау мерзімдері бекітілген.

Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеуді шектеусіз жүргізу мүмкін еместігі айдан анық. Уақытша сақтау кедендік рәсімдеу аяқталғанша арнайы орындарда – уақытша сақтау қоймаларында тауарлар мен көлік құралдарының болуын қарастырады.

Мұндай қоймаларда 2 айдан артық мерзімде болуға болмайды. Дәл осы кезеңде таңдалынған кедендік режимге сәйкес тауанрлар мен көлік құралдарын шығарудың барлық мүмкін шараларын қолдаған дұрыс.

Сондықтан да тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеудің ең соңғы кезеңі тауарлар мен көлік құралдарының уақытша сақтау қоймасында барынша, кедендік бақылауда жеткізу үшін қажетті уақытты қосқандағы ең ұзақ сақталу мерзімі деп түсінну керек.

Кедендік рәсімдеуге қатысушылар – бұл кедендік рәсімдеуге тікелей қатысатын және әрекет ететін адамдар.

Кедендік рәсімдеудің барлық қатысушыларын екі топқа бөлуе болады: негізгі және мүмкін.

Кедендік рәсімдеудің негізгі қатысушыларына кеден органдары, ҚР кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізетін жеке, заңды тұлғалар жатады. Дәл осы адамдарға кедендік рәсімдеуге қажетті әрекеттерді жүзеге асыру міндеттері жүктелген.

Мүмкін қатысушыларға тауарларды өткізетін адамдардың мүдделерін жақтайтын кедендік брокерлерді: тасымалдаушыларды және кедендік тауар тасымалдаушыларын; кедендік рәсімдеу аяқталғанша тауарлардың сақталуын қамтамасыз ететін уақытша сақтау қоймалары иелерін; кедендік рәсімдеу кезінде кеден органына қолдау көрсететін мамандар; өткізілетін тауарларға қатысты қажетті қортындылар беретін сарапшылар; аудармашылар жатады.

Өзге мемлекеттік бақылаушы органдардың тиісті рұхсатынсыз кедендік рәсімдеудің аяқталуы мүмкін еместігі соңғыларды кедендік рәсімдеуге қатусышыларға жатқызуды бекіту негізсіз екенін байқатады. Фитосанитарлы бақылау мен мал дәрігерлік бақылау органдарының қызметтері мысалы, кедендік брокерлер мен аудармашыларға қарағанда өзгеше, яғни кедендік ережелерге жатпайды. Бұл органдардың тауарларды ҚР кеден аумағына не ҚР тыс жерлерге шығарудың мүмкіндігі не мүмкінсіздігі туралы берген қортындыларына кедендік мақсаттарға қажетті түрлі құжаттардан тұрады.

Мұндай құжаттарға: тиісті банк берген келісім төлқұжаты; сапа мен қауіпсіздік сәйкестігі сертификаты; тауарды шығарған елдің сертификаты және өзге де құжаттар. Сондықтан да кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттарды берген органдарды кедендік рәсімдеу қатысушыларына жатқызу жағдайында осындай адамдардың аясы мейлінше кең болады. Өйткені соңғылардың іс-әрекеті кедендік заң нормаларына тікелей қатысы бар.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде кедендік рәсімдеудің тауарлар мен көлік құралдарын белгілі бір кедендік режим кезеңіне орналастырудың бекітілген тәртібі мен ҚР кеден шекарасы арқылы тауарлар көлік құралдарын өткізуде осы режимнің аяқталуынан тұратынын тұжырымдауға болады.

Кедендік рәсімдеу оның қатысушыларының қарым-қатынастарының осы түрін реттейтін нақты айқындалған нормативті-құқықтық қайнар көздеріне негізделеді. Осы қатынастарға қатысушылар да нақты анықталған, сондай-ақ олардың пайда болуының басы

да айқындалған. Кедендік рәсімдеу процесі оның өндірісінің орны мен уақытына болінетінін көңіл бөлу қажет. Кедендік рәсімдеуде іс-әрекеттердің жүйелілігі осы процестің кезеңдерін алдын-ала кедендік рәсімдеу немесе алдын-ала жүргізілетін операциялар сияқты негізгі кедендік рәсімдеу немесе кедендік декларация ретінде қарайды.

2. Алдын-ала кедендік рәсімдеу

Алдын-ала кедендік рәсімдеу бірқатар іс-әрекеттер кешенінен тұрады – негізгі кедендік рәсімдеу өндірісін - кедендік декларациялауды жылдамдатып, жеңілдетіге талған алдын-ала операциялар.

Алдын-ала операцияларда ҚР кеден органдары ҚР тауарлар мен көлік құралдарын әкелуді жібермеуге, мұндай әкелу мен әкетуге тыйым салынған, сондай-ақ ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын теңестіруге калған кедендік рәсімдеуді жүргізеді. Бірақ мұнымен алдын-ала рәсімдеудің мақсаты тоқтап қалмайды.

Кеден органынан басқа алдын-ала операциялар өндірісіне кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізетін адамдар да қатысады. Мұндай жағдайда алдын-ала операциялардың мақсатына: кедендік декларациялауға кажетті құжаттарды дайындау, тауарларды қарау мен оларды санау, сараптама зерттеулерін және өзге де әрекеттерді жүргізуу жатады. Алдын-ала операцяилардың барлық түрін белгілі бір дәрежеде, шарттармен бірнеше түрлерге бөлуге болады, олардың әрқайсысы өз алдына алдын-ала сипатқа тән іс-әрекеттерден тұрады.

Мұндай алдын-ала операцияларға тауарларды уақытша сақтау, тауарларды кедендік бақылауда жеткізу жатады.

Уақытша сақтау рәсімі ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын арнайы режимге орналастыру мен олардың жеке орындарда – уақытша сақтау қоймаларында кедендік рәсім аяқталғанша толықтай және тауарлардың келесі шығаралымына дейін болуы жатады.

Алдын-ала операцияға жататын уақытша сақтаудың бірнеше мақсаттары бар. Ең алдымен, кедендік рәсімдеу басталған сәттен бастап, аяқталғанша тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз ету, яғни өткізудің таңдаған кедендік режиміне орналастыру. Уақытша сақтаудың екінші мақсаты ҚР кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізетін адамға кедендік режимді таңдауын ұсыну және негізгі кедендік рәсімдеуге қажетті барлық құжаттарды дайындау болып табылады. Мұндай мүмкіндік белгілі бір уақыт кезеңінің барында – негізгі кедендік рәсімдеу басталғанша тауарлардың уақытша сақтау қоймасында сақталу мерзімінде қарастырылады.

Тауарлар мен көлік құралдарының уақытша сақтауда болуы оларды міндетті түрде арнайы бөлінген және жайластырылған үй-жайға орналастыруды немесе уақытша сақтау қоймасы мәртебесіне ие орындарды болуын қарастырады. Содан соң тауарлар мен көлік құралдары оларды кеден органына ұсынған сәттен бастап автоматы түрде уақытша сақтау мәртебесін алады. Бұл өз кезегінде ҚР кеден шекарасы арқылы өткізу дерегінен шығады.

Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау қоймасынан орналастыру бірден ҚР кеден шекарасынан өткізу барысында, не егер де декларациялау ҚР кеден шекарасына әкелу орнында өткізілсе әкелу барысында немесе тауар кедендік рәсімдеу өндірісі орнына жеткізілгенде кедендік декларацияны беру орны бойынша әкету барысында жүзеге асырылады.

Тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау қоймасынан орналастыру барысында кеден органдары әдетте тауарлар мен көлік құралдарын теңестірертін өқжаттарды сұрайды. «Кедендік теңестіру» деген термин кеден заңдарында жиі кездесетінін айта кеткен жөн. Әңгіме кедендік бақылау өндірісі тәсілдерінің бірі жайында болып отыр, және де теңестірулердің бірі туралы оның әр түрлі деңгейлері болулары мүмкін.

Сондықтан, уақытша сақтау қоймасына қойылған тауарлар мен көлік құралдарына қатысты теңестіру өндірісінде кеден органдары мынадай мәліметтері бар тек құжаттармен ғана шектеледі:

- қазақстандық тауарлар жөнелтушінің не алушының атауы;
- тасымалдаушының атауы;
- көлік құралы туралы қысқаша мәліметтер (түрі, бағыты, нөмір);
- жалпылама тауар атауы және оның саны;

Көрсетілген мәліметтер тіркеме қағаз, коносаменттер, мамандданымдар, фактура-есепшоттар және басқалар сияқты тауар жолдамалы және өзге де коммерциялық құжаттарда не қосымша толтырылған қысқаша декларацияда болуы мүмкін.

Сондықтан да тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтау қоймасына орналастыру барысындағы теңестіру мақсаты уақытша сақтау қоймасына орналастырылған тауарлар мен көлік құралдары туралы мәліметтердің нақты деректермен сәйкес келуін анықтауды, сонымен бірге осы тауарларды ҚР аумағына әкелу не шекарадан тыс жерлерге әкету шектелген бе немесе тыйым салынған ба, жоқ па, соны тексеруді қарастырады.

Уақытша сақтау қоймасындағы тауарлар мен көлік құралдары түрлі операцяилардан өтуі мүмкін – қарау, өлшеу, орамды ашу, қайта орамдау, сараптама жүргізу үшін сынамалар мен үлгілер алу үшін жек заттарды алуды қоса. Уақытша сақтау қоймасындағы тауарларға осы аталған оперцияларды жүргізу тек кеден органының рұхсатымен ғана болады.

Тәжірибеде уақытша сақтау қоймасындағы тауарларға сатып алу-сату операциясы жүргізілген жағдайлары да кездеседі. Мысалы, уақытша сақтау қоймасының ұйымы- иесі тауарды қойған адаммен сатып алу-сату келісімдерін жасайды.

Мұндай жағдайда осындай келісімдердің құқықтылығы туралы, ал одан әрі осы тауарлардың уақытша сақтау қоймасындағы жаңа меншік- иесімен негізгі кедендік рәсімдеуді жүргізу туралы сауал туындайды. Осы сұраққа жауапты ҚР Кеден Кодексінің 368-бабынан көруге болады. Онда кедендік рәсімдеуі әлі аяқталмаған тауарлар мен көлік құралдарын ешкімнің пайдаланып, оған билік етуіне құқысы жоқ делінген.

Сондықтан да қарастырылып отырған кедендік рәсімдеуден өтпеген тауарлармен болған операциялар ҚР Кедендік Кодексі талаптарын бұзу арқылы жүргізілгендіктен, уақытша сақтау қоймасының иесі осы тауарларды негізгі кедендік рәсімдеуден өткізуге құқысы бар адам ретінде танылмайды.

Кедендік рәсімдеудің барлық процесі аяқталған соң, тауар уақытша сақтау қоймасынан шығарылып, таңдалған тиісті кедендік режиммен адамға беріледі. Жеке кедендік режимдердің уақытша сақтау қоймаларымен үндес екендерін айта кеткен жөн – мысалы, кедендік қойма, еркін қойма. Осы кедендік-құқықты үлгілердің айырмашылығы күрделі емес. Ол ең алдымен әрбір қойманың жеке арналғандығымен тұжырымдалады.

Уақытша сақтау қоймасында кедендік рәсімдеудің жүйелілігін сақтауды қамтамасыз ету мақсатындағы тауарлар сақталынады. Тауарларды кедендік қоймаларда сақтау барысында кедендік рәсімдеуді аяқтау мен кедендік төлемдерден босату барысында, осындай сақтау үш мерзімге дейін ғана мүмкін екендігіне сәйкес тауарларды өзге кедендік қойма режиміне орналастыру орын алады. Еркін қойма кедендік қойма сияқты өткізудің кедендік режимінің алуан түрлілігінің жүйесі, бірақ кедендік қоймаға қарағанда тауар сақтауда болмайды, ол өндірістік процеске қатысады - өндірістік түрдегі еркін қойма.

Тауарларды уақытша сақтау қоймаларында сақтау мерзімі екі айға дейін ғана шектеледі. Дәл осы шекпен кеден органдары кедендік декларацияны беруге қажетті уақытты есепке ала отырып, сондай-ақ тауардың сипатына қарай тауарларды сақтаудың нақты мерзімдерін бекітеді.

Егер де тауарды уақытша сақтау қоймасына қойған адам екі ай мерзім ішінде тауарды қоймадан шығармаса, онда кеден органдары айып пұл санкцияларын қолдануы мүмкін. Кедендік рәсімдеудің барлық процесі аяқталғаннан кейін тауар уақытша сақтау қоймасынан шығарылып, ұсынылады. Сондай-ақ тауарлар уақытша сақтау қоймаларында

барынша ұзақ не қысқа уақыт болатын жағдайлары да кездеседі. Мысалы, тірі аңдар, өсімдіктер, консервіленбеген тағам өнімдері, өзге де тез бұзылатын тауарлар уақытша сақтау қоймасында үш тәулік қана сақталады. Бұл ҚР әкелуге не одан тыс жерлерге әкетуге тыйым салынған тауарларға да қатысты.

Кедендік ережелерді бұзудың заттай дәлелдері болып табылатын тауарлар уақытша сақтау қоймаларында алты айдан көбірек уақыт бола алады.

Кедендік режимнің келесі бір түрі бұл *тауарларды алдын-ала бақылаумен жеткізу*. Осы операцияның мақсаты - ҚР кеден аумағынан әкелінген тауарларды әкелінген жерден негізгі кедендік рәсімдеу – декларациялау болатын жерге дейін тасымалдау. Жеткізу орны кедендік рәсімдеу рәсімі толық аяқталғанға дейін тауарлардың болатын тек уақытша сақтау қоймасы.

Дегенмен де, кедендік бақылаумен тауарларды жеткізу бірнеше жағдайларда қолданылады: кедендік декларациялаудың аяқталған орнынан ҚР кеден аумағынан тыс әкетілетін жерге дейін тасымалдау үшін, сондай-ақ тауарларды бірнеше кеден қоймаларына орналастыру жағдайларында – мысалы, тауар рәсімделіп, кеден қоймасы режимінде жатқанда.

3. Негізгі кедендік рәсімдеу

Негізгі кедендік рәсімдеу, бұрын айтып кеткендей ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік декларациялауға арналған.

ҚР Кеден Кодексінің 378- бабына сәйкес декларациялау бекітілген нысанда тауарлар мен көлік құралдары туралы нақты мәліметтерді және кедендік мақсаттарға қажетті өзге де мәліметтерді (жазбаша, ауызша, конклюдентті, электронды түрде) мәлімдеу жолымен жүргізіледі.

Сондықтан декларациялау кеден органына тауарларды таңдалған кедендік режимге орналастыру үшін қажетті мәліметтерді бекітілген нысанда мәлімдеуден тұрады.

Сонымен бірге ҚР кеден органына анағұрлым ерте алдын-ала кедендік рәсімдеу кезеңінде кедендік декларациялау басталмас бұрын мысалы, ҚР кеден аумағына тауарлар мен көлік құралдарын әкелу орнына хабардар ету, тауарларды уақытша сақтау қоймаларына жеткізу орындарында тауар жолдамалы құжаттарды көрсету ұсынылады. Онда кедендік декларациялаудың ерекшелігі неде? Кедендік декларациялаудың сипаты үшін және оның ерекшеліктерін анықтау үшін мынадай элементтерге көңіл бөлу қажет:
- кедендік мақсаттарға қажетті құжаттар мен мәліметтерді қоса декларациялау нысаны;
-кедендік декларацияны беруге өкілетті адамдар, яғни декларанттар.

4. Декларациялау нысаны

Қазіргі уақытта ҚР-да декларациялаудың негізінен жазбаша түрі қолданылады. Және де өткізу мақсатына қарай декларациялаудың бірнеше түрлері болуы мүмкін.

2003 жылдың 3 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы кедендік бақылау Агенттігінің Төрғасы бекіткен ҚР «Кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеудің» № 416 нұсқаунамасына сәйкес кеден органдары лауазымды тұлғаларының (одан әрі – лауазымды тұлғалар) ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеу өндірісі кезіндегі әрекет ету жүйелілігі анықталады.

ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының Кеден Кодексінде (одан әрі – Кеден кодексі) қарастырылған тәртіппен, кедендік іс бойынша өзге де нормативті актілермен кедендік рәсімдеуге жатады.

Кедендік рәсімдеу бойынша кедендік операцияларды кеден ісі мен олардың орналасқан жерінде және Қазақстан Республикасының нормативті құқықты актілерінде анықталған өзге де жерлерде кедендік рәсімдеу бойынша әрекет етуге өкілеттелген

кедендер (одан әрі – тиісті бөлімшелер) мәселелері бойынша мемлекеттік органның өкілеттелген аумақтық бөлімшелерінің тиісті бөлімшелері жүзеге асырады.

Негізгі кедендік рәсімдеу мен тауарлар мен көлік құралдарын белгілі бір кедендік режимге орналастырудың алдында алдын-ала операциялар жүреді.

Негізгі кедендік рәсімдеу тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау бойынша әрекет ету және оларды белгілі бір кедендік режимге орналастыру дегенді білдіреді.

Тауарлар мен көлік құралдарын негізгі кедендік рәсімдеуге мыналар жатады: кедендік декларацияларды, кедендік төлемдер мен салықтарды, сондай-ақ белгілі бір кедендік режимге орналастырудың дұрыстығын, тарифтік емес реттеу шараларының сақталуын, тауарларды теңестіру мақсатындағы кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтердің толықтығы мен күмәнсіздігін қадағалауды қабылдау, тіркеу және есепке алу кезеңі.

5. Кедендік жүк декларациясын қолданумен тауарларды кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау тәртібі.

Негізгі кедендік рәсімдеу (декларациялау) кезеңі бұрын айтып өткендей Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік декларациялауға арналған. Декларациялау тауарларды таңдалған кедендік режимге орналастыруға ұажетті мәліметтерді бекітілген нысанда кеден органына мәлімдеуден тұрады.

Сонымен бірге мәліметтер Қазақстан Республикасының кеден органына анағұрлым ерте (алдын-ала кедендік рәсімдеу кезеңі) кедендік декларациялау өндірісі басталмас бұрын беріледі. Мысалы, ҚР кеден аумағына тауарлар мен көлік құралдарын әкелу орнына хабардар ету, тауарларды уақытша сақтау қоймаларына жеткізу орындарында тауар жолдамалы және тауарлы көлік құжаттарды көрсету ұсынылады. Онда кедендік декларациялаудың ерекшелігі неде? Кедендік декларациялаудың сипаты үшін және оның ерекшеліктерін анықтау үшін мынадай элементтерге көңіл бөлу қажет:

- кедендік мақсаттарға қажетті құжаттар мен мәліметтерді қоса декларациялау нысаны;
-кедендік декларацияны беруге өкілетті адамдар, яғни декларанттар

Сыртқы экономикалық қызметтер саласында (субъектілерге қожалық етушілердің тауарларды өткізу жағдайларында) жүктің кедендік декларациясының (одан әрі- ЖКД) бекітілген нысаны қолданылады.

Жүктің кедендік декларациясы кедендік мақсаттар үшін қажетті Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы барлық мәліметтердің шартты түрде кодталған түріндегі бірдей нысандағы құжаттан тұрады.

ЖКД бланкісі кітапшаланған (өзіндік көшірмеленген) ТД-1 нысанды төрт парақтан тұрады. Мазмұны бойынша бірдей мұндай парақтардың әрқайсының өз мақсаттары бар. ТД-1 бірінші парағы декларация қабылданып, тексерілген кезден органында қалады. Екінші ТД-1 парағы сол кеден органының кедендік статистика бөліміне беріледі. Үшінші ТД-1 парағы кедендік декларациялау аяқталғаннан кейін декларантқа қайтарылады.

ТД-1 нысанды парақтар бір атаудағы тауарларды декларациялау үшін қолданылатын ЖКД-ның негізгі парағы болып табылады. ҚР кеден шекарасы арқылы әр түрлі тауарлар өткізілетін жағдайларда ЖКД-ның ТД-2 нысанды қосымша парақтары қолданылуы мүмкін.

ТД-2 қосымша парақтарының ең көп саны 33, және де осындай парақтардың әрқайсы ТД-1 мен ТД-2 бір кедендік декларацияны құрайтынын есепке ала отырып, үш түрлі тауарларды декларациялауға мүмкіндік береді. Демек бір ЖКД арқылы тауарлардың 11 түрін декларациялауға болады (ТД-1 бойынша тауардың бір түрі ТД-2-нің 33 парағының әрқайсында тауарлардың 3 түрі). Егер де тауарларды бір адам (алушы не жөнелтуші) бір шартқа сәйкес өткізіп, бір кедендік режимге орналастырылса, онда ТД-2 қосымша парақтары пайдаланылады.

ЖКД берумен қатар кеден органына кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар (тізімдемесімен бірге) мен ЖКД-ның магнитті таратушыдағы (дискеттегі) электронды көшірмесі ұсынылады. ЖКД қабылдау соңғы тіркеу нөмірін (ЖКД 7-бағаны) қою арқылы рәсімделеді. Тіркеген сәттен бастап ЖКД заңды күші бар құжатқа айналады. Басқаша айтсақ, ЖКД тіркеген соң декларант кедендік декларацияда мәлімдеген мәліметтердің күмәнсіздігіне заңды түрде жауапты.

Кедендік мақсаттарға қажетті құжаттар тізімі – бұл кедендік құн декларациясы, келісім құжатының көшірмесі, тауарды жеткізуді бақылау құжаты, кедендік төлемдердің төленгенін растайтын құжаттар, кедендік төлемдердің өзге бақыланатын төлемдеріне рұхсат және декларациялауға қажетті өзге де құжаттар. Кедендік декларациялау үшін қажетті құжаттар тұтастай алғанда кедендік режимді және өзге де деректерді мәлімдейтін өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының категорияларына қарай әр түрлі болуы мүмкін. ЖКД бір мезгілде берілген құжаттардың негізгі маңызы ЖКД-ғы ақпараттарды растаумен тұжырымдалады.

Кедендік декларациялауға қажетті құжаттарды мақсатты белгілері бойынша алдын-ала салыстырмалы, өзіндік топтарға бөліп қарастырайық.

Құжаттардың бірінші тобын ұйымдастырушылық құжаты деп қарайық. Ұйымдастырушылық құжаттарына құрылтайшылық және тіркемелік құжаттар (құрылтайшылық келісім шарттар, жарғылар, тіркелгені туралы мәліметтер ж.т.б) жатады.

Кедендік рәсімдеу мен бақылау өндірісін жылдамдату мақсатында кеден органына тиісті ұйымдастырушылық құжаттарын сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды есепке алу мақсатында алдын-ала ұсыну мүмкіндігі қарастырылғанын айта кеткен жөн.

Есепке алу есеп картасын толтырумен рәсімделеді. Одан әрі есепке алу картасы ұйымдастырушылық құжаттардың қажетті топтамасының орнын ауыстырумен декларациялау процесін жеңілдету үшін тауарларды кедендік декларациялау кезінде қолданылады. Сонымен бірге сырттық экономикалық қызметке қатысушының есепке алынған картасының болмауы тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеуден бас тартуға негіз болмайды.

Құжаттарджың келесі тобы коммерциялық деп аталады, оларға сыртқы сауда шарттары, есепшот-фактуралары, манданымдар, яғни тауарлар туралы мәліметтерді көрсететін құжаттар жатады.

Одан әрі қарай көлік құжаттарына – коносамент, темір жол тіркеме қағазы жатады. Аты аталған құжаттарда тауардың кедендік құнының дұрыс есептелгенін қадағалау мақсатындағы кеден органдарының тауарларды тасымалдаудың ерекшеліктері мен оның қозғалыс бағытын тексеру көрсетіледі. Барлық құжаттардың ішіндегі ең маңызды топ кедендік құжаттар. Кедендік құжаттар оларды әуел баста кеден органдарының беретінімен (кедендік брокер, бажсыз сауда дүкені иесі ретінде қызметтерді жүзеге асыруға құқық беретін лицензиялар, тауарларды қайта өңдеуге лицензиялар) сипатталады не олар бекітеді (тауарларды жеткізуді қадағалайтын құжат, егер де кері әкелерде әкеткен күнін растау қажет бюолса ЖКД).

Құжаттардың соңғы тобына алдыңғыларға ұқсамайтын төлем-рұхсатты құжаттар жатады. Оларға лицензиялар, сәйкестік сертификаттары, рұхсаттар, төлем тапсырыстары, кедендік кіріс ордерлері, кедендік төлемдер туралы банктердің кепілдіктері және басқалары.

Тауардың жеткізілуін қадағалайтын құжат ХТЖ (халықаралық тасымалдар жеткізілімі) рәсімі бойынша тасымалдауларды қоспағанда транзиттің кедендік режимін мәлімдеуде қолданылады. Сондықтан да сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар тауарлар мен көлік құралдарын декларациялағанда кедендік жүк декларациясының (ЖКД) бекітілген нысаны қолданылады, ал Қазақстан Республикасы кеден комитетінің құжаттарымен қарастырылған жағдайларда кедендік жүк декларациясы орнына жүруі мүмкін.

10-ші тарау. Кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың өткізген тауарларын кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау

1. Кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың өткізген тауарларын кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау тәртібі.
2. Кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың өткізген тауарлары мен көлік құралдарын тексеріп қарау.

1. Кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың өткізген тауарларын кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау тәртібі.

1999 жылы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасы «Жеке тұлғалардың Кедендік Одаққа қатысушы- мемлекеттердің шекараларын кесіп өту мен олардың тауарлар мен валюталарды кедергісіз өткізудегі еркін және тең құқықтарын қамтамасыз ету туралы» келісімін бекітті. Осы келісімге сәйкес Казақстан Республикасы Үкіметі «ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен мүліктерді өткізу мен декларациялау тәртібі туралы» Ереже қабылданды, онда мыналар бекітілген:

- Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың өткізуге арналған тауарларды анықтау өлшемдері;
- Қазақстан Республикасы аумағынан тыс тұрақты тұратын жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасына уақытша келу мерзімінде уақытша әкелуге рұхсат етілетін тауарлар тізімі;
- Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалардың шетелде уақытша болу мерзімінде кедендік төлемдерді, салықтарды төлеуден толық босатып және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай уақытша әкетуге рұхсат етілетін тауарлар тізімі;
- жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы аумағына оңайлатылған тәртіппен әкелетін тауарларына төленетін жиынтықты кедендік төлем;
- жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы аумағына тауарларды жеңілдетілген тәртіп берілмеуіне қатысты оңайлатылған тәртіппен өткізудің салмақтық және құндық нормалары;
- Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарларды жеңілдетілген тәртәппен өткізу шарты мен нормалары;
- жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы кеден аумағына акциздер қойылмаған акцизді тауарларды импорттау нормасы
- тауарларды халықаралық пошта жөнелтілімдерімен өткізу шарты мен нормалары.

Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы кеден аумағы арқылы өткізетін мынадай тауарлары өндірістік немесе өзге кәсіпкерлік қызметке арналған ретінде қарастырылады:

- мотокөлік пен жеңіл автомобильдерден басқа көлік құралдары және олардың бөлшектері, оның қатарында жол полициясының есепке алуына жататындары да бар, өткізу жиілігі жылына 1 реттен аспау керек;
- Қазақстан Республикасы кеден аумағына осы қаулыда қарастырылған нормадан жоғары әкелінетін акцизделетін тауарлар;
- кәсіпқой жабдықтар (өндірістік немесе өзге де кәспкерлік қызметтерді жүзеге асыратын еңбек құралы ретінде пайдаланылатын жабдықтар).

Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасына әкелуге немесе Қазақстан Республикасынан әкетуге Қазақстан Республикасы заңына сәйкес шектелген тауарларды

қоспағанда, Қазақстан Республикасы кеден аумағына (кеден аумағынан) әкелінетін (әкетілетін) тауарларды жеңілдетілген тәртіппен өткізудегі кендендік рәсімдеу кендендік төлемдерден (сақтауға төленетін алымдардан басқа) толық босатылып, тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай төмендегідей жағдайларда жүргізіледі:

1) Кендендік одаққа қатысушы-мемлекеттерден (қатысушы-мемлекеттерге) осы елдерде тұрақты тұратын жеке тұлғалардың осы елдерден шыққан және өндірістік немесе өзге де кәсіпқойлық қызметке арналмаған тауарларды әкелу (әкету) барысында;

2) өндірістік немесе өзге де кәсіпқойлық қызметке арналмаған, үшінші бір елдерден шыққан, бір адамға шаққанда жалпы құны эквивалентті 1000 (мың) АҚШ доллары сомасынан, жүктің жалпы салмағы 50 (елу) килограмнан асып кетпейтін тауарларды әкелу (әкету) барысында;

3) Қазақстан Республикасына (шетелге) тұрақты тұруға көшіп келген жеке тұлғалардың өндірістік немесе өзге де кәсіпқойлық қызметке арналмаған тауарларды әкелу (әкету) барысында.

Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы аумағына акцизі қойылмаған, акцизделетін, импортқа шығарылатын тауарларды әкету нормасы мынадай:

Бекіре, арқан балықтарының уылдырығы	1 кг (таза салмағы)
Дәнді дақылдардан жасалған сыра	5 литр
Шараптар. Шарап өнімдері, Ақ қайнар, коньяктың барлық түрлері спирттер, ащы сусындар, бальзамдар, арақ, ликер өнімдері	2 литр
Темекі өнімдері, өзге де құрамында темекі бар өнімдер	1000 дана
Жанармай (авиациялық ты қоспрағанда)	100 литр
Жағармай отын	150 литр

Тауарларды халықаралық пошта жөнелтілімдерімен өткізу кезінде келесі шарттар сақталуы тиіс.

Жеке тұлғаның атына жіберілген және өндірістік емес немесе өзге де кәсіпқойлық қызметке арналмаған тауарлар төмендегі нормаларды сақтағанда Қазақстан Республикасы кеден шекарасынан кендендік төлемдерді төлеуден толық босатып және оларға тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай өткізіледі:

1) салмақ 31 (отыз бір) килограмнан аспайды;

2) жалпы сомасы эквивалентті 1000 (мың) АҚШ долларынан аспайды.

2. Жеке тұлғалардың өткізетін тауарлары мен көлік құралдарын кендендік тексеріп қарау

Кеден заңына сәйкес кендендік тексеріп қарау кендендік бақылаудың бір нысаны болып табылады.

Кендендік тексеріп қарау көлік құралдарында, қол жүгінде, жүкте, сондай-ақ адамның киімінде, денесінде кендендік бақылаудан жасырып қалған заттардың бары не жоғын тексеруден тұрады

Адамның киімі мен денесін тексеріп қарау жеке қарау болып табылады және ол кендендік бақылаудың ерекше нысанына жатады.

Тексеріп қараудың қолданылатын барлық түрінде техникалық құралдар адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіз болуы және тауарлар мен көлік құралдарына залал келтірмеуі тиіс.

Тексеріп қарауды ұйымдастыру мен өткізуде кеден органдарының лауазымды тұлғалары жеке адамның конституциялық құқықтарының қатаң сақталуын қадағалауы тиіс. Жеке тексеріп қарау кеден органы бастығының қаулысы негізінде аса негізделген жағдайларда ғана жүргізіледі.

Қол жүгі мен жүкті кедендік тексеріп қарау былайша жүргізіледі:
- әрбір жүкті және қол жүгін толық ашып қарау, сондай-ақ тігістерді, астарларды сөгу, құрылымдық элементтерді алумен тексеріп қарау ж.т.б.
- ішіндегісін жартылай ашып қарау;
- жеке орындарды ашып қарау;
- жеке орындарды ашпай-ақ, кедендік техникалық құралдарды пайдалана отырып қарау.

Көлік құралдарын кедендік тексеріп қарау былай жүргізіледі:
- құрылымдық элементтерді жартылай бұзу ,бөлшектеу;
- құрылымдық элементтерді толық бұзу ,бөлшектеу;
- олардың келісімінсіз және бөлшектеу .

Автокөліктерді тексеріп қарау өндірісі үшін шекаралық авто өтетін жерлердегі тексеріп қарайтын жұмыс орындары арнайы техникамен, аспаптармен және материалдармен жабдықталып, жарақталады.

Кедендік тексеріп қарау – бұл тек кедендік бақылау нысаны немесе технологиялық операция ғана емес, сондай-ақ ол туындайтын барлық нәтижелермен іс жүргізу әрекеті екенін есте сақтаған дұрыс. Тексеріліп қаралатын қол жүгінің, жүктің немесе көлік құралының иесі тексеріп қарауға қатысуға құқылы және қандай жағдай болмасын бұл құықтан айрылуы мүмкін емес. Кейінге қалдыруға болмайтын тексеріп қарауда жүк иесін тексеріп қарауға қатысуын қамтамасыз ету мүмкін емес жағдайлары да болады. Мысалы, жарылғыш заттар мен қаруды ашу туралы деректер бар кезде, жүктің басқа заттарға зияны тиетін кезде (сұйықтардың ағуы, күшті иіс, аса жоғары радиоактивті түс ж.т.б).

Тексеріп қарау кезінде мүдделі адамдардың арасынан куәгерлердің (екеуден кем емес) қатысуын қамтамасыз ету де қажет.Тексеріп қарауға қатысқан барлық адамдар кедендік тексеріп қарау актісінде жазылады және оған бәрі қолдарны қояды.

Жеке тексеріп қарауды тағайындау рәсімі мен өндірісі бұрын айтып кеткендей тауарларды жай тексеруге қарағанда жеке тұлғаның еркі мен оған тікелей қол сұғатын кедендік бақылаудың ерекше нысаны болғандықтан барынша жауапты болып табылады.

Жеке тексеріп қарауға шешім қабылдау кезінде кедендік органының кедендік рәсімдеуді және немесе бақылауды жүргізетін лауазымды тұлғасы тексерілетін адамға кедендік бақылаудың ерекше нысаны- жеке тексеріп қарауды қолданатынын ескертеді және кедендік бақылауға киімінде, денесінде, дене қуыстарында жасырулы, міндетті түрде декларациялануы тиіс тауарларды көрсетіп, кедендік рәсімдеу мен бақылауға беруін ұсынады.

Бас тартқан жағдайда және жолаушының заттарды жасырып тұрғанына негіз болғанда лауазымды тұлға кеден органының бастығына немесе оның орынбасарына жеке тексеріп қараудың дұрыстығы туралы ұсынысын білдіреді.

11- ші тарау. Әр түрлі көлік құралдарымен тасымалдаудағы кедендік бақылаудың ерекшеліктері

1. **Автокөлікте кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау**
2. **Темір жол көлігінде кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау**
3. **Халықаралық әуе тасымалында кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау**
4. **Су көлігінде кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау**

1. Автокөлікте кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау

Жүк таситын автомобильдерді кедендік бақылауды екі түрге бөлуге болады: тауарларды тасымалдаушы, тауарларға бара жатқан немесе тауарларды түсіргеннен кейін автокөлік құралдарын кедендік бақылау және тауарларды кедендік бақылау.

Кедендік бақылау тас жолды шекаралық өткізу орындарында, сапар шегу жолдарында және тауарларды жеткізу орындарында жүзеге асырылады. Автокөліктерді кедендік бақылаудың мақсаттары мынадай:

-тауарларды кедендік бақылаудан жасыру үшін арнайы жабдықталған көлік құралдарын пайдалануды табу және болдырмау;

- көлік құралдарының халықаралық жолаушылар тасымалы мен арнайы жүктерден басқа мақсаттарда кеден шекарасы арқылы өтуіне жол бермеу;

- жүктерді кедендік бақылауда жеткізу үшін көлік құралдарының техникалық талаптарға сай келулерін тексеру;

Көлік құралдарын кедендік бақылау түрлерінің біріне жүк автомобильдері жүргізушілерінің, экспедиторлардың, жүктерді ілесіп алу жүрушілердің және автобус жүргізушілерінің өткізетін тауарларын тексеруді жатқызуға болады. Бақылаудың бұл түрі жеке тұлғалардың өткізетін тауарларын бақылауға ұқсас түрде жүзеге асырылады.

Жүк автокөлігін тас жолды шекаралық өткелдерде (өткізу орындарында) кедендік бақылау мынадай жүйелілікпен жүзеге асырылады:

- кедендік және шекаралық бақылау ааймағына кірер кезде кеден органының лауазымды тұлғасына көлік құралы мен тасымалданған жүкке құжаттарды тапсыру түрінде тасымалдаушының әкелу (әкету) туралы хабардар етуі;

- кеден органының лауазымды тұлғасының берілген құжаттарды тексеруі және жүк тасымалдаған көлікті рәсімдеудің кедендік бақылау орны мен нысаны туралы шешім қабылдауы;

- көлік құралын кедендік бақылау нысаны туралы шешім қабылдау;

- жүргізушілер және көлік құралындағы өзге де жеке тұлғалардың өткізетін тауарларын кедендік рәсімдеу;

- көлік құралын және тасымалданған тауарды кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау;

- тасымалдаушыға көлік құралдары мен тасымалданатын тауарлардың құжаттарын тапсыру;

- көлік құралын шетелге немесе елдің ішіне шығару.

Шекаралық және төлқұжаттық бақылау, сондай-ақ кедендік бақылаумен бір мезгілде өзге қызметтер тарапынан жүргізілетін бақылау.

Бақылау қызметтерінің өзара әрекет ету тәртібі шекаралық тас жол өткелдеріндегі шекаралық және кедендік рәсімдеудің технологиялық сұлбаларымен бекітіледі.

Жолаушылар автокөлігін кедендік рәсімдеу мен бақылау жүйелілігі төмендегідей:

- тасымалдаушының ауызша мәлімдеу түріндегі кіру (шығу) туралы хабардар етуі және шекара әскерінің немесе кедендік және шекаралық бақылау аймағына кірер кезде кеден органының лауазымды тұлғасына көлік құралының құжаты мен жүргізушінің, жолаушылардың жеке құжаттарын көрсетуі (технологиялық сұлбада қабылданғанға байланысты);

- жүргізуші мен жолаушылардың қол жүгі мен жүктерін кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау;

- көлік құралын кедендік рәсімдеу мен бақылау;

- жүргізуші мен жолаушылардың қол жүгі мен жүктерін кіру немесе шығуға сәйкес шығару.

Шекаралық өткелдерде кедендік рәсімдеу мен бақылаудың технологиялық операциялары.

Әкелу - әкету туралы хабардар ету тек жүк қатынасына ғана қолданылады.

Хабардар ету тасымалдаушының міндеті болып табылады. Тәжірибеде бұл міндетті көлік құралдарының жүргізушілері орындайды.

Кеден аумағына әеклу кезінде жүк жөнелтіліміне мынадай құжаттар жинағы ұсынылады:

- тасымалдаушы ретінде шартқа отырған ұйымның жазып берген халықаралық автомобиль қатынасының (CMR) тауаркөліктік тіркеме қағазы;
- тасымалданатын тауарларға тиеп жөнелтуші маманданым (есепшот-фактура немесе проформа (сыртқы көрініс), ХТЖ (халыққаралық тасымал жеткізілімі) кітапшасы (егер де тасымал ХТЖ Келісіміне сай жүргізілсе) және көлік құралын кедендік мөрлер мен мөртаңбалармен тасымалдауға рұхсат беретін құжаттар;
- автокөлік құралдарының құжаттары;
- әр түрлі сертификаттар, лицензиялар мен тасымалданатын құзыретті органдардың ережелерге сәйкес тауарларға берген рұхсаттары;
- көлік құралына тіркеу құжаты бар жолушылар қатынасындағы құжаттар жинағы;
- сақтандыру куәлігі (« жасыл карта »);
- туристік топтың тізімі (туристік автобустар мен автотуристерді ұйымдастырушы топтар үшін).

Құжаттарды тексергеннен кейін кеден органының лауазымды тұлғасы төмендегі шешімдердің бірін қабылдайды:

- көлік құралын өткізу;
- көлік құралын қарап болған соң және кеден органдарының салған және құжаттарда көрсетілген теңестіру белгілерін салыстырғаннан кейін өткізу;
- көлік құралын кедендік тексеріп қарағаннан кейін өткізу;
- көлік құралын өткізуден бас тарту.

Бір мезгілде әкелінетін тауарларға қатысты да шешім қабылданады:

- жүкті толық немесе жартылай тексеріп қарап шығу (көлік жүк тиелген бөлігін және орамдарды ашып немесе ашпай тексеру);
- жүкті шекарадағы кедендік рәсімдеудің шекара маңындағы уақытша сақтау қоймасына орналастыру немесе рәсімдеу үшін ішкі кедендік транзит (ІКТ) рәсімі бойынша жүкті жеткізу орнындағы кеденге жіберу;

Көлік қызметкерлерінің қол жүктері мен жүктерін рәсімдеу жолаушылар көлігін рәсімдеу кезінде жүргізіледі. Автомобильді, қол жүктері мен жүктерді сыртқы тексеруден өткізіп болған соң, жолаушылар қатынасындағы көлік құралы мен жолаушыларды өткізуге шешім қабылданады;

- жолаушылардың қол жүктері мен жүктеріне кедендік рәсімдеуді жүргізу;

Шекаралық өткелдердегі тауарларды тексеріп қарау үшін арнайы орындар жабдықталады – қажетті түсіру, тиеу техникасымен, аспаптармен, жабдықтармен, құрал-саймандармен жарақталған тексеріп қарау қоймалары.

Тікелей автомобиль өткелдерінде тауарларды тексеріп қарау орындарын жабдықтау мүмкін болмаған жағдайларда тауарларды тексеріп қарау жақын маңдағы шекаралық уақытша сақтау қоймаларында жүргізіледі.

Автокөлікті тексеріп қарау әдетте тікелей авто өткелдің режимдік аймағында тексеріп қарау шұңқырларымен немесе көтермелермен жарақталған тексеріп қарау бокстарында жүргізіледі.

Қол жүгіндегі және жүктегі тауарлар тікелей көлік құралында, перронға шығаралып, автоөткелдердің кеден залдарында рәсімделіп және бақылана береді.

Автоөткелдердің кеден залдары шекаралық және кедендік рәсімдеудің тереңдетілген өндірісі мен мемлекеттік шекарадан өтетін адамдарды және олардың өткізетін тауарларын бақылау үшін автоөткелдер ғимаратында жабдықталады. Пайдалануға немесе кеден аумағында сатуға өздері әкелетін автомобильдерді (жеңіл немесе жүк) кедендік рәсімдеудің өзіндік ерекшеліктері бар.

Мұндай жағдайларда автомашина бір мезгілде тауар ретінде де, жүргізушінің немесе жүргізушімен бірге келе жатқан адамның қол жүктері мен жүктерін өткізуге арналған көлік құралы ретінде де қарастырылады. Бұл ретте автомобильдегі адамның қол жүгі мен жүгі тауар ретінде (жолаушылардың, туристердің, жүргізушілердің) рәсімделеді, ал автомобильдің өзі – көлік құралы ретінде де, тауар ретінде де рәсімделеді.

Егер де тікелей шекаралық кеденде, авто-өткелде автомобиль қандайда бір кедендік режимге орналастыруға мәлімденбесе, онда ол ішкі кедендік транзит рәсімі бойынша бағыттағы кеденге жіберіледі.

Егер де автомобиль кедендік режимде өткізу үшін тікелей шекаралық өткізу орнында мәлімденбесе, кедендік бақылауда жеткізу рәсімі барлық жағдайларда кеден шекарасынан тауарды (автомобильді) өткізу үшін негізге және өткізетін адамда кедендік немесе өзге де жеңілдіктердің болуына қарамастан қолданылады.

Кеден аумағынан әкетуде:

- жүк қатынасында көлік құралын және жүкті рәсімдеуде әкелу кезіндегідей құжаттар, сондай-ақ ішкі кеденде рәсімделген ЖБҚ –ның екі данасы ұсынылады;
- кейбір кедендік режимдерде де (мысалы, уақытша әкелу режимін қолданғаннан кейін шетелге қайтару) ЖБҚ (жөнелтуді бақылау құжаты) екі данасы ұсынылады. ЖБҚ-ның бір данасы тауардың түскені туралы шекаралық кеденнің белгісімен жөнелту кеденіне қайтарылуы тиіс.
- Жолаушылар шығардағы кедендік бақылау тәртібі олардың кіру кезіндегі іс-әрекеттерге ұқсас.

2. Темір жол көлігіндегі кедендік бақылау

Темір жол қатынастарындағы кедендік бақылауды шекаралық және ішкі кеден органдары мынадай жерлерде жүргізеді:

- шекаралық темір жол станцияларында;
- шекарада тікелей орналасқан бақылау орындарында;
- мемлекеттік шекара мен шекаралық темір жол станциялары арасындағы телімдерде;
- адамдардың шекара арқылы өткізетін тауарлары мен көлік құралдарын бақылаудың жасалынған технологиялық сұлбасымен қарастырылған жеке жағдайларда жақын маңдағы шекаралық ішкі станциялар мен шекара аралық телімдерде;
- темір жол өткелдері жолдарындағы кедендік қойма және уақытша сақтау қоймалары.

Ішкі кедендер кедендік бақылауды арнайы белгіленген темір жол жолдарында, темір жол станцияларындағы тауар аулаларында жүргізеді.

Жеке тұлғаларды кедендік рәсімдеу:

- тікелей жолаушылар поезының вагондарында ;
- шекаралық темір жол станцияларының вокзалдарында жүргізіледі.

Бақылаудың технологиялық кешені рәсімдеу мен бақылауға қатысатын бақылау қызметтері желісінен тұрады. Елден шығарда көрсетілген сұлбаға мыналар кіреді:

- кедендік бақылау желісі, пошта, телеграф, телефон және банк бөлімшесі ;
- халықаралық тасымалды жүзеге асырушы көлік кәсіпорнының жүгін рәсімдеу желісі;
- шекаралық темір жол станциясы тасымалының жолаушылар бөлімінің қызмет көрсететің адамдары;
- шекаралық бақылау желісі;
- адамның киімінің астында қарудың және металлдың барын бақылау желісі;
- қауіпсіздік желісі.

Кедендік бақылау желісі қол жүгі мен жүкті тексеріп қарау процесінде мал мен өсімдіктен жасалған өнімдерді тексеру барысында қажет болған жағдайда мал дәрігерлік және фитосанитарлық бақылау органдарының қызметкерлері шақырылады.

Елге келген кезде (ҚР) бақылаудың технологиялық кешеніне мыналар жатады:

- шекаралық бақылау желісі;
- жүктерді алу желісі;
- фитосанитарлық және мал дәрігерлік бақылау түрлерімен сәйкес келетін кедендік бақылау желісі.

Кедендік-шекаралық рәсімдеу мен бақылауға қатысатын мемелекеттік органдар қызметтерінің бірлескен әрекеттерін ұйымдастыру мәселелері кеден бастығының кеден шекарасының күзеті туралы шешімінде көрінеді.

Адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын шекаралық рәсімдеу бойынша ұйымдастыру қызметтерінің (жұмыстарының) жалпы ережесі шекаралық темір жол станциялары бастықтарының және оларға бағынатын қызметтердің жетекшілерінің (тауарлы темір жол станциясының, жолаушылар бөлімінің, жолаушылардың темір жол станцяисының, темір жол станциясының диспетчерлер қызметінің жүк бөлімшесі) белсенді қатысуымен кедендік, шекаралық, дәрігерлі-санитарлық, фитосанитарлық, мал дәрігерлік және өзге де органдар басшыларының жасаған технологиялық сұлбасында жазылған. Әрбір қызметтің жасаған технологиялық сұлбалары өзіндік қырынан алғанда адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын рәсімдеудің біртұтас технологиялық сұлбасына сәйкес келеді (бұл жағдайда жолаушылар мен жүк поездары қарастырылып отыр). Келіскеннен кейін сұлбаны шекаралық темір жол станциясының бастығы, кеден бастығы (кедендік орынның бастығы), ОКПП (бақылап өткізу орны бөлімі -БӨОБ), КПП (БӨО – бақылап өткізу орны) бастығы немесе шекара әскерлерінің БӨОБ бөлімшесі бастығы дәрігерлі-санитарлық, мал дәрігерлік бақылау орындарының жетекшілері, милиция органының (темір жол көлігіндегі жол бөлімінің ІІБ (ішкі істер басқармасы) жетекшісі бекітеді.

Шекарадан тыс кететін темір жол поездарын уақытылы рәсімдеуді қамтамасыз ететін маңызды құралдардың бірі бақылау орнында, шекарада, бақылау орнынан шекаралық темір жол станциясы аралығында телімде және шекаралық темір жол станциясында шекарадан тыс кететін темір жол поездарын рәсімдеу барысында адамдары, тауарлар мен көлік құралдарын рәсімдеу уақытында олардың шекаралы-кедендік рәсімделуі аяқталғанша тиісті шекаралы-кедендік режимді қолдау болып табылады.

Әрбір темір жол қызметі орындарында жергілікті шарттарды есепке ала отырып, мемлекеттік шекарадан өткізуді шекаралық темір жол станциясының басшылары шекаралық темір жол органдарымен бірлесе отырып, шекаралық, кедендік және өзге де бақылау түрлерін тікелей жүргізетін аумақты, жолды, алаңдар мен үй-жайды анықтайды.

Бұл жерлерде бақылауды өткізу үшін қажетті жағдайларды тудыру мақсатында адамдардың баруына рұхсат жоқ жерлерге, халықаралық бағыттағы көлік құралдарына кіруін және мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтуді, сондай-ақ контрабандалық іс-әрекеттердің, валюталық операциялардың және өзге де заңға қайшы әрекеттердің алдын-алуды қосқанда кеден органдары мен шекара әскерлері қосымша режимдік шектеулер енгізіледі.

Тексеріп қарау алаңдарында халықаралық қатынастар вагондарының тұрып қалуына болмайды. Оларды шекаралы-кедендік рәсімдеу кезінде халықаралық қатынастар поездарына (вагондар мен контейнерлерге) адамдардың кіруіне тыйым салынады.

Күтіп алушы және шығарып салушы адамдар шетелге кетер алдында (немесе шетелден келген кезінде) кедендік және төлқұжаттық бақылаудан өтпеген адамдар бар үй-жайларға кірулеріне рұхсат етілмейді.

Шекаралық темір жол станцияларында халықаралық қатынастар поездарына (вагондарға) жолаушыларды отырғызу мен түсіру, сондай-ақ поштаны, жүктерді және өзге де мүліктерді тиеу (түсіру) тек шекаралық және кедендік өкіметтің рұхсат етуімен ғана жүргізіледі.

Шекара арқылы өткізу орындарында өткізу режимдері енгізіледі. Кедендік рәсімдеу мен бақылау аймағына тек кеден органдарының берген рұхсат қағаздарымен (пропуск) ғана кіргізіледі.

Бақылау орны мен темір жол станциясының арақашықтығы әр түрлі болады. Бақылау орнының аумағы шекаралық темір жол станциясы аумағымен қосылып кетуі мүмкін, жеке жағдайларда бақылау орнынан темір жол станциясына дейінгі арақашықтық ондаған километрге дейін жетеді (мысалы, Шымкент облысының Келес станциясынан Ташкент қаласына дейін). Сондықтан да құжаттарды тексеру, тексеріп қарау, бақылау, поездарда ілесіп жүру бойынша шекаралық және кедендік қызметтер жергілікті жерлердің жағдайларына қарай құрылады.

Шекаралық темір жол орнын бақылау- бұл ұзын өлшемді поездарды (50 х 60 вагондар) 1-2, 1-4 темір жол жолдарын қарау үшін тексеріп қарау алаңынан тұратын инженерлік құрылыс. Темір жол қызмет орнының периметрі бойынша периметрлік дабыл берумен немесе санкцияланбаған енудің күзет құралдарымен жабдықталған қоршау қойылады.

Бақылау орындарында шекара және кеден органдары қызметкерлері жұмыстарының ауысымдары үшін арнайы үй-жайлар тұрғызылады.

Бақылау орнының негізгі бағыты – жолаушылар поездарын сыртын-ішін және ішін толық қарау, ал қажет болған жағдайда шетелге кететін және шетелден келетін барлық жүк поездарын, жүк тиелгенін де, бос поездарды да (вагондарды) сыртқы тексеруді жүзеге асыру.

Кеден органының БҚӨО (БӨО) бөлімшесі – жүк поездарына шекаралық бақылау жүргізу бөлімшесі бақылау орнындағы қызмет процесінде кедендік және шекаралық бақылау жүргізу мақсатында пломбаланған вагондарды (контейнерлерді) ашуға құқылы.

Пломбаларды алу арқылы вагондарды (контейнерлерді) ашу темір жол станциясы (темір жол станциясының тауарлы кеңсе) өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады және темір жол станциясының, кеден органының және шекара әскерінің бақылау-өткізу орнының өкілдері қол қойған ашу актісімен рәсімделеді.

Бақылау орындарында рәсімделген көлік құралдары – жолаушылар және жүк поездарын кеден және шекара органдары көлік құралдары шекарасы арқылы қозғалыстарды есепке алып отыратын арнайы кітапқа жазып отырады.

Вокзалдарда және басқа станциялы ғимараттарында шекара әскерлері мен кеден органдарының және ҚР кеден шекарасы арқылы өтетін адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын, өзге де мүліктерді бақылайтын басқа да ұйымдардың БӨОБ үшін қызметтік үй-жайлар бөлінеді.

Темір жол вокзалдарында кедендік рәсімдеу мен бақылау үшін кедендік рәсімдеу мен шекаралық бақылау залдары бөлінеді және ол төлқұжаттық- кедендік, шекара арқылы өтетін адамдардың келуі мен кетуін шекаралық рәсімдеудің басқа да түрлерінің технологиялық желілерімен, шекара арқылы қететін адамдарды жеке тексеріп қарау үшін үй-жайлармен жабдықталады.

Шекарадан шекаралық станцияға дейін баратын жеке тұлғалар немесе осындай станциялардан шетелге кететіндер шекаралық бақылаудан және қол жүгі мен жүктерді тек жоғарыда айтылған залдарда ғана кедендік бақылаудан, ал қалғандары тікелей поездарда өткізіледі.

Ауысып отырмайтын тікелей жолаушылар қатынасымен шекара арқылы сапар шегетін жолаушылардың қол жүгі мен жүктерін залдарда (оның ішінде арнайы тексеріп қарау техникаларын қолданумен) кедендік рәсімдеу мен бақылау үшін алу кеден органының лауазымды тұлғасының шешімімен жүзеге асырылады. Бақылау-тексеріп қарау шараларын және кедендік рәсімдерді тікелей поездарда жүргізу жұмыстың ең ауыр түріне жатады. Поезда болу уақыты кесте бойынша шектелген.

Шекаралық және кедендік ауысымдардың қызметі (жұмысы) жолаушылар мен жүк поездарының мемлекеттік шекара арқылы қозғалысы кестесіне қарай келісіліп, жасалынады.

Кеден шекарасында және кеден органы қызметі аймағындағы шұғыл жағдайларға қарай кеден бөлімшесі күнделікті қызмет немесе арнайы операция түрінде қызметтік іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

Күнделікті қызмет – құқық қорғаушылардың шұғыл бөлімшелерінің кеден органдарының бір оймен және жоспар бойынша белгілі бір ауданда контрабандалық әрекеттердің, кедендік ережелерді бұзушылардың жолын тосу, кеден органдары жұмыстарының, кеден органы лауазымды тұлғаларының және олардың отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы және осы органдарға жүктелген міндеттерді табысты орындаудағы режимдік шаралармен үйлестіре жүргізетін орны, мақсаты, уақыты бойынша келісілген, үздіксіз іс-әрекеттері. Күнделікті қызмет (жұмыс) қызметтік іс-әрекеттердің негізгі нысаны болып табылады және дұрыс, күшейтілген тәртіпте жүргізіледі.

Арнайы операция шекара әскерлерінің, ҚР шекара қызметінің, ҚР ІІМ –нің аумақтық органдарының, ҰҚК-нің және ҚР Қаржы полициясы бөлімдері мен бөлімшелерінің өзара әрекет етуде бірігулерімен жүргізіледі.

Мемлекеттік шекарадан өтетін жолаушылар мен жүк (тауарлы) поездарын кедендік рәсімдеу тәртібін қысқаша қарастырамыз.

Қызметті жоспарлау мен ұйымдастыруда күштер мен құралдарды есептеу жолаушылар қозғалысы кестесіндегі және ауысым ішіндегі (12 сағат; 24 сағат) жүк поездары қозғалысы графигіндегі тұрақты жайларды есепке ала отырып жүргізіледі.

Тауарлы поездар мен ондағы тасымалданатын жүктер елден тыс әкетілетін және оның аумағына өзге елдерден алып келінетін өзге де тауарлар мен көлік құралдары сияқты кедендік бақылауға жатады. Бұл ретте локомотивтер мен жылжымалы тіркемелер кедендік қатынаста көлік құралдары сияқты тек шекаралық темір жол станцияларында рәсімделеді, ал тасымалданатын тауарлар ішкі кедендерде де, шекарада да рәсімделеді.

Жүк поездарын (вагондар мен контейнерлер) кедендік рәсімдеу бақылау орындарында (БО), бақылау орны мен шекаралық темір жол станциялары арасындағы телімдерде жүргізіледі.

Бақылау орындарында поезд бригадаларын кедендік рәсімдеу жүргізіледі, тікелей көзбе-көз қарау, қажет жағдайларда – тасымалданатын жүктерді тексеріп қарау жүргізіледі. Қажет болса, олармен ілесіп жүру де ұйымдастырылады.

Тексеріп қарау шараларын өткізу жөнелту парктерінде және бақылау орындарында (ішкі кедендерде – тауарлы темір жол станцияларындағы арнайы бөлінген жолдарда), ал темір жол құжаттарын тексеру – шекаралық тауар станцияларының техникалық кеңселерінде жүзеге асырылады.

Импорттық және экспорттық операциялар кезінде поездарды кедендік рәсімдеудің өзіндік ерекшеліктері бар.

Шекарадағы өткізу орнында (жөнелту кедені) орналасқан кеденнен елге алып келетін тауарлар жеткізудің бақылау құжаты (ЖБҚ) бойынша алушыға тауарды тапсыру тікелей шекарада откізілмейтін кездегі барлық жағдайда соңғы кедендік рәсімдеу үшін тасымалдаушының жауапкершілігімен тауарды алушы (бағытталатын кеден) тұратын әрекет ету аймағындағы кеденге жіберіледі.

Тауарлар кедендік қамтамасыз етумен (пломба, мөр, жиектеу) орамдалып, заттар мөрленген жүк тұрған жерден, көлік құралынан немесе контейнерден алынбайтындай дайындалып, жабдықталған немесе ашудың көзге көрінердей ізін қалдырмастан, сондай-ақ кедендік қамтамасыз етуді бұзбастан көлік құралдарында, вагондарда, контейнерлерде тасымалданады.

Импорттық тауарлармен кеден аумағына жөнелту үшін поездың вагондарын тіркеуді аяқтау техникалық коммерциялық тексеруге жатады.

Тауарларды әкету кедендік рәсімдеу өндірісінің бекітілген тәртібін мәлімденген кедендік режимге сәйкес сақтау шартымен рұхсат етіледі.

Шекара станциясының шығар жеріне ішкі кедендермен әкетуге рәсімделген де**,** рәсімделмеген де тауарлар түседі. Рәсімделмеген тауарлар оларды шетелге әкетуге рұхсат етпес бұрын ең алдымен шекаралық кеденде декларацияланады.

Кедендік рәсімдеу бақылауға ұсынылған барлық мәліметтер мен құжаттарды тексергеннен соң, ал қажет жағдайда мәлімделген тауарларды тексеріп қарап болған соң аяқталады.

Кеден талабы бойынша темір жол тексеріп қарауға тауарлар мен көлік құралдарын көрсетуге және қажетті технологиялық операцияларды орындауды (вагондарды ағыту, контейнерлерді алу және ашу, тауарларды түсіру ж.т.б.) қамтамасыз етуге міндетті.

Тоңазытқышты (рефрижераторлы) секцияларды, сондай-ақ жолсеріктерге арналған орындар бар өзге де вагондарды, әскери күзет стрелкаларын және жүктерді алып жүруші өзге де адамдарды тексеріп қарауда тексеруші топ осындай жерлер мен жұмыс орындарын әкелуге / әкетуге тыйым салынған тауарларды, әкелу/әкетуге сандары шектеулі тауарларды, декларацияланбаған тауарларды, жолсеріктердің теңге мен валюталарды заңсыз алып

жүрулерін табу мақсатында тікелей қарайды. Тексеріп қарау процесінде сондай-ақ қаруды алып жүруге құқығы бар құжаттар да тексеріледі.

Тексеріп қарау шараларын өткізу әдетте келіп тоқтаған парктер мен тексеріп қарау парктерінде жүргізіледі. Тексеріп қарау кезінде тексеріп қарау топтарының ауысым басшысымен байланысы радио арқылы өтетін барлық топ пен тексеріп қараудың барысы туралы хабарлап отыруымен жүзеге асырылады.

Тексеріп қарауда технологиялық қауіпсіздік бойынша нұсқаунама ережелерін, станция жұмысының технологиялық нормаларын сақтай отырып, бір вагонды кемінде екі инспектор тексереді.

ҚР кеден аумағына тірі жануарларды, тез бұзылатын тауарларды, радиоактивті материалдарды, бұқаралық ақпарат құралдарына арналған тауарларды, ҚР заң атқарушы және сот, жоғарғы өкімет органдарына бағытталағн тауарларды және өзге де табиғат апаты, түрлі апаттар салдарынан таратуға қажетті тауарларды әкелу және осы аумақтан әкету барысында кедендік рәсімдеу оңайлатылған түрде және ерекше тәртіптермен жүргізіледі.

3. Халықаралық әуе тасымалдарындағы кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау

Әуе тасымалдары арқылы, әуе көлік құралдарының өзінде өткізетін тауарларды кедендік рәсімдеу технологиясының өзіндік ерекшеліктері соңғы жылдары айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ.

Халықаралық әуе тасымалдарын кедендік бақылау тікелей халықаралық әуежайларда жүргізіледі және оған мыналар жатады:

- халықаралық жолаушылар қатынасындағы өткізілетін тауарларды бақылау;
- халықаралық жүк қатынастарындағы өткізілетін тауарларды бақылау;
- көлік құралдарын (әуе кемелерін) бақылау;
- әужайлар аумақтарын бақылау.

Халықаралық жолаушылар әуе қатынасы бағыттарындағы әуе жолаушыларының қол жүгі мен жүктеріндегі өткізілетін тауарларды кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеу қазақстандық әуежайлардың жолаушылар кешеніндегі кедендік рәсімдеуге арналған арнайы орындарды жүзеге асырылады. Рәсімдеудің технологиясы мен тәртібі көліктің барлық түрлеріндегі жолаушылардың қол жүгі мен ілесіп алып жүретін жүктерін рәсімдеуге ұқсас.

Әуежайлардың ұшу залдарындағы кедендік бақылау желісі әдетте әуекомпаниялардың ұшуды тіркеу тағандарының (орындарының) алдында орналасады.

Ұшар алдында жолаушы ең алдымен кедендік рәсімдеуден өтеді, содан соң өзінің ұшуын тіркеп, алып жүретін жүгін тасымалдауды рәсімдейді, кейіннен төлқұжатты бақылау жүзеге асырылады, ең соңынан арнайы бақылау, яғни қол жүгінде, киімде және жолаушының денесінде қару, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттардың жоғы тексеріледі.

Қону залдарында кедендік бақылаудың барлық түрі аяқталады. Кедендік бақылау желісі жолаушының күтіп алушылар залына шығар алдындағы ең соңғысы болып табылады. Келіп түскен жолаушылардың төлқұжаттары тексеріліп болғаннан кейін, олар өздерінің жүктерін алып, кедендік бақылау желісіне барады. Кедендік бақылау тәртібі ұшар алдындағы бақылауға ұқсас жүргізіледі. Халықаралық жүк қатынастарындағы кедендік рәсімдеу технологиясының өзге көлік түрлерімен өткізілетін тауарларды рәсімдеуден аса ерекшеліктері жоқ. Бұл халықаралық сатып алу-сату шарттары мен өзге де сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыру саласындағы өткізілетін тауарларды рәсімдеуде

стандартты технологиялар қолданылатынын білдіреді. ЖКД қолдана отырып, декларациялау мен кедендік рәсімдеудің қарапайым технологиясы және ішкі кедендік транзиттің (ІКТ) технологиясы қолданылады. Оның ерекшелігі, егер де жүкті халықаралық тасымалдау тікелей әуежайда аяқталатын болса, онда көліктің басқа түріне тиеу барысында ішкі транзит қолданылмайды және тауар тікелей әуежайда кедендік рәсімдеуден өтуі тиіс.

Дегенмен де арнайы кедендік режимдерді рәсімдеу барысында (еркін айналымға шығару немесе мемлекет пайдасына бас тартудан басқа) және егер де тауарларды өткізетін адам әуежайда кедендік бақылау жүргізетін кеден қызметі аймағында, халықаралық әуежайға қызмет көрсететін кеденде шаруашылық қызметінің субъектісі ретінде тіркелмеген болса, онда кедендік рәсімдеудің тек алдын-ала операциялар ғана жүзеге асырылады.

Ең соңғы рәсімдеу (мәлімделген кедендік режимге орналастыру) тауарды өткізетін адам тіркелген кеден қызмет аймағында жүзеге асырылады.

Сондықтан да әуежайда қысқаша декларация рәсімделеді, ал тауар уақытша сақтау қоймасына жіберіледі. Тауарды УСҚ-нан кедендік рәсімдеудің аяқталғаны туралы кеденнің белгісімен рәсімделген ЖКД негізінде беріледі.

Әуе кемелерін пайдалана отырып, тауарларды заңсыз әкелу және әкету әрекеттерін табу мен оларды болдырмау үшін кедендік бақылаудан басқа халықаралық әуежайларда барлық әуе кемелері, оның ішінде ресми де, санкцияланбаған да халықаралық әуе рейстеріне кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін кедендік органдардың әуе жағдайларын бақылау қызметтерімен жедел түрде бірлесе отырып, әрекет етуі ұйымдастырылады. Әуе кемелерінің бортында кедендік бақылаудан жасырып қалған тауарларды табуға аэродром аумағын тексеріп қарау шаралары нәтижесінде қол жеткізуге болады.

Халықаралық құқыққа сәйкес шетелдік әуе кемелерінде тексеріп қарау тек айрықша жағдайларда ғана өткізілетіндіктен, шетелдік әуе кемелерін бақылау үшін тәртіпті шаралардың маңызы зор. Шетелдік әуе кемелерін тексеріп қарау үшін онда кедендік бақылаудан жасырып қалған тауардың барына нақты негіз қажет.

Кедендік бақылау аймағына аэродромның және халықаралық аэровокзал кешенінің, әуе кемелерінің тұрақ орны мен техникалық дайындық және реттеу жұмыстарын өткізетін алаңдарды қоса барлық аумағы жатады.

Тексеріп қарау шараларын өткізу уақыты заңмен шектелмейді, кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу тәртібі туралы заңдарды сақтауды қамтамасыз ету талаптары нәтижесінде бекітіледі.

Әуе кемелерінің өзі де көлік құралдары ретінде кедендік рәсімдеу мен бақылау объектісіне жатады.

4. Су көліктеріндегі кедендік бақылау

Кеменің келуі (кетуі) былайша жүзеге асырылады. Кеменің бағытталған портқа (порт орнына) жақындағаны туралы ақпаратты Қазақстандық кеме капитаны межелі порттың диспетчеріне, порт капитанына 48 сағаттан кешіктірмей (сұйық жүктерді таситын танкерлер үшін – 36 сағат) хабарлайды. Екінші қайтара ақпарат барлық кемелер үшін 24 сағат бұрын, ал өту ұзақтығы 48 сағаттан кем болмайтын кезде – алдыңғы порттан шыққаннан кейін 1 сағаттан кешіктірмей (өзен порттары үшін 2 сағат бұрын) хабарланады.

Шетелдік кеменің капитаны бағытталатын портқа келетіні туралы 48 сағаттан кешіктірмей хабарлауға міндетті.

Шетелдік әскери емес кемелер осындай кемелер үшін ашық порттарға (рейдтерге) шетелдік әскери емес кемелері мен әскери кемелердің Қазақстанның порттары мен рейдтеріне кіру мен келіп тоқтау тәртібін анықтайтын «ҚР мемлекеттік шекарасы туралы» ҚР Заңына сәйкес кіре алады.

Теңіз порттарына (рейдтерге) кіру мен келіп тоқтау ережелері, жүк және жолаушылар операцияларының өндірісі, кемелердің жағажаймен қатынасы, экипаж мүшелері мен жолаушылардың жағаға барып келуі, кемеге экипаж мүшелеріне жатпайтын адамдардың келуі және порттар мен рейдтерге кірумен және онда болуға байланысты өзге де ережелер жоғарыда айтылған

«ҚР мемлекеттік шекарасы туралы» ҚР Заңынан басқа ҚР Үкіметінің шешімімен және ҚР Кеден кодексінде бекітіледі. Жоғарыда айтып кеткендей, ҚР порттарына (рейдтеріне) баратын шетелдік әскери емес кемелер бағытталған порт өкіметіне өзінің келетін уақыты туралы хабарлайды. Қазақстан кемелері үшін өз порттарына, рейдтеріне кірудің рұхсат етілететін тәртібін бекіткен шет мемлекеттердің әскери емес кемелері Қазақстан Республикасы порттарын, рейдтеріне қазақстандық құзырлы органдардың өзара рұхсатын алғаннан кейін кіреді. Шетелдік әскери кемелер егер де өзге де тәртіптер қарастырылған болса, Қазақстан Үкіметінің алдын-ала рұхсатымен ҚР ішкі сулары мен порттарына кіреді.

Теңіз, өзен порттарында кеден шекарасын сенімді күзетуді, сондай-ақ күштер мен керек-жарақтар кешенімен, жеке құралмен, қызмет қайықтарымен, КБТҚ (кедендік бақылаудың техникалық құралдары) қамтамасыз ету үшін қызмет ететін кеден органдары режимдік шараларды қолданады. Кеден шекарасын күзетуге көмектесетін және порттағы қажетті құқық тәртібін қолдаудың ең маңызды құралдардың бірі шекара арқылы өткізу орнының теңіз (өзен) режимі болып табылады.

Қабылданбаған жүктер порттан олардың әкелінген құжаттары бойынша, бірақ жүкті қайтару себебі туралы лауазымды адамдардың көрсеткен белгісімен әкетіледі. Порт аумағынан өсімдік тектес шетелдік өнімдерді әкету тек өсімдік карантині бойынша мемлекеттік инспекцияның берген карантиндік сертификаттары бар болса ғана жүзеге асырылады. Шекарадан тыс жүзу кемелері жолаушылары мен шетелдік теңізшілердің жүктері порттан кеденнің жазбаша түрдегі рұхсатымен шығарылады (әкетіледі).

Өрт сөндіру машиналеріы жедел-өрт сөндіру және санитарлы көлік порт аумағына кез-келген жылжымалы-бақылау орындары арқылы порт әкімшілігінің рұхсатымен тәуліктің кез-келген уақытында кіре алады (жалпы негіздермен шығарда тексеріліп қаралумен).

Жылжымалы темір жол құрамы (вагондар) портқа кірерде және порттан шығарда порттың мүліктік мүдделерін қорғау үшін арнайы нұсқауға сәйкес тексеріліп қаралуы тиіс.

Жолаушылар кемелерін кедендік рәсімдеу теңіз жолаушылары вокзалының жолаушылар айлағында жүзеге асырылады. Осындай кемелердің айлақтарға жақын келулеріне тереңдігі жеткіліксіз болатын порттарда оларды рәсімдеу сыртқы және ішкі рейдтерде жүргізіледі.

Кішігірім жүктерді көтеретін және аз жолаушылар кететін халықаралық кесте бойынша жүретін шекаралық жүзу кемелері «жабық шекарамен» кедендік қатынаста рәсімделеді; «жабық шекара» бортында жолаушы-саяхатшылары бар саяхат бағыты бойынша портқа кіретін кемелер де рәсімделеді. Олар портта болған кезінде шекаралық

және кедендік тапсырма қадағалауында болады. Мұндай кемелерді әдетте тексеріп қарамайды.

Халықаралық теңіз жолаушылар бағытында айлар бойы жүзіп келген көп жолаушылар кететін жолаушылар кемесі «ашық шекарамен», яғни олардың жолаушылары мен кеме командасын рәсімдегеннен кейін кедендік рәсімделеді. Кемені кеден, шекара қызметкерлері кеме командасы мүшелерінің қатысуымен міндетті түрде кешенді тапсырмалармен кедендік шекаралық тексеріп қаралады. Тексеріп қарау яқталған соң бұл кемелерден кедендік қадағалау алынып тасталады. Кеден органдары шекаралық жүзу кемелері мен оларда тасымалданатын тауарларға мынадай жолмен кедендік бақылау жүргізеді:

- кеме құжаттарын тексеру;
- кемедегі тауарларға қатысты құжаттарды тексеру;
- кеменің тұрғын және тұрғын емес үй-жайларын, тауарларды (жүктерді және жолаушылардың қол жүктерін) тексеріп қарау;
- кеме командасы мүшелерінің жеке заттарын тексеріп қарау;
- тыйым салынған заттарды әкелу мен әкетуді, сондай-ақ тауарларды, валюта мен валюталық құндылықтарды ашық түрде тасымалдауды болдырмау мақсатында кеме мүліктері мен қорларын тексеріп қарау.

Шекарадан тыс жүзу кемелерін «келіп жету» және «қайту» бойынша кедендік рәсімдеу көрсетілген кемелердің кірулеріне ашық барлық порттарда, яғни кедендік мекемелер мен шекара әскерлерінің бөлімшелерінде жүргізіледі. Шекарадан тыс жүзу кемелерін «келу» және «кету» бойынша кедендік рәсімдеу мен бақылауды құрамына шекара әскерлерінің бақылау-өткізу орындарындағы кеден өкілдері, порт, санитарлы-карантинді қызметтердің өкілдері кіретін комиссия жүзеге асырады. Комиссия порт әкімшілігімен шақырылады. Сұйық жүктерді таситын танкерлерді бақылауда комиссия құрамына өрт сөндіру күзеті өкілдері кіргізіледі. Жолаушылар кемесін бақылауда кемеге комиссиямен бірге туристік агенттіктердің қызметкерлері де кіре алады. Комиссияны портқа жеткізу міндеті порттың әкімшілігіне жүктеледі. Шетелден келген кеме бортында бірінші болып санитарлық дәрігер кіреді, содан соң оның рұхсатымен комиссияның қалған мүшелері кіреді. Өз міндеттерін атқарып болған соң комиссия мүшелері барлық құрамның жұмысты аяқтағандарын күтпей кемеден шыға береді.

Кедендік-шекаралық рәсімдеу, тиеу, түсіру операциялары, жолаушыларды отырғызу, шығару кезінде кемелердің тұрақ орнын порт басшылары кеденмен және шекара әскерлерінің бақылап өткізу орны (БӨО) келісімімен бекітеді. Порт басшылары кеден органы мен шекара әскерлерінің бақылап өткізу орны (БӨО) келісімімен кеменің тұрақ орнын ауыстырады. Жүктерді түсіру немесе қабылдау үшін не болмаса өзге де себептермен портқа келіп жеткен шекарадан тыс жүзу кемелері портта тұрған барлық уақыт бойы кедендік, шекаралық бақылауда болады. Кемелерді кедендік рәсімдеу әдеттегідей тәулік бойы олардың портқа келу (порттан кету) тәртіптері бойынша жүргізіледі. Жолаушылар кемесі кезектен тыс рәсімделеді. Кеденде портқа келуші әрбір шетелдік кемеге пароход ісі арналады. Бұл істер жеке журналда жазылып, кеденде сақталады. Шекарадан тыс жүзетін шетелдік және шекаралық кемелер портта тұрған кездерінде және порттан кетер алдында кеден бастығының шешімімен шекара бұзушыларын табу, кеден ережелерін бұзу деректерін анықтау, әкетуге тыйым салынған заттарды табу үшін тексеріп қаралады.

Теңіз портында шекарадан тыс жүзу кемелерін кедендік рәсімдеу мен бақылау жұмыстарын ұйымдастыру

Шекарадан тыс жүзетін кемелердің «келуін» («келіп жетуін») кедендік рәсімдеу мен бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Кеме келіп жеткенге дейін алым, зерттеу, талқылау, кеден құжаттары бойынша мән-жайларды талдау, өзара іс-әрекет ететін ұйымдардан ақпараттар алу жүзеге асырылады; мән-жай бағаланады, кедендік рәсімдеу туралы шешім қабылданады; кеменің әрбір бөлігін кедендік рәсімдеу үшін күштер мен құралдарды ретімен орналастыру жүзеге асырылады; кедендік тапсырмалар мен тапсырма құрамы тағайындалады.

Келіп тоқтаған кемеде тікелей тексеріп қарау, кеме командалары мен жолаушылардың тасымалданатын тауарларын, құжаттарын рәсімдеу, тасымалданатын тауарлар құжаттарын рәсімдеу жұмыстары жүргізіледі. Жұмыс аяқталған соң кемеде жүргізілген кедендік рәсімдеу мен құжаттарды қарау аяқталады. Қажет болған жағдайда кемедегі жүктерді түсіру барысында кедендік бақылауды жүзеге асыру жалғастырылады, кемеге параходтық іс рәсімделеді, ал егерде ол бұдан бұрын бар болған болса, онда ол соңғы рейсте рәсімделген кедендік құжаттармен толықтырылады.

Шекарадан тыс жүзетін кемелер әкімшілігі мемлекеттік шекараны кесіп өтерде шекаралық комиссияның лауазымды адамдарына халықаралық теңіз келісімінде анықталған ИМКО-ны көрсетуге міндетті. Келісімге қатысушы мемлекеттер порттарында құжаттар кедендік, иммиграциялық, санитарлық және шекарадан тыс жүзетін кемелердің өзге де қызметтеріне ұсынылады.

Құжаттар ағылшын тілінде, кеме байрағының тілінде толтырылады және орыс тілінде де толтырылуы мүмкін. Құжаттар нысаны біріздендірілген және оны ИМКО бекіткен.

Кеме командасын, жолаушылар мен шекарадан тыс жүзетін кемелерде тасымалданатын тауарларды кедендік рәсімдеу үшін қажетті құжаттар:

1. Жалпы (басты) декларация (General declaration**)** – бұл кеме туралы мәліметтер бар негізгі құжат. Онда кеменің аты, кеменің ұлттық бұйымдары, тіркеу туралы деректер, тоннаж туралы деректер, кеме капитанның фамилиясы, кеменің порттағы агентінің фамилиясы мен мекен-жайы, тауарлардың қысқаша сипаты, жолаушылар саны, рейс туралы қысқаша мәліметтер, келудің (кету) күні мен уақыты, келіп жету мен қайту порты, портқа келгенде кеменің турақ орны жазылады.

Басқа өзге де құжаттар сияқты жалпы декларация кеме мөрімен мөрленіп оған кеме капитанының немесе оның орнын басатын адамның қолы қойылады.

2. Жүк декларациясы. (Cargo declaration**)** – бұл кеме қорлары туралы декларацияға және экипаж мүшелерінің жеке декларациясына кірмейтін тауарлар туралы мәліметтер бар негізгі құжат. Жүк декларациясы мазмұнына мыналар жатады: кеменің атауы мен ұлттық бұйымдары; капитанның фамилиясы, жөнелту портының аты, декларацияны толтырған порт, таңбалау, тауарлардың сипаты, орын сандары мен орамы, тауарлар тиелген (әрбір коносомент бойынша) порттың аты саны,

3. Кеме қорлары туралы декларация. Бұл құжатта кемедегі азық-түлік тауарлары және оны қамтамасыз етуге арналған; жолаушылар мен экипаж мүшелеріне сатуға арналған; майлайтын майлар; су; кеме қажеттіліктері үшін материалды-техникалық жабдықтар туралы мәліметтер бар. Портта тұрғанда экипаж мүшелерінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін кеме бортындағы темекі мен ішімдік өнімдер саны жеке бағада бөлініп көрсетілген

*4. Кеме ролі (*crew List**)** – бұл экипаж тізімі. Кеме ролінде кемедегі әрбір экипаж мүшелері туралы мәліметтер – аты-жөні, ұлты, лауазымы мен қызметі және туған жылы, жеке басын растайтын құжат түрі мен нөмірі; кеменің аты мен ұлттық рәміздері, порт және келу уақыты; жөнелту порты туралы мәліметтер бар. Құжатқа капитан, кеме агенті немесе капитан өкілеттік берген адам қол қояды.

5. Жолаушылар тізімі (Passenger list) – бұл кеме бортындағы жолаушылар туралы мәліметтер бар негізгі құжат (аты-жөні, ұлты, туған жері, туған жылы, кеменің аты мен ұлттық рәміздері, әрбір портта түсетіндер мен отырғызылатындар, кеменің портқа келу күні).

6. Қару тізімі – бұл кеменің бортындағы қарулар туралы мәліметтер бар негізгі құжат. Оған қарудың саны, қарудың зауыт нөмірі, кеме бортындағы қару иесі туралы мәліметтер кіреді. Қарулар тізімінде кеме портқа тоқтаған кезінде қарудың сақталуын және кемеден қаруды жағаға алып кетпеуін қамтамасыз етуге капитанның міндеттемесі болуы қажет. Егер де кеме бортында қару болмаса, бұл туралы қару тізімін ұсынбайтын жалпы декларацияның «Ескерту» бағанына жазып қою керек.

7. *Есірткілер тізімі* мен құрамында есірткі бар медициналық дәрі-дәрмектер тізімі – бұл кеме бортында есірткінің бары туралы мәліметтер бар негізгі құжат. Ол медициналық дәрі-дәрмектер мен есірткіілердің саны мен атаулары туралы мәліметтерден тұрады .Тізімде осындай есірткілер мен дәрі-дәрмектердің портта тұрғанда кеме бортында сақталуын және оларды жағаға алып шықпауын қамтамасыз ететін капитанның міндеттемесі болуы керек.

Валютаның және валюталық құндылықтардың бары туралы анықтамада кеме кассасында шетел валютасынын бары туралы мәліметтер болады.

8. *Коносаменттер* —бұл шекарадан тыс жүзетін кемелерде тасымалданатын тауарларға кеме әкімшілігінің ұсынатын құжаттары. Коносамент – теңіз көлігінде тасымалданатын жүктерді кедендік бақылау барысында қажетті негізгі құжаттардың бірі. Коносамент – құнды қағаздардың (тауарлардың) бір түрі; бұл көлік фирмасы (кеме) агентінің жүк жөнелтушіге жүкті тасымалдауға қабылдап, оны межелі жердегі жүк алушыға беруі туралы міндеттемесі. Коносамент жүкті тасымалдаушы мен жүкті алушының арасындағы құқықтық қатынастарды анықтайды. Онда кеменің аты, егер де жүк тасымалдауға нақты бір кемеге қабылданған болса, тасымалдаушы аты, жүкті қабылдап, тиеген жер, жөнелтушінің аты-жөні, жүктің баратын (чартер болғанда) немесе жөнелткен жерінің аты.

Коносаменте: алушының аты (атаулы коносомент) немесе коносомент алушының бұйрығы бойынша берілгені; жүктің атауы, ондағы маркалар, орын саны, салмағының, көлемінің, саны және/немесе шамасы; қажет болған жағдайда – жүктің сыртқы пішіні, ерекше қасиеттері, жағдайы туралы мәліметтер; тасымалданатын жүкке төленетін төлем (фрахт) және тасымалдаушыға тиісті төлемдер не болмаса чартердегі немесе өзге құжаттағы шарттарға сәйкес жүк төлемі (фрахттың) төленуі тиіс нұсқау не болмаса жүк төлемінің (фрахтың) төленгені туралы нұсқау; коносоменттің берілген уақыты мен орны; капитанның немесе тасымалдаушының өзге өкілінің қолы болуы керек.

10. *Жүк манифесті* (Cargo manifest**)** - бұл коносаменттер тізімі. Мұнда кеме бортындағы жүктер туралы барлық мәліметтер болады. Жоғарыда аты аталған құжаттардың барлығы егер де онда капитанның немесе өкілетті адамның қолы қойылып, кеме мөрімен мөрленген болса, олардың күші болады. Олар кедендік мақсаттар үшін кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеуді жүргізетін кеден органы қызметкеріне қажетті

мөлшерде ұсынылады. Жолаушылар мен кеме командасы мүшелерінің заттарын тексеріп қарау иелерінің немесе олардың сенімді адамдарының қатысуымен тікелей кемеде не болмаса кеден органының ұйғарымы бойынша – арнайы жабдықталған тексеріп қарау залдарында (жолаушылар теңіз вокзалының кешенінде) немесе порт өткелдеріндегі тексеріп қарау бөлмелерінде жүргізіледі.

Бортта комиссия жұмысын ұйымдастыру барысында, кедендік тапсырма бойынша қызметі жоғарысы порт әкімшілігіне ескертілетін жеке кедендік операцияларды орындау үшін (кедендік баждарды есептеу, жүктердің түсірілуін бақылайтын) испекторды тағайындайды.

Бас декларацияда құжаттар рәсімделгеннен кейін кедендік тапсырма құрамы, кеме әкімшілігінің ескертуі, кедендік қамтамасыз етудің теңестіру белгілерін бергені туралы белгілер соғылады және өзге де қызметтік ақпараттар да көрсетіледі. Жұмыстарын аяқтаған соң тапсырма басшысы кеме капитанына немесе оның сенімді адамына кедендік бақылау мен рәсімдеудің және өзге де формальдылықтардың аяқталғаны туралы хабарлайды, содан соң комиссия борттан кетеді. Кеден органында құрылған кеме (параход) ісі (келу барысындағы барлық рәсімделген құжаттар) кеме шетелге немесе каботажға қайтқанша бақылауға қойылады.

Шекарадан тыс жүзетін кемелердің «қайтуын» кедендік рәсімдеу мен бақылау рәсімі жоғарыда қарастырған кеменің «келуін» рәсімдеу тәртібін қайталайды.

12-ші тарау. Негізгі кедендік істің элементі ретіндіге кедендік статистика

1. **Кедендік статистика ұғымы мен оның әдістері**
2. **Кедендік статистика міндеттері**
3. **Арнайы кедендік статистика**
4. **Ресми басылымдар – кедендік статистиканың негізі.**
5. **Кедендік статистика объектілері**

1. Кедендік статистика ұғымы мен оның әдістері

Ғылым ретіндегі статистика — бұл жаппай, кездейсоқ құбыластар мен процестердің заңдылықтарын зерттейтін пәндер жүйесі. Бұл пәндерге әдетте статисканың жалпы теориясы, математикалық статистика және білімнің әр саласындағы арнайы статистикалық пәндер кіреді. Барлық статистикалық пәндер өзара зерттеудің жалпы пәні мен ортақ статистикалық әдістемесімен бірігеді. Экономикалық статистиканың құрамды бөлігі болып табылатын кеден статистикасы кеден ісінің негізгі элементі ретінде сыртқы саудадағы құбылыстар мен процестердің сандық сапасын, сондай-ақ кедендік төлемдерді есепке алу және талдау, контрабандамен күрес және кеден ережелерін бұзушылық, саудалық емес айналым, валюталық бақылау ж.т.б. байланысты кеден органдарының жедел қызметтерінің түрлі бағыттарын зерттейді.

Статистикалық зерттеу тақырыбына жаппай, соның ішінде кездейсоқ құбылыстар мен процестер болып табылады. Мұндай құбылыстар мен процестер әдетте экономика, социология, биология, психология, медицина ж.т.б. көп себепкер шарттар (факторлар) әсер ететін танымның күрделі салаларында болады. Дәл осы салалардың объектілерін зерттеуде статистикалық әдістеме кеңінен қолданылды.

Осы бөлімде экономиканы, көбінесе сыртқы саудада орын алатын экономикалық құбылыстар мен процестерді статистикалық зерттеуге басты назар аударылды. Қоғамдық өмір жаппай құбылыстар мен процестердің түрлі жиынтығында көрінеді. Осы құбылыстардың әрқайсысы уақыт пен кеңістіктің белгілі бір шектерінде статистиккалық жиынтық құрайтын біртектес элементтердің массасынан тұрады. Сондықтан сыртқы сауда белгілі бір мемлекеттің шекарасы арқылы нақты уақыт аралығында өткізілетін тауарлардың партияларынан тұрады. Статиститикалық жиынтық жеке бірліктерден тұрады (біздің айтып отырғанымыз – тауарлардың жеке партиялары). Жиынтықтың әрбір бірлігі бірқатар қасиеттер мен ерекшеліктермен сипатталуы мүмкін.

Мысалы, кеден шекарасынан өткізілетін тауарлар атымен, құнымен, шыққан елімен ж.т.б.сипатталады. Бұл тауарларды статистикалық жиынтыққа олардың сыртқы саудаға қатысуы біріктіреді. Бірақ, өзінің бірқатар қасиеттері мен ерекшеліктері бойынша кейбір тұтастықты құра отырып, статистикалық жиынтық бірліктері бір-бірінен ерекшеленеді.

Жиынтықтың жеке элементтері жиынтықтың барлық элементтерін біріктіретін белгілі бір сапалық негізге ие бола отырып, бір-біріне барабар емес, белгілі бір айырмашылықтарды табады.

Статистикалық жиынтықта сипаттардың түзілу заңдарын анықтау және оларға жеке бірліктерге жататын ерекшеліктердің әсер етуі кедендік статистиканың негізгі мақсаты болып табылады (мысалы, кейбір тауардың орташа бағасын анықтау және белігілі бір жағдайларға байланысты оның мүмкін түрленулері). Кедендік статистика сонымен бірге барлық статистикалық жиынтыққа (сыртқы сауданың құндық өлшемдегі көлемі, сыртқы сауданың физикалық көлемі) тән мәліметтер алу әдісін зерттейді. Дегенмен де кедендік статистиканың мәні мұнымен шектелмейді. Ол дамудың заңдылықтарын (сыртқы сауданың динамикасын зерттейді және оның негізгі сипаттарын болжайды) және сипаттар, процестер, құбылыстар арасындағы өзара байланысты зерттейді. Барлық осы заңдылықтар тек кездейсоқ деректердің көлеңкесінде пайда болып, тек статистикалық әдістермен анықталып және зерттелуі мүмкін және статистикалық заңдылықтар деп аталады. Кедендік статистика жиынтықтағы нақты бірліктің қандай да бір сипатын (көрсеткішін) анықтайтын себептердің пайда болу заңдылықтарын зерттейді.

Әрбір бірлікте сипаттар мазмұны мен олардың әсер етуінің әр түрлі қарқынын анықтайтын себептері әр түрлі болады. Бұл жағдай жиынтық бірлігінің алуан түрлі нысандары мен түрлерін құрайды. Сондықтан да бір және сол тауардың бағасы шыққан еліне, жеткізу шарттарына, ауыстыратын тауарларға ж.т.б. байланысты. Тіпті бір және сол себептер болған жағдайда өзінің қарқындылық деңгейі жағынан бірдей емес.

Кедендік статистика әрбір себепкер шарттардың (фактордың) жеке әсер етуін, сонымен бірге қалғандарының барлығының әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Әрбір нақты жағдайда жалпының әсері (біздің айтып отырғанымыз - сыртқы саудаға тиістілік) басқа қалған себепкер шарттар мен себептердің әсерімен бірігіп кетеді. Сондықтан да жиынтықтың жеке бірлігі негізінде әрбір жеке себепкер шарттың (фактордың) әсер ету деңгей туралы айту мүмкін емес, себебі бұл жалған тұжырымдарға әкеп соқтыруы мүмкін. Көптеген себептердің болуы әрбір жеке жағдайда қандай да бір себептің әсері туралы ұғыну мүмкін еместігі анық. Жалпы массадан бір себептің әсер етуін бөлу тек кедендік статистикада да ұсынылатын жалпылаудың арнайы тәсілін қолданғанда ғана мүмкін болады.

2. Сыртқы экономикалық қызметтегі кедендік статистика міндеттері

Міндеттер елдің сыртқы экономикалық жағдайы мен дамуы туралы сандық ақпаратты оның сапалық сипатының ажырамас байланысымен ұғынудан тұрады.

Сыртқы экономикалық байланыстар статистикасында есепке алу объектілеріне елдің экспорты мен импортын құрайтын тауарлар мен қызметтер, сондай-ақ солармен байланысты барлық операциялар жатады. Сыртқы экономикалық байланыстар статистикасына кедендік статистика мен сыртқы

экономикалық қызметтегі есеп статистикасы кіреді. ҚР Кеден кодексіне сәйкес кедендік статистика сыртқы сауданың кедендік статистикасына және арнайы кедендік статистикаға бөлінеді.

Сыртқы сауданың кедендік статистикасының бақылау мен зерттеу тақырыбы елдің сыртқы сауда айналымы, яғни олардың сандық және құндық көрінісіндегі тауарлардың экспорты мен импорты, сондай-ақ экспорт пен импорттың географиялық бағыттылығы («тауар-ел», «ел-тауар» тұрғысында) болып табылады

Сыртқы сауданың кедендік статистикасында экспорт мағынасы жасалынған, өсірілген немесе өндірілген отандық өндіріс тауарларын елден әкетумен түсіндіріледі.

Бұл жерде отандық тауарлар өндірісіне елге әкелініп, елеулі қайта өңдеуден өткен, негізгі сапалық немесе техникалық сипатын өзгерткен шетелдік тауарлар да жатады.

Тауарлар *экспорты* материалды құндылықтардың ұлттық қорларын азайтады (экспортты тауарларды сатудан түскен ақша – төлемдік теңгерімнің кіріс бөлігі).

Импорт - бұл тауарлардың елге әкелінуі. Импортқа елдің ішінде тұтынуға, кері экспортқа арналған тауарлар және отандық ұйымдар үшін шетелден сатып алынған тауарлар жатады.

Тауарлар импорты материалдық құндылықтардың ұлттық қорларын ұлғайтады.

Сыртқы сауданың кедендік статистикасының тікелей бақылау объектілеріне кеден шекарасы арқылы өткізетін тауарларды декларациялау кезіндегі ҚР қолданатын сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасында (СЭҚ ТН) көрсетілген экспорт және импорт тауарлары жатады. Сондай-ақ сыртқы сауданың кедендік статистикасында есеп жүргізіледі:

- тиын түріндегі емес алтын, күміс және төлем құралы ретінде қолданылмайтын өзге де қымбат металлдарды әкету (әкелу).

Қазіргі уақытта ТМД-ның СЭҚ ТН мынадай мақсаттарда қолданылады:

- айналымдағы құнды қағаздарды, банкноттар мен тиындарды әкету (әкелу);
- БҰҰ техникалық көмек қорының жарналары есебінен, сондай-ақ сыйға тарту мен өтелмейтін көмек ретінде берілетін тауарлар;
- шетелдік кемелер, ұшақтар мен автокөліктерге (өзге елдерден сатып алынған отандық тауарлар үшін) сатылған бункерлі жанармай, азық-түлік және материалдар;
- жалға берілген тауардың толық құны бойынша бір жылға және одан да көп уақытқа жалданған тауарларды әкелу (әкету) сәтіне.

Кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізумен байланысты бірқатар операциялар сыртқы сауда көлеміне жатпайды, демек кедендік статистикамен де есепке алынбайды. Мұндай тауарларға мыналар жатады:

1) валюталық құндлықтар;
2) алтын бұйымдары;
3) құны статистикалық бақылау табалдырығынан аспайтын тауарлар;
4) шет мемлекеттердің дипломатиялық және консулдық өкілдерінің ресми (қызметтік) пайдалануына арналған тауарлар;
5) ҚР тыс орналастырылатын қазақстандық әскери бөлімшелердің күнделікті қызметін және жауынгерлік дайындықтарын қамтамасыз етуге арналған тауарлар;
6) коммерциялық операцияға жатпайтын тауарлар;
7) Қазақстанның мемлекеттік шекарасын кесіп өтпейтін тауарларға қатысты операциялар аясында ұсынылатын тауарлар:
8) ҚР әкелінетін балықтар және басқа да теңіз өнімдері;
9) наразылықтарды, кепілді қызмет көрсетуді, тауарлардың жаңылыс жеткізілімдерін қанағаттандыру ретіндегі жеткізілетін тауарлар.

ҚР әкелінетін және әкетілетін тауарларды статистикалық бақылау берілген жүктің кедендік декларациясы (ЖКД) негізінде жүргізіледі.

Сыртқы сауданың кедендік статистикасы тауарларды әкелу, әкетудің таза сандық және құндық көріністерінің есебін жүргізеді.

Сандық есеп халықаралық тауар айналымының көлемін барынша толық көрсетеді.

Әлемдік саудаға жүгінетін тауарлардың көп бөлігі салмақты бірлікпен өлшенеді; тоннамен, центнермен, килограммен, ағылшын фунтымен ж.т..б. Бұл ретте тауарлардың таза салмағы (нетто), жалпы салмағы (брутто) есепке алынады.

Брутто – бұл тауарлардың ыдысымен қосқандағы жалпы салмағы.

Нетто – бұл тауардың ішкі және сыртқы орамынсыз таза салмағы. Тауар орамымен тұтынушысына баратын, тікелей тауар орналасқан ең жақын сыртқы орам таза салмаққа кіреді. Сыртқы сауданың кедендік статистикасында тауарлардың сандық есебі таза салмақпен жүргізіледі.

Өлшеудің салмақ бірлігінен басқа тауарлардың сандық есебі белгілі бір тауарларға тән өлшеудің айрықша бірлігінде жүргізіледі.

Мысалы, аяқ киім есебі екі-екіден, кесетін материалдар – кубометрмен, тірі жануарлар - бас сандарымен, автокөлік, станоктар – данамен ж.т.б. Мұндай жағдайларда тауарлардың статиститкалық есебі өлшеудің қосымша бірліктеріндегі сандары бойынша жүргізіледі.

Тауарлардың экспорты мен импорты туралы деректерден басқа сыртқы сауданын кедендік статистикасы олардың құндық бағасын да енгізеді. Сыртқы сауда айналымының құндық бағасы елдің, оның халықаралық байланыстарының экономикалық жағдайының маңызды көрсеткіші болып табылады.

Бұл ретте сатушы мен сатып алушының міндеттеріне қарай тауарды бір елден екінші бір елге жеткізуде сыртқы сауда келісім шарты жеткізудің 13 түрлі коммерциялық шарттары негізінде жасалады.

Жеткізудің коммерциялық шартына қарай сатушының сатып алушыға қойған есепшот фактурасындағы (инвойстағы) баға әр түрлі болады. Сатушы есепшот фактураға жеткізудің берілген коммерциялық шарты бойынша тек өз міндеттеріне сәйкес шығындарды ғана енгізеді.

Сыртқы сауда келісім шарттарына отыру барысында әр түрлі коммерциялық шартарды есепке ала отырып және осыған байланысты тауардың фактуралық құнын есептеудің әр түрлі әдістемесі барлық тауар айналымы бойынша жиынтықты деректерді алу үшін жеткіліксіз. Осы құндық бағалар ін тектес болғандықтан, жеке тауарлардың құны бойынша берілгендерді қарапайым жинақтау әр түрлі элементтерден тұрады.

Салыстырмалы деректерді алу мақсатында барлық бағаны барлық экспортты және импортты тауарларға қабылданған ортақ базаға келтіру қажет. Осындай базамен экспортты бағаны есептеу барысында, демек ҚР аумағынан әкетілетін тауарлардың статистикалық құнын есептеуде де қазақстандық кеденнің – ФОБ бағасы және кедендік рәсімдеуге ЖКД қабылданған күніне ҚР Халық банкінің бекіткен бағасы бойынша АҚШ долларына есептелінген ҚР шекарасының – ДАФ бағасы болады.

ҚР аумағына әкелінетін тауарлардың статистикалық құнын есептеуде жеткізудің коммерциялық келісім шарттарына қарай тауардың фактуралық құнын қазақстандық порттың - СИФ бағаларының немесе кедендік рәсімдеуге ЖКД қабылданған күніне ҚР Халық банкінің бекіткен бағасы бойынша АҚШ долларына есептелінген ҚР шекарасындағы бағыт орнының – СИП бағасының базасына келтіру керек.

Тауарлар экспорты мен импортын географиялық бөлу есебі шыққан жері мен тауарларды тұтыну белгілеріне сәйкес елдер бойынша жүргізіледі:

- экспорт тауардың бағытталған (тұтынушы) елі бойынша көрінеді;
- импорт тауарлардың шыққан елі (өндіруші) бойынша көрінеді.

Егер де жеткізген уақытында тауардың тұтынушы немесе өндіруші елі белгісіз болса, онда экспорт сатқан ел бойынша, ал импорт сатып алған ел бойынша көрінеді.

Тұтынушы ел – тауарды тұтыну, пайдалану немесе келешек қайта өңдеу үшін тиеп жөнелту сәтіндегі белгілі ел.

Өндіруші ел–тауарлар шығарылған немесе өңделген, ауылшаруашылық өнімдері өсірілген, пайдалы қазбалар алынған, ал дайын өнімдер жартылай өңделген ел, яғни өндіруіші ел дегеніміз тауардың ең соңғы өңдеу сатысынан өткен ел.

Сататын (сатып алатын) ел – оның ұлттық рәміздеріне қарамастан, аумағында тауарды сататын немесе сатып алатын фирма немесе ұйым орналасқан ел.

3. Арнайы кедендік статистика

Кедендік статистиканың арнайы кедендік статистикасы да бар, оған мыналар жатады:

- сыртқы сауданың кедендік статистикасымен есепке алынған кедендік режимдердің түрлері бойынша тауарлардың әкелуін, әкетілуін сипаттайтын декларациялау статистикасы;
- республикалық бюджеттің табыс бөлігінде құрылған кедендік төлемдердің үлесі мен ролін сипаттайтын кедендік төлемдер статистикасы. Бұл ретте есеп кедендік төлемдер түрлері бойынша жүргізіледі: кедендік рәсімдеу үшін алымдар, әкелінетін кедендік баждар, үстеме құнға, акцизге салынатын салық, арнайы салық;
- түсу мерзімі мен валюталық табыс сомасына тәуелділікте экспортты тауарлардың сандық және құндық көрсеткіштерін есептейтін валюталық бақылау статистикасы;
- сыртқы сауда айналымында кеден ережелерін бұзушылықты және контрабандалар, тәркіленген заттардың құны, өтелген айыппұлдар сомасын сипаттайтын жағдайларды республикалық меншікке айналдыратын тауарлар статистикасы;
- ҚР жіберілген және ҚР келген халықаралық пошта жөнелтілімдерінің статистикасы;
- ҚР –нан кететін немесе ҚР-на келетін көлік құралдарының есебін көрсететін халықаралық тасымалдар статистикасы;
- ҚР шекарасы арқылы өтетін жеке тұлғалардың есебін көрсететін жолаушылар айналымы статистикасы;

Жоғарыда айтып кеткендей, кедендік статистикадан басқа сытрқы экономикалық байланыстар статистикасына сыртқы экономикалық іс-әрекеттегі қызмет көрсету статистикасы да жатады.

Сыртқы экономикалық іс-әрекеттегі көрсетілетін қызметтерге өзінің ерекшелігіне байланысты кедендік бақылаудан өтпейтін және жүктің кедендік декларациясы рәсімделмейтін сыртқы сауда операциялары жатады.

Қызметтермен сауда материалдық қызмет және материалдық емес қызмет деп бөлінеді.

Материалды қызметтің импортына (экспорты) мыналар жатады:

- көлік қызметтері (жолаушылардың жүктерін тасымалдағаны және кемелерді тіркеп тарту және басқалары үшін отандық көлік жалдаушылардың (фрахташылардың) шетелдік валютамен төлеген сомалары;
- жобалы-іздестіру жұмыстары;
- құрылыс және монтаж жұмыстары;
- қойма шаруашылығы қызметі;
- байланыс қызметі;
- шетелдік көлік құралдарын, құрал-жабдықтарды, аспаптарды ел аумағында да, шетелде де (экспортқа есептеледі) жөндеу, сондай-ақ жөндеудің өзге де түрлері, соның ішінде – отындық көлік құралдарын, құрал-жабдықтарды, аспаптарды жөндеу мен шетелде (импортқа жатады) жөндеудің өзге де түрлері;

- полиграфиялық жұмыстар және басқалары.

Материалдық емес қызметтер импорты (экспорты)**:**

- коммерциялық қызметтер (қаржылық делдал, сақтау қызметтері, ғимараттарды, машиналарды, құрал-жабдықтарды және көлік құралдарын жалдау қызметтері, ғылыми зеттеу, дайындау, жарнама саласындағы қызметтер, заң қызметтері ж.т.б.)
- білім саласындағы қызметтер;
- денсаулық сақтау саласындағы қызметтер;
- қалдықтарды жою, санитарлы өңдеу қызметтері және басқалары;
- дем алу, туризм, мәдени және спорттық шараларды ұйымдастыру қызметтері.

Сыртқы экономикалық қызметтің барлық түрлері қызметтердің уақытша жіктемесінде (СЭҚ ҚУЖ) көрсетілген.

ҚР сыртқы саудасының кедендік статистикасы тауарлардың әкелуі мен әкетуін сыртқы сауда есебінің жалпы жүйесі негізінде есептейді және оған әкелу мен әкетуде елдің материалдық қорларын ұлғайтып немесе азайтатын тауарлардың бәрі жатады (соның ішінде валюталық құндылықтар айналымындағыларды қоспағандағы құндылықтар).

ҚР Кеден кодексі ережелерінің дамуында «Жүктің кедендік декларациясын толтыру тәртібі туралы нұсқаунама» жұмыс істейді. Онда толтыру тәртібі, соның ішінде ЖКД-ның сыртқы сауданың кедендік статистикасын құруға тиісті бағандары туралы нұсқау бар.

Осындай көрсеткіштердің тізімі ҚР сыртқы сауда кедендік статистикасының Әдістемесінде келтірілген. Олардың қатарына төмендегі көрсеткіштер жатады:

- есеп беру кезеңі;
- тауар ағымының бағыты (әкелу немесе әкету);
- өндіруші ел (әкелуде);
- тұтынушы ел (әкетуде);
- статистикалық құн;
- ТМД СЭҚ ТН бойынша тауардың аты мен коды;
- таза салмағы;
- қосымша өлшемдер бірлігінің аты мен коды;
- қосымша өлшемдер бірлігі бойынша саны;
- кедендік режим түрі;
- тауарды жөнелтушінің (алушының) санаты (категориясы);
- аймақ (республика, өлке, облыс, Алматы мен Астана қалалары, облысы).

ҚР сыртқы саудасының осы кедендік статистикасын рәсімдеу мен шығаруда ведомствалық әсер жоқ. кеден органдарына мұндай әсер ету жоқ, өйткені:

- біріншіден, елдің кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды бақылауды сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылардан тәуелсіз жалпы мемлекеттік бақылау ведомствасы жүзеге асырады
- екіншіден, ЖКД толтыруды сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылардың өздері толтырады немесе келісім шарт негізінде әрекет ететін өкілетті және кедендік брокерлер толтырады
- үшіншіден, ЖКД тек сыртқы сауданың кедендік статистикасын құратын базалық құжат қана емес, сонымен бірге кедендік бақылауды жүргізуге негіз болатын заңды құжат, сондай-ақ сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушыларды мемлекеттік бюджетпен байланыстыратын қаржы құжаты болғандықтан, ол жан-жақты мәртебеге ие.

4. Ресми басылымдар - кедендік статистиканың негізі

Әңгіме халықаралық тәжірибеде қабылданған тоқсан сайынғы бюллетендер мен жыл сайынғы жинақтар түріндегі ресми басылымдардың ұтымды түрлері туралы болып отыр.

Ресми басылымдардың шығатын түрлері ТСБК-де (Тариф пен сауда бойынша бас Келісім) (бұрынғы БСҰ- бүкіләлемдік сауда ұйымы) және Европалық одақтың статистикалық бюросында (Евростат) халықаралық сараптамадан өткен. Ол ҚР мен оның сыртқы сауда серіктестерінің өзара саудасындағы деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.

Айтылған шығарылым түрлері халықаралық сараптамадан өткенннен кейін сыртқы экономикалық байланыстарға тартылған оннан аса министерліктер мен ведомствалардың ведомство аралық келісімдерінен де өтті және ҚР Үкіметінің құптауын алды.

Жоғарыда айтылған ресми тоқсан сайынғы және жылдық басылымдардардың шығарылым түрлеріне сәйкес ҚР сыртқы саудасын елдер топтарына бөлу төмендегі сұлба бойынша жүзеге асырылады:

Барлығы:

Соның ішінде:

- ТМД елдері; ОЭСР елдері; ЕС елдері; АТЭС елдері және ОПЕК елдері.

Бұл ретте жеке елдермен сауда континенттерге бөле отырып жүргізіледі.

Тоқсан сайынғы бюллетендерде ҚР сыртқы саудасы туралы (экспорт пен импорт бойынша) деректер жарияланады: тауарлы топтар бойынша (ҮЖ-нің (Үйлескен жүйенің) алғашқы екі белгісі); «тауар-ел» тұрғысындағы тауар айқындамалары бойынша (ҮЖ –нің алғашқы төрт белгісі); «ел-тауар» тұрғысындағы тауар айқындамалары бойынша (ҮЖ–нің алғашқы төрт белгісі);

Бұл ретте деректер әзірше экспорттың көбін және импорт бойынша құрайтын қазақстандық экспорт пен импорттың салалық тауарлар бойынша жарияланады.

«Ел-тауар» тұрғысындағы ҚР сауда туралы деректері тоқсан сайынғы бюллетендерде өзара сауданың жиынтықты құн көлемі ҚР жалпы сыртқы айналымының 90% құрайтын серіктес-елдерде жарияланады.

Жыл сайынғы жинақтарда тауарлы топтар бойынша (ҮЖ-нің алғашқы екі белгісі) сыртқы сауда туралы деректер (экспорт пен импорт бойынша) басылымдарынан басқа «тауар-ел» және «ел-тауар» тұрғысындағы статистикалық мәліметтер басылымы тауар айқандама бөлімшелері бойынша (ҮЖ-нің алғашқы алты белгісі) жүзеге асырылады.

ҚР Орталық банкінің және АҚШ долларындағы экспортты-импортты операциялардың есебі туралы өзге де ведомстволардың бірлескен шешіміне байланысты 1992 жылдан бері ЖКД-ғы статистикалық құн АҚШ долларымен ұсынылады.

Сондықтан да экспортты-импортты операциялардың (клирингтілерді қосқанда) сыртқы сауда серіктесінің валютадағы құн көлемі ҚР Орталық банкі бекіткен шетелдік валюталар бағамы негізінде АҚШ долларымен есептелінеді. Бұл бекітілген валюта құндары кеденге аптасына екі рет (сейсенбі және бейсенбі күндері) түсіп отырады және келесі күннен бастап күшіне енеді.

ҚР Орталық банкі бекіткен және кедендегі тауардың шығарылатын күніндегі ҚР сыртқы сауда кедендік статистикасының Әдістемесі ережелеріне сәйкес қолданылатын теңгеге қатысты шетел валюталарының бағамы ҚР сыртқы сауда кедендік статистикасын, валюталық бақылауын, республикалық бюджетке тиісті есептеу және сыртқы экономикалық байланыстар қатысушыларының төлейтін кедендік баждар, акциздер жән өзге де алымдар мен кейбір салықтар, көп жағдайда үстеме құнға салынатын салық (НДС) және өзге міндеттер түріндегі төлемдердің

құру мүдделеріндегі кеден органдарының қолданатын жалғыз ресми бағамы болып табылады.

ҚР кедендік статистикасы бойынша тоқсан сайынғы ресми басылымдарын толықтыру мақсатында үлкен талдаумен соңғыларына ҚР-ның ТМД әрбір елімен саудасының жалпы қортындысын көрсететін, сондай-ақ қазақстандық экспорт пен импорттың салалық тауарлары бойынша «тауар-ел» тұрғысындағы осы мемлекеттердің әрқайсымен сауданың мәліметтерін беретін төрт қосымша қосылды.

ҚР сыртқы сауда кедендік статистикасы деректерінің ресми басылымдары жоғарыда айтылған есеп беру тоқсаны аяқталғаннан кейін 60 күннен кейін басылымнан шығатын тоқсан сайынғы бюллетендер, сондай-ақ есеп беру тоқсаны аяқталғаннан кейін 120 күннен кейін басылымнан шығатын жылдық жинақтар түріндегі шығарылым түрлері бойынша жүзеге асырылады.

Осындай басылымдарды шығарудың мұндай мерзімдері әлемдік тәжірибеде жалпылама қабылданған.

5. Кедендік статистика объектілері

Кедендік статистикамен жұмысы бақылау объектісінің нақты сипатын анықтау және оларды талдау мақсатында статистикалық көресткіштерді алудың үш кезеңін ұсынады:

- *статистикалық бақылау;*
- *статистикалық мәліметтерді біріктіру мен топтау;*
- *жалпылама көрсеткіштерді есептеу мен талдау.*

Статистикалық бақылау кезеңі кедендік статистика объектілері бойынша алғашқы деректерді жинауды ұсынады.

Статистикалық біріктіру сыртқы сауда айналымы бойынша жалпылама сипаттама алу мақсатында алғашқы деректерді өңдеуден тұрады және кедендік статистиканың өзге де объектілеріне экспорт пен импортты елдер мен континенттер бойынша; тауар топтары бойынша; төлемдердің түрлері бойынша; сыртқы сауда жүктері тасымалданатын көлік құралдарының түрлері және б.т. бойынша біртұтасқа біріктіруге мүмкіндік береді. Кедендік статистиканың зерттейтін объектілеріне мыналар жатады:

- сыртқы сауда айналымы статистикасы (бұған шекарадан әр түрлі тәсілмен өткізілетін тауарлар туралы мәліметтер кіреді);
- экспорт статистикасы (табиғи және құндық ұғымда);
- импорт статистикасы (табиғи және құндық ұғымда);
- экспорт пен импорттың географиялық бағыттылығы («тауар-ел», «ел-тауар»);
- арнайы кедендік статистиканың бірқатар мәлеметтері.

Сыртқы сауда айналымы статистикасы әкелінген және әкетілген тауарларды табиғи және құндық ұғымда есепке алады.

Сандық есеп халықаралық тауар айналымының көлемін барынша дәл көрсетеді. Сандық есептің деректері сыртқы сауда жүк тасымалдарына қызмет ететін көлік құралдарын жоспарлау үшін қажет.

БҰҰ –ның статистикалық аппараты сандық көрсеткіштерді есептеуде экономикалық талдауда және әр түрлі елдерден бір тауарды әкелуде жеткізілімдерді салыстыру ыңғайлы болғандықтан таза салмақты қолдануды ұсынады.

Жалпы салмақ көрсеткіштері тасымалдардың жалпы көлемін талдауда қолданылады. Бұл жағдайда жалпы салмақты тіркеу тауарларды тиеп түсіруде жүргізіледі.

Сыртқы сауда айналымының құндық бағасы кедендік статистикадағы ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Жоғарыда айтып кеткендей, халықаралық сауда тәжірибесінде келісім-шарттар әр түрлі шарттармен жасалады және осыған байланысты есептегі сатылған (сатып алынған) тауар бағасы да әр түрлі болуы мүмкін. Сондықтан да, мысалы бір және сол тауар сатып алатын орнында бір бағада болады, ал басқа жерде –

келген портта, тауар өндірілген жерінен тұтынушыға жеткенше тасымалдау мен сақтау ж.т.б. қосымша шығындар салдарынан тауар құны ұлғаяды.

Экспортталған тауар есебі ФОБ немесе франко-шекара бағасы бойынша, ал импортталатын тауарлар есебі – СИФ немесе импорттаушы-елдің франко-шекара бағасы бойынша жүргізіледі.

ФОБ бағалары базасындағы экспортты тауарларды бағалау кезінде тауарға кететін шығынның жалпы сомасы тікелей экспорттаушы елдің шекарасынан бекітілетіндіктен, ал импортталған тауарды есептеу кезінде – СИФ бағалар базасындағы сатып алушының шетелдік тауарға төлейтін сомасы көрсетілетіндіктен есептің осындай тәжірибесі белгілі бір экономикалық мағынаға ие. Статистикалық тәжірибеде ФОБ және СИФ базаларының атаулары жан-жақты және тасымалдаудың кез-келген түрлерінде қолданыла бастады

ФОБ пен СИФ бағаларының құрылуын тқмендегі сұлбадан байқауға болады:

1. Тауардың бағасына:
- тауар өндірісінің өзіндік құны;
- орамдау мен таңбалауға кететін арнайы шығындар;
- өндірушінің табысы.

2. Экспорттаушы елдің шекарасына дейін тауарды жеткізуге кететін шығындар:
- ішкі тасымалдаушының тасымалдау құралына тауарларды тиеуге төлеу;
- жөнелту орнынан негізгі тасымалдау құралына дейін тауарды тасымалдауға төлеу;
- тауарды жеткізу кезінде оның экспорттаушының шекарасына дейін сақталу құны;
- экспортты формальдылықтарға төлеу (экспорт лицензиясы, экспортты баждар, салықтар және экпорттаушы-елде төленетін өзге де алымдар);
- жүктерді өткізу орындарында сақтауға кететін шығындар;
- тауарды негізгі көлікке тиеуге төлеу;
- экспорттаушы –елдегі өзге де шығындар.

Құрылған сома (1+2) = ФОБ (немесе экспорттаушы-елдің франко-шекарасы).

3. Тауарды экпорттаушының шекарасынан ҚР кедендік шекарасына әкелу орнына дейін жеткізуге кететін шығындар:
- тасымалдау құны;
- жолда сақтауға кететін шығындар.

Құрайтын сома (1 + 2 + 3) = баға СИФ (немесе импорттаушы елдің франко-шекарасы).

Осы оқулықта атап кеткендей, ҚР кедендік аумағына «әкелу орны» былайша түсіндіріледі:
-әуе тасымалдары үшін – бағытталған әуежай;
- теңіз тасымалдары үшін — түсіру, тиеу порты;
- автөліктер мен темір жол тасымалдары үшін — ҚР аумағына кірер кездегі шекараны кесіп өтетін орын.

Сауда келісімі статистикалық есепте қабылданғанан гөрі өзге шарттармен жасалған барлық жағдайларда базалық шарттарға қайта есептеу жүргізіледі.

Тауар жеткізілімі төлемсіз жүзеге асырылса (өтелмейтін көмек, айырбас операциялары ж.т.б.), сәйкес елдердің нарықтарында тауарлар экспортын (импортын) бағалау коммерциялық негізде экспортты-импортты операциялар жүзеге асырылатын бір атаулы тауарлар бағасы бойынша өтеді.

Тауарлардың экспорты мен импортын географиялық бөлу тауарларды өндіруші және тұтынушылары белгілеріне сәйкес елдер бойынша жүргізіледі:
- экспорт — тауар жіберілетін (тұтынушы) ел бойынша;
- импорт —тауар шыққан жер (өндіруші) ел бойынша.

Егер де жеткізілім сәтінде тұтынушы ел немесе өндіруші ел белгісіз болса, онда экспорт сатып отырған елге, ал импорт – тауарды сатып алушы елмен анықталады.

13 - ші тарау. Кеден органдарының құқық қорғау қызметтері

1. Кеден органдарының құқық қорғау қызметтері ұғымы және жалпы сипаттамасы
2. Кеден органдарының құқық қорғау қызметтерінің әкімшілік-құқытық нысандары.
3. Кеден ережелерін бұзғандығы үшін әкімшілік жауапкершілік ұғымы
4. Кеден ережелерін бұзғандығы үшін әкімшілік жаза
5. Кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері

1. Кеден органдарының құқық қорғау қызметтері ұғымы және жалпы сипаттамасы

Кеден органдары кеден ісі мәселелері бойынша басқару актілерін шығаруға құқығы бар атқарушы-билеуші орган болып табылады. Басқару актілері ұйымдардың, заңды және жеке тұлғалардың кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізуді орындаулары үшін міндетті түрде қажет. СЭҚ қатысушыларының кеден ісі мәселелері туралы қарым-қатынасы тек кеден заңымен ғана емес, әкімшілік. азаматтық, қылмыстық, қаржылық, халықаралық және құқықтың өзге де салалаларының нормаларымен ретеледі.

СЭҚ реттеуіне қатыса отырып, кеден органдары ең алдымен тауарлар қозғалысын және ҚР мен өзге елдердің арсындағы қызметтерді барынша оңтайлы жүзеге асыруға ықпалын тигізеді, экономикалық, қаржылық, саяси, әлеуметтік және өзге де міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді.

Осылайша кеден органдары ҚР КК-де, «Кедендік тариф туралы» Заңында және басқа да заңдарда, заң актілеріндегі өздеріне жүктелген қызметтерін жүзеге асырады. Олар жоғарыда аттары аталған және өзге де актілердегі құқықтық актілердің орындалуын, сақталуы мен қолдануын қадағалайтын мемлекеттік органдар қызметін атқарады.

Бұлардан басқа кеден органдарына СЭҚ қатысушыларының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізу кезінде олардың заңдарды сақтауын қадағалау қызметі де жүктеледі. Кеден органдарының осы қызметін құқыққа қарсы әрекет етуге салынған тыйымдардан немесе кеден ережелерін бұзғандығы үшін қарастырылған санкциялардан көруге болады.

Құқық нормаларын қорғау қызметі кеден ережелерін бұзушыларға мемлекеттік күштеулерді қолдану жолымен жүзеге асырылады. Мемлекеттік күштеу оның жеке құқықтарын шектеуден, жеке тұлғаны немесе заңды тұлғаны күштеу құқық бұзушыдан мемлекетке келтірген шығынды өндіру туралы белгілі бір міндеттерді орындаудан тұрады.

Кеден органдарының құқық қорғау қызметі кедендік құқық қатынастары саласындағы мемлекеттің ішкі және сыртқы қызметтерін көрсететін мемлекеттік қызмет түрлерінің бірі болып табылады.

Бұл қызметтің мақсаты кеден органдары қызметі саласында кедендік және өзге де заңдарды сақтау мен орындауды қамтамасыз ету. Кеден ісіндегі ең маңыздысы кеден шекарасы арқылы тауарлар өткізетін адамдардың тауарларды декларациялау туралы, ал кеден органдарының декларацияны қабылдау туралы ҚР Кеден кодексінің нормаларын сақтау болып табылады .

Құқықтық нормаларды қолдану СЭҚ қатысушыларының кедендік рәсімдеу ж.т.б. мәселелер бойынша кеңестер мен ақпараттар алу құқығында көрінуі мүмкін.

Құқық номаларын орындау — бұл өзіне жүктелген міндеттерді орындаудағы жеке, лауазымды және заңды тұлғалардың іс-әрекеті.

Құқық номаларын қолдану— мемлекеттік органдардың істі шешу және акт түрінде бұйрықтар шығару бойынша лауазымды тұлғаның билік ету әрекеті.
Кеден органдарының құқық қорғау қызметі оларға жүктелген міндеттерді іске асыру тәртібімен жүзеге асырылады.
ҚР КК –нің 19-бабында кеден органдарының міндеттері кедендік және өзге де заңдарды сақтауды қамтамасыз ету деп айтылған:
- кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметтерге қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- өз құзыреті шегінде ҚР тәуелсіздігі мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- кедендік саясатты жасау мен іске асыруға қатысу; тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қамтамасыз ету мен сақтау;
- кеден ісі саласында құқық бұзушылықпен күресу;
-кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылауды жүзеге асыру мен жетілдіру;
- өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті, адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау шараларын қамтамасыз ету және басқалары.

Кеден органдарының құқық қорғау қызметі әр түрлі нысанда – кеден органдарының алдында тұрған мақсаттарға жету мен міндеттерді шешу құралдары болып табылатын әкімшілік-құқықты, әкімшілік-іс жүргізу, қылмыстық-құқықты, қылмыстық-іс жүргізушілік, жедел-іздестіру және басқаларында жүзеге асады.

2. Кеден органдарының құқық қорғау қызметінің әкімшілік - құқықтық нысаны

Кеден органдарының құқық қорғау қызметінің әкімшілік- құқықтық нысанына мыналар жатады: тауарларды кеден шекарасынан өткізу кезіндегі кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеу процесін жүзеге асыру барысында әкімшілік, қылмыстық кедендік, салықтық және өзге де заңдарды бұзушылықтарды табу.

Кеден органдарының құқық қорғау қызметінің әкімшілік- құқықтық нысаны әдетте анықталған кеден ережелерін бұзудың нақты деректерін тексеруге, ол бойынша іс қозғау, осы бұзушылықтарды жасаған адамдарды жауапқа тарту, келтірілген шығынды өтету және оларға жаза қолдануға бағытталған әкімшілік-іс жүргізуден тұрады.

Кеден органдарының құқық қорғау қызметінің әкімшілік- құқықтық нысаны қылмыстық іс қозғау, тергеу жүргізу және материалдарды сотқа берумен сипатталады.
Кеден органдарының құқық қорғау қызметтері нысандарының бірі кеден ісі саласында дайындалған немесе жасалған әкімшілік немесе қылмыстық әрекеттерді табу мақсатындағы жедел-іздестіру шаралары (ЖІШ) болып табылады

Кеден органдарының практикалық қызметінде әкімшілік құқық бұзушылыққа жататын кеден ережелерін бұзу жиі кездеседі.

3. Кеден ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік ұғымы

Кеден ережелерін бұзу ұғымы Қазақстан Республикасы Кодексінің әкімшілік құқық бұзушылық туралы (ӘҚКодексі) 26-тарауындағы баптардың мағынасында ашылады.

Әкімшілік құқық кодекс (ӘҚ Ко) баптарының атаулары мен мазмұнының мағынасын қорыта келе жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (әдейі немесе абайсызда) іс-әрекеті не әрекетсіздігі немесе ҚР кеден шекарасынан тауарлар мен көлік құралдарын өткізудегі әкімшілік жауапкершілік (ӘҚКо 28-б)
ҚР ӘӨК, ҚР Қылмыстық Кодексі, «Кедендік тариф туралы» ҚР Заңы, халықаралық шарттар және өзге де ҚР нормативті-құқық актілері ҚР кеден ісі саласындағы қоғамдық қарым-қатынастарын қорғайды. Бекітілген тәртіпке адамның заңсыз әрекеті арқылы құқықтық кедендік қатынастар бұзылады:
- ҚР кеден шекарасынан тауарлар мкен көлік құралдарын өткізу;
- тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау;

- кедендік төлемдер мен салықтарды төлеу;
- кедендік режимдерді анықтау;
- әр түрлі санаттардағы адамдарға және басқаларына кедендік жеңілдіктер беру; Кеден ережелерін бұзуға жауапкершілік әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР кодексінде қарастырылған.

Тауарларды өткізудегі бекітілген тәртіпке қарсы аты аталған заңсыз әрекеттерге әрекет ету немесе әрекетсіздікте құқық бұзу құрамының объективті жағы деп аталатын құқық бұзушылық белгілері бар.

Кеден ережелерін бұзу құрамы объектіден, объективті жақтан және субъект, субъективті жақтан тұрады.

Кеден ережелерін бұзудың объективті жағы құқыққа қарсы қоғамға қауіпті мемлекетке зиян келтіретін іс-әрекет немесе әрекетсіздікті жасаумен сипатталады.

Белсенді әс-ірекеттер арқылы кеден ережелерін бұзуға мыналарды жатқызуға болады:
- кедендік бақылау аймағы режимін бұзу ӘҚ Ко. 400-б;
- көлік құралын тоқтатпау ӘҚ Ко. 406-б;
- көлік құралын Қазақстан Республикасы кеден органының рұхсатынсыз жөнелту ӘҚ Ко. 407-б;
- Қазақстан Республикасы кеден органының рұхсатынсыз өткізілген жүк және өзге де операциялар ӘҚ Ко. 411-б;
- Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаудан тыс өткізу ӘҚ Ко.426-б және бірқатар өзге де баптар.

Әрекетсіздік жолымен кеден ережелерін бұзуға мыналар жатады:
- тауарлар мен көлік құралдарын әкелуде Қазақстан Республикасы кеден шекарасынан өту туралы хабардар етпеу ӘҚ Ко. 401-б;
- тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасы кеден шекарасынан тыс әкету туралы хабардар етпеу немесе дұрыс хабардар етпеу ӘҚ Ко. 402-б;
- апат жағдайында шаралар қолданбау немесе айқын емес іс-әрекет ӘҚ Ко.403-б;
- тауарлар мен көлік құралдарын жеткізу орнына бермеу;
- Қазақстан Республикасы кеден органына кедендік декларацияны, құжаттар мен қосымша мәліметтерді беру мерзімдерін бұзу. ӘҚ Ко 414-б;
- Қазақстан Республикасы кеден органына есеп жұмысын бермеу және есеп жүргізу тәртібін сақтамау. ӘҚ Ко 415-б;
- уақытша сақтау мерзімдерін бұзу ӘҚ Ко 416-б және басқа баптар.

Қоғамдық қауіп дәрежесі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық қылмысын ажырату қажет. Бұл ретте осы айырмашылықтың тек сан жағынан емес, сапалық екенін баса айта кеткен жөн. Бұл құқық бұзудың әрбір түрі үшін заңды жауапкершіліктің түрлі сипатын көрсетеді.

Кеден ережелерін бұзуға жататын әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауапкершілік ӘҚ Ко-де қолданылады және онда бас бостандығынан айыру, өлім жазасы болмайды, ал ҚР қылмыстық кодексі бойынша қылмыстар үшін осы жазалардың барлық түрі қарастырылған.

Кеден ережелерін бұзу *объектілеріне м*ыналар жатады: кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу тәртібі, тауарлар мен көлік құралдарын кедедік рәсімдеу мен кедендік бақылау тәртібі: кедендік төлемдер мен алымдарды төлеу тәртібі ж.т.б.

Кеден ережелерін бұзу *субъектілеріне* ҚР азаматтары мен шетелдік адамдар, 16 жасқа толған тұлғалар.

Заңды тұлғалар – кәсіпорын, мекеме, ұйым, фирмалар ж.т.б. жеке тұлғалар – ҚР азаматтары мен шетелдіктер.

1) кеден органдарының лауазымды адамдары және кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізуді жүзеге асыруға қатысы бар мемлекеттік органдардың барлығы

Жеке тұлғалар мен лауазымды адамдар тарапынан кеден ережелерін бұзудың *субъективті жағы* құқық бұзушы субъектінің құқыққа қарсы іс-әрекетінен немесе әрекетсіздігінен және оның салдарынан психикалық қарым-қатынасынан тұрады.

Кеден ережелерін бұзудың субъективті жағы алдын-ала ойластырылған немесе абайсыздық түрінде болады.

Алдын-ала ойластыру немесе абайсыздық, кеден ережелерін бұзудағы кінәнің түрлеріне жатады.

Егер де кеден ережелерін бұзған адам өз іс-әрекетінің немесе әрекетсіздігінің құқыққа қарсы екенін және оның тигізетін зиянын біле тұра әдейі (жанама ой) істеген болса, онда бұл алдын-ала ойластырылған (тікелей оймен) әдейі кеден ережелерін бұзушылық болып саналады. ӘҚ Ко 29-б.

Егер де кеден ережелерін бұзған адам өз іс-әрекетінің немесе әрекетсіздігінің зияны болу мүмкіндігін алдын-ала біліп, бірақ оны болдырмауға аса мән бермеу *(өзіне сенгіштік)* абайсызда болған кеден ережелерін бұзу деп саналады.

Егер де кеден ережелерін бұзған адам өз іс-әрекетінің немесе әрекетсіздігінің зияны болу мүмкіндігін алдын-ала білуге тиісті және ол мүмкін бола тұра **(***ұқыпсыздық)* білмегені абайсызда кеден ережелерін бұзу деп есептелінеді.

Кеден ережелерін бұзудың субъективті жағы жеке тұлға және лауазымды адам деп қарастыру барысында өзін-өзі игере алмайтындай (есінің кіресілі-шығасылы кезінде) жағдайда кеден ережелерін бұзуы мүмкін деген мәселе тұрады. Бұл ӘҚ Ко.33-бапта қарастырылған.

Осы бапқа сәйкес кедендік ережені бұзған адам дәл сол уақытта өзін-өзі игере алмайтындай (есі кіресілі-шығасылы) жағдайда болған болса, онда ол жауапкершіліктен босатылады.

Өзін-өзі игере алмау (есі кіресілі-шығасылығы болғанда) бұл өз іс-әрекеттерінің нақты сипатын және оның қауіптілігін саналы түрде сезе алмаған немесе психикалық ауруының салдарынан, уақытша психикалық қобалжудан, миының әлсіздігінен немесе психиканың өзге де қалыпсыз жағдайынан басқара алмаған субъектінің психикалық жағдайы (ӘҚКо 33-б).

Өзін-өзі иегере алу және игере алмау – бұлар құқықтық ұғымдар, өзін-өзі игере алу кінәнің алдындағы жағдай болып табылатындықтан, өзін-өзі игере алмау кеден ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке жатпайды. Кеден ережелерін бұзудың жалпы сипаттары туралы айта отырып, жасалған тәртіп бұзушылықтың аса маңызы болмаған кезде, ҚР ӘҚ Ко кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершіліктен босату мүмкіндігін қарастыратынын айта кеткен жөн.

Кеден ережелерін бұзудың аса маңызы жоқтығын кеден органдарының лауазамды адамы істің нақты материалдары мен мән-жайлары негізінде шешеді. Бұл жерде әрекеттің өзінің сипатын, оны жасаудың мән-жайы мен жағдайын, зиянды шығындардың бар-жоғын, келтірілген шығынның соншалықты мәнді еместігін, жауапкершілікті жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайларды және өзге де бірқатар деректерді ескеру қажет. Көп жағдайда бұл мәселені әрбір нақты істің мән-жайы мен материалдарының барлық объективті және субъективті жиынтықтарын есепке алғанда ғана дұрыс шешуге болады.

Құқық бұзушыны жауапкершіліктен босату туралы кеден органы лауазымды адамының кедендік ережені бұзудың аса маңыздылығы бола қоймағандығымен байланысты шешімі іс бойынша өндірісті тоқтату туралы қаулыда көрсетілуі тиіс.

4. Кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық түрлері

ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтың төмендегідей түрлерін қарастырады (ӘҚ Ко олардың саны 39, 400 – 438-баптар).

Мысал ретінде олардың бірнешеуін айта кетуге болады.

1. *Кедендік бақылау аймағы режимін бұзу ӘҚ Ко 400-б.*
Қазақстан Республикасы кеден органының рұхсатынсыз кедендік бақылау аймағы шекарасынан тауарлар мен көлік құралдарын, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын (кедендіктерден басқа) өткізу және оның шектерінде сондай-ақ сол аймақта өндірістік және өзге коммерциялық қызметті жүзеге асыру.

2.Тауарлар мен көлік құралдарын әкелуде оларды Қазақстан Республикасы кеден шекарасынан өткізу туралы хабардар етпеу ӘҚ
Ко 401-б Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасы кеден аумағына әкелуде оларды Қазақстан Республикасы кеден шекарасынан өткізу туралы Қазақстан Республикасы кеден органдарына хабардар етпеу

3. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тыс әкету туралы хабардар етпеу немесе күмәнді хабарлау ӘҚ Ко 402-б

4. Тауарлар мен көлік құралдарын жеткізу орнына ұсынбау.
Тауарлар мен көлік құралдарын жеткізу орнына ұсынбау және олардың құжаттарын Қазақстан Республикасы кеден органдарына тапсырмау
ӘҚ Ко 404-б.

Қазақстан Республикасы кеден органына жеткізілмеген немесе жоғалған тауарлар мен көлік құралдарын және олардың құжаттарын Қазақстан Республикасы кеден органының рұхсатынсыз беру ӘҚ Ко 405-б Қазақстан Республикасы кеден органдары бекіткен тауарлар мен көлік құралдарын және олардың құжаттарының жеткізу мерзімін сақтамау

6. Көлік құралдарын тоқтатпау ӘҚ Ко 406-б

7. Көлік құралын Қазақстан Республикасы кеден органының рұхстансыз жөнелту ӘҚ Ко 407-б.

Кедендік бақылауда тұрған көлік құралын не Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өтетін көлік құралын тауар ретінде оның тұрған жерінен Қазақстан Республикасы кеден органының рұхсатынсыз жөнелтуге.

8. Декларанттың кедендік рәсімдеу өндірісі тәртібін бұзуы ӘҚ Ко 409-б

Кедендік рәсімдеу өндірісі тәртібін бұзу, яғни кедендік рәсімдеудің басталуы мен аяқталуы, сол рәсімді өткізу орны, уақыты не болмаса кедендік рәсімдеудің оңайлатылған тәртібін қолдануға заңсыз талаптар ұсыну, сондай-ақ осы тараудың өзге баптарында қарастырылғандарды қоспағанда оны қолдану шарттарын сақтамау.

9. Қазақстан Республикасы кеден шекарасынан өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаудан жасырып қалу

Қазақстан Республикасы кеден шекарасынан өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаудан жасырып қалу, соның қатарында тауарларды табуды қиындататын құпия жерлерді немесе өзге де тәсілдерді қолдану немесе қылмыс белгілері болмаған жағдайда – тауарлардың өзге түрлерін тауардың бір түрімен қосып жіберу.

10. Қазақстан Республикасы кеден шекарасынан тауарлар мен көлік құралдарын жалған құжаттарды немесе теңестіру құралдарын пайдалана отырып өткізу.

Қазақстан Республикасы кеден органына кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар ретінде заңсыз жолмен алынған, мәліметтері күмәнді, жарамсыз құжаттарды не болмаса басқа тауарлар мен көлік құралдарына қатысты құжаттарды, сондай-ақ жасанды теңестіру құралын қолдану не теңестіру құралының түпнұсқасын өзге тауарлар мен көлік құралдарына қолдану арқылы Қазақстан Республикасы кеден шекарасынан тауарлар мен көлік құралдарын өткізгенге – бестен онға дейінгі айлық көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады, құқық бұзушылықтың тікелей объектілері болған тауарлар мен көлік құралдары тәркіленеді. Бұған қылмыстың белгілері болмаған жағдайда осы Кодекстің 429 және 432 баптарында қарастырылған жағдайлар кірмейді.

11. Тауарлар мен көлік құралдарын декларацияламау немесе жеткіліксіз түрде декларациялау.

Қазақстан Республикасы кеден шекарасынан өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын декларацияламау немесе жеткіліксіз түрде декларациялау, яғни бекітілген жазбаша, ауызша немесе өзге түрде мәлімдемеу немесе қылмыс белгілері болмаған жағдайда Кодексті қоспағанда тауарлар мен көлік құралдары, олардың кедендік режимі туралы және кедендік мақсаттарға қажетті өзге де күмәнді мәліметтерді мәлімдеу.

14- ші тарау. Әкімшілік жазалар ұғымы мен оның түрлері

1 . Кеден ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жаза ұғымы
2. Кеден ережелерін бұзғаны үшін берілетін әкімшілік жаза түрлері
3. Кеден ережелерін бұзғаны үшін жаза мерзімі

1. Кеден ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жаза ұғымы

Кеден ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жаза – бұл кедендік құқықты бұзғаны үшін жауапкершілік шарасы.

Оларды кеден органдары (кеден органдарының лауазымды тұлғалары) қолданады және бірқатар жалпы сипатты белгілері бар.

Біріншіден, кеден ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жаза әрқашанда мемлекеттің құқықтың қалай бұзылғаны да, құқық бұзушының өзіне де қарсы баға ретіндегі әсерін көрсетеді. Бұл баға ең алдымен заң нормасымен берілген, ал оны қолдануда ол мемлекет атынан сөйлейтін және қажет болған жағдайда мемлекеттік күштеу құқығына ие кеден органының (лауазымды тұлғаның) нақты басқарушылық шешімінде көрінеді. Мемлекеттік күштеу құқықтық нормаларды орындауды қамтамасыз етудің бірден бір құралы болып табылмайды, бірақ мұндай күш жоқ жерде құқықтың өзі де, құқықтық нормаларды нақты орындау да жоқ.

Екіншіден, кеден ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жаза өзінің әлеуметтік мәніне және мазмұнына қарай кінәліге жапа шектіретін күштеу шараларынан тұрады.

Үшіншіден, ҚР ӘҚ Кодексінде кеден ережелерін бұзғаны үшін жазаның жеткілікті түрлері бар. ҚР ӘҚ Кодексінде қарастырылғаннан басқа жазаларды кеден органдарының лауазымды тұлғалары қолдана алмайды. Кеден ережелерін бұзғаны үшін көрсетілген жаза түрлері қоғамдық қауіптің түрлі сипаты мен дәрежесін көрсететін санкцияның сипаты мен ауырлығына қарай әр түрлі. ҚР ӘҚ Кодексінде кеден ережелерін бұзғаны үшін жазаның түрлері қарастырылған.

2. Кеден ережелерін бұзғаны үшін берілетін әкімшілік жаза түрлері

ҚР ӘҚ Ко. 45, 400 – 438- баптарында кеден ережелерін бұзғаны үшін берілетін әкімшілік жаза түрлері бекітілген:

1*) ескерту;*

2) айыппұл;

3) қызметтің белгілі бір түрлерімен айналысуға ҚР кеден органдарының берген лицензиядан немесе біліктілік аттестатынан айрылу;

4) тауарлар мен көлік құралдарын тәркілеу (кеден ережелерін бұзу объектілері болып табылатын; ҚР кеден шекарасы арқылы тауарларды жасырып өткізу үшін қолданылатын арнайы жасалған құпия жерлері бар кеден ережелерін бұзу объектілері болып табылатын көлік құралдары);

5) кеден ережелерін әкімшілік бұзудың қаруы немесе тікелей объектілері болып табылатын заттарды қайтарылатындай етіп, алып қою.

6) кеден ережелерін бұзу объектілері болып табылатын тауарлар тасымалданған көлік құралдарын тәркілеу.

7) жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтату немесе тыйым салу.

Кеден ережелерін бұзғаны үшін ҚР ӘҚ Кодексінде қарастырылған жазаларды үш топқа бөлуге болады:

а) *негізгі жазалар* (ескерту мен айыппұл);

б) *қосымша жазалар* (лицензияны немесе біліктік аттестатты қайтарып алу; кеден ережелерін бұзу объектілері болып табылатын тауарлар тасымалданған көлік құралдарын тәркілеу);

в) *негізгі де, қосымша да түрге де жататын жазалар* (кеден ережелерін бұзу объектілері болып табылатын тауарлар тасымалданған көлік құралдарын тәркілеу; ҚР кеден шекарасы арқылы тауарларды жасырып өткізу үшін қолданылатын арнайы жасалған құпия жерлері бар кеден ережелерін бұзу объектілері болып табылатын көлік құралдары);

- кеден ережелерін бұзу объектілері болып табылатын тауарлар тасымалданған көлік құралдарын, ҚР кеден шекарасы арқылы тауарларды жасырып өткізу үшін қолданылатын арнайы жасалған құпия жерлері бар кеден ережелерін бұзу объектілері болып табылатын көлік құралдары мен тауарларды тәркілеу (ҚР ӘҚ Ко 427-б).

Кеден ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік санкциялардың заңды құрылымдарының ерекшелігі мынадай екенін айта кеткен жөн. Кей жағдайларда заң шығару кеден органдарының лауазымды тұлғаларына құқық бұзушылыққа негізгі жазамен бірге қосымша жаза беру құқығын да ұсынады (ҚР ӘҚ Ко 424, 426- баптар және басқалары), ал өзге жағдайларда негізгі де, қосымша да жаза түрлерін міндетті түрде қолдану бекітілген (ҚР ӘҚ Ко 410-б 1 жіне 2- бөлімдер).

*Ескерту ҚР ӘҚ Ко. 47, 401-бапта . К*ендендік ережелерді бұзғаны үшін әкімшілік жазаның барынша жеңіл түрлерінің бірі ескерту болып табылады. Ол тікелей құқық бұзушының жеке басына бағытталған, оны қолдану негізінен адамгершілік сипатқа ие және ол кінәлі адамның қандай да бір құқықтарын шектеумен байланысты емес.

Тәжірибеде ескерту елеулі маңызы жоқ кендендік тәртіпсіздіктерді жасаған жағдайларда және кеден ережелерін бірінше рет не абайсызда бұзған адамдарға қолданылады.

Жазаның бұл шарасы жазбаша түрде беріледі және өкілетті орган (лауазымды тұлға) оны қаулы ретінде рәсімдеуі тиіс.

Ескерту негізгі жаза ретінде қолданылады. ҚР ӘҚ Ко 401-бабында ескерту түріндегі жаза құқық бұзылған жерде оңайлатылған түрде (кендендік ережені бұзғаны туралы хаттама толтырмай-ақ) осындай жазаның берілгені туралы акт түрінде қолданылуы мүмкін. Дегенмен де бұл жерде ҚР ӘҚ Ко қарастырылған белгілі бір тәртіптер мен рәсімдер сақталуы тиіс.

Кеден ережелерін бұзғаны үшін жазаның екінші түрі кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікті бекітетін ҚР ӘҚ Кодексінің барлық баптарында қарастырылған айыппұл болып табылады.

Айыппұл – мүліктік сипаттағы жауапкершілік шарасы, ақшалай жаза түрі болып табылады және ол құқық бұзушыдан мемлекет пайдасына белгілі бір мөлшердегі ақша қаражатын алудан тұрады.

Айыппұлдың түрі мен оның мөлшерін анықтау кезінде кеден заңы кеден ережелерін бұзудың жеке түрлерінің ерекшеліктерін, мемлекеттің экономикалық мүдделеріне зиян келтіретін құқық бұзушылықтар құрамының барлық элементтері тұрғысынан алып қарағандағы осы әрекеттің ерекшелігін ескереді. ҚР ӘҚ Кодексінде айыппұлдың бірнеше түрі қолданылады.

Біріншіден, айыппұл айлық көрсеткіштің ең аз мөлшерімен анықталады. *Жеке тұлғаға салынатын айыппұл мөлшері үш айлық көрсеткіш мөлшерінен кем болмау керек, ал лауазымды тұлғаға салынатын айыппұл - жиырма бес айлық көрсеткішінен кем болмайды.* Кендендік ережені бұзғаны үшін заңды тұлғаға салынатын айыппұлдың ең көп

мөлшері 500 – 1000, ең аз мөлшердегі 250 айлық көрсеткішке дейін жетуі мүмкін (ҚР ӘҚ Ко 433-б).

Екіншіден, ҚР ӘҚ Кодексінде кедендік ережені бұзғаны үшін айыппұл әкімшілік жаза берілген сәтке бекітілген айлық есеп көрсеткіші санымен анықталған.

Айыппұл барлық жағдайларда тек негізгі жаза ретінде салынуы мүмкін. Кеден органдарының лауазымды тұлғаларына істің нақты мән-жайы мен материалдарын есепке ала отырып, ҚР ӘҚ Ко баптарындағы санкцияларға сүйене отырып, айппұл мөлшерін анықтау құқығы берілген.

Лицензиядан немесе біліктілік аттестатынан айыруды жаза шарасы ретінде сот төрешісі салады .

Кеден ережелерін бұзғаны үшін ҚР КК –де қарастырылған қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға кеден органдарының берген лицензиядан немесе біліктілік аттестатынан айыру сияқты шаралары да қолданылуы мүмкін.

Қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға лицензиядан айыру лицензиялау туралы бекітілген заң негізінде қолданылады. Жазаның бұл түрі адамдардың екі түрлі санатына қолданылуы мүмкін:

1) кеден қоймаларының, бажсыз сауда дүкендерінің, еркін қоймалардың, уақытша сақтау қоймаларының иелеріне;
2) кеден брокерлеріне, кеден тасымалдаушылары мен кедендік рәсімдеу мамандарына.

ҚР кеден кодексі кеден қоймаларының, бажсыз сауда дүкендерінің, еркін қоймалардың, уақытша сақтау қоймаларының иелеріне қойылатын талаптарды барынша толық анықтайды және олардың лицензияларынан айрылуы немесе тоқтатылуы мүмкін жағдайларды сипаттайды.

Лицензиядан немесе біліктілік аттестатынан айыру егер де олар кеден заңында бекітілген өз міндеттерін бұзған жағдайда (әдетте, ҚР кеден органдары алдында өз міндеттерін бірнеше мәрте бұзу немесе тауарлар мен олардың құжаттарын жөнелтушіге заңсыз елеулі түрде шығын келтіруі) кеден брокерлеріне, кеден тасымалдаушылары мен кедендік рәсімдеу мамандарына да қолданылады.

Лицензиядан немесе біліктілік аттестатынан айыру өз қызметтерін жүзеге асыру барысында кеден ережелерін бұзған жағдайларында жоғарыда көрсетілген адамдарға тек негізгі жаза ретінде қолданылады.

Тауарлар мен көлік құралдарын тәркілеу. Кеден ережелерін бұзғаны үшін ең көп қолданылатын жазаның түрі кеден ережелерін бұзу объектілері болып табылатын. ҚР кеден шекарасы арқылы тауарларды жасырып өткізу үшін қолданылатын арнайы жасалған құпия жерлері бар кеден ережелерін бұзу объектілері болып табылатын көлік құралдары мен тауарларды тәркілеу болып табылады.

Жазаның бұл түрі көрсетілген мүліктерді сот арқылы қайтарылмайтындай етіп, мемлекет пайдасына өткізіледі. Бұл ретте кеден ережелерін бұзу туралы істің өндірісінде осы мүліктер кеден ережелерін бұзған адамның меншігі болып табыла ма немесе өзге біреудікі ме, міне осының анықталғаны немесе анықталмағаны маңызды емес.

Қарастырылып отырған жаза шарасын тікелей құқық бұзушылық объектісі болып табылатын, яғни кеден ережелерін бұзумен байланысты заттарды, тауарлар мен көлік құралдарын тәркілеуді қарастырады.

Басқаша айтқанда, мұндай жағдайларда барлық заттарды емес, тек кедендік бақылаудан жасырып қалған заттар ғана тәркіленеді. Жазаның қарастырылып отырған түрі негізгі де, қосымша түрі ретінде де қолданылады.

Кеден ережелерін бұзудың тікелей объектісі болып табылатын тауарларды тасымалдаған *көлік құралдарын тәркілеу* де жаза түріне жатады
(ҚР ӘҚ Ко 410-б).

Қазақстандықтар мен шетелдіктерді кеден ережелерін бұзғандары үшін жауапкершілке тарту тәжірибесін зерттеу ҚР кеден заңдарының жаза қолдану туралы ҚР кеден органдарының қаулысын орындауды қамтамасыз ету үшін нақты мүмкіндіктер

тудырады; тауарлар мен көлік құралдарын қайтарып берумен алып қоюды, оларды кепілге қоюды, кепілдікті талап ету не депозитке ақша қаражаттарын салуды, жауапкершілкке тартылған адамның мүлкін қамауға алуды қарастырады,

Жазаны орындау бойынша шараларды өткізу кезінде кеден ережелерін бұзудың тікелей объектісі болып табылатын тауарлар мен көлік құралдарында, құжаттарда немесе өзге де заттарда заттай дәлелдер белгілері болатын болса, оларды алып қоюға жататын талаптарды ескерту қажет.

Жазаларды орындауды қамтамсыз етуде тек жауапкершілікке тартылған шектелген мынандай адамдардан ғана алынып қоюы мүмкін. (шектелген жағдайларда да: егер де төленген жарғы капиталы немесе ҚР аумағындағы мүлік құны жазаның мөлшерін жаба алмайтындай болса, кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын қоспағанда):

1) ҚР аумағында тұрақты тұрғылықты жері жоқ жеке және лауазымды тұлғалардан;

2) ҚР аумағында филиалы, өкілеттігі, бөлімшесі немесе басқа да жекеленген бөлімшелері бар адамдардардан;

3) қазақстандық және шетелдік кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды білімі жоқ адамдардан;

Сонымен бірге жоғарыда көрсетілген жағдайларда әкімшілік жазаның қосымша шарасы ретінде мүлікті қайтарып беретіндей етіп алып қою заңда (ҚР ӘҚ Ко 45,46-баптары) қарастырылғаны есте болу керек.

Бір адамның кеден ережелерін бірнеше рет бұзуы, бір адам бір мезгілде бірнеше кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылса немесе егер де кеден ережелерін бұзу мемлекет мүддесіне елеулі нұқсан келтірсе мұндай жағдайлар ауыр мән-жайларға жатады.

Сондай-ақ ҚР ӘҚ Кодексінің 46-бабына сәйкес мүлікті кейін қайтарып беретіндей етіп, алып қою туралы қаулыны шығарған кеден органының бастығы немесе оның орнын ауыстыратын адам бір мезгілде бұл мүліктердің болатын орнын анықтайтынын да айта кету қажет.

3. Кеден ережелерін бұзғаны үшін жаза мерзімі

ҚР ӘҚ Кодексінде кеден ережелерін бұзғаны үшін жаза мерзімі бекітілген. Ескерту, айыппұл және лицензия мен біліктілік аттестатын қайтарып алу сияқты жазалар жеке және лауазымды тұлғаларға кәсіпорында, мекеме мен ұйымдарда кеден ержелерін бұзғандық анықталған күннен бастап екі айдан кешіктірілмей, сондай-ақ заңды тұлға білімінсіз кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдарға – құқық бұзушылық анықталғаннан күннен бастап алты айдан кешіктірмей берілуі мүмкін (ӘҚ Ко 69-б)

Көрсетілген жағдайларда әкімшілік жауапкершілікке тартудың өтіп кеткен мерзімі екі ай, өтіп кеткен мерзім есептеле бастаған сәт құқық бұзылған күн болып табылады.

Бұл тәртіп бекерден-бекер ұсынылмайды. Себебі, кеден ережелерін бұзудың көпшілігі ұзаққа созылған құқық бұзушылық болып табылады. Осындай құқық бұзушылықтың аяқталу сәтін дәл анықтау өте қиын – бұл құқық бұзушылық тиісті қызметті жүзеге асыру үшін кінәлінің өзі кеден органына келмейінше не кеден ережелерін бұзуды құзырлы органдардың өзі немесе лауазымды тұлға таппайынша созылуы мүмкін.

ҚР ӘҚ Кодексі баптарында қарастырылған өзге жазалар (тауарлар мен көлік құралдарын тәркілеу) кеден ережелерін бұзушылықты анықтаған немесе жасаған уақытына және олардың негізгі немесе қосымша жаза екеніне қарамай беріледі. Бұл ретте негізгі жаза бекітілген тәртіпте қолданылмаған болса, қосымша жаза беріледі.

Кеден органдары қызметінің тәжірибесінде тиісті органдар мен лауазымды тұлғалар кеден ережелерін бұзудың белгілері болғанда қылмыстық іс қозғаудан немесе тоқтатудан бас тартатын жағдайлары да кездеседі, бірақ оларды әкімшілік жауапкершілікке тарту бекітіледі. Мұндай жағдайларда жаза мерзімі ҚР кеден органынан қылмыстық іс қозғаудан немесе тоқтатудан бас тарту туралы шешім алған сәттен бастап есептелінеді.

Егер де көрсетілген мерзімдер өтпес бұрын адам тағы да кеден ережелерін бұзар болса, кеден ережелерін бұзғаны үшін жаза мерзімі мұндай жағдайларда үзіледі. Мұндай жағдайларда осы мерзімді есептеу кеден ережелерін қайта бұзғанды анықтаған сәттен басталады. Кеден ережелерін бұзғаны үшін жаза қолданудағы ең маңызды сәт істі қарау барысындағы жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар.

Кеден ережелерін бұзғаны үшін жаза қолданудағы жеңілдететін мән-жайлар - бұл кінәлінің жеке басы мен оның жасаған кеден ережелерін бұзудың қоғамдық қауіптілігін азайтатын әрекетіне қатысты ескерілетін шарттар және осымен кінәлінің жауапкершілігі жеңілдейді. Осындай мән-жайлар тізімі ҚР ӘҚ Кодексінің 61- бабында берілген:

1) кінәлінің өкінуі;

2) кінәлінің құқық бұзушылықтың зиянды салдарларын тоқтатуы, өз еркімен шығындардың орнын толтыру немесе келтірілген зиянды жою;

3) әкімшілік құқық бұзушылықты терең жан толқуы әсерінде не өте ауыр жеке немесе отбасылық жағдайлар кезінде жасау

4) әкімшілік құқық бұзушылықты кәмелетке толмаған адамның жасауы;

5) әкімшілік құқық бұзушылықты екіқабат әйел немесе 3 жасқа дейінгі баласы бар әйелдің жасауы;

6) физикалық немесе психикалық күштеу нәтижесінде әкімшілік құқық бұзу;

7) әкімшілік құқық бұзушылықты қажетті құқықтық қорғанудың шарттарын бұзу барысында жасау, заңға қарсы әрекеттерді жасаушы адамды ұстау, бұйрық немесе өкімді орындау;

Кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікті жеңілдететін мән-жайлар тізімі толық жеткілікті емес, ол тек мысалдар болып табылады. Сондықтан да кеден ережелерін бұзу туралы істі қараушы ҚР кеден органының лауазымды тұлғасы ҚР ӘҚ кодексінің 61-бабында көрсетілмеген өзге де мән-жайларды жеңіл жауапкершілік деп тани алады (мысалы, отбасылық жағдайдың өзге ерекшеліктері, еңбекке адал көзқарас, тұрмыстағы жақсы тәртібі ж.т.б.).

Дегенмен де кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылған адам жауапкершілігінің дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлардың дәлелдеу тақырыбына жататынын айта кету керек. Сондықтан да жеңілдететін мән-жайлар кез-келген жағдайда дәлелдеудің іс-жүргізу құралдарымен және өзге де материалдармен бекітілуі тиіс.

ҚР ӘҚ кодексінің 62-бабындағы кеден ережелерін бұзғаны үшін жеңілдететін мән-жайлар тізімі жеткілікті болып табылады немесе кейде оны жабық деп айтады. Бұл кеден ережелерін бұзу туралы істі қараушы кеден органының лауазымды тұлғасының ҚР ӘҚ кодексінде қарастырылмаған мән-жайларды жеңілдетілген деп тануға құқысы жоқтығын білдіреді.

Кеден ережелерін бұзғаны үшін аурлататын мән-жайларға мыналар жатады:

1) өкілеттілердің тоқтату туралы талаптарына қарамастан құқыққа қарсы әрекеттерді жалғастыра беру;

2) бір жыл ішінде бұрын әкімшілік жазаға тартылған адамның мерзімі өтпей жатып, сол әкімшілік құқық бұзушылықты қайта жасауы;

3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасауға кәмелетке толмаған адамды тарту;

4) ауыр психикалық бұзылумен ауыратын не әкімшілік құқық бұзушылық жасына жетпегендерді кінәлі үшін біле тұра әдейі әкімшілік құқық бұзушылықты жасауға тарту;

5) ұлттық, нәсілдік және діни жек көрушілік немесе қаскүнемдік әрекетімен, өзге адамдарың заңды әрекеттері үшін кек алу, сондай-ақ құқық бұзушылықты жасырып қалу немесе оны жеңілдету мақсатында өзге әкімшілік құқық бұзу;

6) өзінің қызметтік, кәсіби немесе қоғамдық міндетін атқарумен байланысты адамға немесе оның жақындарына қатысты әкімшілік құқық бұзу;

7) әйелдерге қатысты, кінәлі үшін әдейі біле тұра екіқабат әйелге, сондай-ақ жасөспірімге, өзге де қорғансыз немесе кінәліге тәуелді адамға қатысты жасалынған әкімшілік құқық бұзу;

8) адамдар тобының әкімшілік құқық бұзуы;

9) табиғат апаты немесе өзге де төтенше жағдайларда әкімшілік құқық бұзу;

10) ішімдікке мас болған, есірткі қолданған немесе токсикоманиялық жағдайда әкімшілік құқық бұзу .

Әкімшілік құқық бұзушылықтың сипатына қарай әкімшілік жазаны беруші сот төрешісі, орган (лауазымды тұлға) мұндай жағдайларды ауыр жағдай деп тани алады.

Кедендік ережелерді бұзғаны үшін кеден органдарының лауазымды адамдары басқаруға тиісті жаза тағайындаудың ең маңызды қағидаты жазаны жекеге тән ету болып табылады, яғни осы қағидат негізінде берілген істі жеңілдету немесе күшейту.

Бұл қағидат бірқатар заң ережелерін сақтауды талап етеді: біріншіден, бір адамның екі немесе одан да көп рет кеден ережелерін бұзған кезде әрбір құқық бұзушылыққа жеке-жеке ең төменгі қатаң жазадан түспей, барынша қатаң шара әсерінде жаза беріледі; екіншіден істі қараушы кеден органының лауазымды тұлғасы бекітілген құқықтық норма санкциялары шегінде жазаның түрі мен мөлшерін анықтайды.

Кеден органының лауазымды тұлғасы барынша жеңіл жазаны берер кезде тек міндетті түрде жазаның ең төменін беру не қосымша жазаның берілмейтін себептерін көрсеткенде ғана ҚР ӘҚ кодексіндегі баптарда қарастырылған санкциялардың шектерінен шыға алады. Бір адамның екі немесе одан да көп рет кеден ережелерін бұзған кезде әрбір құқық бұзушылыққа жеке жаза қолданылады. Егер де адам бір сот төрешісі, кеден органының лауазымды тұлғасы қарап отырған істе бірнеше кедендік ережелерді бұзған болса, онда бұл адамға жазаның бір түрін берерде жаза мөлшері ӘҚ Кодексінде бекітілген осы жаза түрінің барынша үш еселенген шегінен аспауы тиіс (ҚР ӘҚ Ко. 63-б).

Кедендік ережелерді бұзғаны үшін жаза беру кедендік ережелерді бұзу туралы іс бойынша *қаулымен,* ал ескерту, айыппұл сияқты жазаның оңайлатылған түрлері қолданылатын жағдайда – жаза беру туралы актімен рәсімделеді.

Кедендік ережелерді бұзғаны үшін әкімшілік жазаға тартылған адам жаза орындалуының аяқталған күнінен бастап бір жыл бойы әкімшілік тәртіппен жазаланған болып есептелінеді.

Бір жыл ішінде қайталап кеден ережелерін бұзар болса, жауапкершілігі ауыр мән-жай деп танылады (кеден ережелерін қайта бұзғаны үшін әкімшілік жазаның барынша қатаң түрі қолданылады).

15- ші тарау. Кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер бойынша өндіріс және оларды қарау тәртібі

1. **Кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер бойынша өндіріс**
2. **Кеден ережелерін бұзғандығы туралы іс қозғау және қарау сатысы**
3. **Кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер бойынша дәлелдер**
4. **Істі қарау кезеңі және кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер бойынша қаулы ету**
5. **Шағымдану, қарсылық білдіру және кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер бойынша қаулыны қайта қарау сатысы**

1. Кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер бойынша өндіріс

Кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер бойынша өндіріс құқық бұзушылық туралы іс бойынша өндіріс болып жатқан уақыттағы қолданып жүрген заң негізінде, яғни істі қарап жатқан сәттегі заңды қолданумен жүргізіледі.

Кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер бойынша өндіріс әрекетті жасаған жеріне байланысты емес, өндіріс пен істі қарау орнында қолданып жүрген заңмен анықталады.

Кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік нормаларын қолданудың белгілі бір мерзімдері көп жағдайда шектелмеген. Бұл оларды ресми түрде өзгертпей не оларды алып тастамайынша қолданыла береді дегенді білдіреді.

Кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершіліктің құқықтық нормалары нормативті актілерге қол қойған сәттен бастап не тиісті нормалардың күшіне енуі үшін қарастырылған сол мерзімде заңды күшіне енеді.

Кеден ережелерін бұзуға қарсы күрес жүргізу үшін ҚР КК нормативті бұйрықтары, олардың шығарған ережелері, нұсқаулары, ал кей жағдайларда әдістемелік ұсыныстары, нұсқаулары, жарлықтары, ақпараттық хаттарының маңызы зор. Кейде оларда жалпы сипаттағы кеден ережелерін бұзуға қарсы күрес мәселелеріне тікелей қатысы бар нормативті құқықты өкімдері де болады.

Кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер бойынша өндіріс және оларды қарау осы істер бойынша бір-бірімен тығыз байланысты өзіндік іс-жүрзігу бөліктері болатын бірқатар сатылардан немесе кезеңдерден өтеді. Дегенмен де олардың өзіндік іс-жүргізушілік ерекшеліктері, мақсаттары мен міндеттері болады. Кеден ережелерін бұзғандығы туралы іс бойынша өндіріс мынадай сатылардан тұрады:

1) істі және әкімшілік тергеуді жүргізу;
2) істі қарау және кеден ережелерін бұзғандығы туралы іс бойынша қаулы шығару;
3) шағымдану, қарсылық білдіру және кеден ережелерін бұзғандығы туралы іс бойынша қаулыны ауыстыру;
4) кеден ережелерін бұзғаны үшін жаза беру туралы ҚР кеден органының қаулысын орындау;

2. Кеден ережелерін бұзғандығы туралы іс қозғау және қарау сатысы

Кеден ережелерін бұзғандығы туралы іс қозғау және қарау сатысы жасалған құқық бұзушылықтың объективті мән-жайларынан шығатын алғашқы іс-жүргізу әрекеттерін өткізуден тұрады. Бұл ретте кеден ережелерін бұзғандығы туралы іс қозғалған болып есептелінеді, ал ол бойынша өндіріс - кеден ережелерінің бұзылғаны туралы хаттама толтырылған сәттен бастап немесе кеден ережелерін бұзғандары үшін жауапкершілікке тартылатын жеке не лауазымды тұлғаны ұстаған сәттен бастап басталды деп есептелінеді.

КЕБ (кеден ережелерін бұзу) туралы іс қозғауға себептер мыналар болуы мүмкін:

1) ҚР кеден органдары лауазымды тұлғаларының тікелей кеден ережелерін бұзу белгілерін табуы;
2) қазақстандық және шетелдік тұлғалардың хабарламалары мен арыздары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалары;
3) басқа құқық қорғау, бақылау және өзге мемлекеттік органдардан, сондай-ақ басқа кеден органдарынан түскен материалдар;
4) басқа кеден органдарынан, құқық қорғау қызметтерінен, шет мемлекеттердің өзге де құзырлы органдарынан және халықаралық ұйымдардан түскен ақпараттар;

Кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер бойынша өндірісте көрсетілген хабарламалар, арыздар немесе кеден ережелерін бұзғандығы туралы өзге де ақпараттар тексерілуі тиіс. Кедендік құқық бұзушылық құрамының белгілерін көрсететін мәліметтердің жеткілікті түрде болуы кеден ережелерін бұзғандығы туралы іс қозғаудың негізі болып табылады.

Кеден ережелерін бұзғандығы туралы істі жүргізу үшін іс-жүргізу негізі болып табылатын негізгі құжатқа кеден ережелерін бұзғандығы туралы хаттама жатады (ӘҚ Ко.635-б).

Кеден органдарының лауазымды тұлғалары ӘҚ Ко 140. 2-бөл, 203, 405 бірінші бөлім, 409, 410, 413 – 419, 421, 424, 426, - 430, 432 – 434, 436 екінші бөлім, 437- баптарда қарастырылған кеден ережелерін әкімшілік бұзу туралы істер бойынша *хаттамаларды* толтыруға құқылы.

Кеден ережелерін әкімшілік бұзу туралы хаттамалар әкімшілік құқық бұзушылық анықталған сәттен бастап дереу толтырылады.

Хаттамаларда мынадай мән-жайлар көрсетілуі тиіс:

- хаттама түрі мен оны толтырушыға қатысты мәліметтер. Мұнда оны толтырған күні және орны, хаттаманы толтырған адамның аты-жөні, егер де бар болса куәгерлердің аты-жөндері жазылады;
- кеден ережелерін бұзушыны сипаттайтын мән-жайларға қатысты мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты, жасы, атқаратын қызметі, тұрғылықты және жұмыс орны, жеке басын растайтын құжаты;
- кеден ережелерінің бұзылғаны туралы мән-жайлар мен материалдарға қатысты мәліметтер. Бұған жасалған құқық бұзушылықтың мәні, уақыты, орны туралы мәліметтер кіреді. Хаттамада қаралып отырған кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікті қарастыратын заңның нақты бабына сілтеме жасалуы тиіс, яғни кедендік құқықты бұзушыға тиісті дәреже берілуі тиіс;

Кеден ережелерінің бұзылғаны туралы хаттама толтырарда жауапкершілікке тартылған адамға оның құқықтары туралы, хаттамада не жазылғандығы туралы түсіндірілуі тиіс.

ҚР заңы кеден ережелерін бұзу туралы істерді қараудың салыстырмалы ұзақ мерзімін (өзге әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау уақытына қарағанда) бекітеді.

Егер де жалпы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер хаттама алған сәттен бастап он бес күн ішінде қаралатын болса, онда кеден ережелерін бұзу туралы іс өндірісі іс жүргізілген сәттен бастап бір айдан кешіктірілмей аяқталуы тиіс

Кеден ережелерін бұзу туралы істі әкімшілік тергеу оған мына адамдардың қатысуын қарастырады:

- істе өзінің жеке ұсынатын немесе қорғалатын мүддесі бар және оны қорғайтын тұлғалар (бұл кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тапртылған адам, оның өкілі, қорғаушысы);
- әкімшілік процестегі істің шын мәнісіндегі мән-жайлары мен материалдарын объективті түрде қарауға және зерттеуге жәрдем беретін адамдар (бұлар сараптамашы, маман, аудармашы, куәгерлер мен куәлар).
- кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылған адам тұратын немесе болған аумақтағы мемлекет өкілдері.

Кеден ережелерін бұзғандығы туралы хаттама құқық бұзу анықталған сәттен бастап үш тәулік ішінде толтырылады.

ҚР заңы кеден ережелерін бұзу туралы істер бойынша өндірісті қамтамасыз ету шараларын қарастырады. Бұл шаралар кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылған жеке немесе лауазымды тұлғаның жеке басын анықтауда қолданылады.

Қамтамасыз ету шараларына мыналар жатады:

- кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылған адамдарды ҚР кеден органының қызмет орнына жеткізу;
- әкімшілік ұстау қажетті уақыт ішінде жүзеге асырылады: ұстау үшін; күштеп жеке тексеріп қарау және көлік құралдары мен заттарды қарау; құжаттар мен заттар алып қою; заңды тұлғалардың құжаттарын және т.б. үш сағаттан көп емес уақытқа алып қою, кей жағдайларда жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жазбаша түрде хабарлай отырып;
- бұл туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жазбаша түрде хабарлай отырып, қылмыстық істі жасауға күдікті деп көрсетілген адамды ұстаған сәттен бастап, үш тәулік

бойы ұстау (контрабанда ҚК. 209-б) немесе прокурордың санкциясымен – он тәулікке қамау.

ҚР кеден заңында куәгерлердің құқықтық жағдайларына үлкен мән берілген. Қолданып жүрген заңдар адамды куәгер ретінде тану үшін шектеулі жас шамаларын бекітпейді. Сондықтан да куәгерлер ретінде он алты жасқа толмағандардан да, тіпті ерекше жағдайларда балалардан да (он төрт жасқа толмаған) жауап алына береді

Кәмелетке жасы толмаған, он төрт жасқа толмаған куәгерден жауап алу кезінде міндетті түрде маман ретінде мұғалім немесе психолог қатыстырылады. Куәгер ретінде жауап алынбайтын адамдар: біріншіден, қорғаушы және кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылған адамның заңды көмек көрсетуші өкілінен осындай қызмет пен көмек көрсетуімен байланысты оған белгілі болған мән-жайлар туралы;

екіншіден, өзінің фиизикалық күшінен немесе психикалық кемшіліктерінен іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдауға және оны дұрыс түсіндіре алмайтын қабілетсіз адамдардан.

Кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылған жеке және лауазымды тұлғалардың жұбайы мен жақын туыстары түсініктеме беруден босатылады.

3. Кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер боцынша дәлелдер

Осы істер бойынша дәлелдерге белгілі бір заң тәртібімен ҚР кеден органдарының кедендің құқық бұзушылықтың және істі дұрыс шешуге маңызы бар өзге де мән-жайлардың бар-жоғын бекіту негізінде алынған шын мәнісіндегі мәліметтер жатады. Бұл ретте заңда дәлелдеу құралдары да (дерек көздер) қарастырылған, яғни заңда дәлелдерді алу тәсілдері бекітілген. Оларға мыналар жатады:

1) кеден заңдарымен бекітілген тәртіпте толтырылған құқық бұзушылыққа қатысы бар мән-жайлар мен деректерді растайтын хаттамалар мен басқа да құжаттар;
2) кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылған адамның түсіндірмесі;
3) куәгердің түсіндірмесі;
4) сараптамашының қортындысы;
5) заттай дәлелдер;
6) жазбаша дәлелдер.

Кеден ережелерін бұзу ерекшелігі мұндағы дәлелдеу негізінің елеулі түрде әр түрлі хаттамалар мен кедендік бақылау кезінде, кедендік рәсімдеу өндірісінде, кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша өндірісті жүргізу немесе оны қарау кезінде толтырылған басқа құжаттармен байланысты екендігінде. Рәсімделуі ҚР заңында қарастырылған осы және басқа хаттамалар мен құжаттарды әр түрлі іс-жүргізу әрекеттерін жүргізу процесінде кеден органдарының лауазымды тұлғалары толтырады.

Сонымен қатар кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша хаттамалар, дәлелдермен бірге құқық бұзуға қатысты мән-жайлар мен деректерді растайтын құжатттар да болады. Оларға кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша өндіріске және оны қарауға қажетті лауазымды тұлғаның талап еткен құжаттары жатады (анықтамалар, актілер, шарттар, ведомсттар ж.т.б.). Оларда кеден ережелерін бұзу туралы істерді қарау мен шешуге, оны дәлелдеуге тікелей қатысы бар шын мәнісіндегі мәліметтер бар болғандықтан, олар дәлелдердің қайнар көздері болып табылады.

Кеден ережелерін бұзу туралы істер бойынша іс-жүргізу әрекеттерін өндірістегі немесе кеден ережелерін бұзу туралы істі қарайтын кеден органдарының лауазымды тұлғалары құрады. Мүндай іс-жүргізу әрекеттеріне мыналар жатады:

1) кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша адамнан жауап алу;
2) кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша өндіріске немесе оны қарауға қажетті құжаттарды талап ету;
3) тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүліктерді алып қою;
4) тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүліктерді қамауға алу;

5) кедендік тексеру жүргізу;
6) қарау;
7) тауарларды, көлік құралдарын, олардың құжаттарын және өзге де заттарды тану үшін көрсету;
8) мемлекеттік органдардан, адамдардан кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша өндіріске немесе оны қарауға қажетті ақпараттарды алу;
9) кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша тексерістер, тексерулер, мүліктерді түгендеуді өткізу;
10) сараптаманы тағайындау тәртібі;
11) сараптама жүргізу үшін сынамалар мен үлгілер алу.

ҚР заңында көрсетілген іс-жүргізу әрекеттерін өткізу тәртібі жеткілікті түрде нақты сипатталған, сондай-ақ көп жағдайларда оларды жүзеге асырудың мақсаттары мен іс-жүргізу негіздері анықталған.

4. Істі қарау кезеңі және кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер бойынша қаулы ету

Кеден ережелерін бұзу туралы істер бойынша өндіріс кезеңі басты болып табылады, өйткені дәл осында құқық бұзу дерегінің өзі шын мәнінде қарастырылады, *дәлелдер* тексеріледі, зерттеледі және бағаланады.

Осы кезеңде іс бойынша әкімшілік тергеу, әкімшілік процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін сақтау *сапасына баға* беріледі, ҚР кеден органы лауазымды тұлғасының хаттамалар толтыру мен барлық нақты іс-жүргізу әрекеттерін жүргізудің *заңдылығы мен негіздігі* тексеріледі, кеден ережелерін бұзу туралы істі қарауда кеден ережелерін бұзған жеке немесе лауазымды тұлғаның *кінәсі (кінәсіздігі) анықталады,* кеден ережелерін бұзудың өзі де, құқық бұзушының жеке өзінің де қоғамға келтірген қаупінің сипаты мен дәрежесіне сәйкес *мемлекет атынан әкімшілік жаза түрі мен шарасы туралы қаулы шығарылады.*

Осы кезеңде кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша өндіріске қатысушылардың барлығы әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамдар іс бойынша шындықты орнату, істің дұрыс та әділ шешілуіне қол жеткізу үшін өз мүдделері мен құқықтарын қорғауға бағытталған кең іс-жүргізушілік құқықтарына ие.

Осы кезеңде мыналармен байланысты бірқатар іс жүргізу мәселелері шешіледі:
- істі қарауға дайындықпен;
- істі тыңдау мен қараудың өзімен;
- кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша қаулы қабылдаумен;
- жазаның орындалуымен және алып қойылған тауарлар мен көлік құралдарына қатысты ҚР кеден органдарының келешек іс-әрекетімен және тиісті жағдайларда құқыққа қарсы келісімдерді жарамсыз деп тану туралы сотқа талап ету арызын берумен.

Кеден ережелерін бұзу туралы істі қарауға дайындық кезеңінде осындай істі қарауға құқықты тиісті кеден органдарының құзыреттілігі анықталуы тиіс. ӘҚ Кодексінің 409, 410, 413 – 419, 421.423, 424, 426 – 430, 432 – 434, 436 (екінші бөлім) және 437-баптарында қарастырылған кеден ережелерін бұзу туралы істерді аудандық және соларға тең келетін сот төрешілері қарайды (ӘҚ Ко. 541-б).

Аталған істерден басқа сот төрешілері оларды қараудың ведомствалығына тәуелсіз шетелдіктерді не азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасынан тыс жерге кетуге әкімшілік мәжбүр ету, әкімшілік қамау, лицензиядан, арнайы рұхсаттан, біліктілік аттестаттан (куәлік) айыру, арнайы құқықтан айыру, әкімшілік құқық бұзудың қаруы немесе тікелей объектісі болып табылатын заттарды қайтарылатындай етіп, алып қою немесе тәркілеу, сондай-ақ құрылысты күштеп бұзу, нақты бір қызметпен айналысуға тыйым салу қарастырылған әкімшілік жазаның бір түрі ретіндегі әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарастырады.

Кеден органдары Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықтар туралы кодексінің 140 (бірінші бөлім),141, 400- 404, 405 (екінші және үшінші бөлімдері), 06 – 408, 411,412, 420, 422, 425,, 431, 435, 436 (бірінші бөлім), және 438- баптарында қарастырылған кеден ережелерін бұзу туралы істерді қарастырады (ӘҚ Ко. 555-б).

Кеден ісінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза беруге кеден органдарының бастығы мен олардың орынбасарлары құқылы.

Жауапкершілікке жеке тұлға тартылған жағдайда кеден ережелерін бұзу туралы істі осы іс бойынша өндіріс жүргізген ҚР кеден органының лауазымды тұлғасы қарайды. Мұндай орган ең алдымен кеден қызмет орны немесе ҚР кедені болуы мүмкін.

Лауазымды адамдарды, сондай-ақ кәсіпорындарды, мекемелерді және ұйымдар мен заңды тұлғаның білімінсіз кәсіпкерлікпен айналысатын адамды жауапкершілікке тарту кезіндегі кеден ережелерін бұзу туралы істерді ӘҚ Кодексінде қарастырылған кедендік құқық бұзушылықтың түріне қарай кеден органдарының лауазымды тұлғалары немесе сот төрешілері қарайды.

Қолданыстағы заңға сәйкес жеке тұлға жауапкершілікке тартылған кеден ережелерін бұзу туралы істерді *он бес күн ішінде қарайды,* ал егер де бұл әрекетті лауазымды адам немесе өзге де тұлғалар жасаған болса – ҚР кеден органының құқылы лауазымды тұлғасы істі шешу үшін қажетті материалдарды алғаннан кейін *бір ай мерзім* ішінде қарайды.

Жауапкершілікке тартылған адам жағынан оның қорғаушысынан немесе төрағадан қолдаухаттар бар болса, жоғарыда көрсетілген мерзім ұзартылуы мүмкін, бірақ кеден ережелерін бұзғаны үшін жаза берудің жалпы мерзімі шегінен асып кетпеу керек.

Кеден ережелерін бұзғандығы туралы істерді қарауда ең бастысы оны тыңдау болып табылады.

ӘҚ Ко 648-бабына сәйкес сот төрешісі (кеден органының лауазымды тұлғасы) істі қарауға кіріспес бұрын:

1) істің кімнің қарайтынын, қандай іс қаралатынын, кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылып отырған адам кім екенін, қарастырылып отырған жауапкершілік қандай бапқа негізделгенін хабарлайды.

2) кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылып отырған адамның, сондай-ақ кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылып отырған кәсіпорын, мекеме немесе ұйым басшысының келетіндеріне көз жеткізеді.

Кеден ережелерін бұзу туралы істі қарауға кірісе отырып, сот төрешісі бірқатар өзге де іс-жүргізу әрекеттерін атқарады:

1) жоғарыда аталған адамдардың қатысуынсыз істің мүмкіндігі немесе істі қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

2) кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылып отырған адамның жеке басын анықтайды және өзге адамдардың өкілеттіліктерін тексереді;

3) істі қарауға қатысушы адамдардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

4) аудармашы шақыру мәселесін, сондай-ақ мәлімделген қарсылықтар мен қолдаухаттарды шешеді.

Істі тыңдау мен қарау кезеңінде кеден ережелерін бұзушылықтың мән-жайлары талданады, іс бойынша дәлелдер зерттеледі, кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылып отырған адамдардың, олардың қорғаушыларының немесе өз мәнінде қарастырылып отырған құқық бұзушылықтың өкілдерінің түсініктемелері тыңдалады. Қажет болған жағдайларда сараптама жүргізу тағайындалады және қолданыстағы заңда қарастырылған барлық талаптарды сақтай отырып, өзге де іс-жүргізу әрекеттері атқарылады.

Кеден ережелерін бұзу туралы істі қарауды қамтамасыз ету үшін ҚР кеден органы кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылып отырған адамдарға хатпен хабарламалар жіберу арқылы оларға іс қаралатын орын мен уақыты туралы хабардар етеді.

ӘҚ Кодексінде тікелей қарастырылған жекеленген жағдайларда кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылып

отырған адамдардың, олардың қорғаушылары мен өкілдерінің қатысуынсыз қаралуы мүмкін.

Кеден ережелерін бұзу туралы істі тыңдау мен қараудың нәтижелерімен, дәлелдер жинау мен оларға баға берудің ақырғы кезеңімен сот төрешісі (ҚР кеден органының лауазымды тұлғасы) төмендегі қаулылардың бірін шығарады:

1) жаза беру туралы;
2) іс бойынша өндірісті тоқтату туралы;
3) контрабанда немесе анықтау өндірісі ҚР кеден органдарының құзыретіне жататын өзге қылмыстар туралы қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін материалдарды басқа ҚР құқық қорғау органдарына жіберу туралы;
4) айыппұл төлету туралы қаулыны күштеп орындату туралы.

Кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша қаулы құқық бұзушыға да, оны орындауға тартылған мемлекеттік органдарға да заңды билік актісі болып табылады; оны осы істі қараған ҚР кеден органынының лауазымды тұлғасы тиісті түрде рәсімдеп, қолын қойылған болуы тиіс (ӘҚ Ко. 651-б).

5. Шағымдану, қарсылық білдіру және кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер бойынша қаулыны қайта қарау сатысы

Кеден ережелерін бұзғандығы туралы істер бойынша ҚР кеден органдары мен сот төрешілерінің қаулысына шағымдану мен қарсылық білдіру ҚР кеден органдарының құқық қорғау қызметтеріндегі азаматтардың құқықтары мен мүдделерін сақтаудың заңдылықтарын қамтамасыз етудің маңызды кепілі болып табылады (КК .493 -504-баптар).

Бұл ретте кеден ережелерін бұзғандығы үшін берілген жаза туралы қаулыға ғана емес, сонымен бірге осы санаттағы істерді (көп жағдайда іс бойынша өндірісті тоқтату туралы қаулы, қосымша өндіріс үшін істің қайтып келуі туралы және басқалары) қарастыру барысында ҚР кеден органдары мен сот төрешілерінің шығарған өзге де қаулыларына шағымдануға болады.

ҚР заңында жаза беру туралы ҚР кеден органының қаулысына осы жазаның кімге берілгеніне қарай шағымданудың түрлі рәсімдері мен мерзімдері қарастырылған. Кеден органының және кеден органының лауазымды тұлғасының шешіміне, іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды ҚР Кеден кодексінің 495-бабы бойынша кеден ісі саласындағы оның құқықтарын іске асыруға кедергілер құрылғанын. құқықтарының бұзылғандығы туралы білген күннен бастап, бір жылға дейін беруге болады.

Шағым тіркелген күннен бастап, он бес күн ішінде қаралуы және сол бойынша шешім қабылдануы тиіс. Бұған қосымша тексеруді талап ететін шағымдар кірмейді.

Жеке тұлғаға немесе лауазымды тұлғаға жаза беру туралы ҚР кеден органының қаулысына осы адамдар не олардың қорғаушылары немесе өкілдері қаулы шыққан күннен бастап, он күн ішінде шағымдана алады. (ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексінің 657-бабы).

Бұл жағдайда аталған шағымды ҚР жоғарғы кеден органына немесе жазаны берген ҚР кеден органының тұрғылықты жеріндегі аудандық (қалалық) халық соттарына жіберілу үшін адресат немесе арна анықталады.

Аталған шағым бойынша қабылданған ҚР жоғарғы органының шешімі немесе қаулысына жазаны берген ҚР кеден органының немесе шағымды қараған ҚР жоғарғы кеден органының тұрғылықты жеріндегі аудандық (қалалық) халық соттарына оны қабылдаған күннен бастап, он күн ішінде шағымдануға болады.

Мұндай жағдайларда сот шешімі ақырғы болып табылады.

Сондықтан да жеке тұлғаға немесе лауазымды тұлғаға берілген жаза туралы ҚР кеден органдарының қаулысына аталған адамдар мен олардың өкілдерінің өз ұйғарымдарына қарай балама түрде не әкімшілік тәртіппен (жоғарғы кеден органына), не сот тәртібімен шағымдануларына болады.

ҚР кеден органының кәсіпорындарға, мекемелерге немесе ұйымдарға, сондай-ақ заңды тұлғаның білімінсіз кәсіпкерлікпен айналысатын адамдарға жаза беру туралы қаулысына олардың қорғаушыларының немесе өкілдерінің шағымдарының өзіндік ерекшеліктері бар.

Мұндай жағдайларда шағым алдымен ҚР жоғарғы кеден органына беріледі, содан соң барып сотқа беріледі. Жоғары тұрған сотқа шағым ҚР жоғарғы кеден органының шағым бойынша шешім қабылдаған күнінен бастап, он күн ішінде жіберіледі.

Сондықтан да заңды тұлғалар мен заңды тұлғаның білімінсіз кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғалар үшін ҚР жоғарғы кеден органының жаза беру туралы қаулысын қараудың міндетті сот тәртібі бар.

Аймақтық кеден басқармалары кеден қаулыларын өзгертусіз қалдырған, ал шағымды - қанағаттандырмаған жағдайларда, жаза берген кеденнің тұрғылықты жеріндегі сотқа талап ету арызы беріледі.

ҚР кеден органдарының сот жүргізуге құқылы қызметтерінің маңызды бөлігі ҚР жоғарғы кеден органының шағымға немесе прокурордың қарсылығына байланысты, сондай-ақ қадағалау тәртібімен кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша қаулыны қарау болып табылады.

Мұндай қарауға мыналар негіз болады:

1) өзіне қатысты қаулы шығарылған адамның шағымы;
2) осы адамның қорғаушысының немесе өкілінің шағымы;
3) прокурордың қарсылығы;
4) ҚР кеден органдарының лауазымды тұлғаларының кеден ережелерін бұзу туралы істер өндірісі кезінде және оларды қарауда заңдылықты сақтауларын қадағалауды жүзеге асыру қажеттілігі.

Жоғарыда аталған мән-жайлар мен жағдайлардың тым болмағанда біреуі болса, оны қайта қарауға негіз жеткілікті болады.

ҚР жоғарғы кеден органы шағымға немесе прокурордың қарсылығына байланысты кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша қаулыны қарау кезінде және қадағалау тәртібімен төмендегі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) қаулыны өзгертусіз, ал шағымды немесе қарсылықты қанағаттандырмаған күйінде қалдырады;
2) қаулыны алып тастайды және істі қайта қарауға жібереді;
3) қаулыны алып тастап, істі тоқтатады;
4) кеден ережелерін бұзғаны үшін жаза беру туралы қаулыны алып тастайды және контрабанда немесе анықтау өндірісі ҚР кеден органдарының құзыретіне жататын өзге қылмыстар туралы қылмыстық іс қозғау туралы немесе қылмыстық іс қозғау туралы мәселені шешу үшін материалдарды басқа ҚР құқық қорғау органдарына, жіберу туралы қаулы шығарады.

Кеден ережелерін бұзғаны үшін іс бойынша кеден органының қабылдаған қаулысын алып тастау немесе өзгертумен байланысты ҚР жоғарғы кеден органының барлық шешімдері қаулы шығару жолымен қабылданады. Қабылданған шешім туралы қарсылық білдірген прокурорға, не шағым берген адамға, ал аталған шешімдерді ҚР кеден органдарының лауазымды тұлғаларының кеден ережелерін бұзу туралы істер бойынша өндіріс кезінде және оны қарауда заңдылықтарды сақтауларын қадағалау тәртібімен қабылдаған жағдайларда - кеден ережелерін бұзу туралы жаза берілген адамға жазбаша түрде хабарлама жіберіледі.

Кеден жумысын ұйымдастыру бойынша өзін - өзі тексеру сұрактары

1. Еркін қоймадағы тауарлар есебінің құжаты қанша уақыт сақталады?
1) 1 жылдан кем емес;
2) 2 жылдан кем емес;
3) 3 жылдан кем емес;
4) 4 жылдан кем емес;
5) 5 жылдан кем емес.

2. Бажсыз сауда дүкеніне қоюға болмайтын тауарлар тізімін кім анықтайды?
1) Мемлекеттік табыстар Министірлігі;
2) ҚР Кеден Комитеті;
3) ҚР Үкіметі;
4) ҚР Парламенті;
5) ҚР ұлттық қауіпсіздік комитеті.

3. Тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету операцияларына қайсысы жатпайды?
1) тазалау, мұздату;
2) кептіру, сорттау;
3) тауарларды ұсақтау;
4) сараптамаға үлгілер алу, орамдау, таңбалау;
5) қайта өңдеу.

4. Кеден қоймасындағы тауарлардың сақталу мерзімі:
1) мерзімі шектеусіз;
2) 6 ай;
3) 1 жыл;
4) 2 жыл;
5) 3 жыл.

5. Кедендік рәсімдеуде кеден органына есепшот-фактурасын көрсету міндетті ме?
1) міндетті;
2) міндетті емес;
3) иә, егер де ондағы мәлімдеуге тиісті мәліметтер тауармен бірге жолданатын өзге құжаттарда болса;
4) иә, егер де ондағы мәлімдеуге тиісті мәліметтер тауармен бірге жолданатын өзге құжаттарда жоқ болса ;
5) бұл жауаптардың барлығы дұрыс емес.

6. Кеден органы таратылған бажсыз сауда дүкеніндегі тауарларды қандай мерзімнен кешіктірмей түгендейді?
1) 10- күн ішінде;
2) 5- күн ішінде;
3) 7- күн ішінде ;
4) 3- күн ішінде;
5) 2 апта мерзімінде.

7. Тауарлар еркін кеден аймақтарында қанша уақыт бола алады?
1) шектеусіз мерзіммен;
2) 3 жылға дейін;
3) 1 жылға дейін;
4) 5 жылға дейін;
5) 7 жылға дейін.

8. Кедендік мақсаттар үшін ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының мәртебесін анықтайтын «ҚР кеден ісі туралы» заңында бекітілген ережелер жиынтығы – бұл:

1) кедендік рәсімдеу;
2) кедендік сараптама;
3) кедендік бақылау;
4) кедендік режим;
5) жүктің кедендік декларациясы.

9. Уақытша қорғану шараларының әрекет ету мерзімі қанша күннен асып кетпеу керек?

1) 60 күннен;
2) 100 күннен;
3) 200 күннен;
4) 150 күннен;
5) 180 күннен.

10. ҚР кеден аумағында тауарларды қайта өңдеу мерзімі:

1) 2 жылдан аспайды;
2) 1 жылдан аспайды;
3) 5 жылдан аспайды;
4) 6 айдан аспайды;
5) 3 жылдан аспайды.

11. Кеден қоймасын ашуға лицензияны кім береді?

1) кеден органының басшылары;
2) ҚР Мемлекеттік табыстар Министірлігі;
3) ҚР Үкіметі;
4) ҚР Кеден Комитеті;
5) ҚР Қаржы полициясы.

12. Қазақстандық тауарлардың кері импортына жазбаша түрде рұхсат беруді кім жүзеге асырады?

1) ҚР Үкіметі;
2) ҚР Кеден Комитеті;
3) ҚР энергетика, индустрия және сауда Министірлігі;
4) ҚР Қаржы полициясы;
5) ҚР Мемлекеттік табыстар Министірлігі.

13. Тауарды кедендік ілесіп алып жүру туралы шешімді кім қабылдайды?

1) ҚР Кеден Комитетінің басшысы;
2) ҚР Кеден Комитеті бастығының орынбасары;
3) кедендік рәсімдеуді жүргізетін кеден органының бастығы;
4) кеден органының лауазымды тұлғасы;
5) декларанттың өзі.

14. Тауарларды жойғаннан қалған қалдықтарды уақытша сақтау қоймасына қоюға бола ма?

1) болмайды,
2) болады;
3) тек қана кеден органы басшысының рұхсатымен;
4) тек кеден қоймаларында;

5) тек түсті металл қалдықтары.

15. Тауарларды жоюды кім жүргізеді?
1) мүдделі адам өз қаржысына;
2) кеден органы өз қаржысына;
3) мемлекеттік бюджет қаржысына;
4) кеден органы мүдделі адамның қаржысына;
5) Қаржы полициясының қызметкерлері.

16. Кеден аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеуде кедендік режимде тауарларды жөндеу барысында қайта өңдеу өнімдерін ауыстыруға бола ма?
1) болмайды;
2) егер де қайта өңдеу өнімдерін ауыстыратын тауарлар ұқсас не біртекті болған жағдайда ауыстыруға болады:
3) кеден органы басшысының рұхсатымен ауыстыруға болады;
4) арнайы төлем төленгеннен кейін болады;
5) кез-келген жағдайда ауыстыруға болады;

17. Ішкі транзитттік құжат қалай толтырылады?
1) 2 данада;
2) 3 данада;
3) 4 данада;
4) 5 данада;
5) 6 данада .

18 Кеден қоймасындағы тауарлар есебінің құжаттары қанша уақыт сақталады?
1) 4 жыл;
2) 3 жыл;
3) 2 жыл;
4) 1 жыл.

19. Күші жойылған құнды қағаздарға қандай тыйым салынған?
1) ҚР әкелуге;
2) ҚР әкетуге;
3) ҚР аумағы арқылы транзитке;
4) жоғарыда аты аталған барлық жағдайларда;
5) жоғарыда аты аталған жағдайлардың ешқайсында.

20. Ұшқыш аппараттар, олардың бөліктері, құралдары мен жабдықтарына салынған тыйымдар:
1) ҚР әкелуге;
2) ҚР әкетуге;
3) ҚР аумағы арқылы транзитке;
4) жоғарыда аты аталған барлық жағдайларда;
5) жоғарыда аты аталған жағдайлардың ешқайсында.

21. Кеден қоймасы төмендегілердің бірін алғаннан кейін құрылады:
1) ҚР Кеден Комитетінің лицензиясын;
2) ҚР Үкіметі рұхсатын;
3) кеден органы басшысының рұхсатын;
4) ҚР энергетика, индустрия және сауда Министірлігінің лицензиясын;

5) жергілікті атқарушы өкімет органының рұхсатын.

22. Бажсыз сауда дүкенінде бөлшектеп сатуға бола ма?
1) мүмкін емес;
2) мүмкін;
3) кей жағдайларда;
4) НДС төлегеннен кейін;
5) акцизді төлегеннен кейін.

23. Кеден қоймасындағы тауарларды сақтау мерзімі шектелген бе?
1) шектелген;
2) шектелмеген;
3) жартылай шектелген;
4) тек тағам өнімдері үшін;
5) тек медициналық дәрі-дәрмектер үшін.

24. ҚР кеден органдарының жүргізетін кеден қоймалары қандай типке жатады?
1) шекаралық;
2) жабық;
3) ашық;
4) шекаралық және жабық;
5) шекаралық және ашық.

25. Кеден қоймасындағы тауарлардың есебін кім жүргізуге міндетті?
1) тауарды орналастырған адам;
2) тауардың иесі;
3) ҚР кеден органы;
4) ҚР Қаржы полициясының қызметкерлері;
5) ӨР ІІМ (МВД РК)жұмысшылары.

26. Шетел тауарларын қайта өңдеу өнімдеріне экономикалық саясат шаралары қолданыла ма?
1) қолданылады;
2) қолданылмайды;
3) ерекше жағдайларда;
4) соғыс жарияланған жағдайда;
5) БҰҰ санкциясын жүргізген жағдайда.

27. ҚР заңында уақытша әкелінетін тауарларға кедендік баж салығын салудан толық немесе жартылай босату қарастырылған ба?
1) қарастырылған;
2) қарастырылмаған;
3) бұл ҚР кеден заңын бұзу болып табылады;
4) бұл ҚР кеден заңын бұзушылыққа жатпайды;
5) иә, соғысты жүргізген жағдайда.

28.Тауарларды уақытша әкететін немесе әкелетін адам оларды бекітілген мерзімде қайтармаса жауапты бола ма?
1) жауапты;
2) жауапты емес;
3) ерекше жағдайларда;
4) иә, егер де бұл адамға өзге де қылмастары үшін іздеу салынған жағдайда;

5) иә, егер де бұл адам шетелдік азамат болса.

29. Еркін қойма құруға лицензия беру үшін төленген алым қайтарылуға тиіс пе?
1) тиіс;
2) тиіс емес;
3) кей жағдайларда;
4) ҚР Мемлекеттік табыстар Министрлігінің бекіткен жағдайларында;
5) ҚР Қаржы полициясының бекіткен жағдайларында тиісті.

30. Еркін қоймаларда бөлшектеп сатуға рұхсат етіле ме?
1) рұхсат етіледі;
2) рұхсат етілмейді;
3) жартылай рұхсат етіледі;
4) Кеден органы басшысының рұхсатымен;
5) ҚР Кеден Комитеті бастығының рұхсатымен.

31. Кеден қоймасының иесі кім болуы мүмкін?
1) қазақстандық тұлғаның бәрі ;
2) ҚР аумағында тұратын адам;
3) шетелдік азаматтар;
4) бәрі түгел;
5) азаматтығы жоқ адамдар.

32. Тауарлар экспортында кедендік баждар салығы төлене ме?
1) төленеді;
2) төленбейді;
3) ерекше жағдайларда;
4) түсті металдарды экспортқа шығарғанда;
5) мұнай өнімдерін экспортқа шығарғанда.

33. Тауарлардың кері экспортында экономикалық саясат шаралары қолданыла ма?
1) қолданылады;
2) қолданылмайды;
3) жартылай қолданылады;
4) НДС төленбеген жағдайда;
5) акциз төленбеген жағдайда.

34. Мемлекет пайдасына тауарлардан бас тартқанда салықтар төлене ме?
1) төленеді;
2) төленбейді;
3) ерекше жағдайларда;
4) Кедендік режимді бұзған жағдайда;
5) ҚР Кеден заңын бұзған жағдайда.

35. Мемлекет пайдасына тауарлардан бас тартқанда кеден органдары қандай да бір шығындар шығара ма?
1) шығарады;
2) шығармайды;
3) кейде;
4) егер де тауар иесі шетелдік азамат болса;
5) НДС төленбеген жағдайда.

36. Шетел тауарларын жоюда кедендік баждар төлене ме?
   1) төленеді;
   2) төленбейді;
   3) ерекше жағдайларда;
   4) егер де бұл мерзімі өтіп кеткен дәрі-дәрмектер болса;
   5) егер де бұл мерзімі өтіп кеткен тағам өнімдері болса.

37. Қандай органның шешімімен еркін кедендік аймақ құрылады?
   1) ҚР Үкіметі;
   2) ҚР Кеден Комитеті;
   3) ҚР экономика Министерлігі;
   4) ҚР мемлекеттік табыстар Министерлігі;
   5) ҚР Парламенті.

38. Еркін кедендік аймақ қанша уақыт ішінде таратылуы тиіс?
   1) 6 ай ішінде;
   2) 1 жыл ішінде;
   3) 3 ай ішінде;
   4) 9 ай ішінде;
   5) 1,5 жыл ішінде.

39. Тауарлардың еркін кеден аумағында болу мерзімі:
   1) мерзімі шектеусіз;
   2) 6 ай;
   3) 1 жыл;
   4) 2 жыл;
   5) 3 жыл.

40. Тауарлар экспорты бұл:
   1) үнемі осы аумақтан тыс болу немесе тұтыну мақсатында тауарлар ҚР кеден аумағынан тыс әкетілуі мүмкін;
   2) кедендік баждар мен салықтардан толық немесе жартылай босатылған тауарларды ҚР кеден аумағында немесе одан тыс пайдалану;
   3) ҚР кеден аумағынан әкетілген отандық тауарлар кедендік баждар мен салықтар төленбей бекітілген мерзімде қайтадан кері әкелінеді;
   4) жоғарыдағы жауаптардың бірде бірі дұрыс емес;
   5) жоғарыдағы жауаптардың бәрі.

41. Тауарлардың кері экспорты қанша уақыт жүргізіледі?
   1) әкелген сәттен бастап 2 жыл ішінде;
   2) әкелген сәттен бастап 1 жыл ішінде;
   3) әкелген сәттен бастап 6 ай ішінде;
   4) әкелген сәттен бастап 3 ай ішінде;
   5) әкелген сәттен бастап 18 ай ішінде.

42. Бажсыз сауда дүкенін кімдер ашуы мүмкін?
   1) ҚР кеден органдары белгілеген жерлерде отандастар;
   2) ҚР кеден органы;
   3) ҚР кеден органы белгілеген жерлерде шетелдік адам;
   4) ҚР Қаржы полициясы;
   5) ҚР Мемлекеттік табыстар Министірлігі.

43. ҚР кеден аумағында тауарларды қайта өңдеу режимі -бұл:
1) егер де қайта өңделген тауарлар ҚР аумағынан тыс экспорталатын болса, тарифтік емес реттеуді қолданбай және әкелінетін кедендік баждар мен салықтарды қайтарумен ҚР кеден аумағында шетелдік тауарларды қайта өңдеу үшін;
2) ҚР кеден аумағына әкелінген тауарлар ҚР кеден аумағына осындай тауарларды тағы да әкелген жағдайда кедендік баждар мен салықтарды төлемей және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай бөлшектеп өткізіледі;
3) сақтауға кедендік баждар мен салықтарды төлемей және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай әкелінген тауарларды сақтау;
4) жоғарыдағы жауаптардың бірі де дұрыс емес;
5) жоғарыдағы жауаптардың бәрі дұрыс.

44.Кедендік режимде тауарларды қайта өңдеу режимі - бұл:
1) шетелдік тауарларды бекітілген тәртіпте келесі еркін айналым үшін оларды кедендік бақылаумен қайта өңдеуге баждар мен салықтар төлемей және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай ҚР кеден аумағында пайдалану;
2) әкелінген тауарларды сақтауға кедендік баждар мен салықтар төлемей және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай сақтау;
3) ҚР кеден аумағына әкелінген тауарлар ҚР кеден аумағына осындай тауарларды тағы да әкелген жағдайда кедендік баждар мен салықтарды төлемей және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай бөлшектеп өткізіледі;
4) жоғарыдағы жауаптардың бірі де дұрыс емес;
5) жоғарыдағы жауаптардың бәрі дұрыс.

45. Тауарларды уақытша әкелу мен әкету мерзімі:
1) әкелген немесе әкетілген күннен бастап 2 жылдан аспау керек;
2) әкелген немесе әкетілген күннен бастап 3 жылдан аспау керек;
3) әкелген немесе әкетілген күннен бастап 1 жылдан аспау керек;
4) әкелген немесе әкетілген күннен бастап 6 айдан аспау керек;
5) әкелген немесе әкетілген күннен бастап 5 жылдан аспау керек.

46. Тауарларды кеден аумағынан тыс қайта өңдеу қанша уақытқа созылады?
1) тауарларды ҚР кеден аумағынан өткізген күннен бастап 2 жыл;
2) тауарларды ҚР кеден аумағынан өткізген күннен бастап 3 жыл;
3) тауарларды ҚР кеден аумағынан өткізген күннен бастап 6 ай;
4) тауарларды ҚР кеден аумағынан өткізген күннен бастап 1 жыл;
5) тауарларды ҚР кеден аумағынан өткізген күннен бастап 18 ай;

47. Кедендік режим - бұл:
1) Кедендік мақсаттар үшін ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының мәртебесін анықтайтын «ҚР кеден ісі туралы» заңында бекітілген ережелер жиынтығы;
2) Тауарлар мен көлік құралдарын белгілі бір режимге орналастыру мақсатында кеден органының іс-әрекет етуі және осы режимді «ҚР кеден ісі туралы» заңындағы талаптарға сай аяқтау;
3) Кедендік іс бойынша ҚР заңдары мен ҚР халықаралық шарттарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатындағы ҚР кеден органдарының қолданатын шаралар жиынтығы;
4) жоғарыдағы жауаптардың бірі де дұрыс емес;
5) жоғарыдағы жауаптардың бәрі дұрыс.

48. Тауарлар транзиті – бұл:

1) тауарлар кедендік бақылауда ҚР кеден аумағы арқылы, сондай-ақ шетел мемлекеті аумағы арқылы кедендік баждар мен салықтар төленбей және тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай өткізілуі мүмкін;
2) Әкелінген тауарлар тұрақты қалуы немесе ҚР кеден аумағында тұтынылуы мүмкін;
3) ҚР кеден аумағынан әкетілген тауарлар кедендік режимге сәйкес бекітілген мерзімде кедендік баждар мен салықтар төленбей және тауарларға тарифтік емес реттеу шараларын қолданбай қайтадан кері әкелінеді;
4) жоғарыдағы жауаптардың бірі де дұрыс емес;
5) жоғарыдағы жауаптардың бәрі дұрыс.

49. Тауарлар транзиті төмендегілердің қайсының рұхсатымен жүргізіледі?
1) ҚР кеден органы;
2) ҚР Үкіметі;
3) ҚР ҰҚК;
4) ҚР Мемлекеттік табыстар Министірлігі;
5) ҚР Қаржы Министірлігі

50. Кеден қоймасы қандай болуы мүмкін?
1) ашық типте;
2) жабық типте;
3) ашық және жабық типте;
4) құпия;
5) құпия емес.

51. Кеден қоймасын құру үшін кімнің лицензиясын алады?
1) ҚР орталық кеден органы;
2) ҚР Қаржы полициясы;
3) ҚР ІІМ;
4) ҚР Кеден Комитеты;
5) ҚР мемлекеттік табыстар Министірлігі.

52. Тауарлардың кері экспортының кедендік режимі әкелінетін кедендік баждарды қайтаруды қарастыра ма?
1) қарастырмайды;
2) қарастырады;
3) тек ҚР қаржы Министірлігінің келісімімен;
4) тек ҚР Халық банкінің келісімімен;
5) тек ҚР Үкіметінің келісімімен

53. Тауарларды әкету күні қалай анықталады?
1) кедендік декларацияны қабылдаған күн әкету күні болып табылады;
2) тауар ҚР аумағынан кеткен күн;
3) кедендік режимді таңдаған күн;
4) жүктің кедендік декларациясын берген күн;
5) кедендік органнан рұхсат алған күн.

54. Тауарларды жоюда кеден органдарына қандай да бір жауапкершілік жүктеле ме?
1) жүктеледі;
2) жүктелмейді;
3) жартылай жүктеледі;
4) егер де бұл тез бұзылатын тауарлар болса;
5) егер де бұл мерзімі өтіп кеткен дәрі-дәрмектер болса;

55. Тауарларды жою нәтижесінде пайда болған қалдықтар ҚР аумағында қолданыла ма?
1) қолданылмайды;
2) қолданылады;
3) қазақстандық тауарлар қолданылады;
4) жауаптардың ішінде дұрысы жоқ;
5) егер де бұл түсті металдар қалдықтары болса қолданылады.

56. Мемлекет пайдасына тауарлардан бас тартуда экономикалық саясат шаралары қолданыла ма?
1) ҚР кеден органының рұхсатымен;
2) қолданылмайды;
3) ҚР мемлекеттік табыстар Министрлігінің келісімімен;
4) ҚР Халық банкісінің келісімімен;
5) ҚР ҰҚК келісімімен.

57. Кері экспортталған тауарларды әкетерде кедендік баждар төлене ме?
1) төленбейді;
2) төленеді;
3) ерекше жағдайларда;
4) ҚР Халықаралық шарттарында келісілген жағдайларда;
5) ҚР кеден комитеті басшысының тікелей нұсқауымен.

58. Тауарлардың шын мәнісіндегі кері импорты қандай мерзімде жүзеге асырылуы тиіс:
1) кедендік декларацияны қабылдағаннан кейін 6 ай ішінде;
2) кедендік декларацияны қабылдағаннан кейін 3 ай ішінде;
3) кедендік декларацияны қабылдағаннан кейін 2 ай ішінде;
4) кедендік декларацияны қабылдағаннан кейін 4 ай ішінде;
5) кедендік декларацияны қабылдағаннан кейін 5 ай ішінде;

59. Егер де оның қызметі «ҚР кеден ісі туралы» ҚР заңына сай келмесе еркін кеден аймағы қанша уақыт ішінде таратылуы тиіс?
1) 1 жыл ішінде;
2) 2 жыл ішінде;
3) 6 ай ішінде;
4) 3 жыл ішінде;
5) 18 ай ішінде.

60. Лицензиялау экономикалық саясат шараларына жата ма?
1) ерекшеленеді;
2) ерекшеленбейді;
3) бұл кедендік режим;
4) бұл кедендік рәсімдеу;
5) бұл кедендік бақылау.

61. Тауарларды еркін айналымға шығарудың кедендік режимі не үшін қажет?
1) әкелінген тауарлар ҚР аумағында тұрақты қалмауы үшін;
2) әкелінген тауарлар ҚР аумағында тұрақты қалуы немесе тұтынылуы үшін;
3) әкелінген тауарлар ТМД елдері аумағында тұтынылуы үшін;
4) әкелінген тауарлар ТМД елдері аумағында тұтынылмауы үшін;
5) жоғарыдағы жауаптардың бірде-бірі дұрыс емес.

62. Кедендік режимдердің неше түрі бар?
1) 7;
2) 9;
3) 12;
4) 17;
5) 14.

63. Тауарлардың кері импортында кедендік баждар мен салықтар төлене ме?
1) төленеді;
2) төленбейді;
3) кей жағдайларда;
4) егер де бұған ҚР Кеден Комитеті басшысының рұхсаты болса;
егер де бұған кеден органы басшысының рұхсаты болса;

64. Кері импорттаушы адамға бұрынғы төлеген кедендік баждар қайтарыла ма?
1) қайтарылады;
2) қайтарылмайды;
3) кей жағдайларда;
4) ол шетелдік азамат болған жағдайда;
5) бұған кеден органы басшысының рұхсаты болатын болса.

65. «Лицензиялау туралы» заң қай жылы қабылданды?
1) 19 тамыз 1998 ж.;
2) 17 сәуір 1995 ж.;
3) 22 желтоқсан 1994 ж.;
4) 09 мамыр 1996 ж.;
5) 03 тамыз 1997 ж.

66. Еркін кеден аймақтарын құру кімнің құзыретінде?
1) ҚР Президенті;
2) ҚР Үкіметі;
3) ҚР ІІМ;
4) ҚР ҰҚК;
5) ҚР мемлекеттік табыстар Министрлігі.

67. Еркін қойманы құруға кім құқылы?
1) қазақстантандық тұлға;
2) шетелдік азамат;
3) ҚР аумағында уақытша тұратын адам;
4) шетелдік заңды тұлға;
5) азаматтығы жоқ адам.

68. Кеден қоймасы лицензиясының мерзімін кім анықтайды?
1) ҚР Үкіметі
2) ҚР орталық кеден органы;
3) ҚР мемлекеттік табыстар Министірлігі;
4) ҚР ІІМ;
5) ҚР ҰҚК;

69. Кеден қоймасын ашуға лицензияны беру тәртібі мен төленетін алым мөлшері қандай заңдылықтармен анықталады?
1) кеден;

2) салық;
3) әкімшілік;
4) азаматтық;
5) халықаралық.

70. «Арнайы экономикалық аймақтар туралы» ҚР Президентінің Жарлығы қашан қабылданды?
1) 26 қаңтар 1994 ж.;
2) 26 қаңтар 1995 ж.;
3) 26 қаңтар 1996 ж.;
4) 26 қаңтар 1997 ж.;
5) 26 қаңтар 1998 ж.

71. Арнайы экономикалық аймақтар еркін кеден аймағы болып табыла ма?
1) иә;
2) жоқ;
3) ешқашанда;
4) иә, егер де кеден органы басшысының рұхсаты болса;
5) иә, егер де салық органы өкілінің рұхсаты болса.

72. Лицензияны кері қайтарып алу немесе тоқтату шетелдік тасымалдаушыларды барлық кедендік жеңілдіктерден айыруға себеп бола ма?
1) иә;
2) жоқ;
3) кей жағдайларда;
4) иә, егер де НДС төленбесе;
5) иә, егер де акциз төленбесе.

73. ҚР аумағына уақытша әкелуге немесе әкетуге болмайтын тауарлар категориясын кім анықтайды?
1) ҚР Үкіметі;
2) ҚР Президенті;
3) ҚР салық комитеті;
4) ҚР Парламенті;
5) ҚР ҰҚК.

74. Қайта өңдеу өнімдерін шетелдік тауарларға ауыстыру мүмкін бе?
1) мүмкін;
2) мұмкін емес;
3) кей жағдайларда;
4) мүмкін, егер де бұған халықаралық шарт болса;
5) мүмкін, егер де бұған ҚР кеден органы басшысының бұйрығы болса.

75. Әкелу мен әкетуге тыйым салынған тауарлар мен көлік құралдарын сақтау мерзімі:
1) 10 күн;
2) 7 күн;
3) 3 күн;
4) 5 күн;
5) 2 апта.

76. Кедендік қойма нені білдіреді?
1) сақтауға арналған үй-жай;

2) сақтауға арналған орын (аумақ);
3) кедендік режим;
4) кеден органының мүліктерін сақтайтын үй-жай;
5) кеден органы қызметкерлері қарауылдайтын үй-жай.

77. Кеден қоймасына орналастырылған тауарларға рұхсат етілетін операциялар:
1) тауарларды сату;
2) тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету;
3) сату мен тасымалдауға дайындық;
4) жою;
5) үлгілер алу.

78. Бажсыз сауда дүкені дегеніміз не?
1) тауарларды өткізетін орын;
2) кедендік режим;
3) кедендік баждар мен салықтарды төлегеннен кейінгі тауарларды бөлшектеп сату орны;
4) кеден органының дүкені;
5) кедендік баждар мен салықтарды төлегеннен кейінгі тауарларды көтермелеп сату орны.

79. Тауарларды уақытша әкелу мен әкету мерзімі:
1) 2 жылға дейін;
2) 3 жылға дейін;
3) шектеусіз мерзім;
4) 1 жылға дейін;
5) 6 айға дейін.

80. Тауарлардың еркін қоймада болу мерзімдері:
1) шектеусіз мерзім;
2) 3 жыл;
3) 5 жылға дейін;
4) 1 жылға дейін;
5) 2 жылға дейін.

81. Тауарларды жою деген не?
1) кеден органдарының іс жүргізу әрекеті;
2) кедендік режим;
3) жауапкершілік шарасы;
4) қылмысты болдырмау шарасы;
5) кедендік іс-әрекет.

82. Мемлекет пайдасына тауарлардан бас тартумен байланысты шығындарға кім жауапты?
1) кеден органдары;
2) тауарлардың иесі;
3) кеден қоймасының иесі;
4) кеден брокері;
5) салық органдары.

83.Тауарларды уақытша сақтау деген не?
1) кеден режимі;
2) кедендік бақылау түрі;
3) кедендік бақылауда сақтау;
4) кеден органының іс-әрекеті;
5) кедендік бақылау.

84 Уақытша сақтаудың жалпы мерзімдері:
1) 6 айға дейін;
2) 1 жылға дейін;
3) мерзімі шектеусіз;
4) 3 айға дейін;
5) 2 жылға дейін.

85. ҚР кеден аумағында тауарларды қайта өңдеу мерзімі:
1) 1 жыл;
2) 3 жыл;
3) 2 жыл;
4) 6 ай;
5) 18 ай.

86. Бажсыз сауда дүкені лицензиясының қызметін кім тоқтатады?
1) ҚР Ұлттық банкі;
2) Орталық кеден органы;
3) ҚР мемлекеттік табыстар Министерлігі;
4) ҚР Қаржы Министерлігі;
5) лицензиялау агенттігі.

87. Кері импортта кедендік баждар мен салықтар төлене ме?
1) төленеді;
2) төленбейді;
3) кей жағдайларда;
4) тауарлар транзиті жағдайында;
5) тауарларға тыйым салынған жағдайда.

88. Тауарларды кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу мерзімі:
1) 2 жыл;
2) 1 жыл;
3) 3 жыл;
4) 6 ай;
5) 18 ай.

89. Құрылған және жұмыс істеп жатқан еркін қоймалар туралы ақпараттарды мерзімді жариялап тұруды қамтамасыз ететін кім?
1) кеден органы;
2) еркін қойма иесі;
3) ҚР Үкіметі;
4) ҚР Ұлттық банкі;
5) ҚР Қаржы полициясының Ақпараттар Орталығы .

90. Тауарлардың осы аумақта тұрақты болу немесе тұтынылуы мақсатында ҚР кеден аумағынан тыс әкетілуі үшін арналған кедендік режим:
1) импорт;

2) экспорт;
3) транзит;
4) импорт және транзит;
5) экспорт және транзит.

91. Тауарларды жою нәтижесінде пайда болған қалдықтарды жою режимін мәлімдеген адам басқа кедендік режимге орналастыруы тиіс пе?
1) оларды келешекте пайдалану мүмкіндігінде;
2) басқа кедендік режимге мәлімдеуге болмайды;
3) кез-келген жағдайда;
4) келешекте пайдалану мүмкін емес болса, мәлімдеуге болмайды;
5) кеден органы басшысының рұхсатымен.

92. Мемлекет пайдасына бас тарту кедендік режиміне орналастыруға болмайтын тауарлар тізімін кім анықтайды?
1) Президент;
2) Үкімет;
3) Кеден органы;
4) Қаржы полициясы;
5) Мем. табыстар Министрлігі.

93. Тауарларды еркін қоймаға орналастыруда кедендік баждар мен салықтарды төлеуге жауапты адам:
1) кеден органы;
2) еркін қойма иесі;
3) еркін қоймаға тауарларды орналастырушы адам;
4) қаржы инспекторы;
5) кеден брокері.

94. Кедендік баждар мен салықтарды төлемей және тарифті реттеу шараларын қолданбай шетелдік тауарларды тиісті үй-жайларға орналастырылып, пайдаланатын кедендік режим:
1) еркін қойма;
2) кеден қоймасы;
3) бажсыз сауда дүкені;
4) уақытша әкелу;
5) уақытша әкету.

95. Тауарлардың осы аумақта тұрақты болу немесе тұтынылуы мақсатында ҚР кеден аумағынан тыс әкетілуі үшін арналған кедендік режим:
1) импорт;
2) кері импорт;
3) экспорт;
4) кері экспорт;
5) әкелу (әкету).

96. Тауарлардың кері экспортын жүүзеге асыру тәртібін кім бекітеді?
1) ҚР Үкіметі;
2) ҚР Парламенті;
3) ҚР Орталық кеден органы;
4) ҚР Президенті;
5) Қаржы полициясының басшысы.

97. Кедендік декларацияны қабылдаған күннен бастап, шын мәнісіндегі кері экспорт қандай мерзімде жүзеге асырылуы тиіс?

1) 6 айдан кешіктірілмей;
2) 4 айдан кешіктірілмей;
3) 2 айдан кешіктірілмей;
4) 1 жылдан кешіктірілмей;
5) 3 айдан кешіктірілмей.

98. Мемлекет пайдасына бас тарту кедендік режиміне орналастыруға болмайтын тауарлар тізімін кім анықтайды?

1) ҚР Үкіметі;
2) ҚР Парламенті;
3) ҚР Президенті;
4) ҚР Кеден комитетінің төрағасы;
5) ҚР сыртқы істер Министрі.

99. Кедендік баждар мен салықтарды төлемей және экономикалық саясат шараларын қолданбай шетелдік тауарларды тиісті үй-жайларға орналастырып, пайдаланатын кедендік режим:

1) еркін кедендік аймақ;
2) уақытша әкелу (әкету);
3) еркін қойма;
4) еркін айналымға шығару;
5) уақытша сақтау қоймасы.

100. Еркін кеден аймағының кедендік режимі кімнің шешімімен құрылады?

1) жергілікті атқару өкіметі органының басшысының;
2) жергілікті өкілетті органдарының;
3) ҚР Парламентінің;
4) ҚР Үкіметінің;
5) ҚР Президентінің.

101. Еркін кеден аймағын құру туралы өтініштерді қарау тәртібін кім анықтайды?

1) ҚР Орталық кеден органының Төрағасы;
2) ҚР Қаржы Министрі;
3) ҚР Президенті;
4) ҚР Үкіметі;
5) энергетика, индустрия және сауда Министрі.

102. Еркін кеден аймақтарындағы тауарлармен өткізілетін операциялар тізімін кім анықтайды?

1) ҚР Орталық кеден органы;
2) ҚР Үкіметі;
3) ҚР Президенті;
4) ҚР Қаржы полициясының басшысы;

103. Еркін кеден қоймасы режиміне орналастыруға тыйым салынған тауарлар тізімін кім анықтайды?

1) ҚР Үкіметі;
2) ҚР Парламенті;
3) ҚР мем. Табыстар Министрі;

4) ҚР Орталық кеден органының Төрағасы;
5) ҚР ҰҚК Төрағасы;

104. Тауарлар еркін қоймаларда қанша уақыт бола алады?
1) шектеусіз мерзімде;
2) 1 жыл;
3) 2 жыл;
4) 2,5 жыл;
5) 3 жыл.

105. Еркін қоймалардағы тауарлар есебін кім жүргізеді?
1) еркін қойма иелері;
2) кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалар;
3) кеден органдарының лауазымды тұлғалары;
4) мемлекеттік бақылауды жүргізетін тұлғалар;
5) тауарлар иелері.

106. Кеден қоймасында тауарларды қанша уақыт сақтайды?
1) шектеусіз;
2) 3 жыл;
3) 2 жыл;
4) 6 ай;
5) 1 жыл.

107. Кеден қоймалары қызметтерінің ерекшеліктерін кім анықтайды?
1) ҚР Үкіметі;
2) ҚР Президенті
3) Орталық кеден органы
4) ҚР мем. Табыстар Министрі;
5) мемлекеттік бақылауды жүргізетін тұлғалар;

108. ҚР кеден органы жүргізген тауарлардың кері импорты кезіндегі адамның бұрын төленген кедендік баждары қашан қайтарылады?
1) 3 жыл ішінде;
2) 2 жыл ішінде;
3) 1 жыл ішінде;
4) 6 ай ішінде;
5) 3 ай ішінде.

109. Берілген режимді құру туралы шешімді тоқтатқан жағдайда еркін кеден аймағы қашан таратылады?
1) 1 жыл ішінде;
2) 6 ай ішінде;
3) 2 жыл ішінде;
4) 3 жыл ішінде;
5) 9 ай ішінде.

1105. Кедендік құқық нормаларын қандай қатынастар реттейді?
1) мүліктік және мүмлікті емес қатынастар;
2) қылмыстық құқықты қатынастар;
3) әкімшілі - басқарушылық қатынастар;
4) кедендік құқықты қатынастар;

5) экологиялық -құқықты қатынастар.

111. Кеден құқығының қайнар көздері:
1) кеден кодексі және конституция;
2) халықаралық келісімдер мен шшарттар;
3) қылмыстық кодекс және кеден кодексі;
4) Конституция, кеден кодексі, Үкімет қаулыларының заңдары, Кеден Комитетінің нұсқаулары, ережелері мен бұйрықтары, халықаралық шарттар;
5) Кеден комитетінің бұйрықтары.

112. Кеден органының құрылымы:
1) Кедендік қызмет орны, кедендер, кедендік басқару, орталық кеден комитеті
2) Үкімет, Орталық кеден комитеті және кедендік қызмет орны;
3) Бүкіл әлемдік сауда ұйымы (БСҰ), бүкіл әлемдік кеден ұйымы;
4) Парламент, Үкімет, Орталық кеден комитеті;
5) Орталық кеден органы, кедендік қызмет орындары.

113. «Консулдар мен олардың өкілеттіліктері үшін кедендік жеңілдіктер туралы» қабылданған акт:
1) Консулдық қатынастар Келісімі , 1963 ж.;
2) Кедендік ынтымақтастық Кеңесін құру туралы Келісім;
3) БҰҰ –ның артықшылықтары мен ерекше құқықтары туралы Келісім 13.02.46 ж.
4) Вена Келісімі, 1975 ж.;
5) Кедендік одақ туралы Келісім.

119. Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлескен жүйесі туралы халықаралық Келісім қашан қабылданды?
1) 14.07.83;
2) 01.01.98;
3) 13.02.46;
4) 30.06.74;
5) 30.06.67.

114. Бүкіл әлемдік кеден ұйымы қай жерде орналасқан?
1) Женевада;
2) Брюсселде;
3) Стамбулда;
4) Нью-Йоркте;
5) Парижде.

115. Кедендік шекара арқылы теңгені, шетел валютасын жән өзге де валюталық құндылықтарды өткізу тәртібін кім бекітеді?
1) Орталық кеден комитеті;
2) Үкімет;
3) Халық банкімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасы қаржы Министірлігі
4) Қаржы Министірлігімен бірлесе отырып, Орталық кеден комитеті
5) Қазақстан Республикасының Президенті;

116. Кеден органына жұмысқа қабылдау кезіндегі бекітілген сынақ мерзімі:
1) 1 айдан 3 айға дейін;
2) 3 айдан 1жылға дейін;
3) мерзімі шектеусіз;

4) 1 жыл;
5) 2 жыл.

117. Кедендік төлемдерге не жатады?
1) Баждар, алымдар, қызметке төлеу, салықтар;
2) салықтар;
3) алымдар, қызметке төлеу;
4) баждар мен салықтар;
5) өзге де төлемдер.

118. Қазақстан Республикасындағы кедендік ставканы кім бекітеді?
1) Кеден кеңесі ұсынысымен Үкімет;
2) Орталық кеден комитеті;
3) Қазақстан Республикасы Парламенті;
4) Кеден басқармасымен бірлесе отырып, Халық банкі;
5) Әділет Министрлігі.

119. Кедендік төлемдерден қайсысы босатылады?
1) Ұлттық валюта, шетел валютасы, құнды қағаздар мен қайырымдылық көмек;
2) Айналымда шектелген заттар;
3) Қоғамдық қорлардың мүліктері;
4) Айналымнан алып тасталынған заттар;
5) Қоғамдық және діни айналымдардың мүліктері.

120. Еркін айналым үшін тауарларды шығарудың кедендік режимі не үшін қажет?
1) Тауарларды кедендік бақылауда ҚР кеден аумағынан өткізу үшін;
2) әкелінген тауарлар ҚР аумағында тұрақты қалып немесе тұтынылуы үшін;
3) тауарлардың кеден қоймасында сақтала алынуы үшін;
4) тауарлар ТМД елдеріне өткізілуі үшін;
5) әкелінген тауарларға салықтар салу үшін.

121. ҚР кеден аумағына әкелінген акцизделетін тауарларды акциздеу ставкасын кім бекітеді?
1) ҚР Президенті;
2) ҚР Кеден комитетінің басшысы;
3) ҚР Үкіметі;
4) ҚР индустрия, энергетика және сауда Министрлігі;
5) ҚР Қаржы полициясы.

122. ҚР Орталық кеден органы – бұл:
1) ҚР кеден Департаменті;
2) Кедендік ісі бойынша агенттік;
3) ҚР Кеден комитеті;
4) Кедендер ісі бойынша Министрлік;
5) Кедендік қызмет ведомствосы.

123. Кедендік шекара мен мемлекеттік шекараның ара-қатынасы қалай?
1) шектеледі;
2) жартылай сәйкес келеді;
3) толық сәйкес келеді;
4) ерекше айырмашылығы бар;
5) шектелмейді.

124. Кеден ісі саласындағы қарым-қатынасты реттейттін негізгі нормативті акг:
1) «Мемлекеттік баждар туралы» заң;
2) «ҚР мемлекеттік қызметтер туралы» заң;
3) « Валюталық реттеу туралы» заң;
4) ҚР Кеден кодексі;
5) «Салықтар мен өзге де міндетті төлемдер туралы» заң.

125. Кедендік-тарифтік кеңес – бұл:
1) Мемлекеттік табыстар Министірлігі жанындағы қадағалау органы;
2) Знергетика, индустрия және сауда Министрлігі жанындағы кеңес органы;
3) ҚР Халық банкі жанындағы Кеңес беру органы:
4) ҚР Үкіметі жанындағы Кеңес беру органы:;
5) ҚР құнды қағаздары бойынша Агенттіктің жанындағы қамқоршы орган.

126. Кедендік режим - бұл:
1) ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының мәртебесін анықтайтын «ҚР кеден ісі туралы» заңында бекітілген ережелер жиынтығы;
2) Кедендік баждарды төлемей әкелінген тауарларды кедендік бақылауда сақтауға арналған кедендік режим;
3) Тауарларды арнайы жайластырылған үй-жайларда уақытша сақтауға арналған режим;
4) ҚР заңдарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатындағы жүзеге асырылатын шаралар жиынтығы;
5) жауаптардың бірі де дұрыс емес;

127. Кеден заңында қандай жаза қолдану қарастырылмаған?
1) қатаң сөгіс;
2) сыйақы төлеуден айыру;
3) кезекті лауазымды алудан айыру;
4) жұмыстан босату;
5) ескерту.

128. Қандай іс- әрекет кедендік бақылаудың нысанына жатпайды?
1) декларанттың мәлімдеген тауардың кедендік құнының дұрыстығы туралы шешім қабылдау;
2) тауарларды партияларға бөлу туралы;
3) жеке тексеріп қарау туралы шешім қабылдау;
4) тінту туралы шешім қабылдау;
5) барлық жауаптар дұрыс емес.

129. Кедендік төлемдер қашан төленеді?
1) кедендік декларацияны қабылдағанға дейін 5 күн бұрын;
2) кедендік декларацияны қабылдағанға дейін 3 күн бұрын;
3) кеден органы кедендік декларацияны қабылдағанға дейін 1 күн бұрын;
4) кедендік декларацияны қабылдағаннан кейін 1 күннен соң;
5) кеден органы кедендік декларацияны қабылдағанға дейін 7 күн бұрын.

130. Кедендік іс-әрекеттің қай объектісі кедендік төлемдерден босатылады?
1) ҚР әкелінген акцизделетін тауарлардан басқасы немесе ҚР қайырымдылық көмек ретінде әкететін тауарлар;

2) барлық тауарлар;
3) кеден комитетінің басшысы бекіткен тізімінен сәйкес тауарлар;
4) Мемлекеттік табыстар министрлігінің бекіткен тізімінен сәйкес тауарлар;
5) Қаржы полициясының бекіткен тізімінен сәйкес тауарлар.

131. Қабылданған шешім туралы хабардар еткен күннен бастап, ҚР кеден органына арыздану мерзімі:
1) 2 апта ішінде;
2) 1 апта ішінде;
3) 2 ай ішінде;
4) 3 ай ішінде;
5) 6 айда.

132. Қандай актілер кедендік құқықтың қайнар көзіне жатпайды?
1) ҚР Халық банкінің нұсқаулары;
2) Мемлекеттік табыстар министрлігінің бұйрықтары;
3) Қаржы полициясының нұсқаулары;
4) кеден комитетінің басшысыларының бұйрықтары;
5) Кеден Кодексінің нұсқаулары.

133. Кедендік режимнің қайсысы ҚР кеден заңында бекітілмеген?
1) тауарлардың кері импорты;
2) тауарлардың кері экспорты;
3) тауарлар импорты;
4) тауарлар экспорты;
5) арнайы экономикалық аймақ.

134. ҚР кеден саясаты – бұл:
1) нарықтық қатынастарды енгізу мен бекіту мақсатындағы еліміздің сыртқы экономикалық мүдделерін бекітуге бағытталған саяси-құқықтық шаралар жүйесі;
2) табыс түсіру мақсатындағы кеден ісі саласының экономикалық шаралар жүйесі;
3) еліміздің сыртқы экономикалық мүдделерін дамытуға бағытталған кеден ісі саласындағы ұйымдастырушылық шаралар жүйесі;
4) кәсіпкерлікті ынталандыру мен қорғау;
5) кеден саясаты ҚР сыртқы және ішкі саясатының бір бөлігі болып табылады.

135. Тауардың кедендік құны - бұл:
1) кедендік рәсімдеу құны;
2) дайындық рәсімдерінің құны;
3) қандай да бір кедендік режимде тауарды рәсімдеу үшін төленетін төлем;
4) кедендік бақылауға төленетін төлем;
5) кеден шекарасын кесіп өту сәтінде төленуге тиісті келісім бағасы.

136. Әкелуге және әкетуге тыйым салынған тауарлар мен көлік құралдарының сақталуы:
1) 1 тәулік;
2) 2 тәулік;
3) 3 тәулік;
4) 5 тәулік;
5) 7 тәулік.

137. Тауарларды жою – бұл қандай мақсаттағы кедендік режим?
1) келешекте тауарларды өзге мақсаттарға пайдалану үшін жою;

2) тауарларды пайдалануға жарамсыз ету үшін жою;
3) алып қойылған контрабандалық тауарларды жою;
4) қалдықтарға айналдыру мақсатындағы жою;
5) кедендік қылмыстарға кінәлі адамдарды жазалау.

138. Кедендік тариф – бұл:
1) ҚР кеден шекарасын өтердегі төленетін сома;
2) кедендік төлем;
3) кеден шекарасынан өткізілетін тауарларға қолданылатын кедендік баждар мен салықтар ставкаларының жиынтығы;
4) кедендік акциздер;
5) кедендік алымдар.

139. Тауарларды жою кедендік режимін қолдану барысындағы жоюға жататындар:
1) бұйымдар мен материалдар ретінде қолданылған тауарлар;
2) көркемдік, тарихи құндылығы бар туындылар;
3) кеден органдарының кепіл ретінде қабылдаған тауарлары;
4) сот арқылы тыйым салынған немесе тәркіленген тауарлар;
5) қоғамға, денсаулыққа қауіпті жарамсыз тауарлар.

140. Мемлекет пайдасына тауарлардан бас тартумен байланысты шығындарды кім өтейді?
1) бюджет қаражатынан мемлекет өтейді;
2) кеден органдары өз қаражаттары есебінен өтейді;
3) көрсетілген кедендік режимді таңдаған адам;
4) жоғарыда көрсетілген объектілердің бәрі тең дәрежеде;
5) жоғарыда аталған субъектілердің бірде-бірі емес.

141. Кедендік құнды анықтаудың қанша әдісі бар?
1) 2;
2) 3;
3) 4;
4) 5;
5) 6.

142. Кедендік төлемдер қашан төленеді?
1) кедендік декларацияны қабылдағанға дейін 3 күн бұрын;
2) кедендік декларацияны қабылдағанға дейін 2 күн бұрын;
3) кедендік декларацияны қабылдаған күні;
4) кедендік декларацияны қабылдағаннан кейінгі келесі күні;
5) кедендік декларацияны бергеннен кейін 3 күннен соң.

143. Қандай тауарларға кедендік баждарды кешіктіріп немесе бөліп төлеу ұсынылады?
1) өндірістік қайта өңдеуге арналған импортталатын шикізат пен материалдарға;
2) өндірістік қайта өңдеуге арналған экспортталатын шикізат пен материалдарға;
3) импортталатын және экспортталатын шикізат;
4) кеден аумағында қайта өңделетін тауарларға;
5) ерекше жағдайларда қазақстандық шикізат пен материалдар.

144. Тауарлардың еркін қоймада болу мерзімдері:
1) 5 жылға дейін;
2) 3 жылға дейін;
3) 1 жылға дейін;

4) 7 жылға дейін;
5) шектеусіз мерзімде.

145. Кедендік рәсімдеу барысында кеден органына есепшот-фактураны көрсету міндетті ме?
1) міндетті;
2) міндетті емес;
3) иә, егер де ондағы мәлімдеуге тиісті мәліметтер өзге де тауармен жолданатын құжаттарда да болса;
4) иә, егер де да, егер де ондағы мәлімдеуге тиісті мәліметтер өзге де тауармен жолданатын құжаттарда болмаса;
5) жоғарыдағы жауаптардың барлығы да дұрыс емес.

146. Кедендік мақсаттар үшін ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының мәртебесін анықтайтын кеден кодексіндегі бекітілген ережелер жиынтығы – бұл;
1) кедендік рәсімдеу;
2) кедендік сараптама;
3) кедендік бақылау;
4) кедендік режим;
5) жүктің кедендік декларациясы.

147. Кедендік қойманы құру үшін лицензияны кім береді?
1) кеден органының басшысы;
2) ҚР Мем. Табыстар Министрлігі;
3) ҚР Үкіметі;
4) ҚР Кеден Комитеті;
5) ҚР Қаржы полициясы.

154. Шетелдік тауарлардың қайта өңдеу өнімдеріне экономикалық саясат шаралары қолданыла ма?
1) қолданылады;
2) қолданылмайды;
3) ерекше жағдайларда;
4) соғыс жарияланған жағдайларда;
5) БҰҰ санкциясын енгізген жағдайда.

148. Уақытша әкелінетін тауарларға кедендік баждарды толық немесе жартылай төлеуден босату ҚР заңында қарастырылған ба?
1) қарастырылған;
2) қарастырылмаған;
3) бұл ҚР кеден заңын бұзу болып табылады;
4) бұл ҚР кеден заңын бұзушылыққа жатпаййды;
5) иә, соғысты жүргізу жағдайында.

149. . Тауарлардың кері импортында экономикалық саясат қолданыла ма?
1) қолданылады;
2) қолданылмайды;
3) кейде;
4) НДС төленбеген жағдайда;
5) акцизді төлемеген жағдайда.

150. Мемлекет пайдасына тауарлардан бас тартуда салықтар төлене ме?
1) төленеді;
2) төленбейді;
3) ерекше жағдайларда;
4) кедендік режимді бұзған жағдайда;
5) ҚР кеден заңын бұзған жағдайда.

151. Мемлекет пайдасына тауарлардан бас тарту кезінде кеден органдары қандай да бір шығындар шығара ма?
1) шығарады;
2) шығармайды;
3) кейде;
4) тауардың иесі шетелдік азамат болса;
5) НДС төленбеген жағдайда.

152. Тауарларды әкететін күн қай күн?
1) әкететін күн кедендік декларацияны қабылдаған күн болып табылады;
2) тауардың ҚР аумағынан кеткен күн;
3) кедендік режимді қабылдаған күн;
4) жүктің кедендік декларациясын берген күн;
5) кеден органынан рұхсат алған күн.

153. Тауарларды жою барысында кеден органы қандай да бір шығындар щығара ма?
1) шығарады;
2) шығармайды;
3) кейде;
4) егер де бұл тез бұзылатын тауарлар болса;
5) егер де бұл мерзімі өтіп кеткен дәрі-дәрмектер болса.

154. Тауарларды жою нәтижесіндегі қалдықтар ҚР аумағында қолданылуы мүмкін бе?
1) мүмкін емес;
2) мүмкін;
3) қазақстандық тауарлар мүмкін;
4) бұлардың ішінде дұрыс жауап жоқ;
5) егер бұл түсті металл қалдықтары болса.

155. Мемлекет пайдасына тауарлардан бас тартуда экономикалық саясат шаралары қолданыла ма?
1) ҚР кеден органының рұхсатымен;
2) қолданылмайды;
3) ҚР мемлекеттік табыстар Министрлігінің келісімімен;
4) ҚР Халық банкісінің келісімімен;
5) ҚР ҰҚК келісімімен.

156. Тауарлардың шын мәнісіндегі кері импорты қандай мерзімде жүзеге асырылуы тиіс?
1) кедендік декларацияны қабылдағаннан күннен бастап 6 ай ішінде;
2) кедендік декларацияны қабылдағаннан күннен бастап 3 ай ішінде;
3) кедендік декларацияны қабылдағаннан күннен бастап 2 ай ішінде ;
4) кедендік декларацияны қабылдағаннан күннен бастап 4 ай ішінде;

5) кедендік декларацияны қабылдағаннан күннен бастап 5 ай ішінде.

157. Лицензиялау экономикалық саясат шарасына жата ма?
1) жатады;
2) жатпайды;
3) бұл кедендік режим;
4) бұл кедендік рәсімдеу;
5) бұл кедендік бақылау.

158. Кері импорттаушы адамға бұрын төленген кедендік баждары қайтарыла ма?
1) қайтарылады;
2) қайтарылмайды;
3) кей жағдайларда;
4) егер де ол шетелдік азамат болса;
5) егер де бұған кеден органының басшысы рұхсат етсе.

159. Еркін кеден аймақтарын құру және тарату кімнің құзыретінде?
1) ҚР Президенті;
2) ҚР Үкіметі;
3) ҚР ІІМ;
4) ҚР ҰҚК;
5) ҚР мемлекеттік табыстар Министерлігі.

160. «Арнайы экономикалық аймақтар туралы» ҚР Президентінің Жарлығы қашан қабылданды?
1) 26 қаңтар 1994 ж.;
2) 26 қаңтар 1995 ж.;
3) 26 қаңтар 1996 ж.;
4) 26 қаңтар 1997 ж.;
5) 26 қаңтар 1998 ж.

161. Арнайы экономикалық аймақтар еркін кеден аймағы болып табыла ма?
1) иә;
2) жоқ;
3) кейде;
4) иә, егер де кеден органы басшысының рұхсаты болса;
5) иә, егер де салық органы өкілінің рұхсаты болса.

162. ҚР аумағына уақытша әкелуге немесе әкетуге болмайтын тауарлар категориясын кім анықтайды?
1) ҚР Министірлер кабинеті;
2) ҚР Президенті;
3) ҚР салық комитеті;
4) ҚР Парламенті;
5) ҚР ҰҚК.

163. . Тауарлардың кері экспортын жүүзеге асыру тәртібін кім бекітеді?
1) ҚР Үкіметі;
2) ҚР Парламенті;
3) ҚР Орталық кеден органы;
4) ҚР Президенті;
5) Қаржы полициясының басшысы.

164. Еркін кеден аймағын құру туралы өтініштерді қарау тәртібін кім анықтайды?
1) ҚР Орталық кеден органының Төрағасы;
2) ҚР мем. Табыстар Министрі;
3) ҚР Президенті;
4) ҚР Үкіметі;
5) энергетика, индустрия және сауда Министрі

165. Кедендік құқық нормаларын қандай қатынастар реттейді?
1) мүліктік және мүмлікті емес қатынастар;
2) қылмыстық құқықты қатынастар;
3) әкімшілі - басқарушылық қатынастар;
4) кедендік құқықты қатынастар;
5) экологиялық- құқықты қатынастар.

166. Кеден құқығының қайнар көздері:
1) кеден кодексі және конституция;
2) халықаралық келісімдер мен шшарттар;
3) қылмыстық кодекс және кеден кодексі;
4) Конституция, кеден кодексі, Үкімет қаулыларының заңдары, Кеден Комитетінің нұсқаулары, ережелері мен бұйрықтары, халықаралық шарттар;
5) Кеден комитетінің бұйрықтары.

167. Кеден органының құрылымы:
1) Кедендік қызмет орны, кедендер, кедендік басқару, орталық кеден комитеті
2) Үкімет, Орталық кеден комитеті және кедендік қызмет орны;
3) Бүкіл әлемдік сауда ұйымы (БСҰ), бүкіл әлемдік кеден ұйымы;
4) Парламент, Үкімет, Орталық кеден комитеті;
5) Орталық кеден органы, кедендік қызмет орындары.

168. Кедендік төлемдерге не жатады?
1) баждар, алымдар, қызметке төлеу, салықтар;
2) салықтар;
3) алымдар, қызметке төлеу;
4) баждар мен салықтар;
5) өзге де төлемдер.

169. Қазақстан Республикасындағы кедендік ставканы кім бекітеді?
1) Кеден кеңесі ұсынысымен Үкімет;
2) Орталық кеден комитеті;
3) Қазақстан Республикасы Парламенті;
4) Кеден басқармасымен бірлесе отырып, Халық банкі;
5) Әділет Министрлігі.

170. ҚР Орталық кеден органы – бұл:
1) ҚР кеден Департаменті;
2) Кедендік ісі бойынша агенттік;
3) ҚР Кеден комитеті;
4) Кедендер ісі бойынша Министрлік;
5) Кедендік қызмет ведомствосы

171. Кедендік шекара мен мемлекеттік шекараның ара-қатынасы қалай?

1) шектеледі;
2) жартылай сәйкес келеді;
3) толық сәйкес келеді;
4) ерекше айырмашылығы бар;
5) шектелмейді.

172. Кеден ісі саласындағы қарым-қатынасты реттейттін негізгі нормативті акг:
1) «Мемлекеттік баждар туралы» заң;
2) «ҚР мемлекеттік қызметтер туралы» заң;
3) « Валюталық реттеу туралы» заң;
4) ҚР Кеден кодексі;
5) «Салықтар мен өзге де міндетті төлемдер туралы» заң.

173. Қандай іс- әрекет кедендік бақылаудың нысанына жатпайды?
1) декларанттың мәлімдеген тауардың кедендік құнының дұрыстығы туралы шешім қабылдау;
2) тауарларды партияларға бөлу туралы;
3) жеке тексеріп қарау туралы шешім қабылдау;
4) тінту туралы шешім қабылдау;
5) барлық жауаптар дұрыс емес.

174. Қандай актілер кедендік құқықтың қайнар көзіне жатпайды?
1) ҚР Халық банкінің нұсқаулары;
2) Мемлекеттік табыстар министрлігінің бұйрықтары;
3) Қаржы полициясының нұсқаулары;
4) кеден комитетінің басшысыларының бұйрықтары;
5) барлық жауаптар дұрыс емес.

175. ҚР кеден саясаты – бұл:
1) нарықтық қатынастарды енгізу мен бекіту мақсатындағы еліміздің сыртқы экономикалық мүдделерін бекітуге бағытталған саяси-құқықтық шаралар жүйесі;
2) табыс түсіру мақсатындағы кеден ісі саласының экономикалық шаралар жүйесі;
3) еліміздің сыртқы экономикалық мүдделерін дамытуға бағытталған кеден ісі саласындағы ұйымдастырушылық шаралар жүйесі;
4) жоғарыдағы жауаптардың барлығы;
5) жауаптардың біреуі де дұрыс емес.

176. Тауарларды ілесіп алып жүру шешімін кім қабылдайды?
1) ҚР КК бастығы;
2) ҚР КК баст. орынбасары;
3) Кедендік рәсімдеу жүргізілетін Кеден органының бастығы;
4) Қалалық МАИ бастығы;
5) барлық жауаптар дұрыс емес.

177. Кедендік бақылау деген не?
1) кедендік режим
2) кеден органдарының қызметі
3) жауапкершілік шарасы
4) жедел-іздестіру шарасы
5) кедендік төлемдердің жиынтығы

178. Жеке тексеріп қарау деген не?
1) жазалау шарасы
2) кедендік бақылау нысаны
3) жеке тінту нысаны
4) кедендік бақылаудың алдындағы іс-әрекет
5) жауапкершілік шарасы

179. Кеден органдарының валюталық бақылауы деген не?
1) кедендік бақылаудың бір бөлігі
2) мемлекеттік бақылау нысаны
3) банктермен бірлескен қызмет нысаны
4) кедендік рәсімдеу нысаны
5) кедендік режим

180. Кеден органдары қандай қызметті атқарады?
1) алдын-ала тергеу органының қызметін
2) әкімшілік анықтау органының қызметін
3) әскери-шекаралық қызметті
4) қаржы және салық органдарының қызметін
5) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін

181. Тауарларды уақытша сақтау деген не?
1) кедендік режим
2) кедендік бақылау түрі
3) кедендік бақылауда сақтау
4) жазалау шарасы
5) барлық жауаптар дұрыс емес

182. Уақытша сақтау қоймаларын кім құрады?
1) тек кеден органдары
2) шетелдік азаматтар
3) кеден органдары және қазақстандық тұлғалар
4) үкімет
5) Парламент

183. Тауарлардың шыққан елін анықтау не үшін жүргізіледі?
1) тарифтік және тарифтік емес реттеуді қолдану үшін
2) тауарлар туралы мәліметтерді толықтыру үшін
3) тауарларды сертификаттау үшін
4) тауарларды белгілі бір кедендік режимге орналастыру үшін
5) сертификаттау мақсатында тауарлар туралы мәліметтерді толықтыру үшін

184. Алдын-ала операциялар деген не?
1) кедендік режим
2) кедендік рәсімдеудің алдындағы іс-әрекет
3) іс-жүргізу әрекеті
4) жедел-іздестіру шарасы
5) кедендік бақылау нысаны

185. Қысқаша декларация қай кезде ұсынылады?
1) тауарларды оңайлатып өткізер кезде

2) тауарларды белгілі бір кедендік режимге орналастырмас бұрын
3) тауарлардың шыққан елі туралы мәлімет жоқ болған кезде
4) сертификаттау мақсатында
5) тауарларды оңайлатып өткізер кезде және сертификаттау мақсатында

186. Кедендік бақылаудың оңайлатылған нысаны кімдерге қолданылады?
1) әкелуге, әкетуге шектелген және тыйым салынған заттары бар адамдарға
2) ілесіп алып жүретін жүкте кедендік бажды төлеуге тиісті тауарлары бар адамдарға
3) үкімет бекіткен нормадан артық тауарлар мен валютасы жоқ адамдарға
4) VIP-кісілерге
5) барлық жауаптар дұрыс емес

187. Заттарды өткізер кезіндегі заңда әкелуге, әкетуге тыйым салынған заттарды не істейді?
1) сақтауға қалдырады
2) сақтауға қалдырады және әкетерде иесіне қайтарылады
3) ұсталуы тиіс
4) ұсталуы тиіс және кеден органдары қызметкерлері материалға бастапқы рәсімдеуді жүргізеді
5) дұрыс жауап жоқ

188. Дипломатиялық кісі отбасы мүшесінің жеке жүгіндегі Қазақстан Республикасы заңында әкелуге, әкетуге, транзитке тыйым салынған тауарларын не істейді?
1) кедендік тексеріп қараудан босатылады
2) кедендік бақылаудың толық нысанымен кедендік тексеріліп қаралуы тиіс
3) тек дипломатиялық агенттің немесе оның өкілдерінің қатысуымен кедендік тексеріп қаралуға жатады
4) кедендік бақылаудың оңайлатылған нысанымен кедендік тексеріп қарауға жатады
5) заңда мұндай жағдайлар қарастырылмаған

189. Кедендік төлемдер нені білдіреді?
1) кедендік баждар
2) төлемдер мен салықтар
3) кедендік алым, төлем
4) төлемдер, салықтар, кедендік алым
5) кедендік баждар, кедендік алым.

190. Қазақстан Республикасынан әкетуге шектеу қойылатын тауарлар:
1) киіктердің, бұғылардың мүйізі, есірткі заттар
2) тұрмыстық электр тауарлары, велосипедтер
3) күші жойылған құнды қағаздар, қару
4) ұшқыш аппараттар, күшті әсер ететін улар
5) қару, порнографиялық мазмұндағы материалдар

191. Қазақстан Бүкіл әлемдік кеден ұйымына (БКҰ) қашан кірді?
1) 1992 жылы
2) 1995 жылы
3) 1996 жылы
4) 2000 жылы
5) Қазақстан БКҰ мүше емес

192. Кедендік ережелерді бұзу құқық бұзушылықтың қай түріне жатады?
1) азаматтық-құқықты
2) қылмыстық-құқықты
3) әкімшілік-құқықты
4) тәртіптілік
5) қылмыстық-құқықты , әкімшілік-құқықты

193. Жеке тексеріп қарау кезінде тексеріліп жатқан адамның денесін кім тексеруді?
1) кеден органының қызметкерлері
2) куәгерлер
3) медицина қызметкерлері
4) кеден органдарының лауазымды тұлғалары
5) жеке тексеріп қарауда денені тексеру жүргізілмейді

Әдебиет:
Нормативті құқықтық актілер

1. ҚР Конституциясы 1995 ж.
2 ҚР Қылмыстық кодексі 1997 ж.
3. ҚР қылмыстық – іс жүргізу кодексі 1997 ж.
4. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі**.**
5. 2003 ж. 1- мамырда шыққан ҚР 1 Кодексінен ҚР Кеден кодексі.
6. 1947 ж. 12-қыркүйектегі Тариф пен сауда бойынша бас келісім (ТСБК).
1995 ж 1- қаңтардағы ТСБК –Бүкіл әлемдік сауда ұйымы (БСҰ)
7. 1983 ж. 14- шілдедегі Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлескен жүйесі туралы Келісім
8. «ТМД сыртқы экономикалық қызметінің ортақ тауар номенклатурасы туралы» 1995 ж. 3-қарашадағы Келісім.
9. «Кедендік тариф пен баж туралы» 1991 ж. 24- желтоқсандағы ҚР заңы .
10. «ҚР кеден комитетінің білімі туралы» 1991 ж. 12- желтоқсандағы Президент жарлығы.
11. «Лицензияялау туралы» 1995 ж. 17 сәуірде шыққан Президент жарлығы.
12. «ҚР Мемлекеттік кеден комитеті туралы» 1997 ж. 14-қаңтардағы Президент жарлығы.
13. «ҚР аумағына әкелінетін тауарлардың шыққан елдерін анықтау туралы» 1995 ж. 10 - мамырдағы № 640 ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің)
14. «ҚР аумағынан жеке тұлғалардың тауарларды, сонымен бірге көлік құралдарын да өткізуі туралы» 1995 ж 2-қарашадағы. №1440 ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің).
15. «Әкетілетін тауарларға кеден баждарының ставкалары туралы» 1996 ж. 12-наурыздағы г.№229 ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің).
16. «Әкелінетін тауарларға кеден баждарының ставкалары туралы» 1996 ж. 14-қарашадағы №1389 ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің).
17. «ҚР аумағынан жеке тұлғалардың тауарларды, сонымен бірге көлік құралдарын да өткізуі туралы» 1996 ж 31-желтоқсандағы №1712 ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің).
18. «ҚР кеден аумағы арқылы темір жол көліктерімен өткізілетін ранзитті тауарларды кедендік рәсімдеу Ережелерін бекіту туралы» 1998 ж. 18-наурыздағы ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің).
19. «Тауарлардың кедендік құнын анықтаудың резервтік әдісін қолдануда пайдаланылатын ақпараттық анықтамалықтар туралы» 2003 ж. 8-тамыздағы
№ 794 ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің).

20. «Кедендік баждар мен салықтарды төлеуден толық босатылып, уақытша әкелінетін және кедендік баждар мен салықтарды төлеуден толық босатылып, уақытша әкетілетін тауарлар мен тізімін бекіту туралы» 2003 ж. 8-шілдедегі
№ 668 ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің).
21. «ҚР әкелуге және ҚР әкетуге тыйым салынатын тауарлар мен көлік құралдарының, кейбір кедендік режимдерде өткізілуге тыйым салынатын тауарлар тізімін бекіту, сондай-ақ жекеленген кедендік режимде өткізілетін тауарларға жүргізілетін операцияларды шектеу мен тыйым салулар туралы» 2003 ж. 10-шілдедегі № 681 ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің) .
22. «Әкелінетін тауарларға салынатын кедендік баждар ставкаларв туралы» 2001ж. 5-қаңтарындағы № 136 – 11 ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің).
23. «Кедендік алымдар ставкаларын бекіту, кеден органдарының төлейтін кедендік алымдары мен төлемдері туралы» 2003 ж. 8-шілдедегі № 669 ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің). .
24. «ҚР аумағы арқылы жеке тұлғалардың акциздеуге жатпайтын акцизделетін тауарларды алып жүру нормалары туралы» 1995 ж. 8-шілдедегі. № 798 ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің).
25 «Кеден органдарын автоматтандыру шаралары және ҚР Мемлекеттік кеден комитеті үшін мәліметтер ауыстырудың республикалық желісін құру туралы» 1997 ж.4-наурыздағы № 294а ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің).
26. «Преференцияның жалпы жүйесі аясында кедендік преференция ұсыну барысында дамушы елдердің тауарлардың шыққан тектерін анықтаудың тәртіптері туралы Келісімді бекіту туралы» 1997 ж. 17-наурыздағы № 333 ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің).
27. «Импортқа шығарылатын акцизделген тауарларға қойылатын акциз ставкалары туралы және ҚР кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың акциздеуге жатпайтын акцизделген тауарларды алып жүру нормалары туралы» 1997 ж. 30-мамыр № 907 ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің).
28. «ҚР –да өндірілген және ҚР кеден аумағына әкелінетін акцизделген тауарларға қойылатын акциздеу ставкалары туралы» 1998 ж. 26-шілдедегі № 608 ҚР Үкімет Қаулысы (Министірлер кабинетінің).
29. «Акцизделген тауарларды жаңа үлгідегі акциз жинағының маркаларымен міндетті түрде таңбалауды жүргізу туралы» ҚР Кеден органының 1996 ж. 31-желтоқсандағы № 1749 Бұйрығы.
30. «Кеден қоймалары туралы» ҚР Кеден органының Бұйрығы. 1995 ж.
3-қарашадағы Ереже
31. «Уақытша сақтау Ережесін» (уақытша сақтау қоймалары туралы) бекіту туралы ҚР Кеден органының 1995 ж. 16-қазандағы № 145. Бұйрығы
32. «Тауарлардың шыққан елін анықтау тәртібі туралы Нұсқауды бекіту туралы» ҚР мем. Табыстар Министірлігінің Кеден комитетнің 1999 ж. 10-желтоқсандағы N 612-П Бұйрығы.
33. «ҚР кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың оңайлатылған, жеңілдетілген тәртіпппен тауарларды өткізу Ережелерін» бекіту туралы ҚР кедендік бақылау Агенттігінің Төрағасының 2001ж. 31-мамырдағы № 741 Бұйрығы
34. «ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды кедендік бақылауды жүзеге асыру бойынша Нұсқауды» бекіту туралы ҚР кедендік бақылау Агенттігінің Төрағасының 2003 ж. 7-шілдедегі № 335 Бұйрығы.
35. «Жеке тексеріп қарау рәсімдерін өткізу мен оны рәсімдеу тәртібінің Ережесін» бекіту туралы ҚР кедендік бақылау Агенттігінің Төрағасының 2003 ж. 12-мамырдағы № 196 Бұйрығы.

Оқулықтар және ғылыми-практикалық басылымдар

1. Алибеков С.Т. Таможенное право, Алматы 1997
2. Алибеков С.Т.Таможенное дело в Республике Казахстан, Алматы 1997.
3. Алибеков С.Т. Казахстанское таможенное право (Общая и Особенная части). Алматы 1999.
4. Сарсенбаев М.А. Таможенное право. Алматы 1997.
5.Сарсембаев М.А. Правовое регулирование внешнеэкономической деятельности. Алматы, 1995.
6. Борисов К.Г. Международное таможенное право. М., 1997.
7. Ершов А.Д. Международные таможенные отношения. СПб, 2000.
8. Исингарина А.Н. Таможенный союз: проблемы и перспективы. В кн. Политическая система Казахстана: реалии и приоритеты демократизации. Алматы.,1999
9. Нурмашев Үсен Өтеғалі ұлы. КР Кеден ісин ұыймдастыру. Алматы. 2006.
11.Основы таможенного дела. Под редакцией Ю.В.Воробьева. М. 1995.
12.Основы таможенного дела. Под ред. В.М. Крашенникова .М. 1996.
13.Таможенное право. Учебник / под ред. А.Ф. Ноздрачева. - М.: Спарк, 1998.-С 219.
14. Экономика таможенного дела: Учебное – методическое пособие. РИО РТА, М. 1997.
15. Экономическая статистика: Учебное пособие для вузов. М., ИНФРА, 1998.